

Сәбит Мұқанов. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ. Монография // Мұқанов Сәбит. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Он алтыншы том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 169-391-беттер.

Кіріспе орнына

Бұл монографиялық еңбегімді 1945 жылы жазып бітірген ем. Сол жылы қазақ халқының ардақты ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуына жұртшылық зор қуанышпен тойлаған болатын.

Ақындық шеберлігі баршамызға үлгі болған Абайды терең білу, оның мұрасын меңгеру ісін мен өзіме кезекті міндет тапқандықтан, көлемді еңбек жазумен шұғылданып жүретінмін. Абай творчествосының халықтық мәнін ашып, оның өлең өрнегі мен кестесіне ой жүгірткен еңбегім ақынның 100 жылдық мерекесіне бағышталып шыққан жинағына кіріспе сөз болған. Алайда Абай жайындағы бұл еңбегім түгелдей жарияланбаған еді.

Октябрьге дейінгі әдебиетіміздің саңлақтары жайындағы осы кітабымды дайындау кезінде Абай туралы жазған еңбегіме қайта оралдым. Кейбір жеңіл-желпі редакциялық жөндеулермен сол қалпында жариялауды орынды таптым. Абайды зерттеу саласындағы соңғы жылдары шыққан еңбектерді сөз арасында айтып отыру аздық қылатын болғандықтан, олар жөніндегі көзқарасымды, келісетін-келіспейтін жайларымды осы жолы арнайы әңгіме етуді қажет таппадым.

Мұндай қорытындыға келуіме екі себеп бар. Бірінші – соңғы жылы еңбектерге өз көзқарасымды айтатын болсақ, бұл еңбегіміз көлем жағынан өсіп, пікір таласына көп орын берілер еді. Екінші – сол еңбектердің көбі өзінің мән-мақсаты жағынан да, құрылысы жағынан да менің бұл монографияма ұқсастығы аз екендігін байқадым. Марқұм Мұхтар Әуезовтың «Әр жылдар ойлары» мен «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының бірінші кітабына жазған Абай туралы зерттеуінің құндылығын айрықша атап айтқанның өзінде, менің бұл еңбегім Абайды өз заманымен тұтас көрсетуді көздейді. Сондықтан оқушылар үшін де, Абайды зерттеушілер үшін де пайдасыз болмас деген оймен бұл монографияны бастапқы күйінде жариялауды орынды табам.

Автор

1. Абайды тану туралы

Тарихта аты қалған әрбір белгілі ақын-жазушыны кейінгі ұрпақ жақсы тану үшін екі түрлі материал сақталуы қажет. Бірінші – сол белгілі ақын-жазушының өзінен ауызша я жазбаша түрде сақталған шығармалары; екінші – сол белгілі ақын-жазушымен жақын, тұстас, замандас болған адамдардан ауызша я жазбаша сақталған шығармалар. Бұл екі түрлі материал сақталмаған күнде, қандай үлкен ақын-жазушы болса да, оның өмірін және жазушылық қызметін толық білу қиын. Ондай ақын-жазушылар не

ұмытылып, шығармалары халық қазынасына айналып кетеді де, не шығармалары шалағай өзгерген түрде тарайды. Ыбырай Алтынсарин мен Абайға дейінгі қазақтың ақын-жазушыларын біздің әлі күнге шейін шалағай білетіндігіміз сондықтан. Бұған бес себеп: соңғы бірер ғасырға шейін қазақ халқының көшпелі дәурен сүруі, қаласы, мектебі болмауы, бірен-саран проценті ғана әлдеқалай хат танымаса, жалпы көпшіліктің сауатсыз болуы. Сауатсыз елден әлемді аузына қарататын ақын-жазушы шыға қоюы асқан дана болмаса, аты да көп кешікпей жоғалады.

XVIII ғасырдағы Бұхар жырау Қалқаманұлынан арғы жақта жасаған қазақ ақындарының ішінде ертегіге айналып кеткен Асан қайғы сияқты бірлі-жарымдысы ғана болмаса, өзгелерінен ешкімнің сақталмауы да осыдан.

Тарихында ақындарының аты-жөні сақталған бақытты елдер – грек, рим, араб, парсы сияқты отырықшы тұрмысқа көне заманнан ауысқан, жазулары ерте шыққан халықтар. Біздің жыл санауымыздың 559 жыл бұрын жасаған грек ақыны Солонның, 457 жыл бұрын жасаған грек драматургі Эсхилдің, 192 жыл бұрын жасаған Луцианның, 189 жыл бұрын жасаған Рим драматургі Плавттың, 15 жыл бұрын жасаған Пропецийдің, Айсадан 65 кейін жасаған Рим ақыны Сенеканың, 102 жыл кейін жасаған Марциалдың, IX ғасырда жасаған парсы ақыны Әбілқасым Фирдоусидің, XII ғасырда жасаған араб ақыны Әбу-Фирастың, XIII ғасырда жасаған грузин ақыны Шота Руставелидің, XVI ғасырда жасаған өзбек ақыны Науаидің тағы басқалардың өмірлері, шығармалары тарихта сақталуы – осы ақындарды туғызған халықтардың ерте сауаттануынан.

Европада XIII ғасырдан басталған Өркендеу (эпоха Возрождения) дәуірінен кейін қолына қалам ұстаған Европа жазушыларының өмірі, шығармашылық қызметтері айқын. Мәселен, XIV ғасырда жасаған итальян ақыны Дантенің, XVI ғасырда жасаған испан жазушысы Сервантестің, XVIII ғасырда жасаған француз ақыны Вольтердің, XIX ғасырда жасаған орыс ақыны Пушкиннің өмірлерінде қандай кезеңдер болғанын, әрбір жеке шығармалары қандай жағдайда жазылғанын, біз өзімізбен замандас ақындардай білеміз. Себебі: олардың өздері де (XVIII- XIX ғасыр ақындары) күн сайын басынан кешкенін жазып отырған, туған-туысқандары да, дос-жарандары да олар туралы көрген-білгенін жаза берген. Сондықтан олардың өмір суреттері тарих айнасына бейнесін айқын түсіріп отырған.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақтың Абайдан арғы ақындары былай тұрсын, жазба әдебиеттің классигі саналатын Абайдың өмірі мен жазған шығармаларын тануда да, күні бүгінге шейін біз аса зор қиындықтарға кездесіп жүрміз.

Ең алдымен, Абайдың өмірін тануда кездесетін қиындықтарға аздап тоқталайық. Абайдың өмірбаянын бірінші рет жазған адам - оның туған інісі Ысқақтың баласы Кәкітай. Бұл «өмірбаян» Абай өлгеннен бес жыл кейін, 1909 жылы шыққан Абайдың өлеңдер жинағында басылды.

Онда Абайдың ата-тегі туралы да, өз өмірі туралы да айтылған мәліметтер өте аз, берілген материалдар тым қысқа, әсіресе Абайдың өмір кезеңдері туралы мәлімет жоқтың қасы.

Абайдың ғылыми өмірбаянын жасауда бірінші рет негіз салған адам – жазушы Мұхтар Әуезов. 1940 жылы Алматыда басылған Абайдың «толық жинағының» II томына қосқан оның «Абайдың өмірбаяны» деген еңбегі Абайдың оқушыларын бұрын білмейтін көп мәліметпен таныстырады. Абайдың қоғамдық және жеке өмірінде болған бірнеше бағалы кезеңдерді оқушылар бірінші рет Мұхтардың осы еңбегінен көреді. Бұл еңбектің және бір бағалы жағы- еңбекке негіз болған материалдарды Мұхтар Абайды көрген, істес болған адамдардың аузынан жазып алған. Осы бағалы жағымен қатар, Мұхтар жазған «Абайдың өмірбаянында» бірнеше елеулі кемшіліктер де бар. Олар:

1. Абайдың шыққан тегі туралы мәлімет толық емес.
2. Абай дәурен сүрген кездің саяси және экономикалық жағдайлары жөнді айтылмаған.

3. Қазақ жазба әдебиетінің классигі болуда Абайға көп жәрдемі тиген, Абай үлгі алған философиялық, эстетикалық, әдебиеттік мектептер туралы, әсіресе Абай ерекше арқа сүйеген орыстың XIX ғасырдағы қоғамдық және әдебиеттік пікірлері туралы жеткіліксіз айтылған.

4. «Абайдың өмірбаянында» жазушылық бейнесі толық көрінбеген. Өмірбаянды жазушы Абайдың рулық тартыстардағы харекеттерін баяндауға көңілін көбірек бөліп, жазушылық өсу кезеңдеріне аз тоқтаған. Бұл кемшіліктер кейін Абай творчествосы туралы арнаулы жазған еңбектерінде толықтырылады.

5. Абайдың қай шығармасы қандай жағдайда тууын толық ашпаған.

Бұл кемшіліктердің біразы Мұхтардың «Өмірбаянды» жазуда қолданған материалдарының жеткіліксіз болуымен байланысты болуға тиісті. Не Абайдың өзінен қалған күнделік болмаған соң, не Абайдың замандастары жазған естеліктер болмаған соң, бұдан 41 жыл бұрын қайтыс болған Абайдың өмір кезеңдерін, жазушылық кезеңдерін, абайды көрген бірін-саран адамның ауызша айтуымен толық баяндау қиын.

Абайдың шығармаларын тануда оқушылар мен зерттеушілерге кездесетін бір қиындық – оның шығармаларының көпшілігінің қай жылы, қандай жағдайға байланысты жазылғандығы мәлім еместігі.

Абайдың өмірбаянын жазушылардан біздің оқығанымыз және Абайды көргендерден біздің естігеніміз: Абай өлең жазуға жасынан әуестенгенмен, 40 жасқа келгенше өзін жазушы деп танымағн да, жазушы болам деп тырыспаған. Сондықтан ол 40 жасқа шейін, әлдеқандай бәр көңіл күйін түсіре қалған жағдайға арнап, әлдеқалай өлең жазатын болса, ондай өлеңдерін, Абайды төңірекейтін әдебиетшілердің бірі - Көкбайдың я сол сияқтылардың атынан таратып, өзінікі екенін жұртқа білдірмеген.

40 жастан кейін жазу жұмысына белсене кіріскен және атын ашып жазған Абайдың қолжазбалары бізге жеткен жоқ. Абайдың бірнеше қолжазбалары достарымен, оқудағы балаларымен жазысқан хаттары және өзі жинаған кітаптары революция жылдарына шейін сақталып, 1919 жылы Қызыл Армиядан қашып келе жатқан ақ бандылардың ылаңынан өртеліп кетіпті. Абай шығармалары бізге Мүрсейіттің қолжазбалары арқылы ғана жетті.

Мүрсейіттің кім екендігін және Абайдың өлеңдерін оның қалай жинап жазған тарихын оқушы көпшілік әлі жете біле бермейді, сондықтан ол туралы Архам Ысқақов айтқан мына материалды бере кету қажет.

Мүрсейіт Бікіұлы руы тобықты. Оның ішінде – Әнет. Мүрсейіттің әкесі – Бікі жасында Құнанбайдың қолына көшіп келіп, малшысы болған, Мүрсейіт Ысқақтың балаларымен бірге Жақып молдадан мұсылманша оқиды. Зерек, ынталы Мүрсейіт Семейдегі интернатта екі-ақ жыл оқып орысша аз да болса хат таниды да, аулына қайтып кеп, балаларға мұсылманша және орысша сабақ береді.

Абай тірі кезде, Мүрсейіт оның өлеңдерін жинаумен шұғылданбаған, оған себеп мынау: Абай өзінің қолжазбаларын Махмуд деген молдаға, өз баласы Мекайылға, әйелі Еркежанның інісі Сүлейменге сақтатады екен. Абай өлгеннен кейін Мүрсейіт жинай бастаған және Абай өлеңдерін бастару мақсатымен Кәкітай Ысқақов жинайды.

Кәкітай Ысқақов – Абайдың немере інісі – 1870 жылы туып, 1915 жылы өлген.

Кәкітайды Абай жақсы көреді екен. Абай 1882 жылы қыстай Семейде жатып кітапханадан кітап алып оқумен шұғылданғанда, Кәкітай Абайдың қасында болған. Осы кезде Абайдың үйретуімен Кәкітай орысша хат танып, жеңіл-желпі орысша кітаптарды өз бетімен оқып, түсініп кеткен.

Жиналған өлеңдерді Кәкітай Мүрсейітке жаздырады. Себебі, біріншіден, Мүрсейіттің қолжазбасы анық және көркем болады, екіншіден, жыртылған я бас-аяғы жоқ қолжазбалардың жоғалған сөздерінің көбін Мүрсейіт жатқа біледі.

Кәкітай 1906 жылы Абайдың өлеңдерін Мүрсейітке түгел жаздырып алады да, Омбыда бастыру мақсатымен (ол кезде Омбыдан жақын қалада мұсылманша шрифт болмаса керек) Семейге сатуға екі семіз түйе, екі құр атты жетекке алып жүріп кетеді.

Абай өлеңіне құмартқан халық ішінен, оның жинағының басылып шығуын күтпей, Тобықтының өз руларынан да, Мүрсейіт көшірген Абай өлеңдерін қолдаушылар көбейді. Осыларға Мүрсейіт қолында қалған Абай өлеңдерінің бір данасынан көшіріп беріп, ақысына бір қой бес сом ақша алады. Осы әдетпен 1909 жылы баспадан шыққанша, Абайдың өлеңдер жинағы Мүрсейіттің қолжазбасымен көп елге тарап кетеді. Мүрсейіттің тарих алдындағы істегені осы, оның қолжазбасы қазір Абай өлеңдерінің текстология жағынан тексергенде негізгі деректердің бірі болып келеді.

Абайдың тұңғыш шығармалары жинағы 1909 жылы Петербургта басылып шықты. Оның жарық көруіне себепші болған Кәкітай Ысқақовтың еңбегін айрықша атап өтпеске болмайды. Омбы мен Қазан қалаларында Абайдың кітабын бастыра алмаған ол, көп қиындықтарды көре жүріп, 1907 жылдың қысында Абайдың өлеңдер жинағын Петербургтың бір баспасына тапсырып, көктемде еліне қайтты.

Абайдың жинағына Кәкітайдың қандай редакция жасағаны, жинақты құрастыруда нендей принциптерді қолданғанын айтпастан бұрын, Абай өлеңін жинау кезінде Архамның есінде қалған мына бір детальды айта кету орынды, ол былай дейді: «Әкем жинағанда, Абайдың көп қолжазбалары жыртылған, сөздері өшкен күйінде табылды. Мынадай бір оқиға болды: 1905 жылдың көктемінде әкем мені ертіп Махмуд молданың үйіне барды. Ас даярлап жатқан кезде, Махмудта қалған Абайдың қолжазбаларын әкеп қарап отырса, Абай өлеңмен түгел аударған Лермонтовтың «Вадим» деген әңгімесінің бастапқы екі-үш қана қағазы сақталыпты. «Өзгесі қайда?» деген әкемнің сұрауына, Махмуд күйбеңдеп жауап бермей отырды да, қазбалап қоймаған соң: «Жыртып тастап еді», - деп Құтыш атты тентек баласын көрсетті. Бұл қылыққа әкем қатты ренжіді де: «Абайдан көрген жақсылығың көп еді. Оның еңбегіне бұлай қарауың – жаныңның ашымағаны ғой. Сені жұрт имам дейді. Мына ісіңе қарағанда, сен имам түгіл мұсылман да емессің», - деп, табылған қағаздарды қалтасына сап, даяр асқа қарамай аттанып кетті».

1909 жылы басылған Абай өлеңдерін құрастыруда Кәкітайдың не принцип қолданғанын жинақтың өзі көрсетіп тұр. Кәкітай жинақты: «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Ой туралы», «Насихат туралы», «Замандастар туралы» деген бөлімдерге бөліп, тақырып жағынан ыңғайлас өлеңдерді кіргізуге тырысқан. «Жаз», «Күз», «Қыс», «Аңшылық» деген өлеңдерді Кәкітай еш бөлімге қоспай жеке берген де, Абайдың аударма өлеңдерін Кәкітай «Перевод» деген бөлімге сыйғызған.

Мүрсейіттің қолжазбасында да, Кәкітай бастарған жинақта да Абайдың біраз өлеңдерінің жазылған жылдары көрсетілген. Жазылған жылдарын Абайдың өлеңін жинаушылар өзінің қолжазбаларын алды ма немесе сол өлеңдердің жазылу себебін білетіндердің айтуымен мөлшерлеп өздері қойды ма – ол арасы бізге мәлімсіз. Бізге жеткен материалдарға қарағанда, біраз өлеңнің жылы дұрыс қойылған сияқты да, біразы жобамен қойылған сияқты.

Мәселен: Кәкітай 1909 жылы бастырған жинақта «Ем таба алмай» деп басталатын өлеңнің аяғына «1890 жылы» деген мезгіл қойылған. Бұл жылы Абай 45 жаста. Кейінгі редакторлардың айтуынша, Абай «Қартайдық, қайғы ойладық» деген өлеңді 1896 жылы 41 жасында жазған. Бұл дұрыс па, қате ме өз алдына бір мәселе, бұл арада айтарымыз: Абай – өзін ерте қартайдым деп ойлаған кісі. 59 жасқа кеп қайтыс болған оның оригиналдық көп өлеңінен біз «қартайдықтың» сарынын үнемі көріп отырамыз. Олай болса, «Ем таба алмайды» 45 жасында жазған Абай:

Жас жүрегім
Жанды менің
Жай таба алмай, япырым!
Өзің оңда,
Жақсы жолға
Ақырын! –

демесе керек еді, «жас жүрегімді» қартайған кезде жазған өлеңіне айтпаса керек еді:

Жас теректің
Жапырағы
Жамырайды соқса жел, -

деп өзін жас терекке ұқсатса керек еді. Қартайған кезде жазған өлеңінде Абайдың «жапырағы қураған ескі үмітпен» дейтіні де бізге мәлім. Қартайған кезде жазған Абайдың өлеңі, аяғында жазылған жылы тұрсын-тұрмасын, мазмұнынан-ақ беп-белгілі. Мәселен, 1895 жылы, 50 жасында жазған өлеңінде ол:

Жігіттік өтті көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе?..
Боталы түйе сияқты,
Қорадан шықпай өлдің бе? –

деп жазады. Бұл өлеңнің аяғына «1895 жыл» деген мезгіл көрсетілмесе де, Абайдың кәрілікті мойынға алғанын оқушы өлеңінің мазмұнынан-ақ аңғарар еді. Осыған қарағанда, жоғарыда аталған Абайдың «Ем таба алмай» деген өлеңі, оның 45 жасында жазған өлеңі емес, одан ерте жазылған өлеңі болар деген ой келеді. Осындай ой Абайдың «Жас өспірім замандас қапа қылды» деген өлеңін оқығанда да туады. Өлеңнің аяғында қойған мезгілге сенсек, Абай оны 49 жасында жазған. Содан 1 жыл кейін жазған өлеңінде «кәрілікке көндің бе» деп отырған Абай, 49 жасында «Жас өспірім жастармен» неге замандас бола қалады? Абай бұл өлеңді 49 жасында емес, одан ерте, өзі жас кезінде жазды ма деген ой туады.

Абай ғашықтық, жастық тақырыбына арналған өлеңдерінің жылы да дұрыс белгіленбегенге ұқсайды. Мәселен, «Көзімнің қарасы» деп басталатын өлеңнің аяғында «1892 жыл» деген цифр тұр. Бұл жылы Абай 46 жаста, 40-тан аса «қартайдықты» аузына ала бастаған Абай 47 жасында:

Жүрегім, ойбай, соқпа енді,
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенмең, сол шикі, -

деп торыққан Абай 46 жасында «Көзімнің қарасы» сияқты жастықтың махаббат лебізі жалындаған өлеңін қалай жазады? Бұдан үш жыл кейін жазған өлеңінде:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, іштен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл,-
деп кеп, аяғын:
Ол тілге едік оңтайлы.
Қарыпсыз біліп сондайды;
Біліп-ақ ұғып қоюшы ек,
Енді ішіме қонбайды! –

деген кәрінің өкінішімен неге бітіреді? «Көзімнің қарасында» кәрілік өкініштің өзі түгіл көңілдесі де жоқ. Бұл өлеңнің мазмұны: тұла бойын кернеген жастық, махаббат «жүрегін лүпілдетіп», кеудесін алқындырғандықтан «сүйегі балқыған» жастық балғын сезімін көзге елестетеді. Сондықтан да өлеңдерінің көпшілігін тақырып, мазмұн жағынан да, сюжет жағынан да бір пікірдің төңірегіне құратын Абай «Көзімнің қарасы» деген өлеңінде, жалпы сарыны ғашықтық болғанымен, әр тақырыптың басын бір шолып, өзге өлеңдеріндегі мазмұны біркелкі келетін заңын бұзады. Соған қарағанда, бұл өлең әлдеқайда ерте, жалыны лапылдаған жастық шағында жазғанына ұқсайды.

Осылар сияқты, Абай өлеңдерінің жазылған жылын белгілеуде, Абайдың 1909 жылы басылған жинағында күдік келтіретін жайттар көп.

1909 жылы басылған Абайдың өлеңдер жинағы 1921 жыға шейін қайталап басылмады. Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Абайдың жинақтары тоғыз рет қайталап басылды. Солардың ішіндегі толығы – 1939 – 1940 жылдары шағатын екі томдық. Бұл екі томдықты баспаға даярлаған – СССР Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы. Редакциясын басқарған Мұхтар Әуезов.

Екі томдыққа кірген Абайдың барлық шағармаларының қай жылы жазылғаны көрсетілген. Бірақ Мұхтардың айтуынша, бұл көрсетулер жаңадан табылған документке сүйеніп емес, Абайды көргендердің, әсіресе Абайдың баласы Тұрағұлдың «осы шығарма осы жылы жазулы болу керек» деген мөлшерлеуімен қойылған. Сондықтан Абайдың шығармаларына жыл қоюда, 1909 жылы жинақта Кәкітай тарапынан болған дәлсіздік, қателік әлгі екі томдықта да бар. Мәселен, Абайдың «Ақылбайға» деген өлеңінің аяғына «1890 жыл» деген мезгіл қойылған. Өлеңде Абай баласы Ақылбайға «Оқу ұқпайсың, ынжықсың, тым болмаса шаруа бағуға да жарамайсың, елге масыл, надан бидің бірі боларсың», - деп ренжиді. Бұл жылы Ақылбай 27 жаста.

Ақылбай Абайдың 18 жасында туылған тұңғыш баласы болғандықтан, атасы Құнанбай асырап ап, соның қолында өскен. Бай атаның үйінде мұқтажсыз, ерке өскен Ақылбайдың балалық шағында сабақ ұқпайтын, ұйқышыл, еріншек, бейғам екені рас болса керек. Бірақ 1885 жылы Құнанбай өліп, Абайдың қарамағына көшкеннен кейін, Ақылбай балалық шағындағы мінезін өзгертеді, ол Абайға еліктеп өлеңдер жаза бастайды. Домбыра, гармонь, күй үйреніп, елдегі белгілі әнші-күйшілердің қатарына қосылады, ел басқару жұмысына араласады. Абайдың ұсынуымен «Генри бай», «Кәрі жүсіп» («Дағыстан») тағы солар сияқты поэмаларды жазады. Осындай өзіне әдебиет майданында серік болған баласы Ақылбайға 1890 жылы «Сен жамансың, масылсың», - деп Абайдың ұрсуына жол жоқ. Бұлай ұрысса, Абай әділ де болмас еді. Сондықтан бұл өлең 1890 жылы емес, 1880 жылы жазылу керек. 80 жылы жазылса, өлеңнің мазмұны 17 жастағы Ақылбайдың мінезіне дәл келеді.

Абайдың шығармаларын мезгілдеу мәселесіне бұлайша көбірек тоқталған себебіміз: шығарманың қай жылда жазылуында көп мән бар. Бұл мәнді әсіресе Абайдың шығармалары тілейді. Себебі: барлық оригиналдық шығармаларын тұтас алғанда, Абай шығармаларының жүзден тоқсан тоғызы өзі жасаған заманның шындығынан алынып жасалған. Егер сол өлеңдердің қай жылы, не оқиға, не көрініске арналып жазылғаны ашылса, Абайдың заманын ұғуға да, өзін ұғуға да жәрдемі аса зор болар еді. Бұл жөнде 1933 жылы басылған бір томдықтың редакторы Мұхтар Әуезов біраз ебектер сіңірген, іздеу арқылы кейбір шығармалардың сырын ашқан. Мәселен, «Болыс болдым мінекей» деген өлеңінің (1889 жылы) Күлембай дегенге арналып жазылғандығы оқушыға 1933 жылы шыққан бір томдықта ғана мәлім болды. Осы мәлім болудан өлеңнің мазмұны да, Абайдың бұл тақырыпқа өлең арнау мақсаты да, бұрынғы кімге арналуы белгісіз кезінен әлдеқалай айқындалды, әлдеқалай өсті. Бұрын «біреуден біреу артылса» деп басталып, кімге арналғаны мәлімсіз болып келген өлеңнің белгілі ақын Әсетке арналғаны анықталудан өлеңнің маңызы күшейе түсті. Бірақ осы сияқты ашулар 1933 жылғы бір томдықта аз айтылған да, 1940 жылдың екі томдығында көбеймеген.

1933 жыл мен 1940 жылда басылған Абай жинақтарының және бір жақсы жағы, бұл жинақтарға шала басылған бірнеше өлеңдер толықтырылған, бұрын түсініксіз басылған сөздердің біразы дұрысталған. Абайдың әр жылда шыққан жинақтарын және Мүрсейіттің қолжазбаларын салыстырып отырып, өлеңнен қалып қойған жолдарды, қалып қойған я қате басылған сөздерді дұрыстауда СССР Ғылым академиясының Қазақстандық филиалының қызметкері Бозтай Жақыпбаевтың еңбегі де біраз.

1939-1940 жылдары басылған екі томдықта Мүрсейіттің әр кезде жазған қолжазбаларын салыстырып отырып, Бозтай Жақыпбаев Абай шығармаларының бұрынғы жинақтарынан қалып қойған 600 жолдай өлеңін қосқан. Олардың ішінде: «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Жастықтың оты қайдасың», «Күнді уақыт итеріп» деген сияқты жаңадан қосылған өлеңдер де

бар; «Алла деген сөз жеңіл», «Сап-сап көңілім», «Масғұт» сияқты толықтырылған өлеңдер де аз емес. сол сияқты жаңалықтар, өлеңнің кейбір сөздерін дұрыстау да аз емес. Мәселен, «Жаз» деген өлеңде, бұрынғы «шалғыннан жүні қылтыңдап» деген жолдағы «жүннің» «жон» боп дұрысталуы; «жүрегім, ойбай, соқпа енді» деген өлеңде, бұрынғы «жетім қозы тас бауыр, түңілер де отырар» деген жолдардағы «отырардың» «отығар» боп дұрысталуы; «Заманақыр жастары» деген өлеңде «үйге келіп сүйкенер» деген жолдағы «үйдің» «өре» болып дұрысталуы, әрине, өлеңнің мағынасын айқындауға көп көмекші боп тұр. Рас, бұл түзетулердің бәріне де негіз болған – Мүрсейіттің қолжазбалары.

Абайдың шығармаларын ғылыми меңгеру мәселесінде көп еңбек сіңірген Мұхтар Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деп басталатын өлеңнің 1933 жылғы бір томдықта толықтырам деп қатеге ұрынған, сол қатені 1939 жылғы басылған жинақта түзетпеген.

Бұл өлең – Абайдың барлық шығармаларының ішінде, сол кездегі ауылда тап қайшылығы барын, қанаушы, қаналушы екі тап барын ең айқын көрсететін өлеңі. Алты шумақты 32 жолдық өлеңнің:

Қар жасауға да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы, -

деген шумағының аяғына редактор 1933 жылғы бір томдықта мынадай екі шумақты өлең қосады:

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.
Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
Ол да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр!
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Жаңадан қосылған бұл екі шумаққа редактор мынадай түсіндірме береді: «Осы соңғы екі шумақ 1933 жылғы баспасына шейінгі баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының (Абайдың ағасы. – С.М.) бала асырағанын көріп отырып айтқан» (1939 жыл. 1 том, 111бет).

Бұл екі шумақ Абайдың әр кезде басылған ешбір өлең жинақтарында да, Мүрсейіттен қалған қолжазба жинақтарда да жоғы рас. Ол екі шумақтың қайдан табылып жүргені бізге мәлімсіз. Бірақ мәселе – бұрын басылған

өлеңге жаңадан қосылуда емес, қосылған шумақтың дұрыс-бұрыстығында. Мәселен, «Жақсылық ұзақ тұрмайды» деген өлеңге:

Жел қорығыш желгек шал
Желіп дұрып боздайды, -

деген жаңадан қосылған екі жол, өлеңнің мазмұнын, мағынасын бұзып тұрған жоқ, толықтырып тұр. Осындай толықтырулар 1933 – 1940 жылдардың жинақтарында әр жерде кездеседі және көбі орынды толықтырулар.

Ал жоғарғы, «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі айға» қосылған жаңа екі шумақты алсақ, бұл қосу өлеңнің түрін де, стилін де, мазмұнын да, идеясын да бұзып тұр. Түрін бұзатын себебі: жаңадан қосылған екі шумақтың көркемдігі нашар, Абайдың стиліне жатпайды; мазмұнын бұзатын себебі: өлеңді бұрынғы күйінде тұтас алғанда, кедей мен байдың арасындағы тап қайшылығын көрсетеді, мына жаңадан қосылған екі шумақ негізгі тақырыптан шығып, редактордың түсіндірмесіне сенсек, жаман байдың баласын жаман тәрбиелеуін сөз қылып, басқа тақырыпқа ауып кетеді; мағынасын бұзатын себебі: өзге өлеңдерінің бәрінде айтайын деген пікірі айқын, ашық болатын Абайдың мына жаңадан қосылған екі шумағында не айтайын дегені, кімді жамандайын дегені көмескі; идеясын бұзатын себебіне кейінірек тоқталып, әуелі жаңадан қосылған екі шумақтың мағынасы көмескі екендігіне азырақ тоқталайық.

«Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып», -

деген жолда байдың үйіне кіруге бата алмайтын келей баласы екен деп жорамалдайық (жазуда бұл пікір көмескі), сонда байдың үйінен «асын үзіп-жұлып алып шығатын бала» қай бала? Кедей баласы ма? Байдың баласы ма? Байдың баласы болса, неге ол үйінен үзіп-жұлып асы алып шығады? Өйтетін ол аш па? Байдың баласы үйдің асын үзіп-жұлып ұрлағанда, өзі үшін емес, өзін ойнатқан кедей баласына бері үшін жейік, олай болса, ол неге «үйген жүктің күн жағына жасырынады?»

Кедейдің я байдың баласы екені өлеңде мәлімсіз ұры баланы «әкесі мен шешесі аңдиды». Егер байдың баласы болса, Абай оның әке-шешесін: «Ол да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр!» - деп неге сөгеді? Ол Абайдың байға: «Баланды ас ұрлауға үйреткен өзін», - дегені ме? баласын бай ас ұрлауға үйрете ме? ас ұрлайтын байдың баласы емес, кедей баласы болған күнде, оның әке-шешесіне Абайдың «ол да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр!» - деуі «кедейдің өзі де ұры» деуі ме?

Бала байдың баласы екен дейік тағы да. Ол бала үйінен «үзіп-жұлып асы алып» шыққанда, өзін ойнатып жүрген кедейдің аш баласын аяп алып шыққан екен дейік. Олай болса, осы өлеңнің бір жерінде: «Жалшы ұлына жаны ашып асы бермей бай», - деп, мейірімсіз байды сөгетін Абай оның кедей

баланы аяғыш мейірімді баласын «ит» деп неге тілейді? Байға: «Ол да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр!» - деп неге айтады.

Жаңадан қосылған екі шумақтың соңғы екі жолы:

Асын жөндей іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр, -

деп бітеді. Кім бұл «өңшең жалбырлар?» Әрине кедейлер. Олардың ұялатыны кім? Әрине, бұл киімді байлар! Байлардан олар ұрлаған асын ішуге ұяла ма?

Міне, осы сияқты толып жатқан түсініксіздік, содан туатын толып жатқан сұрау, Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңіне 1933 жылы жаңадан орынсыз қосылған екі шумақты оқыған кісінің алдында еріксіз қаптай қалады.

Сыртқы түрін алғанда, ішкі мазмұнын алғанда да жаңадан қосылған бұл екі шумақ Абайдың бұл екі өлеңімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Біліп қоссын, белмей қоссын, бұл екі шумақты редактордың «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі айға» сыналап қағуы дұрыс емес. бұл сыналау өлеңнің көркемдігін де, идеясын да бұзып тұр, сондықтан 1945 жылы басылған Абайдың академиялық бір томдығынан 1933 жылы қосылған екі шумақ шығып қалды.

Абай шығармаларын сын көзімен меңгеру мәселесіне біраз тоқталайық.

XIX ғасырдың 90 жылдарында Көкбайдың атынан Абайдың «Жаз» және «Болыс болдым» деген өлеңдері Омбыда шығатын «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған. Осы өлеңіне басқа Абайдың ешбір шығармасы өзінің көзі тірісінде баспасөз бетін көрмегенге ұқсайды. Абай өлгеннен кейін оның баспаға шыққан еңбектері – жоғарыда аталған, 1909 жылы Кәкітай Ысқақов бастыратын жинақ.

Абайдың шығармаларына сын көзімен берілген баға да осы жинақтағы Кәкәтайдың өмірбаяндық очеркінен басталады. Кітаптың аяғына қосылған, көлесі сегіз беттік бұл очеркті Кәкітай Абайдың өмірбаянынан аздаған мәлімет береді де, бір мәселені тамтымақ болады, ол – Абайдың гуманизмі. «Абай таза жүректілікті, таза махаббатты, таза достықты сүюші еді, қиянатқа, зұлымдыққа қарсы еді» деген мәселені Кәкітай дұрыс қойғанымен, осы мәселенің тамырын қаза тереңдемей, бетін ғана қалқиды. Абайдың еңбекті сүюі, орыс мәдениетін сүюі туралы да Кәкітай үстірт қана пікірлер айтады. Абайдың эстетикалық көзқарасын көрсетуде де Кәкітайдың пікірі тым қысқа. Әйткенмен Абайдың қалдырған алтын мұрасын игеруде Кәкітайдың очеркі – бірінші адым және негізінде, дұрыс адым.

Осы дұрыс адымды ілгерлету, өркендету, байыту мәселесі соңғы жылдарға дейін ойдағыдай болмай келді. Кәкітайдан кейін Абай туралы, оның шығармалары туралы пікір айтқан – 1913 – 1918 жылдары Орынборда шығатын «Қазақ» газетінің маңайына топталған байшыл-ұлтшылдар. Бұлардың алдына қойған мақсаты Абайды өздеріне рухани әке ғып алу еді.

Ұлтшылдыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Абайды ұлтшылдардың бұл жаласынан аршып алатын маркстілдік сын қазақ әдебиетінде ұзақ уақыт болмай келді.

Октябрь революциясы халыққа дұшпан барлық ағымдармен қатар қазақ ұлтшылдарының да туын жықты, бірақ олардың бір жүйесі түсін бояп, идеологиялық күрес майданына аттанды. Осы сапарында олар Октябрьден туған қазақ совет әдебиетін өсірмеуге, өшіруге тырысумен қатар, ескі әдебиет мұраларын, соның ішінде Абайды халыққа ұлтшылдық рухта танытуға тырысты. Бұл жүйелі бояма, ұлтшылдардың арам әрекеттері ұзаққа барған жоқ.

Абайдың шығармаларына марксизм көзімен қарау соңғы жылдарда ғана өркендей бастады. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарияланған мақалалардың дені ұлы ақынның мұрасын зерттеу мәселесін мақалалардың дұрыс көтерді де, Абайды тану жүйесін белгілі біл жөнге сілтеді. Алайда Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесімен байланысты жазылып, әлі жарияланып үлгермеген бірнеше еңбектер Абайды оқушыларға марксизм-ленинизм ғылымы тұрғысынан танытуда көп жәрдем беруге және ертеректе айтылған кейбір жаңсақ пікірді түзетуге тиісті.

Бұл күнге дейін Абай туралы жазылған еңбектердің денінде Абайдың ақындық шеберлігі туралы көбірек айтылады да, ойшыл Абай туралы, қоғам қайткері Абай туралы жеткіліксіз айтылады.

Рас, Абай – ең алдымен ақын және анау-мынау ақын емес, XIX ғасырда жасаған дүние жүзінің ең алдыңғы қатарындағы ақынның бірі. Олай болса, Абайдың шығармаларын талдау арқылы, оның осындай биік бойын көрсету, Абай туралы әрбір салмақты пікір айтқысы келген адамның міндеті. Осы міндетті өтей тұра, егер Абайдың зерттеушісі Абай шығармаларының бірыңғай поэтикалық жағынан ғана көңіл бөліп, сыртқы көркемдігін ғана талдап, ішкі мазмұнын ақтармаса, ол – Абайды бір жақты ғана тану болар еді. Абайды тұтас, толық көрсетпеу болар еді.

Шығармаларының сыртқы көркемдігіне аса көңіл бөлген және сол көркемдікі өзіне дейінгі қазақ поэзия өнерінің ең биігіне көтерген Абай «Өнер – өнер үшіннің», «поэзия – поэзия үшіннің» пікіріне еш уақытта барған емес. бүкіл жұниіе жүзінің қоғамшыл, прогресшіл ақындарының бәрі сияқты, Абай да поэзияны көркемдік әсер алу үшін ғана емес, қоғамды өркендету үшін қажетті құралдардың бірі деп түсінген кісі. Сондықтан ол әрбір шығармалардың сыртқы көркемдік мінсіз, сұлу жасауға тырысумен қатар, сол шығармаларының мазмұнында қоғамның өркендеуіне, адамдардың жамандардан жиренуіне, жақсылыққа ұмтылуына себеп болатын ақылды, пайдалы пікірлер айтады. Оның:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,

деуі де содан. Шығармаларының ішкі мазмұнына Абайдың қандай зор маңыз беретіндігі, оның «өлеңнің іші алтын, сырты күміс болсын» деген сөзінен де байқалады. Алтын мен күмістің қайсысы бағалырақ екенін оқушылар жақсы біледі. Абайдың «іші алтын, сырты күміс» деуіне қарап, мазмұн мен түрдің қайсысына ерекше мән бергенін де айыру қиын емес. «Іші алтын, сырты күміс» болсын дегенмен, Абай өз шығармаларының ішін де, сыртын да алтын ғып жазуына бұл арада ұзақ тоқталмай-ақ қояйық.

Шығарманың мазмұнын Абайдың алға қоюында зор маңыз бар. Ол – өзі жасаған заманның, солардың ішінде өз ұлты – қазақ ақыны және жалпы қазақтың ғана емес, оның ішінде еңбек иелерінің ақыны. Біреудің еңбегімен күн көретін арам тамақ атаулыға Абай дұшпан.

«Өз ұлты – қазақтың ақыны» деген сөзге сыныққа сылтау іздеген біреулер: «Е, ол не дегенің? Абайдың қазақтан басқа ұлтқа да жат болғаны ма?» деп жабысуы мүмкін. Мұндай күдіктің орынсыз екендігі туралы осы сұрауға толық әрі дұрыс жауап берген В.Г.Белинскийді сөйлетейік.

«Егер суретші өзінің шығармаларында адамдарды көрсететін болса, оның сол адамдары, ең алдымен, көлеңке болмай кісі болуы керек; ол кісінің келбеті, мінезі, құлқы, өзіне тән әдеті болуы керек. Қысқасы, ол кісінің шындықтағы өзге кісілерге ұқсамайтын даралық белгілері болуы керек. Одан кейін, ондай белгілі бір ұлттың, белгілі бір заманның адамы болуы тиісті. Ұлттан тысқары адам шын адам емес, ол ойдан жасалған адам. Бұдан көрінетін нәрсе: көркем шығарманың ұлттық болуы ақынның зорығып тапқын жетістігі емес, шығарманың белгілі бір ұлттық болуының қажеттілігінен ғана. Сондықтан көркемдік жағынан шығарма неғұрлым мінсіз болса, соғұрлым ол ұлттық. Олай болса ұлы суретшіні ұлттық шығарма жазғандығы үшін мақтау – ұлы астрономның көбейту есебінде жаңылмауын мақтаумен бірдей. Шынында, орыс балаларының кескіні орыстай болуы – орыстың кейбір мақианарлық жетістігі. Әрине, ұлт ақыны болу үшін, ең алдымен, бүкіл ұлттың рухына бейне бола аларлық ұлы адам бола білу керек. Бірақ бұл арада ескерте кетуге тиісті мәселе: ұлы ақынды ұлт жасамайды, оны ұлт ақыны ғып ұлы талант жасайды; бір адам жаңа туыпты деген хабар естілгенде, оның қолы, көзі бар ма екен, неше аяғы бар екен, мүйізі, құйрығы жоқ па екен деп ешкім сұрамайды. Егер ол адам болса, көзі, қолы бары, аяғы төртеу емес, екеу екендігі, мүйізі мен құйрығы жоқтығы өзінен-өзі белгілі. Көркемөнерде де сондай: егер шығарма көркем болса, оның ұлттық екені өзінен-өзі белгілі. Бұлай болмаған күнде ол көркем шығарма болмайды... Гётенің «Фаусы» - дүниелік, жалпы адам баласындық шығарма, солай бола тұра, оны оқығанда, бұл немістің ғана фантазиясынан туған шығарма екенін көресің. Ал Байронның «Манфредінің» «Фаустың» желі есетіні ап-айқын, бірақ сонда да герман рухының исі шықпайды. Шекспир өзінің драмаларында ағылшынды ғана көрсетпейді, французды да, немісті де, итальянды да, римдіктер мен гректерді де көрсетеді. Сөйте тұра,

оның шығармаларын оқысаңыз, мұндай драматург Англияда ғана туғанын ұғасыз» - («Шығармалар жинағы», 1914 ж., 923беттер).

Белинскийдің бұл дұрыс пікірінен осынша ұзақ мысал алғанда айтайын дегеніміз: Абай – сөз жоқ, ұлттық, қазақ ұлтының ақыны, бірақ тар мағынасындағы ұлт ақыны емес, кең мағынасындағы ұлт ақыны, яғни шығармаларында өз ұлты қазақтың тұрмыс шындығын ашу арқылы, ол өз заманындағы жалпы адам баласының тұрмысына тән шындықтарды да ашады, себебі – қазақ ұлтының тағдыры өзге ұлттардан, әсіресе Россиядағы ұлттардан бөлек тағдыр емес, бірге тағдыр. Қазақ – жалпы адам баласының бір бөлшегі, сондықтан оның тіршілігіндегі жақсылық, жамандықтардың бәрі өзге ұлттарда да бар. Ендеше Абайдың қазақ тұрмысындағы жамандықтарғы қарсы шығуы – сол замандағы жалпы адам баласының тұрмысындағы жамандыққа қарсы шығуы.

Өз заманының, өзімен замандас қазақтардың ақыны болғанмен, Абай заманының да, замандастарының да барымен қанағаттанбайды және ол сияқты прогресшіл ақынға қанағаттануға болмас та еді, себебі – XIX ғасырдағы жалпы қазақ елінің, оның ішінде еңбекші жүйесінің тұрмысы шаруашылық жағынан да, мәдениет жағынан да өте төмен. Осында төмен халді көрген Абай қазақ еліне ақыл айтып, бастап, қазақты Россиядағы мәдениеті ең жоғары халық – орысқа жеткізгісі келеді. Орыс халқының мәдениеті қазақтан жоғары екенін көрген Абай «сен ілгері кеттің» деп орысқа күндеп, жек көріп қарамайды, жақсы көре, сүйсіне қарайды. Сондықтан ол қазақ халқын орыс мәдениетіне тартқанда, мәдениеттендіріп алып, қазақты орысқа қарсы қоюды тілемейді, екеуін ағайындастыруды, бауырластыруды тілейді.

Бұл әдемі, прогресшіл ойына, Абай өле-өлгенше жете алмайды, жете алмауына не себеп болғанын оның мына өлеңі көрсетеді:

Атым адам болған соң,
Қайтып надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын.

Арманына жете алмаған Абай надандықпен, әділетсіздікпен еш уақытта келісімге келмейді. Күресіп, надандық пен әділетсіздік жеңдірмеген соң, болашақ ұрпаққа:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! –

деген өтінішін айтады.

Абайдың шығармаларындағы осындай қоғамдық сарындарды, күресті айтпауға бола ма? Абайдың не надандық, не әділетсіздікпен келісе алмауын, солармен күрескенде нендей әдіс қолданғанын, не нәрсеге күші келгенін, не нәрсеге күші келмегенін, күші келмеуге нелер бөгет болғанын талдамауға бола ма? Бұларды талдамаса зор ақындығымен қатар ойшыл, қоғам қайраткері болған Абайдың бойы көріне ме? Әрине, көрінбейді.

Абайды зерттеуде, тануда, қазақтың сыншыл пікірінде жетімсіз боп келе жатқан жағы осы.

Абай – зор кісі. Ол – зор ақын да, зор ойшыл да, зор қоғамшыл да, зор күресшіл де. Оның осы бейнелерін түгел қамту, әрине, оңай міндет емес. сондықтан Абайды толық зерттеу, толық ұғу – бір жылдың я бір ұрпақтың ғана міндеті емес, көп жылдардың, көп ұрпақтардың міндеті. Әйткенмен, әр ұрпақ өз қолына түскен материалға сүйене отырып, өз ой-өрісі жеткен пікірді айтуға міндетті.

Оқушылардың алдына ұсынып отырған менің бұл еңбегім әдебиеттегі рухани атамыз Абайдың, оның еңбектерін сүйіп, оқушы халықтың алдында Абай туралы біраз жылдан бері жиналып қорытылған пікірді айту мақсатымен жазылды.

Абай және оның шығармалары туралы көпшілік алдында менің алғаш ауыз ашуым – 1923 жыл. Сол жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 69 санында «Қара тақтаға жазылмандар, шешендер» деген мақаламда мен Абайды «байлардың Абайы – біздің Абай емес» деген пікірді айтып шықтым. Абай жөнінде қате пікір айтуыма, сол мақаланың шығуына не жағдай себеп болғанын мен 1942 жылы басылған «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» деген кітабымда (10, 11 беттер) айтқам.

Бұл еңбек монографиялық сипаттама болуға тиісті. Мақсатым: Абайдың ата тегін де, өз өмірім де, ақындық таланты мен шеберлігін де, оқу-білімін де, жалпы адамдық, өз ұлтының пікірлерін де, өміріндегі, шығармаларындағы күшті я әлсіз жақтарын да түгел қамту. Бұл мақсатқа автордың қаншалық жеткендігін көруші-оқушы көпшілік.

II. АБАЙДЫҢ АТА ТЕГІ

Қазақ халқы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып үш жүзге бөлінгенде, Абай орта жүзге жатады.

Орта жүзде: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Қоңырат – алты ру бар. Солардың ішінде Абайдың руы – Арғын, оның ішінде – Тобықты.

Қазақ тарихы ғылыми жолға қойылмаған кезде, ислам діні қазақ арасында дәуірленген кезде, шежіре жазушылар қазақтың ата тегін арабтан таратып, Арғын руын былайша алып келетін: арабтың Ғажам¹ руынан шыққан Әнәстан (Мұхаммед пайғамбардың сахабасы) Жабал, одан Мағаз, одан Саһил, одан Ақшолпан, одан Аққурай, одан Аламан, одан Алаш туады. Алаштан Сейілхан, Жайылхан туады. Сейілханнан сегіз арыс түрікмен тарап кетеді.

Жайылханнан Майқы, одан Өзбек, Сапиян – екі ұл туады. Өзбектен қазіргі өзбектер тарайды. Сапияннан – Айырқалпақ, одан екі ұл – Қазақ, Созық туады. Созақ баласы болып қазіргі қарақалпақ бөлінеді.

Қазақтан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс – үш ұл туып, кейін «үш жүз» деген жеке елдер боп тарайды. Ақарыс – Ұлы жүз, Жанарыс – Орта жүз, Бекарыс – Кіші жүз.

Жанарыстан «Алты Қожа» атанған алты ұл туады; Қарақожа, Ақметқожа, Дарақожа, Момынқожа, Ысмағұлқожа, Қосымқожа. Қарақожадан – Ақжол, одан Арғын.

Ғылымға сүйенбеген қазақ арасындағы шежіре атаулының бәрі осылай жазылған. Қазақтың арғы атасын арабтан өрбіту – қазақ арасына ислам дінін таратушы қожалардан (Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтарынан! Басталуы керек, әйтпесе, ғылымға сүйенген тарих кейін «Қазақ» атанған елдерді түрік-монғол нәсілінен деп дәлелдейді.

«Арғын» деген аттың қайдан шыққаны туралы ғылымда мынадай жорамалдар бар: ескі қытай тарихында, монғолдардың батысында көшіп жүретін, түрік тұқымдас «»Бай-Егу дейтін ел бар. Қытайлар «р» дыбысын айтпайды және сөздің аяққы дыбысын тастап сөйлейді. Егер «Бай-Егудің» ортасына «р» әрпін қойса, аяғына «н» қосса «Бай-Ергун» боп шығады. «Бай» - қытайда «зор», «ұлы» (түрікше – «ұлуг») деген сөз. Олай болса «Бай-Ергун» - «Ұлы-Ергун», яғни, «Ұлуг-Ергун» болады.

Ескі түріктерден қалған Орхон жазуында «Ұлуг-Ирғын» деген түрік тұқымдас ел аталады. Қытайдың «Бай-Егу» яки «Ұлуг-Ергун» деп отырғаны – осы «Ұлуг-Ирғын».

Орхон жазуынан қазіргі ұйғыр елінің тілі өрбіген. Қазақтың сөз басында «а» дыбысын қолданатын бірнеше сөзінде ұйғырлар «и» дыбысын қолданады. Мәселен: қазақтың «ал» деген сөзін ұйғырлар «ил» дейді. Соған қарағанда «Ирғынның» басындағы «и»-ді «а» әрпімен ауыстырсақ, «арғын» боп шығады.

Ескі қазақ тілінде «ар» деген сөз «аман» деген сөздің орнына қолданылады. «Ар ма?» деген сөз – ескі тілде «аман ба?» деген сөз.

Қобыланды келді: «Ар ма? – деп,
Алдыңда кісі бар ма?» - деп, -

деген сөз осыдан қалған. Қазіргі Жетісу елінде «ал», «бар», «бол», «жүр», «кел» деген сияқты бұйрық райлардың орнына «барғын», «болғын», «жүргін», «келгін» деу бар. Осы «ғын» жалғануы қазақта ескіден қалған сияқты. Соған қарап, «арғын» деген сөз «аман болған», я «аман бол» деген сөз бе екен деген ой келеді.

Түріктің «ұлуг» деген сөзінің орнына қазақ «ұлы» деген сөзді қолданады. Бірақ қазақ «Ұлуг-Ирғынды» «Ұлы Арғын» дейді. Ғылымға сүйенбеген қазақ шежіресінде, кейін Орта жүз елі боп өрбіген Жанарыстың үлкен баласы Қарақожадан Арғын туған, сондықтан «Арғын – аға баласы»

дейді. Халқымыздың ескі дәстүрінде Орта жүзге қарайтын алты ру – Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ жиналып бас қосқанда, кәде үлестірсе, бас кәдені «аға баласы» деп Арғынға беріп, ас бергенде, бас табақты Арғынға тартады екен.

Тарихта Арғын-аға деген кісі болған. 1262 жылы Шыңғыс ханның кенже баласы Толы Харасан деген елге Ойрот атанған елден Арғын-аға деген кісіні хан сайлаған. Кейбір тарихшылар, қазақ ішінде Орта жүзге кіріп «аға» аталған Арғынды, Арғын-ағадан тараған деп жорамалдайды. Бірақ бұған келтіретін дәлелі мынадай: Шыңғыстан әртін заманда, моңғолдар түрік тұқымдас татар және ұйғыр елдерін Алтай тауынан және Енисей өзенінен қуған. Сол кезде қамауда қалып, кейін монғолданып кеткен ойрот, қалмақ деген елдер бар. Бұл қисынға да соғады. Себебі: орыс оқымыстысы Петраковтың айтуынша, Тобыл, Том, Енисей губернияларында (1911 жылдары) Арғын аталатын, бірақ қазаққа жатпайтын бірнеше монғол тұқымдас елдер бар. Мәселен, Том округінде Чулым болысын екінші атпен Үлкен арғын болысы деп атайды. Монғолдар арасында «Арғын» яки «Ариқан» руы барын атақты тарихшы Рашид-ад-дин де айтады.

Алайда бұл тарихшылардың «Арғын-аға» деген пікірі шындыққа жанаспайды. Себебі: 1219 жылы Шыңғыс хан Жетісу, Сырдарияны өзіне қаратып, Алатаудың етегін түгелімен Шағатай деген баласына билеткен. Сол Шағатай ұлысындағы іргелі елдің біреуі – Арлғын, Арғынның ол кездігі мекені – Балқаш көлінің күнге жағы, Қаратал, Қапал өлкелері.

Осы мекенде Шағатай ұлысына қарап отырған Арғынды Ақсақ Темір 1376 жылы, 1389 жылы, 1390 жылы үш рет жаулайды. Одан кейін ХҮ ғасырдың басында Жоңғар хандығы жаулап Арғын мекенінен сырғып Қаратуға барып, Барақ ханға бағынады да, 1420 жылы Барақ Ташкентке, Ходжентке шабуыл жасағанда бірге қатысады. 1455 жылы Барақтың баласы Жәнібек хан өзбектің ханы Әбілхайырмен араздасып Балқаш көлінің батысына көшкенде, Арғынды ертіп ала кетеді. Одан кейін Жәнібек Еділ өзенінің Каспий теңізіне құйылатын жеріне барып Астрахань қаласын салғанда, Арғын қаласында болады.

Орыс тарихшысы Карамзиннің айтуынша, Алтын Орда ханы Ахмед – Жәнібекті Қырымға қойған. 1475 жылы Қырымға хан болған Меңдігерей Жәнібекті қуады да, қашқан Жәнібек Россия патшасы III Иоанды паналап, 1480 жылы Россияда өледі. Жәнібек қашқанда Қырымда қалған Арғын – Меңдігерейдің 1475 жылы Түркияға бағынуына көнбей, араздасып көшкен Ахметкерейге еріп, Қырымнан Кубань өзенін бойлап Кавказға ауады. Арғынның Кавказда тұрғанына дәлел болатын жер аттары бар: Сунжу өзеніне құятын бір жылғаның аты, ол жалға ағатын сайдың аты, сол сайда отыратын бір ауылдың аты күні бүгінге дейін «Арғұн» аталады. Бұл сөз «Арғын» болу керек. оған көп тарихи дәлелдер бар.

1554 жылы Россия патшалығы Астраханьды бағындырып, Қырым мен Кавказға қарай жылжығанда, арғындар қазақ даласындағы Қаратауға аууы керек. 1629жылы қазақ ханы Еңсегей бойлы Ер Есім Ташкент хандығына

бағынып тұрған Түркістан қаласына шабуыл жасағанда, оның әскерінде арғындар болған. Осы жорықта Түркістанның ханы Тұрсын өліп, оның қызы Қоңырбикені арғындар алып кетіп, Сары деген кісіге қосқан деседі. Бұл – Абайдың сегізінші атасы.

Осы бетімен қаратауда тұрып қалған арғындар 1723 жылы Жоңғар хандығы қазақты шапқанда, сырғып, қазіргі «Арқа» аталатын қазақ даласына көшіп, сол күннен бүгінге дейін орнығып отырып қалған.

1723 жылдың шабыншылығында, қазақ тарихында «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталатын қырғын жұтқа ұшырап Қаратаудан Арқаға көшкен Арғын руларының біреуі Абайдың он екінші атасы – Тобықты елі. Сол бүліншілік жұтта Тобықты руының атақты «Әнет бабаң» атанған биі – Әнеттің алты баласы соғыста өліп, өзі 97 жасында жаяу шұбырған елге ере алмай, тірідей ел көшінен жұртта қалыпты.

Тобықтының қай жерлермен көшіп барып, қазіргі мекені – Шыңғыс тауына орнауына мынадай деректер бар: Абайдың үшінші атасы Ырғызбай – Ырғыз өзенінде туған, Ырғызбайдың інісі Торғай – Торғай өзенінде туған. Абайдың екінші атасы Өскенбайға билігін берген Кеңгірбай (Абайға төртінші атадан кеп қосылады) – Кеңгір өзенінің бойында туған. Кеңгір өзенінен Тобықты елін Шыңғыс тауына көшіріп әкелуші Абаймен сегізінші атадан кеп қосылатын Мамай батыр. Содан бастап Тобықты елі Шыңғыс тауында отырып қалған.

Арғын руының басынан кешкен тарихын және кешкен, қонған тарихын осымен доғарып, енді Абайдың аталары Арғыннан қалай ұштасып келетіндігіне тоқталайық.

Тобықты елінің шежірелері Абайдың аталарын Арғыннан былай тартады:

Арғын,	одан -Тобықты,
одан - Қодан,	одан - Рыспетек,
одан - Дайырқожа,	одан - Мұсабай,
одан -Қарақожа,	одан - Сүйірбас,
одан – Кенжесопы	одан – Сары
одан - Күшік	одан - Ырғызбай,
одан - Әйтек.	одан - Өскенбай
одан - Олжай,	одан - Құнанбай,
одан - Айдос,	одан -Абай.

Сонда Абай Арғыннан 18 атаға келген. Осылайша өрбіген Абайдың аталары туралы ел ішінде қандай аңыздар барлығына аздап тоқталайық.

Қазақ арасында «Арғын атасы - Қотан ақын» дейтін мәтел бар, сол «Қотан» дегені осы Қодан, Қоданның ақын болғандығы туралы ХІХ ғасырдың ортасында жасаған, Арғын руынан шыққан Жанак ақынның бір

ауыз өлеңі бар. Уақ руынан Жарқын деген би Жанақ ақынға «Атаңда ақын болған кім бар?» деп сұрау қойғанда, Жанақ:

Алашта Арғын ата туған зерек
Өзгеден сол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек

депті. Қотанды тарихта «Қодан тайшы» деп те атайды. «Тайшы» - монғолша «өлеңші» деген сөз.

Қоданнан жалғыз Дайырқожа туады. Дайырқожа XV ғасырдың орта шенінде Ташкентте өзбектерді билеп тұрған Әбілхайыр ханның(1465 жылы өлген) тізелі биінің бірі және әділ би болды, сондықтан «ақ жолға тартатын би» деп, халық оған «Ақжол» деген лақап ат қосады. Арғын руынан тарайтын елдердің бәрінің ұраны - «Ақжол». Ақжолды Қара Қыпшақ Қобыланды батыр елтіріпті. Бұл өлімге арналған Қодан ақынның жоқтауы («Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деп басталатын) соңғы кездерге шейін ел аузында айтылып жүрген.

Бұл аңыз тарихи шындыққа жатпайтын сияқты. Себебі: Дайырқожаны Қобыландының өлтіруі -1440 жылдардық шамасы болу керек. Бұдан жиырма жыл бұрын, 1420 жылы Жәнібек хан Ташкентке шабуыл жасағанда, оның әскерінде Арғынның бір бұтағы - Қанжығалы елі бар. Шежіренің айтуынша, Дайырқожадан Қарақожа одан Кенжесопы, одан Қанжығалы туады. Егер Дайырқожа Арғынның баласы екені рас болса, Қанжығалы Дайырқожаның төртінші ұрпағы болатын болса, 1420 жылы шабуылға Қанжығалы елі ру боп қатынасса, Дайырқожаның жасауы әртіңгі заманға кетіп қалады.

Ауыздан-ауызға көшіп, қағазға жазылмаған шежіреде мұндай қайшылықтың кездесуі ғажап емес.

Шежіремізге қайта оралайық. Дайырқожаның бәйбішесінен Қарақожа туған, тоқалынан Сұмдық туған. Сұмдықтан туған Бержетім мен Шақшақ, өзге арғындар Арқаға көшіп, Орта жүзге қосылғанда, Кіші жүз ішінде қалып, содан бері «Тоқал Арғын» атанып кеткен.

Қарақожаның бәйбішесінен - Мейрам, Момын атты, тоқалынан - Қарасопы, Кенжесопы, Бәсентиін деген үш бала туады.

Кенжесопыдан екі бала туады: Қанжығалы, Тобықты. «Тобықты» деген сөз - «тәуфихты» деген сөз, арабтың «тәуфих» деген сөзінен алынған деген жорамал бар. Бұл - дәлелсіз жорамал сияқты. Қазақ арасында сақталған аңызда Қанжығалы мен Тобықтыны Арғын руына кірме деген де сөз бар. Ол аңыздың баяндауынша: жаугершілік заманда, Қанжығалы қанжығаға байланған қоржынмен жаудан алып келген жас болғандықтан атанған; Тобықты «Ақтобық» атанған жүйрік аттың бәйгесіне келген құлдың баласы болғандықтан атанған; осы екі келімсек баланы баласыз Кенжесопы асырап ап, өсіріп өрбіткен. Ескі ауылда бұл аңызды айтса, Қанжығалы мен Тобықты руларының адамдары намыстанады. Абайдың атасы - Тобықты.

Тобықтыдан Рыспетек Дәулетек туған. Дәулетек жанжалқой, төбелескек боп, бір тойда ет асқан жер ошақ басына келгендерді жуан таяғымен сабағандықтан «жуан таяқ атанып, одан өрбіген ұрпақтар күні бүгінге дейін «Жуан таяқ» атанады. Абайдың атасы - Рыспетек.

Рыспетектен Мұсабай, Көкше, Дадан туады. Ел аңызында Мұсабай би, атақты Әз-Жәнібек ханның, белді және шешен биінің бірі болған деседі. Жыл мөлшеріне бұл аңыз қабысады. Абайдың атасы -Мұсабай.

Мұсабайдан Талынқожа мен Сүйірбас туады. Ынжық адам болғандықтан, Талынқожа «Жаман» атанып, одан өрбіген ұрпақты күні бүгінге дейін «Жаман Тобықты» деседі. Абайдың атасы - Сүйірбас.

Сүйірбастан - Әлі, Қожаберге, Сары. 1629 жылы Есімханға еріп барып Түркістан қаласын жаулайтын арғындардың бір батыры - Әлі. Сол жолы өлтірілген Түркістан ханы - Тұрсынның қызы-Қоқырбикені Әлі еліне алып кеп, інісі Сарыға қосқан. Абайдың атасы - Сары.

Сарының бәйбішесінен - Мәмбетай, Үмбетай; тоқалы Қоқырбикеден - Мәмбетсопы мен Кішік туады. Кішікті кейін «Күшік» деп атап кетеді. Абайдың атасы.- Күшік.

Күшіктің бәйбішесінен - Саңмұрын Бәйімбет; тоқалынан - Әнет, Әйтек. «Әнет бабаң» атанатын Тобықтының атақты биі, 1723 жылғы шабыншылықта 97 жасында ел көшкен жұртта қап өлетін, алты баласы жаудан өлген Әнет осы. Әнеттің бір баласынан іште бір бала қалып, бала туғанынан кейін жақсының бақайы ғой деп, атын Бақай қойған. Бақайдың ұрпақтары Тобықты ішінде бір ру ел. Абайдың атасы - Әйтек.

Әйтектің бәйбішесінен - Олжай, тоқалынан - Байбөрі, Қалқаман. Байбөрі елде беделді кісі болғандықтан «Бәкең» атанып кеткен. Оның ұрпақтарын әлі күнге дейін «Бәкең» деседі. Абайдың«Қыздарға» деген өлеңінде «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең» деп бастайтын өлеңі, осы Байбөрінің адамдарына арналған. Абайдың атасы - Олжай.

Қалқаман - «Қалқаман - Мамыр» аталатын ел ішіндегі атақты халық жырының геройы. Қалқаман ғашық болған Мамыр - өзінің немере қарындасы (Мәмбетбайдың немересі) болған. Ол кезде өз руынан қыз алу - әсіресе немерелестерін алу, қазақ ғұрпында масқара. Осы масқараға ұрынған Қалқаманды, сол кезде 85 жасқа келген Әнет би өлім жазасына бұйырған. Үкім: Қалқаман салт атқа мініп, жазалауға жиналған көптің алдынан шауып өтеді, сонда оны бір батыр садақпен атып өлтіруге тиісті болған. Осы өкім орындалғанда атылған садақ оғынан жараланып, өлмей қалған Қалқаман Тобықты еліне өкпелеп, Алатау баурында отырған Үйсін руындағы нағашысына кетіп қалады. Сол кеткеннен қайтпаған Қалқаманның тұқымдары қазіргі Алматы облысының Жамбыл, Каскелең аудандарында бірнеше жүз үй.

Абайдыңатасы Олжай мал баққыш, момын ғана адам болған.

Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек туады. Жігітектің бәйбішесінен Қабекең атанатын Кеңгірбай би туған. Кеңгірбайға шейін Арғын руларының ішінде Тобықты еселі ел болмаған көрінеді. Оған шейін

Тобықтыны көршілес отырған Матай да (Найманның біреуі), Керей мен Уақ та теңдікте ұстамаған. Кеңгірбай тізгініне ие боп, би атанғаннан кейін, Тобықты көршілес руларымен теңдесу былай тұрсын, зорлықпен көбін сырғытып, Тобықтыға тиісті жерді кеңіткен, Тобықтының үстемдігін күшейткен.

Абайдың атасы Айдостың өзі емес, әйелі Айпара - атаққа шыққан ақылды, қайратты, беделді және ақын болған адам. Айпара туралы елде мынадай бір аңыз бар: 1723 жылдың жұтында босып көшкен Тобықты, мал-мүліктен айрылып, жаяу қаңғырып келе жатып, бір бай елге кездеседі. Бай ел ашыққан бұлардан үркіп көше қашқанда, жұртында аяғы сынған бір семіз түйе қалып қояды. Осы түйені союға өзге аштар қорыққанда, Айпара бауыздайды да, етін қырық жілік қып (үй сандары қырық болса керек) бөліп бергелі жатқанда, түйені іздегендер келе жатыр деген хабар естіледі. Сасқан жұртқа Айпараның тапқан ақылы: жерді қазып, түйені түгелімен жерге көмеді де, үстіне күрке тігіп, күйеуі Айдосты (қартаң тартқан кезі болса керек) төсек сап күрке ішіне жатқызып, өлген адамдай бетін жабады. Түйені іздеп келгендер күркеге жақындағанда басына қара сап, шашын жайып, бетін тырнап қанатқан Айпара:

Түйелі елдің түйесі-ай,
Түйесін іздеп жүргені-ай,
Түйедей менің арыстаным
Терде сұлап жатқаны-ай! -

деп, дауыс қып отырады. Өзге күркені тінткен түйені жоқтаушылар дауыс қып отырған Айпараның күркесін тінтуге ұялып қайтып кетеді. Сөйтіп, Айпара 40 үйді түйенің етімен бірнеше күн асыраған екен деседі.

Босқан Тобықтыға қоныс қарауға Мамай батыр аттанғанда, Айдоспен туысқан кенже қайнысы - 13 жасар Жігітекті «Кішекен, ере барсын» деп Айпара бірге жіберіп, Мамай Шыңғыс тауын тауып қайтқанда, Жігітек қасында болған деседі. Сол Айпара қойған атпен Жігітек руы күні бүгінге дейін Тобықты ішінде «Кішекең» аталады. Абайдың көзін көргендер: «Абай ағам Айпараны өте мақтап отыратын еді», - дейді.

Айпарадан төрт ұл туған: Ырғызбай, Торғай, Көтібақ, Топай. Осы балаларын Айпара былайша сынаған екен:

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торы айғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Торғайым,
Сірә да оңбас Топайым.

Тобықты елі: «Айпараның балаларына осы айтқан сыны дәл келді», - дейді.

Абайдың ұлы атасы Ырғызбай - XVIII ғасырдың орта кезінде жасаған Абылай ханның беделді биінің бірі болған.

Ырғызбайдан Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар туады.

Жоғарыда аталған Кеңгірбай би қартайған кезде, өз балалары Ералыға, Төлеуге, Қотанбұлаққа, Қалбайға «елді ұстай алмайды» деп сенбей, билігін өз еркімен «елді ұстауға осы жарайды» деп Өскенбайға берген. Өскенбай Кеңгірбайдың ойынан шығып, елді жақсы бастаған адам, би болған. Сондықтан Тобықты елінде: «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға (Кеңгірбайдың баласы) бар», - деген мәтел қалған. Өскенбай 1850 жылы 72 жасында өледі. Өскенбайдың бес әйелі болған:

1. Зере - одан Құнанбай (Абайдың әкесі) мен Құтпамбет туған.
2. Таңшолпан - одан Төлепберді, Шыбар, Елеусіз, Ақмағамбет туған.
3. Мақып - одан Жақып туған.
4. (аты белгісіз) - одан Майбасар туған.
5. Күнше - одан Бейсенбі, Сұлтанбек, Кенжебай туған.

Абайдың әкесі Құнанбай 1804 жылы туады. Аяғын апыл-тапыл басқан кезде, оған шешек шығып, оң көзін ақ шел қаптап соқыр болады. Кейін Құнанбай атақты кісі болғанда, «Түйені соқыр десең Құнанбайға тиеді» деген сөз осыдан айтылған. Құнанбаймен тұстас, Тобықтыдан шыққан Балта ақын, Қуандық руынан шыққан Шөже ақынмен айтысып, екі көзі де жоқ Шөжені Балта былай деп кемітпек болған:

Кенде соқыр деген соң, кенде соқыр,
Осы сөзің езіңе жөн бе, соқыр?
Төрде отырған хан, қара - бәрін мінеп,
Ел түзетіп жүруші сен бе, соқыр?

Үйде айтысты тыңдаушылардың ішінде Құнанбай да отыр екен дейді. Балтаның әлгі сөзіне ащы тілді тапқыр Шөже былай деп жауап беріпті:

Ұры шіркін, қорықпайсың бір құдайдан,
Салымым бар бұрыннан осындайдан.
«Соқыр, соқыр» дейсің де еш тынбайсың,
Соқыр десең құтылсайшы Құнанбайдан.

Бұл сөз намысына тиген Құнанбай «ойда жоқ сөзді қозғайсың» деп Балтаны қуып шыққанда, жұрт: «Шөже жеңді»,- дескен екен дейді.

Құнанбайды әкесі Өскенбай молдаға сабаққа бергенмен, жасында тентек болған Құнанбай оқымай, бертін, ересек бола, әкесіне келген хаттарды ежіктеп оқу арқылы мұсылманша жазуды өз бетімен жақсы танып кеткен.

Құнанбай ел билігіне әкесінің көзі тірісінде, жас күннен-ақ араласады және сол алғаш атқа мінген күннен бастап айтқанынан қайтпайтын қайсар, алысты болжайтын ақылды, алысқанын жығуға тәсілді, ойға алғанын орындамай қоймайтын өжет, жауласқанын аямайтын рақымсыз адам болады.

Құнанбайдың әлеумет тұрмысындағы істерін баяндаудан бұрын, оқушыға оның жасаған дәуірін елестетіп өту қажет.

1822 жылы Россияда патша үкіметінің «Сібір қазақтарын басқарудың уақытша ережелері» деген заңы шықты. Сол «Сібір қазақтарының» біреуі Құнанбайдың, елі Тобықты еді. Бұл «Ережелер» бойынша «Сібір қазақтарының хандығы жойылды, Россияға қарап болды, ендігі билік Россияның қолында, Россия үкіметі Сібір қазақтарын бірнеше округке бөліп, бұрынғы ханның, орнына сұлтан-правительдер сайлады, правительдер округтің приказ басындағы өкімге бағынады деп жариялады. Құнанбайдың елі Қарқаралы округіне (қазақша-дуан) бағынды.

Хандықты жойғанмен патша үкіметі алғашқы кезде, сұлтан-правительдерді хан тұқымдарынан ғана белгіледі. Бұлай істеуі-сол кездегі қазақ халқының ішкі әлеуметтік құрылысын жақсылап біле алмағандықтан еді.

Патша үкіметіне бағыну мәселесінде қазақ халқы да, оны бұрын басқарып келген хан тұқымдары да екіге бөлінді: бір жүйесі жанжалсыз қосылуды мақұл деп тапты, екінші жүйесі бұрынғы заманын көксіп, отарлау саясатына қарсы шықты, көтеріліс жасады. Құнанбай осы екі жүйенің көнушілер жағында болды.

Жалпы Орта жүздің де, оның ішінде Тобықты елінің де Россияға біржола қосылуы - Абылай ханның баласы Уәлі ханның тұсында, 1802 жылы. Бірақ қартайған Уәлі 1821 жылы өлгенше патша үкіметі оны хан деп таниды да, хандық дәрежені Уәлі өлгеннен кейін жойылды деп жариялады. 1822 жылы жоғарыда аталған «Сібір қазақтарын басқарудың, уақытша ережелерін» шығарады. Бұл ережеге наразы болғандар, Россияға бағынбаған жаққа көшуге қобалжып, кейбір елдер көшіп жатқанда, Балқаш көліне құятын Тоқырауын өзенінің бойында отырған Тобықтының Дадан дейтін руының биі Қараменде, Шыңғыс тауында отырған Мұсабай руының, биі Кеңгірбайға өлеңмен былайша сәлем айтады:

Басында Сырдан шығып Орға келдік
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.
«Қол алдынан құрулы талқы» деген,

Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік.
Сәлем де, Кеңгірбайға, кел, кетелік
Мықты сабаз атанды терлетелік.
Мұсылманның жұртына маңдай қойып,
Аты жақсы дариядан әрі өтелік.

Кеңгірбай бастаған Шыңғыс тауындағы Тобықты, Қараменденің ол сәлеміне қызбайды.

Россияға бағынған жүйенің басшыларын өзіне сенімді серік қып алу үшін патша үкіметінің бір қолданған саясаты - бұрын мал шаруасымен шұғылданған көшпелі қазақ аулының беделді байларына, орыс феодалдарындай жер иелендіру, оларға «дворян» деген атақ беру, қоныстандыру болды. Осы саясаттың арқасында, қазақтың хан тұқымдарынан ғана емес, қара қазақтардан да XVIII ғасырдың жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында дворян атағын алғандар аз емес және кей жерде бұл дворяндарға орыс помещиктеріндей арнаулы мол жер берілген. Мәселен, Бөкей ордасында Жәңгір хан мен оның оң қолы-Қарауыл қожаға, Ор өзенінің бойында Дербісәлі Беркімбаевқа, Есіл өзенінің бойында Зілғараға, Баянауылда Шорманға берілген.

Сол заманның үлкен феодалының біреуі Құнанбай патша үкіметінен арнаулы жер кестіріп алмағанмен, жалпы заман ырқымен Тобықты елі мекендеген Шыңғыс тау өлкесіндегі ең шұрайлы жерлерді басып алып, иелерін тіл алса еркімен, тіл алмаса зорлықпен көшіру әдісін қатты қолданған.

Құнанбайға шұрайлы кең жердің неге керек болғанын, Құнанбаймен тұстас, Тобықты руының белгілі ақыны Қуанышбай жақсы сипаттаған, Найман руының ақыны Әріп Құнанбай мен Абайды жамандап өлең шығарды дегенге Қуанышбай намыстанып, Құнанбайды да, Абайды да мықты көрсету ниетімен Құнанбайдың өзгеден жер тартып алуын былайша баяндаған:

Сөзімді көп айтпаймын саған қимай,
Орынсыз өтірік айттың аузың тыймай.
Мың-мыңнан ауыл басы жылқы өреді,
Малы жүр Құнекемнің, жерге сыймай.

Тұрар ма сыймаған соң жер іздетпей,
Садаға сен қайтесің одан кетпей.
Уақ, Керей, Найманға отарлайды,
Төрт болыс Тобықтының жері жетпей.

Қуанышбай шындықты айтқан. Құнанбай көршілес рулардың жерін өз жері көп малына жетпегендіктен алған. Құнанбайда 2000-дай

жылқы, 2 - 3 мың қой, жүзден аса түйе болды деседі. Өскенбайдың өзге алты баласы да, жалпы Ырғызбай тұқымдары да бай болған.

Құнанбайдың әр түрлі себеп тауып, аталас көрші руларын, әсіресе Жігітек руын қонысынан қуып алған жерінің көлемі ұзындығы 100-150 шақырым, көлденеңі 50-10 шақырым.

Мұнша мол жерді иемденуге Құнанбай екі әдіс қолданған.

Бірінші, тілін алатын, әрі сойылшысы, әрі жалшысы болатын - қарашыларды көп жинап, басып алған жерлеріне соларды шашырата қондырған. Мұндай қарашыларды ол көбінесе тұқымдас Тобықты руларынан емес, көршілес Керей, Уақ, Найман руларынан, қашқын татарлардан, діншіл қожалардан жинаған.

Құнанбай қарашыларының біреулерін елге дін үйретуге, біреулерін ру таласында сойылын соққызуға, біреулерін малшы, жалшы етуге пайдаланады. Қарашыны былайша жаттан жинау, жалғыз Құнанбайдың ғана емес, қазақ феодалдарының көбінің қолданған әдісі, орыс ұғымына айналдырғанда, бұл қарашылар - крепостнойлардың бір түрлері.

Екінші, Өскенбайдың әйелдерінен туған, Құнанбайдың інілері көп екені жоғарыда айтылды. Бұларға Құнанбайдың өзінен туған жеті бала қосылады. Құнанбай ол балаларын жасынан үйлендіріп, әрқайсысына бірнеше әйел әпереді.

Балаларын үйлендіргенде, Құнанбай әлдеқалай кісілермен құда болмай, Тобықтының өз руларынан да, Найман, Керей, Уақ руларынан да елде беделі күшті, атақты байларды, билерді таңдап құда болады. Мәселен, Тәңірбердінің қайыны-көршілес Сыбан руынан Кенжеғұл дейтін беделді кісі, Абайдың бәйбішесі Ділдә - Қаракесек руынан Алшынбай бидің қызы, екінші әйелі - Айгерім - Тобықты ішіндегі Мамай руынан Бікей деген беделді кісінің қызы. Ысқақтың қайыны - Найман руында Тана дейтін, «мырза» атанған кісі. Оспанның әйелі Еркежан - Мәмбетай руынан Ибақ дейтін беделді кісінің қызы.

Ондай беделді адамдармен Құнанбайдың құда болатын себебі - маңайындағы рулардан өзіне тірек іздеу. Бұл мақсатына Құнанбай жетіп, талай тар кезеңде мықты құдалары оны сүйеп шығарған.

Өрісі осылай кеңіген Өскенбай тұқымы Құнанбай кезінде 40-50 үйге жетеді, осылардың бәрін Құнанбай шашырата қоныстандырады. Мәселен, Құнанбайдың, алты баласы алты ауыл боп, әр ауылдың арасы 20-30 шақырымнан жайыла қоныстап отырған.

Құнанбайдың елге үстемдігі экономика және жер мәселесінде ғана жүріп қоймайды. Бір кезде (XIX ғасырдың 50 жылдары шамасында) патша үкіметі оны Қарқаралы округіне сұлтан-правитель сайлайды. Осы қызметте тұрғанда ол Тобықты елін билеуге інісі Майбасарды сайлатады. Майбасар өте зорлықшыл, парақор адам болады.

Қанаушы таптың халықты қанауда бір тұтынатын құралы - дін. Россияға қосылғанға дейін-ақ мұсылман саналатын қазақ халқы

көшпелі дәурен сүргендіктен және ауылда мешіт, медресе болмағандықтан түгелдей дерлік сауатсыз, ислам дініне шалағай, аты ғана мұсылман болған. Қазақ елін бағындырғаннан кейін патша үкіметі ауылға татардың молдаларын көп жіберіп, ислам дінін мықтап тарату саясатына кіріскен.

Осы саясатты қолданғандықтан ба, я өзінің діншілдік фанатизмі күшейгендіктен бе, елдің әкімшілік және шаруашылық тізгінін қолына мықтап ұстаған Құнанбай ел арасына ислам дінін тарату мәселесін де қатты жүргізеді: намаз оқымаған кісіге дүре соққызады, Қарқаралы қаласына мешіт салдырады, ескі ғұрыпты сақтап, насыбай атқандардың танауын тіледі, елдің малдан беруге тиісті зекетін еріксіз орындатады. Ораза тұтуға міндеттендіреді, кейін «Ескі там» атанған өзінің қонысына медресе салдырып, Қазан жақтан солдаттық міндетін атқарудан қашып келген Ғабитхан деген татарды сол медресеге молдалыққа алдырып, өз балаларын да, елдің балаларын да оқыттырады. Бұл медресе бүкіл Қарқаралы округіне қарайтын қазақ ауылдарында бірінші салынған медресе еді деседі. Мұсылманша болса да, аздаған ғана бала сыйғызса да, Тобықты еліне ең алғаш оқу, жазуды үйреткен - осы медресе. Абай да алғашқы сауатын осы медреседен ашқан.

Құнанбайдың ислам дінін күшейту мәселесін ел ішінде қалай жүргізгендігі туралы, жоғарыда аты аталған Қуанышбай ақын былай деген:

Кешегі елден озған біздің қажы,
Молда алып, дін үйретті қысы, жазы...
Зекет, қайыр бергізді Наймандарға,
Жүгенсіз тіл үйретті айуандарға...

Құнанбай өз балаларын ауылда оқытумен қанағаттанбай, Абайды он жасында Семейдегі Риза қазіреттің медресесіне оқуға беріп, Абай медреседе 4 жыл оқып, арабша, парсыша сауатты боп қайтады және приходская школада төрт ай оқып, орысша да хат танып келеді.

Абайдың, орысша оқығанына қанағаттанбаған Құнанбай, үшінші әйелі Айғыздан туған Халидолла дейтін баласын (Абайдан екі жас үлкен) Омбыдағы кадеттік корпусқа беріп, оны бітірген соң, Москвадағы Павлов атты әскер училищесіне жібереді. Халидолла оны бітіріп, корнет дәрежесінде қызмет атқарып жүргенде сырқаттан өледі.

Баласын орыс мектебіне беріп, Европа біліміне қазақтан алғаш ұмтылған кісінің бірі болғанымен, Құнанбай - өле-өлгенше мұсылмандық фанатизмді бұлжытпай қатты ұстаған адам.

Әкімшілік шаруашылық, рухани жақтан Құнанбайдан қатты қысым көрген көршілес Тобықты рулары бас көтеріп қарсыласады. Шиеленіскен тартыстың аяғы қол күші - төбелеске соғады. Бірақ үкімет

алдында да, ел арасында да салмақтасып келгенде, Құнанбай жағы басым бола береді, қарсы жағы жеңіле береді. Қарсы жақтың қапдатқан арызымен Құнанбайды Омбыдағы Сібір қазақтарын басқаратын губернатор тергеуге шақырады. Бірақ Құнанбай жазаға тартылмай, әкімдерге пара беріп құтылып кетеді. Ақыры Құнанбай өзімен қарсыласқан Жігітек руының он жеті басшы адамын тұтқынға алдырып соттатып, «Ит жеккенге» айдатады. Осыдан кейін Құнанбай дұшпанына күш бермей, балалары ер жеткен соң ел билеу жұмысын балаларына беріп, өзі 72 жасында Мекеге қажылыққа кетеді. Ертіп апарушы Найманнан ұрлық қып қашып кеп Құнанбайды паналаған, қоңсы болған - Ызғұтты деген кісі. Кейін ол елде «Кіші қажы» атаныпты.

Тобықты елінен Құнанбай - Мекеге бірінші барған кісі. Мекеде ол қазақ қажыларына арнап «тақия» (жолаушы түсетін үй) салдырып, соны басқаруға өзімен еріп Мекеге барған Қанатбай сопы дегенді ҚОЙЫП кеткен. Кейін барған қазақ қажылары сол «тақияға» түсіп жүрген.

Мекеден қайтқан соң Құнанбай дүние ісіне араласпай, сәлемдесе келген біреу болмаса, үйіне кісі кіргізбей, түсірген шымылдық ішінде жатып құлшылық қылумен шұғылданған. Осы қалпын өзгертпеген ол 1885 жылы (қазақша тауық жылы) август айында, 81 жасында қайтыс болған.

Құнанбай - үш әйел алған кісі:

6. Күнке-Найман руынан, Ағанас батыр деген кісінің қызы. Бұл әйел Құнанбайдан 4-5 жас үлкен екен. Одан туған жалғыз Құдайберді (1829-1866).

7. Ұлжан - Қаракесек руынан, Тұрпан деген кісінің қызы. Ұлжанды алғаш Құнанбайдың туған інісі Құтпамбетке атастырады. Құтпамбет жаугершілікте найзаға ұшып өліп, қалыңдығы Ұлжан оң жақта қыз күйінде қалған соң, оған Құнанбай үйленеді. Ұлжаннан туған ұлдар: 1. Тәңірберді (1842-1907), 2. Абай (1845-1904), 3. Ысқақ (1847-1901), 4- Оспан (1850-1891).

8. Айғыз - Тобықты руынан Жуан таяқ бұтағынан Қарабатыр дегеннің қызы. Одан туған ұлдар: 1. Халидолла (1843-1870), 2. Смағұл (1860-1931).

Құнанбайдың жеті ұлынан Халидолла ғана жасында өлген. Өзгелері тетелес, қатар өскен. Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңінде:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ, -

дейтіні осыдан.

III. АБАЙДЫҢ ӨМІРІ

Абай 1845 жылы туған. Абайдың азанмен қойған аты - Ибраһим. Ибраһим - дін кітаптарынан алынған, пайғамбардың аты. Бұл атты

баласына жалғыз Құнанбай ғана емес, ислам діні өріс алған кезде көп қазақ қойған. Бірақ бірен-саран араб-парсы тілін білетін кісі болмаса, «Ибраһим» деген атты ешбір қазақ арабша түрінде айтпай, «Ыбырайым» немесе «Ыбырай» деп атайды. Абайды өз тұсының ақындары «Ыбырай жас жолбарыс білектенген» (Біржан сал) деп, «Баласы Құнекеңнің Ыбырайым» (Қуанышбай ақын) деп мадақтаған. Ескі ауылда «Құнанбайдың Абайы» дегеннен гөрі «Құнанбайдың Ыбырайы» деген ат көп жайылған.

«Ибраһимді» «Ыбырай» демей, «Абай» деп алғаш атаушы, оның туған шешесі Ұлжан деседі. «Абай»-қазақта бар сөз. Бұл сөзді қазақ «пана», «бақылаушы» деген мағынада қолданады. Қазақта «малыңа абай бол» деу, «малыңа бақылаушы бол» деудің, жақсы кісіні «елдің абайы» деу, «елдің панасы» деудің орнына жүреді. Бесік жырында ана өз баласын:

Әлди, әлди, абайым,
Атқа тоқым жабайыш.

Ел қыдырған әкеңді Қайдан іздеп табайын, -

деуі «панам, бақылаушым» деген ұғымнан шыққан. Сондықтан «Абай» есімі - қазақта ерте заманнан көп кездесетін ат.

Құнанбайдың бәйбішесі Күнке күйеуінен үлкен екендігі жоғарыда айтылды. Жалғыз баласы Құдайберді ер жетіп, немере сүйген кезде Күнке Құнанбайдан бөлек ауыл боп кетеді. Құнанбайдың өзге екі әйелі - Ұлжан мен Айғыз - қасында болады. Абай қара кескінді, үлкен көзді адам екен. Жас күнінде ерке боп, екі шеше бірдей жақсы көргендіктен Абайды бала кезінде ел Телқара деп атаған.

Осындай ерке өсіп, балалық шағын бай баласының болмашы қызығына сарып қылғанына Абай есейе келе өкінеді

Тайға міндік
Тойға шаптық,
Жақсы киім киініп,
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық,
Жоқ немеге сүйініп,
Күйкентай күтті,
Құс кетті,
Не бітті?

Өзінің туған шешесі Ұлжан мен өгей шешесі Айғыздан басқа, Абайды еркелеткен және көп ертегілер, ескі сөздер айтып, болашақ ақынның ел әдебиетін тануына ең алғаш жол ашқан, оның ұлы әжесі, Құнанбайдық туған шешесі- Зере деседі. Зере аса ақылды, әңгімешіл,

ескілікті көп білетін, балаға мейірімді, ағайынға қамқор, елге сыйлы адам болған.

Құнанбай Абайды Ғабитхан дейтін татар молдаға сабаққа береді. Ғабитхан Қазан жақтан 1850 жылдары солдатқа алынудан қашып, қазақ даласына келеді де, Балқаш көлінің шығыс жақ жиегін мекендеп отырған Керей руында Шүршіт атты байға көп тоқырайды. Келесі жылы Көкшетау дейтін жерде Құнанбай көршілес көп руларды шақырып, өлген әкесі Өскенбайға ас береді. Сол асқа Шүршіт Ғабитханды ала келіп: «Біздің ел дін жолына шорқақ, дінді жақсы ұстап тұрған Құнанбай, сен осының қолында қал», - дейді. Ғабитхан бұл сөзге көнген соң, Шүршіт Құнанбайға Ғабитханды қалдырып кетеді. Құнанбай Ғабитханды аулына алып келіп, қазір Ескі там аталатын жерге медресе салады. Абайды және ауылдың басқа балаларын сол медресеге сабаққа береді. Бұл-Шыңғыс тауының өлкесіне бірінші орнаған медресе.

Ғабитханның мұсылманша білімі қаншалық болғандығы туралы сақталған материал жоқ. Бірақ Құнанбай Абайды одан екі-үш жыл ғана оқытып, Семейдегі медресеге жіберуіне қарағанда, Ғабитхан оншалық мол білімді адам болмау керек.

Оған Абайдың кейініректе:

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан?
Бағасыз жастық Бозбастық,
Адастық, -

деуі дәлел. Абайдың бұл сөздерінен Ғабитханның «тіл сындырғыш» қана молда екені көрініп тұр.

Шала білімді молданың «инемен құдық қазғаннан қиын» оқытқан сабағының өзін, екі шешенің арасында ерке боп тел өскен Абай дұрыс оқымаған сияқты. Оған оның:

Атамыз бар,
Молдамыз бар,
Айтқанына көнбедік.
Арт жағында Біз соған зар
Боламыз деп білмедік.
Ұрланып қаштық,
Жолғастық,
Шуластық, -

деуі куә. Осы шалдуар кезінде ақынның өлең шығаруға бейімделе бастағаны байқалады. Қазіргі бізге мәлім Абай өлеңдерінің ең басында тұратын:

Кім екен деп келіп ем түйе қуған,
Қатын ғой күлдәрімен белін буған,
Төркінінің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды ұрайын бірге туған! -

деген бір ауыз өлең оның он жасында бір әйелге ауызша суырып сап айтқаны деседі.

Баласы да жарымаған, өзі де қанағаттанбаған Құнанбай Ғабитханнан Абайды он бір жасында шығарып алады да, мұсылманша мол білім беру мақсатымен, Семейдегі мешіті, медресесі бар Ахмет Риза қазіретке әкеп береді.

Абайдың, өмірбаянын алғаш жазған Кәкітай Ысқақовтың айтқанына сенсек, Ахмет Ризаның жаңа пікірлі адам болғанын, оның медресесінде оқу жүйесі Араб пен Иранның бай әдебиетімен шәкірттердің танысуына жағдай жасағандығын көрер едік.

Ахмет Риза медресесінде оқып жүрген кезінде, 1858 жылы 13 жасар Абай:

Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафиз - бу һәммаси,
Мәдет бер я шағири фәрияд, -

деген өлең жазды. Бұл - шынында өлең емес, Иран әдебиетінің тарихында болған атақты ақындарды тізбектеп айтып, солардан өлең жазуға мәдәт (жәрдем) сұрау. Бізге қажеті - бұл төрт жолдың өлең я өлең еместігі емес, Риза медресесіне барған Абайдың ол медреседе үш жыл оқығаннан кейін, мәдетті әулие, ән-биелерден сұрамай, ақындардан сұрауы.

Сол 1858 жылы Абай шағатай ақындарының үлгісімен, араб пен түрік сөздерін араластырып мынадай өлең жазады:

Иузи - рәушан, көзі - гәуһәр,
Лағылдек бет үші әхмәр.
Тамағи қардан Бәм биһтар,
Қашың күдрәт, қолы шигә
Өзәң гузәлләра раһбар...

Риза медресесінде оқып жүрген кезінде Абай орысша приходская школадан төрт ай сабақ оқиды. Мүмкін ол осы бетімен медресе оқуы мен орысша оқуды қатар алып кетер ме еді, болмаса, медресе

сабағынан сабағы дәмді школаға ауысып, шын мағынасындағы ғылыммен суарылып шығарма еді, егер оны 1859 жылы 14 жасында әкесі Құнанбай Семейден шақырып ап, қайтып жібермей қоймаса.

Медреседен «ғылмо-ел ғарабиятқа» еркін суарылмағанын, орыс білімінің тәтті дәміне тілінің үші ғана тигенін, сөйтіп Семейден ауылына, не ғылым иесі боп қайтпай, не надан боп қалмай, әкесінің тартпағымен әредікте әуре болғанын Абай кейінірек жазған бір өлеңінде былай көрсетеді:

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға
Білмеген соқыр,
Қайғысыз отыр,
Тамағы тойса жатуға,
Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім - күн емес.

Абайдың ауылға келуі, әкесінің көршілес елдермен, әсіресе аталас Жігітек руымен қырқысып дауласып жатқан кезі болады. Ру таласының ұлғайғанын және көпке созылатынын шамалаған Құнанбай өзіне серік іздегенде, ақылды, зерек, тұтымды, әрі аз да болса оқығаны бар Абайдан дәмеленіп, келешекте орнын басуға баулиды.

Семейден елге келе, Абай әкесінің баулуымен елдің билік сөзіне араласа бастайды. Бірақ ол даурыққан даудың құрғақ айғайымен кетпей, сол кездегі шешендерден, ақындардан үлгі алып, сөз үйреніп, 15-16 жасынан-ақ өзі де шешендік тапқырлықпен елдің көзіне түседі, аузына ілігеді. Ел билегендермен тұтымдылық жағынан да, білімпаздық жағынан да, қатар түсіп, жиырма жасқа жетпей, үлкен даулардың қисынын тауып шешетін шебер бидің бірі болады.

Бұл кезде Абай өлең жазуды да ұмытпаған сияқты. Оған дәлел - 1864 жылы «Әліп-би» деген өлең жазуы. Бірақ бұл өлеңіне қарағанда, Абай қазақ билерінің тақпақ сөздері мен ақындардың шебер жырларымен танысса да, өзінің ақындық өнеріне онша мән бермеген, үлкен міндет жүктемеген. Оның бұл «Әліп-биі» мазмұн жағынан да, түр жағынан да, стиль жағынан да, сөздік жағынан да араб пен иран ақындарының көлеңкесінде жатыр. Әйткенмен бұл өлең - оның ақындық сапарының алғашқы қарлығашының бірі.

Осы өлеңде байқалған ақындық өнер 1882 жылы жазған «Қан сонарда» деген өлеңіне шейін көмескі қалып қояды. Ол екі арада жазған оның «Шәріпке» (1870 жыл), «Абыралыға» (1876 жыл), «Жақсылыққа» (1880 жыл) деген өлеңдері күшті ақындықтың құлаш серпініне куә боларлық шығармалар емес.

37 жасында «Қан сонарданы» жазған Абайдың бойындағы ақындық қасиетін бұған дейін жарыққа еркін шығармауына екі себеп бар ма деймін.

Бірінші. XIX ғасырда екі жақты қанауға түскен қазақ еңбекшілерінен шыққан ақындардың біразы Абай тұсында сұраншақ болғаны, өлеңін кәсіп етіп, байларды мақтап тамақ асырағаны көпке мәлім. Соған қарап Абай қазақ ақындарын:

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтап құдай қарғап, -

деп сөгеді. Абайдың бұл сөзіне түгел қосылуға, қазақ ақындарының, бәрі сондай еді деуге болмайды. Ақынның бәрі қайыршы емес, олардың, бәрі бірдей байды мақтай бермеген. Сүйімбай ақынның Тезек төреге:

Ассалаумағалайкүм, Тезек төре,
Елде жылқы қоймаған кезеп төре, -

деген өлеңі сияқты, қанаушы тап өкілдерінің зорлықшыл қылықтарын пышақпен тілген ақындар қазақтық барлық руларынан да кездеседі. Қазақ әдебиетінің тарихында, мемлекет билігіне жетекші ақындар да (Бұхар), ел басына күн туғанда жыры халықтың күрес туы болған ақындар да (Махамбет) аз емес.

Абай жасырақ шағында, ақындардың осындай қымбат бағасын аңғармай, Құнанбай сияқты байларды мақтап тамағын асыраған кейбір ақындарды көріп, «Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап» деп кейіп, «соларға ұқсамайын» деген оймен, өзі ақын бола тұра, өлең жазбаған сияқты.

Екінші. Семейдегі оқудан қайта, әкесінің баулуымен елдің ру таласына кіріскен Абай осы ағынның иірімінде бірнеше жыл үйіріліп, ақындықтың қырына шыға алмаған. Кейінірек ел кісісі, әлеумет кісісі, ұлт ақыны, халықшыл ақын болған кезінде өкініп, өзін: «Қаны қара бір жанмын, жаны жара», - деп налыған.

Абай әкесіне жәрдемші боп жүрген кезде, Құнанбай Жігітек руын жеңіп, басты адамдарынан он жетісін соттатып, жер аударып жіберген. Осы кек Жігітектің есінен кетпей Құнанбай өлген соң да, Абай ру таласына араласудан тоқтағаннан кейін де, етегінен жармасып қалмаған. Бұған кейін ораламыз.

Абай 1870 жылдар шамасында Тобықтының Қоңыр Көкше деген еліне өкіметтің сайлаусыз тағайындауымен болыс болады. Жасы ол кезде 25-терде еді. Ол сол кезде елде белең алған ұрлық-қарлыққа,

барымтаға, тағы сондай қиянаттарға қатты тыйым салған. Қиянатшыларға мейірім істемейтін қатал болған. Бұл күндерде, одан кейін де Абайдың, жанында ақындар, әншілер, күйшілер, аңшылар да көп еріп жүрген. Абай жүйрік ат, алғыр бүркіт, жақсы итке құмар болған. Мәселен, көршілес Найман руындағы Тулақ деген кісінің «Қарашолақ» атанған бір атақты алғыр бүркітін Абай сұрап, анау еркімен бермеген соң, Елеусіз деген ағасын (Өскенбайдың баласы) жіберіп ұрлатып алып, артынан қуғын кеп сұрағанда бермей, құнына он түйе төлеп иесін разы ғып қайтарған. Бір аста бәйгеден озып келген «Кедейқұла» деген жүйрікті иесінен зорлағандай сұрап алып, төлеуіне бес түйе, бір ат берген. Осы сияқты өзінің, жарым көңілін аулайтын қылық Абай өмірінде аз кездеспейді.

Абай - тапқырлықты өте сүйген адам. Оған бір мысал: Көкше елінде болыс боп тұрған кезінде, сол елдің атақты Байгөкше деген кедей ақыны күштілерден көрген зорлығын шағып, теңдік сұрауға Абайға келеді. Абаймен ол бұрын кездеспеген адам екен. Отырған үйіне Байгөкше кіре бергенде, біреудің сыбырлауымен Абай оны біліп:

«Тақыр жерге қуарып шөп бітеді,
Кей жерге аз, кей жерге көп бітеді.

Осы өлеңнің кейінгі екі жолын қосып жіберші», - депті, Сонда Байгөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп болғанша жеп бітеді, -

депті. Ақынды әбден сынамақшы болған Абай алдында жатқан тоқпақты көтеріп ап: «Тарт тіліңді!» - деп ұмтылғанда, Байгөкше ақын:

Ұрасың неге мені тоқпақпенен,
Жүрсеңші әкең жүрген соқпақпенен,
Үйге келген кісіні ұрамын деп,
Боласың неге бірге ақмақпенен!

депті. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқтың» заңына бағынатын Абай тоқпағын жерге тастай салып: «Тілің осынша неге ащы болған?» - деп сұрапты. Сонда Байгөкше:

Атам Қабас, Борабай - туысым зор,
Мырза менен Мамайдың зорлығы мол.
Екі өкпемнен екеуі қысқаннан соң,
Тілім ащы болатын себебім сол, -

деп жауап беріпті. Байгөкшенің өткір сөзділігіне разы болтан Абай оған зорлық көрсеткендерден есесін алып беріп, содан кейін қасына үнемі ертіп жүріпті.

Абай Көкше елінің болыстығынан босанып, өз еліне келгенде, Байгөкше одан қол үзбей, үйіне ұзақ жатып, ат мініп, киім киіп жүретін бопты.

Қоңыр Көкшенің болыстығынан Абай 1872 жылы босанады. Сол жылы Көкшенің елінен қастасқандар бар, Жігітек руынан кекшілдер бар, бәрі қосылып Абайдың үстінен Семейдегі уездік әкімге арызды жаудырады. 1872- 1873 жылдың қысында Абай Семейге шақырылып 12 түрлі іспен тергеледі. Өтірік жалалардан құтылып, 1837 жылдың көктемінде Абай еліне қайтады. Абайдың көзін көрген, сырын білген Қатпа Қорамжанов, Абайдың немере інісі Архам Ысқақов тағы басқалар: «Семейден Абай осы жолы орысша және мұсылманша көп кітаптар алып қайтып, соларды оқумен шұғылданды. Ол кітаптарды оқып бітірген соң, Семейге кетіп, тағы да кітаптар әкелді. Осылай Семейден кітаптар әкеп оқу 1873 жылдан бастап Абайдың, дағдысына айналды», - дейді. Бұған себеп, әрине, Абайдың Семейде оқымысты адамдармен, әсіресе орыс ғалымдарымен кездесіп, өзінің білімі олқылығына көзі жеткендіктен болу керек.

Ел билігіне ерте араласып қарсы жақты да, «қарсы емес» жақты да не қорқытып, не ұялтып тыя алмаған Абай бұл даушарды тұтататын себеп-елдін, надандығы, оқымағандығы деп түсініп, өз алдында елді оқыту, оқыту арқылы мәдениетке жетектеп, надандықтан бездіру мақсатын қояды.

Қазақ халқын мәдениеттендіру мәселесінде Абайдың қажетті деп тапқан құралы - орыс оқуы, орыс білімі.

Қазақ елін орыс мәдениетіне тарту керек екенін ұғынған Абай өз балаларын да, тілін алатын басқа адамдардың балаларын да орысша оқытпақ болады.

Абайдың 18 жасында туған Ақылбай деген баласы ер жете ақын, музыкант болса да, жас кезінде өте момын және мұсылманша оқуға зердесіздеу болса керек. Сонда Абай:

Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әрнені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді,
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа етті.
Ата көңілі жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса,
Ел танымай, үй танып құр,

Шаруасын да ұқпаса.
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла! -

дейді. «Бала - ата-анаға зор қуаныш» дейтін Абай осы өлеңінде қандай баланың қуаныш, қандай баланың реніш екенін де айтады.

Ол-
Сүйер ұлын, болса, сен сүй,
Сүйінерге жарар ол,-

деп,-«үйді ғана танымай, елді таныған», елге пайдалы болған ұлды сүйерлік ұл деп біледі. Өз ұлына көңілі толмаса да, Абай «масыл бидің» бірі боп қалмасын деп, оқуға береді, өтер күннің өкінішінен сақтандырады:

Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен...
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңірі ісіне сен де көн.
Қайғысыз бенде
Көрдің бе
Өмірінде.

Абайдың жақсы адам болар деп дәмеленген Әкімбайы тоғыз жасында қайтыс болады. 1879 жылы он бір жастағы үшінші ұлы Әбдірахманды Семейдегі орысша қалалық училищеге сабаққа береді. Балаларын орыс мектебіне беруде алдына не мақсат қойғанын Абай мына өлеңінде айтады:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды деп сермесем, өстер ме едім.
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Шен алсын, шекпен кісін деп бермедім...

«Оқындар, орысша оқындар» дегенді Абай сөз жүзінде ғана айтып қоймайды, өз балаларын оқытумен ғана қанағаттанып қоймайды,

орысша оқуға талапты қазақ жастарына шамасынан келген қаражат жәрдемін береді. Бұған дәлел ғып мына оқиғаны еске алсақ та болады. 1885 жылы Құнанбай өлгеннен кейін оның өзге балалары, қазақ әдетімен, «әкемізге ас берейік» дегенде, Абай: «Асқа мал бөлейік, бірақ ол малды сойып жұртқа жегізбейік, орыс школасындағы оқитын қазақ балаларына жәрдемге берейік»,- дейді және осы айтқанын істейді де. Құнанбайдың асына шығарған малдарды (саны мәлім емес, бір хабарда 100 жылқы, 200 қой) Абайдың сатып, Семейдің интернатында оқитын қазақ жастарына беруі, Құнанбайдың өзге балаларына да, ағайындарына да, көршілес елдерге де ұнамаған, «Құнекеңді атаусыз қалдырды»,- деп талайлар ренжіген. Мәселен, көршілес Найман руынан, Абайдың, туған бөлесі Кемелбай, Абайға осы жөнде былай деп өлеңмен сәлем айтады:

Сәлем де Ыбырайға, бөлем еді,
Ас беріп, Құнекемді елемеді.
Жер ошағын тастады-ау қоңырсытпай,
Екі күн ел күткеннен өлер ме еді?

Абайдың туған ағасы Тәңірберді де Абаймен осы жөнінде араз бопты деген сөз бар.

Абай өз балаларын да, ел балаларын да оқытумен қатар жасында ала алмай қалған білімін толықтыру үшін өзі де орыстың, Европаның өмірге керекті кітаптарын оқуға кіріседі.

Бұл күнге дейін Абайдың өмірбаянын жазушылар оның орыс біліміне жанасуын өз бетімен емес, көлденең кісілердің ақылымен болған жанасу деп келді. Олардың айтуынша, 1880 жылдан бастап, Абайдың аулына саяси қылмыспен Михаэлис, Долгополов, Гросс тағы басқалар келеді, солардың ақылымен Абай орысша кітап оқуға кіріседі.

Абайдың орысша кітаптарды оқумен шұғылдануына жоғарыда аталған адамдар ғана себеп еместігін дәлелдейтін факті - 1880 жылы Семейге жер ауып келген Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын қуған, белгілі халықшыл Михаэлистің Абаймен бірінші рет Семейдің орыс кітапханасында танысуы. Михаэлис кітапханаға келсе, сонда қазақша киінген Абай кітапханашыдан Лев Толстойдың шығармасын сұрап тұр екен. Қазақша киінген, сақалды, жуан денелі Абайға Михаэлис көңіл аударады да, сонымен сол арада танысып, содан кейін екеуі дос боп кетеді. Өскемен қаласына орнығып, Алтай тауының кені, өсімдігі туралы бірнеше еңбектер жазған Михаэлис Абайдың аулына сан рет қонақ боп, ауылда да, Семейде де онымен жолығып жүреді. Осы жолығысуларында ол Абайға білімін тереңдету туралы, дүниеге, қоғам құрылысына қандай көзқарасы болу туралы көп ақылдар айтқан, ол ақылдардың ойына

қонғанын Абай алған. Сондықтан Абай: «Менің дүниеге көзімді ашқан Михаэлис еді» (Кәкітай) дейді екен.

Нифонт Долгополов Абайдың аулына бірінші рет 1885 жылы июль айында келген. Семей архивінде сақталатын 120 санды (1884-1886 жылдар) істе Долгополовтың кім екендігі ашық айтылады: ол - Харьков университетінің студенті. 1880 жылы саяси айыппен университеттің медициналық факультетінің, соңғы курсында сібірге жер аударылады. Бес жылдай сібірдің әр қалаларында айдалып жүріп, 1885 жылы Семейге тоқырайды да, сол жылдың 15 июлі күні үкіметтен сұранып Абайдың аулына келеді. Абайдың үйінен Долгополов Семейге 10 августа қайтады. Одан кейін Абаймен араларында қандай қатынастар болғаны туралы мардымды мәлімет жоқ. Москвадағы орталық архивте сақталған материалға қарағанда (1935 жылы архивтен тауып оқып ем, номері есімде қалмаған.-С. М.), Долгополов үкіметке қарсылығын доғармаған. Сол материалдың ішінде Долгополовтың Алексей Максимович Горькиймен байланысы болғанына фактілер бар.

Европаның, орыстың ғалымдары, жазушылары жазған еңбектермен танысқаннан кейін, Абай дүниеге өзгеше көзбен қарай бастайды. Енді оған ел қамқоршысы, халық жақтаушысы болу керек деген идея туады. Осы идеясын жүзеге асыру үшін ол ел ішіндегі даушарды сөндіруге, халықты бірлікке шақыруға кіріседі. Абайдың бұл жаңа бет алысын сынағысы келген жұрт 1881 жылы жиылып кеп, болыс боп тұрған Ысқақтың үстінен «мынау елді талап барады» деп арыз айтады. Бұл арызды мақұл көрген Абай сол жылы болған сайлауда Ысқақты түсіріп, орнына екінші інісі Оспанды сайлатады.

Оспанды болыс сайлағаннан кейін Абай ел билеу жұмысынан біржола баз кешіп, орысша кітаптарды оқуын молайтады, тереңдете түседі.

Абайдың өмірбаянын бірінші жазған Кәкітай Ысқақов: «Абай орыс жазушыларынан Крыловты, Пушкинді, Салтыков-Щедринді, Некрасовты; орыс сыншыларынан Белинскийді, Добролюбовты, Писаревті, Чернышевскийді; Европа ғалымдарынан Дрэперді, Спенсерді оқыған еді», - дейді.

Америка саяхатшысы Джорж Кеннен жазады: «Менің сұрауларыма Леонтьев (Семейдегі кітапхананың бастығы.- С. М.) жауап беріп, Семей кітапханасының құрылуы тарихын баяндайды да:

«Кәттә қазақтар да мұнымен пайдаланады, - деді. - Мен білетін Ибрагим Кононбай деген қарт қазақ бар, оның кітапханаға келіп жүруі былай тұрсын Милль, Бокль, Дрэперді де оқиды» («Сибирь и ссылка», 140 бет, 1906 ж).

Г. Г. Льюис пен Д. С. Милльдің талқылауы арқылы орыс тілінде 1867 жылы шыққан Огюст Конттың «Позитивтік философиясын» Абайдың оқығандығы оның дін туралы пікірлерінен байқалады. (Бұл мәселеге кейінірек ораламыз.) Дж. В. Дрэпердің «Европа пікірінің

өркендеу тарихы» (бірінші рет орыс тілінде ХІХ ғасырдың 60 жылдарында шыққан болу керек. Біздің қолға түскені 1896 жылы басылғаны. Абай алғашқы шыққанын оқыған сияқты) атты кітабының кейбір пікірлерін Абай өлеңге де аударады. Мәселен, Абайдың:

Өмірдің алды ыстық, арты суық,
Алды ойын, арт жағы мұңға жуық, -

деп келетін өлеңдері мен Дрэпердің мына сөздері дәл келеді: «Жас шағында өзінің күшіне еркін сенген адам қартайғанда күшінен көңілі суып, басқаша ойлайды. Уақыт өткен сайын, жастықтың елікпе қиялдары да бәсеңсиді, одан кейін адам әр ойын тізгіндеп, тілегінің өрісін тарылтады. Ақырында шын тұрмыс оның көзінен пердесін сыпырады, қартайған оның ойына адам үмітінің болмашы екендігі ұялайды. Оның тапқаны табам деп ұмтылғанына аз ұқсайды» (2 бет).

Өмірдің алдындағы үміт пен артындағы өкініш туралы айтқан Дрэпердің пікірі Абайдың бірнеше өлеңінде әр қилы жүйеде кездесіп отырады.

Европаның атақты ғалымдары мен жазушыларынан Абайдың оқыған кітаптары, оның биографтары атаған тізімнен әлдеқайда көп болу керек.

Бұл арада бізді де, Абайдың басқа оқушыларын да таң қалдыратын жағдай-төрт жыл ғана мұсылманша, төрт ай ғана орысша оқыған Абайдың өз бетімен оқу арқылы осынша зор білімге жетуі. Оның әсіресе орысша кітаптарды және ұғу үшін көп даярлық тілейтін кітаптарды өз бетімен оқып кетуі ғажап!

Абай өскен Тобықты руы - орыс қалаларымен көрші тұрмаған ел. Абайдың ауылына ең жақын қала - Семей 200 шақырымдай, Аягөз де, Қарқаралы да сол шамада. Абай он жасына шейін орыс тілін білмейтін ауылда тұрды. Оннан он төртке дейін Семейде мұсылманша оқыды. Орысша сабақты ол Семейден еліне қайтар жылы ғана оқыған Төрт ай оқу деген немене ол?! Төрт айда басқа тілден кісі не біліп жарытпақ?!

14 жасында Семейден ауылына келген Абай 1872 жылы 27 жасында тергеуге шақырылғанда болмаса, Семейге аз араласқан, он үш жыл өмірін өзінің ауылында өткізген және ол кезде орыс кітаптарын оқымаған. Сондықтан орыстың әрпі ғана болмаса, төрт ай оқығанда үйренген аз ғана тілінің денін ол ұмытып қалуға тиісті.

Сөйтіп жүріп, 1873 жылдан кейін өз бетімен орыс кітаптарын оқып кетуі және ғылымдық, философиялық, көркемдік қасиеттеріне еркін түсініп оқуы ғажап. Барлық елдердің әдебиет тарихын тұтас алғанда, бұл - өте сирек кездесетін көрініс, табиғатында аса данышпан боп туған адамның ғана қолынан келетін іс.

Бойында ақындық дарын барын ұққан, сол дарынын халқы қазақты өнер-білімге жеткізуші құрал ғып жұмсағысы келген Абай өз

тұсындағы қазақтың сауатсыз ақындарының, шала сауатты жазушыларының бірі болғысы келмеген. Солардың бірі бола қалған күнде, өз халқын өрелі өріске бастап апара алмайтынын түсінген.

Көшпелі тұрмыста көпшілігі сауатсыз өмір кешкен қазақ халқын Европа мәдениетіне бастау үшін, өзі европаша мәдениетті болу керек. Осы мәдениетті біраз меңгеріп, өзіне керегін одан алған Абай халықты сол мәдениетке жеткізуші құрал ғып көркем әдебиетті қолданғысы келгенде, жаңа мәдениетке лайықты жаңа мазмұнды, жаңа түрлі әдебиет жасауға тырысады. Орыстың, Европаның жазушыларын ол осы мақсатпен оқиды.

Европалық поэзияның стилімен Абайдың өлең жазуға кірісуі 1882 жылдан басталады. Сол жылы ол «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңді жазады. Бұл өлеңде Абай қазақ поэзиясының ұлттық түрін бұзбағанмен, мазмұнын Европа ақындарының өлең жазу әдісімен құрған.

«Қан сонарда» жазылғаннан кейінгі жылдарда Абайдың өлеңді өндіріп жазбаса да, оның творчестволық өмірінің мәнсіз болмағандығын өзінің ақындық бетін айқындап, өнерін жетілдіре беру үшін ұзақ сонарлы іздену жолына түскендігін аңғарамыз. Ел ішіндегі әр қилы істерге араласа жүріп, Абай 1884 жылы «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», 1885 жылы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңдерін жазады. Қалам ұстағаннан кейін Абайдың ең өндіріп жаза бастаған жылы - 1886 жыл. Бұл жылы Абай 18 өлең жазған.

1886 жылдың өлеңдері «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінен басталады. Абай бұл жылы 41 жаста. 41 жасында Абайды «қартайдық» деуі «елге аға болатын, ақылшы болатын, ел бастайтын жасқа жеттік» деген мағынада айтылады, өйтпесе дүниеден, өмірден түңілген адамның сыңайы байқалмайды, қайта елді татулыққа, бірлікке, өнерге шақырған ақынның өр даусы естіледі.

1887 жылы Оспан болыстықты қолына қайта алады. Оспанның бұрынғы дұшпандарын мұқатуына жол бермей, Абай оны араз адамдарымен татуластырады да, өзі жазу жұмысымен бірыңғай шұғылданады.

Бұл кезде Абай өз басының, көркемөнер иесі болуымен қанағаттанбай, маңайына әншілерді, күйшілерді, әдебиетке талабы бар жастарды жинайды. Күйшілердің домбыра, қобыз тартуымен қанағаттанбай, оларға скрипка үйретуге көршілес Уақ руындағы скрипкашы Мұқай дегенді алдырады; өз елінің өнерпаздарын Әсет, Біржан сияқты атақты әншілерден ән үйренуге қосады, өзі жаңа ырғақ, жаңа ұйқас, жаңа мөлшермен жазған өлеңдеріне арнап әндер шығарады; өзі оқыған арабша, парсыша, шағатайша, орысша кітаптарды маңындағыларға түсіндіріп, Баймағамбет сияқты әңгімешілерге ел арасына ертегі сияқты айтқызып таратады. Өз ойынан өлең шығарумен қанағаттанбай, орыс классиктері: Крылов, Пушкин, Лермонтов

шығармаларын қазақ тіліне аударуға кіріседі. Тәрбиесінде өскен Көкбай ақынға, ер жетіп ақылы толып, ақын болуға талаптанған өз баласы Ақылбайға тағы басқа талапты жастарға тақырып беріп шығармалар жаздырады.

Үлкен баласы Ақылбайдың ақын болуы, күйші болуымен, Әбдірахман деген баласының Томскідегі реальное училищені бітіріп, Петербурттағы Михайловское училищеге кетуімен қанағаттанбай, 1888 жылы он жеті жасқа шыққан үшінші баласы Мағауия мен он бір жасар қызы Гүлбаданды Семейдегі орыс мектебіне береді.

Тобықты елінің қазағынан Гүлбадан - орыс мектебіне бірінші барған қыз.

Семейге оқуға кеткен Мағауия мен Гүлбаданның қасына Абай белгілі Көкбай (1864-1927) ақынды оқуға қоса жібереді. Әкесі Жанатай Көкбайды бала кезінде: «Осы баламнан үміттімін, оқытуға күшім жоқ, қасыңа алып сен тәрбиеле», - деп Абайға әкеп берген. Содан Абайдың қолында тұрып ер жеткен Көкбай ақындықпен әуестене бастаған. Бірақ Көкбайдың алғашқы өлеңдері өлеңге өте жауапты қарайтын Абайға ұнамай, «Орыс ақындарымен таныспасаң, жақсы өлең жаза алмайсың», - деп 24 жасқа келген Көкбайды Мағауиямен бірге Семейге орысша оқуға жіберген. Семейде Абай Яков дейтін композиторды жалдап, оларға нота және скрипка үйреттірген. Мағауия Семейден қайтып келгенде Абай «Дунай толқыны», «Құс маршы» дейтін орыс күйлерін скрипкаға ойнатып отырады екен.

Ауылдағы жастарға қолөнер кәсібін үйретуді де Абай жақсы көреді екен. Мәселен, Кавказдан айдалып келген черкестерден өз ауылының жігіті Сағындық дегенге Кавказ зергерлігін үйретіп, сол елге бірінші рет Сағындықтан кавказша жасалған белбеулер, ердің тұрмандары тараған.

Бұл кезде Абай сауық-сайранмен, жазумен, елге өнер таратумен ғана шұғылданбай, елдің тұрмысындағы, мінезіндегі кемшіліктерді өлеңімен де, жай сөздерімен де сынау арқылы түзеуге тырысқан. Бір мысал алайық: Абайдың інісі Ысқақтың көршісі және атшабары Масақбай деген кедей кісі болған. Осы адамның өзі де, әйелі Ұмсындық та үй ішін салақ ұстайтын, шаруа бақбайтын, өзара жанжалдасудан тынбайтын адам екен. Бір күні Абай Ысқаққа қонаққа барып, тысқа шығып келе жатса, Масақбайдың үйінен шаңқылдап ұрысқан әйел мен еркектің даусы естіледі. Абай есіктен сығаласа, әйелінің салақтығын сөгіп жатқан Масақбай мен ерінің сөзіне қарсы дау айтып жатқан Ұмсындық екен. Абай үйге кіріп келгенде, екеуі де ұялып жым бола қалыпты. Абай олардың екеуін де сөгіп, осы қылықтарыңды өлең қылам депті де, Ысқақтың үйіне барып, Масақбай мен Ұмсындықтың сөздері ғып «Масақбайға» деген өлең жазады.

Осы өлеңді естігеннен кейін Масақбай да, Ұмсындық та ұялып, тұрмыстарын жөндеп, жанжалдасуды азайтқан екен дейді. Осы сияқты өлеңді Абай көп шығарса керек. Бірақ олар сақталмаған.

Осындай әрі өзі жазу жұмысымен шұғылданып, әрі елге қолдан келген өнері мен ақылын үйретіп, халықты мәдениетке бастауды іс жүзінде орындауға кіріскен Абайға 1890 жылы тағы кесір кездеседі. Сол жылы Оспан мен Оразбай тағы араздасып, ескі кек қайтадан қозады, ел іші шабыншылыққа қайта кірісіп, қарсы жақтар Семейдегі әкімдерге шағым-арыздарын жаудырады. Оразбай арыздарын қуынып Семейге, губернатордық кеңсесіне барып тұрғанда, соңынан Оспан қуып жетіп, Оразбайды «қашып жүрген ұры» деп губернатордың ұлықсатымен елге байлап алып қайтады. Осы араздық әбден шиеленісіп болған кезде, 1891 жылы Оспан кенет ауырып өледі.

Оспан өлімінен кейін де жау жағы басылмайды. Оспанға Абай да қолдас деп түсінген қарсы жақ Абайды түрткілей береді. Осыған тұтатып кеткен бұл өрт шарпа берген соң, Абай ызаланып мына өлеңін жазады:

Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

Абайдың әлеуметтік өмірі осындай торығуға ұшыраумен қатар, ол 1894 жылдан бастап үй ішінің өмірінде қайғылы халге кездеседі: 1893 жылы Петербургтағы артиллериялық училищені бітіріп, Артиллериялық академияға түсуге ыңғайланған Абайдың Әбдірахманы сүйек туберкулезімен ауырып еліне келеді де, қазіргі Алматы қаласында (ол кезде Верный) қызметке тағайындалады. Қызметке араласқаннан кейін Әбдірахманның сырқаты меңдейді, осы халге Абай қатты қынжылады, ренжиді.

Я, құдай, бере көр,
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр
Шошынған жүректі, -

деп бастайды Абай 1894 жылы Әбдірахманға өлеңмен жазған хатын. Әбдірахманның сырқаты меңдеуіне неге осынша үрейленген себебін Абай осы хаттың мына екі жолымен баяндайды:

Шын қалқам осы күн
Болып тұр керекті.

Абайдың «осы күн» деп тұрғаны қай күн? «Болып тұр керекті» дегенде, Әбдірахман кімге, не себепті керек боп тұр?

Туған елін бастаймын деп бастай алмай, Абайдың қажығанын, оның «Жарлы емеспін, зарлымын» деген атпен осы кезде жазған өлеңінен көреміз. Бірақ өзі үмітсізденгенмен, Абай халықтың келешегі бітті деп ойламайды, өзі басқара алмағанмен, басқарушылар шығатынына сенеді. Сол сенімін ақтай ма деп дәмеленген адамның біреуі - Әбдірахман болады.

Өзі жетектей алмаған елді Әбдірахман жетектейді деп неге ойлады Абай?

Бұл сұраудың жауабын Әбдірахманның өліміне арнаған бір өлеңінде Абай былай деп береді:

Жаңа жылдың басшысы - ол.
Мен ескінің арты едім.

Осындай жаңаның алды деп ойлаған Әбдірахманды ажал аранынан аман сақтап қалуға тырысқан Абай:

Апырмай, докторлар
Жүрмесін жаңылып, -

деп қауіптенгенмен, толқыған үмітін медицинаға жүктейді.

Визитке төлемей,
Шырағым, бос қалма!-

деп мал аямай емдеткенмен, 1895 жылы 27 жасында Әбдірахман қайтыс болады. Бұл өлімге егіле жылап, елжірей қайғырған Абай күйікте отырған күннің жоқтау жырын:

Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас, -

деп аяқтайды. Бұл екі жолда да өте зор әлеуметтік маңыз бар. Абай Әбдірахманды «балам өлді» деп қайғырумен қатар, осы өлім кейінгі оқығысы келетін жасқа кедергі болады-ау, «көзіне қамшы тигендей, кейінгі жас шыр айналады-ау» деп қайғырады. Оған себеп: Әбдірахман қалада оқимын деп жіңішке ауруға шалдықты, сондықтан кейінгі жас қаладан безбесе не қылсын деп уайымдағандық.

Құнанбай тұқымына өшіккендер Абайдың қайғысына елжіремейді, жала жабуын, түртпектеуін доғармайды. Сондай өшпенділікпен олар 1897 жылы Абайға екі түрлі қастық істейді.

Біреуі - «Үкіметке қарсы адамдар үйіне көп келеді» деп полицияға шағым береді. Бұл шағымсыз да Абай полицияның күдікті адамы болған. Оған себеп - Абайдың үйіне саяси қылмыспен жер аударылған адамдардың көп келуі, мәселен, орыс халықшылдары Михаэлис, Долгополов, Кавказдан қашып келген екі жігіт. Бұлар Абайдың үйінде айлап жатып, ат мініп, қаражат алып кететін болған. Полиция Абайдың бұл қылықтарын сырттан бақылап, тыңшы салып тексеріп жүрген. Осы күдікке Абайдың елдегі дұшпандары берген шағым қосылған соң, 1897 жылдың көктемінде, Семейдің уездік полиция бастығы Куприянов келіп, Абайдың үйін тінткен. Абай үйінің ұңғыл-шұңғылын түгел ақтарған полицияның қолына қазақтың белгілі ақыны, ауыз әдебиетінің үлгілерін иждаһаттап жинаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жазған бір хаттан басқа күдікті ешбір зат түспеген. Бұл хатта Мәшһүр-Жүсіп Абайға патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттары туралы жазып, оған қалай қарсы тұру жөнінде ақыл сұраған екен дейді. Полиция «Бұл хатқа не жауап бердің», - деп Абайды біраз айналдырып, Абайдан: «Жауап жазғам жоқтан» басқа сөз ести алмаған соң, басқа байланысар дәлелі болмаған соң, Куприянов Абайды да жайына қалдырып, жүріп кеткен.

Екінші - 1897 жылдың күзінде болған сайлауға Абай да барады. Жиналысқа Абайдың келуін ұнатпаған оның қарсы адамдары Абайды сабамақ болады. Мұны ұйымдастырған Әбен деген кісі болса керек. Кейін ол Мекеге барып, «Әбен қажы» атанған. Оның баласы - қазіргі ақын Шәкір Әбенев.

Абай жас күнінен ас, той сияқты көпшілік жиналатын жерге барса, сондай жолаушыларына арнап жасатқан төрт қанатты киіз үйін, төсек-орнын, ыдыс-аяғын ала барады екен. Оның осы қызметін үнемі қасында жүріп атқаратын екі адамы болған: үйін күтетін Сейітхан Қазақбай баласы (түбі кавказдық, черкес), өзін күтетін - Оразалы Алпысбай баласы.

1897 жылдың сайлауына барғанда Абайды Әбен бастаған дұшпандары сабамақ боп үйге кіріп кеп, лап қояды. Бірақ үйде отырғандар Абайға қамшы тигізбей қорғап қалады.

Сол жылы жазған бір өлеңінде басындағы қайғысын Абай былай баяндайды:

Соры қалың, соққы жеген пышанамыз.
Қайтіп суып, жалғаннан күсе аламыз.
Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.

Жауынан жәбір көрген Абайдың намысын жалғыз өз тұқымдары ғана емес, Тобықтыдан тарайтын рулар ғана емес, көршілес барлық қазақ рулары жоқтап, сабауды ұйымдастырғандарды да, сабамақшы

болғандарды да ауыр жазаға тартқызбақ болады. Бірақ бұл қылмысты надандық салдары деп түсінген Абай оларды тұтқынға алдыру түгіл, бүкіл ел боп айыпқа алып бермек болған жүз түйені де алмай кетеді. Ешкімді жазаға тарттырмайды. Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмірбаянында (Абай шығармаларының II томы, 56 бет, 1940 жыл) «кескен айыпты Абай тұқымдары алды» деуі қате көрінеді. Бұлай істеу Абайдың ол кездегі сана-сезіміне жатпайды да.

Құн төлетпегенмен, жазықсыз денесіне қарсы жақтың таяқ тигізген қиянаты Абайдың жүрегін жегідей жей береді. 1899 жылы жазған өлеңінде Абай:

Жүрегім менің қырық жамау
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.
Өлді кейі, кейі - жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек
Кімі - қастық, кімі - дау.
Сүйенерге жоқ тірек.

деп зарланады.

1897 жылдан бастап Абайдың көңілі серпілмейді, бұдан кейін жазған өлеңдерінде үмітсіздік сарыны басымырақ бола береді. Ол енді кәрілікті, өлімді көп айтады.

1899 жылы жазған бір өлеңінде Абай өткен өмірін былай жоқтайды:

Есінде бар ма жас күнің -
Көкірегің толық, басың бос?
Қайғысыз, ойсыз мас күнің,
Кімді көрсең - бәрі дос.
Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ
Болар ма сондай қызық шақ.
Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын-ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.
Жалынасың, боқтайсың,
Сағынасың, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті,
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Абайдың алпысқа келмей өмірден түңіле сөйлеуі тәні қартайғандықтан емес, заманның әділетсіздігімен алысып, күші келмей қажығандықтан, «достан да, дұшпаннан да көңілі қайтқандықтан», заман зорлығы жан дүниесін айықпас дертке шалдықтырып, «іші еліп, сырты ғана сау» қалғандықтан. Сондықтан ол 1901 жылы 55 жасында жазған өлеңінде: «Жапырағы қураған ескі үмітпен», - деп, өз басы енді көгере алмайтындығын айтады.

Осындай іштен таусылған Абайға 1904 жылы тағы бір ауыр қаза кездеседі. Сол жылдың көктемінде Абайдың ең жақсы көретін Мағауиясы қайтыс болады.

Мағауия 1888 жылы Семейдегі городское училищеде бір қыс қана оқып, денсаулығы нашар болған соң, ауылға қайтып келеді де, қайтадан бармайды. Оқудан қайтқаннан кейін ол Абайдың тапсыруымен «Медғат - Қасым» дейтін поэма және бірнеше өлеңдер жазады, олары Абайға ұнайды.

Сөйтіп келешекте ел басқарар, ақын болар деп дәмеленіп жүрген Мағауияның қазаға ұшырауы Абайға қатты батады да, Абай осы өлімнен кейін ешкіммен сөйлеспей, көңіл айтушылардың сөзіне жұбанбай, төсекте жатып алып, Мағауия өлгеннен 40 күн кейін, 1904 жылы 23 июньде өмірден көзін біржола жұмады.

Абайдың, қабыры - өзінің қыстауы «Жидебай қорығы» деген жерде.

Абайдың қырқын берген күні, кенет ауырып, оның үлкен ұлы Ақылбай қайтыс болады.

Абайдың өмірбаянын, оның кәрілікке, өлімге мойындаған кезін, 1898 жылы жазған мына бір өлеңімен аяқтаймыз:

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?..
Сонда жауап бере алман мен бейшара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара,
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.
Жүрегімнің түбіне терең, бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!
Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.

Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме.

Абайдың осы өсиет сырын шын мағынасында ұғып, оның еңбегін бағалап, атын ардақтаған Совет өкіметі ғана, Абайдың өзі де, сөзі де шын мағынасында совет заманында ғана бар қадір-қасиетімен танылды.

IV. АБАЙДЫҢ ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Ақын және қоғам қайраткері Абай туралы өз ойымызды баяндаудың алдында бізге бір мәселенің сырын ашып алу керек. Ол - Абайдың, ой өрісінің қаншалық ұзақтығы, дінге, дүниеге, қоғамға көзқарасы туралы мәселе. Мұны анықтап алмай біз ақын Абайдың да, қоғамшыл Абайдың да зор тұлғасын еркін кере алмаймыз.

Әрбір зор жазушы - сөз жоқ, философияның міндеті - дүниені көру ғана емес, көргенін талқылау, баяндау болса, зор жазушы да осы міндетті өтейді. Дантениң, Шекспирдің немесе Пушкиннің шығармалары - дүниені көруге себепкер құрал ғана емес, тануға да себепкер құрал. Марксизмнің классиктері адам баласының тіршілігін тануда, ғылым иелерінің еңбектерін пайдаланумен қатар, жазушылардың да шығармаларына сүйенуі сондықтан.

Көркем шығарманың дүние тануға бұлайша жәрдем болатын себебі: оның авторы, дүниені көріп қана, көргенін сол күйінде айтып қана қоймайды; ол сол көргенінің бейнесін бере тұра, сол берген бейненің ішіне үңіліп, өзінің ой өрісі жеткенше талдауға, талқылауға, көргенін өзінің сезім елегінен ғана емес, сана елегінен де өткізуге тырысады. Зор жазушы заманының сипатшысы ғана емес, сыншысы да.

Біздің Абай да осындай жазушы. Ол дүниені көріп қана, көргенін сол қалпында ғана сипаттап қоймайды; ол әр көрініске сынай қарап, сол көрініске неге күйіне, неге сүйіне қарайтынын айтады; және ол жай ғана күйініп, сүйініп қоймайды, сол күйіндіретін, сүйіндіретін көріністің не себепті күйіндіретінін, не себепті сүйіндіретінін, сырын ақтарады; және құр ақтарумен ғана қанағаттанбайды, сол көріністің дұрыс я бұрыстығына өз пікірін айтып, өзінше қалай болса дұрыс болар еді деген қорытындысын да оқушы көпшіліктің алдына салып отырады.

Абай - ұлт ақыны, қазақ ұлтының ақыны. Бірақ ол - тар мағынасындағы ұлт ақыны емес, кең мағынасындағы ұлт ақыны. Өз ұлты қазаққа бақыт тілеген ол өзге ұлттар сорлы болса екен демейді, барлық ұлт яғни барлық адам атаулы бақытты болса екен дейді. Сондықтан өзінің философиялық, эстетикалық пікірлерінде; ол қазақтың ғана емес, жалпы адам мақсатын шешуге тырысады. Сондықтан біз Абайдың өз ұлты қазаққа көзқарасын талқылаудан бұрын, оның жалпы дүниеге, жалпы қоғамға көзқарасына тоқталып өтпекшіміз.

Жалпы философиялық көзқарасына келгенде, бізше, Абайда идеализмнің де, материализмнің де ізі бар сияқты.

Неге бұлай болған себебін анықтау үшін, әуелі Абайды өсірген философиялық мектептерге аз тоқтап өтейік. Абайдың екі мектебі бар: біреуі-исламдық Шығыс, екіншісі- Батыс.

Исламдық Шығыстың әдебиетінде, әсіресе араб пен парсы әдебиетінде дін философиясы бірқыдыру орын алады. Әбуғали-сина, имам Ғазали, имам Фараби, ибн-Ғарби, ибн-Тәймия сияқты мұсылман ғалымдары ислам дінінің философиясы туралы бірсыпыра кітаптар жазған. XIX ғасырда Россиядағы мұсылмандар арасынан шыққан Шаһабуддин Маржани да дін философиясымен шұғылданған. Абай осылардың бәрін оқыған да және жақсы түсінген. Араб пен парсы тілін жақсы білгендігі және сол тілдерде жазылған ислам дінінің теориясы және практикасы туралы кітаптарды оқығаны Абайдың шығармаларынан көрініп қалып отырады.

Исламдық философия сонау Мұхаммед пайғамбардың өзінен бастап, қазіргі дін ғұламаларына шейін өздерінің философиялық ойларын адам баласының харекет тәжірибесінен туған ғылыммен байланыстырмай, ылғи бір байлау-матаусыз (абстрактный) пікірлердің тұманында қалқиды да жүреді. Абайдың дүниеге көзқарасында осы философияның ізі бірқыдыру.

Екінші мектебі Батыс дедік қой. Абайдың өмірбаянынан оқушылар оның Спенсерді, Льюис пен Милльдердің талқылауы арқылы Кантты, Бокльді оқығанын біледі және шығармаларынан Сократты, Платонды, Аристотельді оқығанын көреді. Прозамен жазылған Абайдың насихат, ғақлия сөздері, көп жерінде пікір жағынан да, стиль жағынан да Аристотельдің этикасына ұқсап отырады. Абай оқыған Европа философтарының тізімі бұдан әлдеқайда кең болуы мүмкін. Бірақ соларды меңгеріп оқуға келгенде, Абайда елеулі бір кемшілік бар сияқты, ол - оның физика, химия, астрономия, механика, математика, биология тағы сол сияқты адам баласының харекет тәжірибесінен туған ғылымдармен жөнді таныс болмауы. Мұның әсерін Абайдың кейбір шығармаларынан айқын байқаймыз.

Европаның идеалист философтарының да, солардың ішінде Абай оқыған Спенсер мен Канттың да Шығыс философтарынан бір өзгешелігі - олар діннің өзін ғылыммен дәлелдегісі келеді.

«Біздің ендігі көрсеткелі отырғанымыз,- дейді философиялық шығармаларын Абай көп оқыған Герберт Спенсер,- ғылыммен тәрбиелеудің жабайы тәрбиеден жоғары болатын бір себебі: ол дінді өркендетеді. Сөз жоқ, бұл арада, біз діндік, ғылымдық деген сөздерді әдеттегі тар мағынасында алмаймыз, кең, жоғары мағынада аламыз. Діншілдік деп жүрген соқыр ұғымдарға ғылымның қарсы болуында, оларды көзді тұмандататындар деп дәлелдеуінде күдік жоқ. Тарап

жүрген ғылымдардың бірсыпырасында дінге қарсы рух бары рас, бірақ олар саяздап жүрген ғылымдар. Шын ғылым тереңде».¹

Абайдың:

Әркімнің, мақсаты өз керегін де,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін-дағы тереңінде, -

деген өлеңі Спенсердің жаңағы қорытындысына келеді. Осы пікірін Спенсер қайталап, сол кітабында былай дейді:

«Сопымен, кейбіреулердің ойлауындай, дінге ғылым қарсы емес, ғылымды елемеу, қоршаған әлемді түсінуге тырыспауға қарсы» (54 бет).

I Идеалистердің дін мем ғылымға осындай көзқарастарын Плеханов сынап келіп, Спенсерге мынадай баға береді:

«Бұл менің материализмді біреулер, мәселен, Спенсердің агиостицизміне ұқсас емес пе деп ойлауы мүмкін. Оларға мен Энгельстің: «Ағылшын агностицизмі материализмнің маскара көрінетін түрі ғана», - деген сөзімен жауап беремін».

Осы қиындық Европа философтарын оқыған Абайдың басына да туған сияқты. Европаның философиялық ағымдарынан Абайдың, қайсыларымен танысуы туралы біздің қолда жеткілікті мәлімет жоқ. Өйткенмен, өмірбаянына және шығармаларына қарағанда, оған көбірек әсер еткен Спенсердің моральдық философиясы мен эволюциялық теориясы болғанға ұқсайды. Бірақ дін философиясында Спенсерге өте ұқсас Абай тіршілік мәселесіне келгенде агностицизм мен рационализмге ауып кетеді. Рационализмнің бір атасы Декарт: «Мектептерде ойшылдықты оқытатын философияның орнына, қазіргі күнде кәсіпшілердің кәсіптерін зерттеуіміз сияқты, біз оттың күші мен әсерін, суды, ауаны, жұлдыздарды, аспанды, басқа қоршаған табиғат тектерін оқытатын практикалық философияны қоюымыз керек», десе, саналы адам болғаннан бастап, өмірден көзін жұмғанша Абайдың айтқаны да осы. Барлық шығармаларын талдап оқығаннан кейін, біздің келетін қорытындымыз - өзінің философиялық негізгі көзқарасында Абай - рационалист. Бұл тараудың бұдан былайғы жағында біз осы пікірді дәлелдеуге тырысамыз.

Абай дүниені жаратушы бір ие бар, ол - тәңірі деген ұғымда болған және ол ұғымнан қайтпаған, бұл тақырыпқа ол бірнеше өлеңін және прозамен жазған өсиет сөздерін арнаған адам. Абайдың ұғымынша:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөзі айрылмас.
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида шарифаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермеді.

Абайға еңбек сүйетін, кісі ақысын жемейтін адам, мейлі қай дінде болса да, бауыр.

Алайда Абай негізінде исламға арқа тірейді. Осы арқа тіреген исламға Абайдың көзқарасы қандай?

Бұл мәселеге жауап беруден бұрын, Абай жолын тұтқан ислам дінінің халіне тоқтайық. «Замана, шаруа, мінез күнде өзгермек» деген сөзді я «қағида шарифаты өзгерсе де» деген сөзді Абай ойынан шығарып отырған жоқ, жалпы діндер тарихында, олардың ішінде ислам дінінің тарихында талай өзгерістер болғанын оқып білгендіктен айтып отыр. Ислам дінінің тарихын алсақ, тәңіріден «келген» сөз дейтін «Құран» мен Мұхаммед пайғамбардан келген сөз дейтін «Хадис» болмаса, мұсылманша «Ғилмо ашшарифат» аталатын өзге дін кітаптары талай рет жаңарды. Мәселен, Мұхаммед пайғамбардан соң, бүкіл ислам дүниесінде тәңірі тануда «Құран» мен «Хадистен» кейін ең беделді саналатын Әбу-Жағфар Ат-Тахауидің «Ғақайді» медреселерден X ғасырда шығарылды да, оның орнына Әбу-Жағфардан 216 жыл кейін өлген (935 жыл) Ғұмар Әнна Сафидың «Ғақайді» қолданылды. Алты ғасыр өткеннен кейін Ғұмардың «Ғақайді» де ескіріп, оның орнын 1475 жылы өлген Тафтазанидің «Ғақайді» басты; «Кәләм фиқһи», «Ұсул риқһи» аталатын дін ғылымының кітаптары да, заман өзгерумен осылай өзгеріп, жаңарып отырды.

Осы өзгерулер ислам дүниесінде үлкен екі ағым туғызды, біреуі - мұтәқаддимин, екіншісі-мұтәкәллимин. Ислам дүниесінде бұлардың бастапқысы ескі ағым, соңғысы жаңа ағым саналады, Соңғы ағымды бастаушы 1289 жылы өлгеп Фахруддиди Рази.

Бұл екі ағымның арасындағы айырма: бастапқысы «Құран» мен «Хадиске» ғана сүйенеді де, тәңірі туралы оларда айтылмаған көлемде ойлауды күнә деп ұғады. Мұтәкәллимшілер де «Құран» мен «Хадиске» сенеді, бірақ дін үкімін орындауды заманның, тұрмыстың өзгеруіне сәйкестендіргісі келеді. Және бұлар «Құран» мен «Хадистің» тәңіріні тануын кең талқылауға, тәңіріні пайғамбар айтты деп қана емес, өз ойларымен тануға тырысады. Осыдан ислам философиясы туып, тәңіріні, дүниені тану туралы жазылған «Кәләм», «Ментик» дейтін кітаптар шыққан. Мұтәқаддимшілер бұл екі кітапты оқудан жұртты тыюға тырысқан, өз медреселерінде оқытпаған.

Ислам дініндегі түрінде айырма бар бұл екі ағым мазмұнында бір арнадан бөлінбейді. Абайдың тілімен айтқана, екеуі де «Тағриф алла өзгермейді». Екеуінің де адам баласына үгіттейтін рақаты бұл

дүниенікі емес, ақиреттікі. Екеуі де адам баласына дүние үшін харекет істе демейді, ақирет үшін харекет істе дейді. Бүкіл ислам дүниесінің тіршілікке керекті ғылым таппай, пайғамбар заманының сатысында қалған себебі де осында.

Ислам дінінің Шығыс елдеріне тигізген залалын, бүкіл ислам дініндегі елдердің ойшылдарының ішінен біздің Шоқан Уәлихановтан бұрын айтқан кісіні біз әзірге білмейміз және жоқ қой деп ойлаймыз.

«Қазандықтар, османдықтар, қырымдықтар - дейді Шоқан,- «Құранға», исламға құлай табынам деп, өзінің, ескі халық әдебиетінен айрылып қалды. Татарда халық поэзиясы дейтін жалғыз шығарманың да (Шоқан атын көрсетпеген.- С. М.) мазмұны діншілдік. Олардың тілдерінің де тең жарасы - араб пен парсы сөздері. Қалай десең де, бағынған елдерге құран мен өзінен басқа еш нәрсені ойлатпау мақсатына Мұхаммед жетуге қалды. Мұсылман болған түріктердің бет алысы біреу-ақ, ол - діннің Күпиясына ғана сену, өзге харекеттерге олар барып тұрған топас». («Шығармалар жинағы», 1904 ж., 180 бет.)

«Қазақтар,- дейді Шоқан,- Россияға қосылғанда аты мұсылман ғана боп сүннитке (имаам ағызамға.- С. М.) Қараушы еді. Мұсылман шарифатын қазақтар қолданбайтын. Шарифатты қолдану шеткі заңмен, өкімет ынтасымен (Россия өкіметін айтып отыр.- С. М.) қазақ арасына кіріп отыр. 1822 жылдың заңы шыққан соң, өкіметтің қам-Қорлығымен, ислам қайран қаларлықтай өркендеді. Қазір барлық ауылда молда мен медресе - мектеп - бар... Қысқасы, даланың қазағы қазір діншілдік жағынан, Стамбулдағы Мәуләуи мәзһабының зікіршілерінен бір де айнымайды... Жырлар, ескі поэмалар, ойын-сауыққа әйелдердің араласулары әдеттен шығып барады» (1904 ж., 177-199 беттер).

Ислам дінінің осындай залалынан шошынған Шоқан сол дінді қазақ арасына таратуға себепші боп отырған патша өкіметін былайша кінәлайды:

«Ислам орыстың да, басқа христиан дініндегі елдердің де өкіметіне жәрдем бере алмайды. Татардың сатылғыш діншілеріне сенудің қажеті жоқ... Исламға сенудің залалы, барлық діндегі фантазиге сенудің залалындай, халықтың әлеуметтік өркендеуіне залал екенін бұл арада қайталай беруді артық көрем» (196 бет).

Россия мұсылмандарының ішінде, исламның негізін байқамастан, тіршілікке көзқарасын біраз өзгертем бе деп тырысқан адам - татардың дін ғалымы Шаһабуддин Мар- Жани.

Біздің ойымызша, Маржанидің туған халқы татардың алдында адамгершілік міндетін өтеуде екі еңбегі болған сияқты: біреуі - татардың тарихын жасап, ұлттық санасезімін көтеруге тырысуы, екіншісі - татарды Европа біліміне, әсіресе орыс біліміне шақыруы. Бұл - оның жақсы істері. Бірақ сонымен қатар Маржаниде екі кемшілік бар.

Біреуі - өз заманындағы татарлардың тұрмысына үңіле қарамауы, қоғамдық қайшылықтарын ашпауы, қоғамдағы әділетсіздікпен күреспей, философиялық, практикалық харекеттерінің бәрін өшкен өмірді шолуға, я діншілдік пікірін тереңдетуге жұмсауы.

Екінші-орыс мәдениетін татар халқы меңгеру керек дегі түсінгенмен, асса Россия мұсылмандарын, қалса татар халқын панисламшылдыққа жетектемек болуы. Бұл, әрине, татар халқы үшін де, басқа мұсылман дініндегі халықтар үшін де өте залалды пікір еді.

Дінді тануда Маржанимен пікірі көп мәселеде қабысатын Абай оның жаңағы көрсеткен екі қателігінен аулақ. Панисламшылдық пікірге Абай - жоламаған кісі. Абайдың сүйеніші - Европаның, оның ішінде орыстың гуманистерінің көзқарасы. Қазақ халқының тағдыры туралы толғанған Абай, Шаһабуддинше, халқының алдындағы міндетін, тарихын таныту, я мұсылмандығын күшейту деп қана түсінбейді. Абай өзінің философиялық, эстетикалық және практикалық харекеттерінің бәрін өзімен замандас адамдардың тіршілігін ұғуға, содан қорытынды шығаруға, жақсысын дәріптеп, жаманын сынау арқылы түзетуге, келешегіне жарық жол сілтеуге арнайды. Бұған кейінірек ораламыз. Әзірше Абайдың дінге, дүниеге көзқарасы туралы аяқтайық. Дін туралы жазған бір өлеңінде Абай:

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі,
Халиққа мақлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі дәһрі,-

дейді. «Дәһрі»- Европаша «атеист», қазақша «дінсіз» деген сөз.

Ислам дінінде тәңіріге сенудің екі жолы бар:

«Ислам тәхқиқи «- тәңіріні өз басымен ойлап тану, «иман тәһлили»-тәңіріні елдің, төңірегіндегілердің сенуімен тану. Абай осының екеуін де қолдамайды. Өз басымен түсініп барып сенбеген «дүниелік» істе де, «ақиреттік» істі де Абай қабылдамайды. «Иман тәһлилідің» тәңірісі Абайға тәңірі емес, себебі; ол - өз ақылына ғана қонған зат пен көріністі қабылда деп үгіттейді. «Иман тәхқиқидің» тәңірісі де Абайдың тәңірі емес, себебі оның ұғуынша, «оймен білген нәрсенің бәрі дәһрілік»-дінсіздік.

Исламның тәңіріге сенудің екі жолына да аяғын басқысы келмеген Абай:

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.
Талып ұйықтап көзінді ашысымен
Талпынып тағы да ойлап зор қылады,-

деп, ойлап-ойлап, ойы жетпеген соң, «ақылға сыймас ол алла» деген қорытындыға келеді. Барлығына ақылы жетпеген алланы Абай ислам ғалымдарының, тануындай ғана танып қоймайды. Ол:

Ақыл мен хауас барлығын
Білмей дүр жүрек сезе дүр.
Мүтәкәллимип мантиқин
Бекер босқа езе дүр,-

деп, ислам ғалымдарының кәдімшілдері (ескішілдері) былай тұрсын, кәләмшалары мен мантиқшыларының (жаңашылдарының) пікірін де «босқа езгендік» деп түсінеді. Абайдың осы бір ауыз өлеңі 1940 жылға дейін оның шығармаларына кірмей, қолжазбада ғана сақталып келген.

Абайдың ұғымында ақылмен де, сезім мүшелерімен де тәңіріні тану мүмкін емес. Оның ойынша, тәңірінің барлығын «сезетін жүрек қана».

Осы жүрекпен ғана сезетін тәңіріге, оның «құлы»- адамның бәндешілік «қарызын» өтеу туралы Абай не пікір ұсынады?

Исламда мұсылман болудың бес шарты бар: иман білу, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажыға бару.

Бұл құлшылықтарды өтеуге Абай қарсы емес. Бірақ ол құлшылықтың шартын біліп орындауды тілейді. Намаздың шартын білмей оқыған ауылдың надан діншілерін «Абыралыға» деген өлеңінде:

«Еннатайына кәлкәусар,
Пошол дереу, күнәкәр».
Аяғын ойлап айтқаны:
«Әні-шаны күлаптар».
Осы оқу мен намаздың
Қай жерінде сауап бар? -

деп сықақтайды.

Руза, намаз, зекет, хаж - талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс, --

дейді Абай. Бірақ ол: «Руза, намаз, зекет, хаж-талассыз іс» дегенмен:

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс, -

деп, тәңіріге ішкі сенімі берік болғанмен кісінің дене қимылымен я малмен атқарған құлшылығын «татымды жеміс бермейді» деп ойлайды.

Денемен атқаратын құлшылықты бұлжытпай орындайтын, бірақ өз пайдасын ғана ойлап, басқаның пайдасын көздемейтін өз заманының діншілдеріне Абай қатты наразы.

- Молдалар тұра тұрсын,- дейді ол «Отыз сегізінші сезінде»,- хусусан (арнап айтқанда) бұл заманның ишандарына бек сақ болындар. Олар фитнә (бұзық) ғалым, бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһил тарикат (дінді бастаушылар) біліп және біреуді жеткізбек дағауасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес. Бұлардың жеткізбегі мұхал (мүмкін емес). Бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйенгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері тасбығы мен шалмалары». Осы пікірін ол өлеңінде де қайталап:

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағардай боп сәлдесі,
Мал кумар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі? -

дейді. Өзі молда да, ишан да болмай ишанға қол тапсыру мен софы болғысы келгендерді Абай:

Кейбірі пірге қол берер,
Іші - залым, сырты - абыз,-

деп тілдейді. Абайдың бұл сөздері ислам дінінің шарифатын жақсы білмейтін ишандарға, молдаларға ғана арнап айтқаны дейін десең, дін туралы жазған бір өлеңінде, ол бүкіл ислам дініндегі барлық имамдарды (дін бастықтарын) былайша кінәлайды:

Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған,
Хүснизән' мен иманды білді ойлаған,
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Бұдан шығатын қорытынды: имамдар адамның тәңіріге сыртпен атқаратын құлшылығына көңілін бөлген де, ішін тазартуды ескермеген.

Абайша, іш тазарту деген не? Ішті тазартудан оның қозғаған мақсаты не?

Ислам молдаларының, айтуында, «иман» деген - «құдай бір, құран шын, Мұхаммед пайғамбар рас» деп сену. Абай бұл пікірге қарсы емес. Ол да:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Құран рас, алланың сөзі дүр ол,-

дейді. Бірақ Абайша, «иман»- бұл ғана емес. Ол одан әрі кетеді де, ислам молдаларынан бөлінеді.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп - әділетті,-

дейді ол.

Молдалардың иманындағы үш шарт: құдайға, құранға, пайғамбарға сену; осы үш шартты бекер демейтін Абайдың одан басқа және үш шарты бар: ол - тәңірінің адамды сүйюі, адамның тәңіріні сүйюі, адамның адамды сүйюі.

Осы үш сүйю болады иманы гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл,
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл, -
дейді ол. Оның ойынша:
Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ хақтың досы.

Адамға адам жәрдемші болу керек деген сөзді ислам дініндегілер де, басқа діндегілер де айтады. Бірақ «адамды адам сүйю діннен тағат» дегенді ешбір діннің өкілі айтпайды.

«Адамды адам сүйю, адамға адам жәрдемші болу - тағат» деу орыста Лев Толстой, бізде Абай және солар сияқты, адамды дініне қарап емес, дәулетіне қарап емес, шын адамдық әрекеттеріне қарап жақсы көретін адамдар дін шеңберінен шығатын пікір айтқан. Бұл - марксизмге шейінгі гуманизмнің ең биігі.

Барлық гуманистердің, олардың ішінде Абайдың «шын адам» деп ұғатындары - біреудің еңбегін жемей, өз еңбегімен күн көретіндер. Осындай еңбекші адамдарды гуманистер ұлтына, дініне қарамай, жақсы көреді. Абайдың еңбекшілер мен еңбекшіні қанаушылар туралы пікіріне кейін ораламыз. Әзірге оның дін, дүниеге көзқарасы туралы пікірімізді аяқтайық.

Адамды сүй, алланың, хикметін сүй,
Не қызық бар өмірде одан басқа, -

дейтін Абай аллаға не құрмет көрсетуді, адамға не құрмет көрсетуді ұсынады.

Исламша, алланы сүйудің белгісі ораза ұстау, намаз оқу, бай кісі болса, зекет беру, қажыға бару екенін, оларға «руза, намаз, зекет, хаж -

талассыз іс», Абайдың қарсы болмайтынын жоғарыда айтқамыз. Осы «талассыз істерді» орындау, исламша міндетті де, Абайша міндетті емес.

Бұл мәселе туралы Абай «Отыз сегізінші сөзінде» былай дейді: «Пенделіктің (құдайға құл болудың) толықтығы әулиелікпен болса, күллі адам тәркі дүние боп (дүниеден безіп), һуу деп тағрифатқа (дін жолына) кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда, малды кім бағады? Дұшпанды кім тоқтатады? Киімдік матаны кім тоқиды? Астықты кім егеді? Дүниедегі алланың пендесі үшін жаратқан жаназаларын кім іздейді?»

Өте ашық пікір. Бұдан шығатын қорытынды: адамның дүниедегі міндеті - отанды жаудан қорғау, мал бағу мен егін салу сияқты шаруаны өсіру, фабрикаларда киім тоқу, жер астындағы кендерді іздеп тауып, тіршілік пайдасына асыру. Адамға адамның пайдасы осыларды істегенде ғана тиеді, осыларды істеген адам баласы өркендей алады, жақсы тұрмыс жасай алады, табиғат күшін меңгере алады, табиғат байлығын керегіне жарата алады.

Абайда, «жақсылық, жамандықты жаратқан» құдай, бірақ оны істететін құдай емес; ауруды жаратқан құдай, ауыртатын құдай емес; байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бірақ бай қылған, кедей қылған құдай емес. Олай болса, Абайдың ойынша жаман болу да, ауру болу да, кедей болу да, табиғат байлығын ала алмау да құдайдан емес, адамның өзінен.

Жақсы тұрмыс жасау еркі өзінде деп ойлаған әрбір жеке адамды Абай екіге бөліп былай дейді:

Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі.
«Мені» мен «менікінің», мағынасы - екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі...
Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мен» менен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес.

Осы арада Абайдың «мен» және «менікі» деп отырғанына аз тоқтап өтейік. Онын, «менікі» деп отырғаны тән, дене екені, тән өлгеннен кейін оның жоғалатындығы жаңағы мысалға алған өлеңде анық айтылған. Барлық діннің, оның ішінде ислам дінінің талқылауында тән өлгенмен, әқирет күнінде қайтадан түгелденіп, бұл дүниедегі қалпына кеп, әқиретте жанға тән қайтадан қосылады, қайтадан бұл дүниедегі қалпына келеді. Діннің бұл пікірін қолдауды біз Абайдың ешбір шығармасынан еш уақытта ұшырата алмаймыз. Дене тіріле ме, жоқ па? деген мәселені ашық қалдыратын Абайдың бұл

мәселе туралы жалпы сарынына қарағанда, «тірілмейді» деген жағы басым сияқты. Олай дейтін себебіміз:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? -

дейді Абай. Абайдың терминінде: сөз-«менікі» емес, «мен». «Мен» деген терминді Абай «ақыл мен жан» деп қос қабат мағынасында алғанмен, «жан» не деген сұраудың жауабын да ашық қалдырып кетеді. Теологиялық ұғымдағы «жанды» Абай танымайтын сияқты. Абайдың «жаны» метафизикалық ұғымдағы «жанға» ұқсайды. Екінші сөзбен айтқанда, «жан»- көшіп-қонып жүретін материал сымақтау бірдеңе емес, денесіз қуаттан тұратын тәңірінің өзі барлығын дәлелдеуге денеге уақытша берген демі. Дене өлген соң жан оған қайтып оралмайды, тәңірілік қуаттың бір бөлшегіне айналып кетеді.

«Жан» мәселесін ашық қалдыратын Абай «мен» деген терминдегі «ақыл мен жан» деген қосақтан «жанды» шығарып тастап, «ақылды» ғана алады да, бұл мәселе туралы пікір айтқанда, осы «ақыл» төңірегін көп шарлайды. Жаңағы өлеңінде оның:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -

дейтіні де сондықтан. «Сөз»- Абайдың ұғымында «ақылдың» бір көрінісі. Олай болатын болса, өлетін не? «Менікі», яғни дене; өлмейтін не? «Мен» , яғни «ақыл», «ақыл»- Абайдың ұғымында, адамның ойы ғана емес, сол ойдан туған іс және адамға пайдалы іс. Олай болса, «мен» өлмегенде, өлмейтін жан емес, іс.

«Менің», яғни адам ісінің, міндеті адамға пайда келтіру болса, «менікінің», яғни дененің міндеті ие?

Бұл сұраудың жауабын Абай ашық беріп:

Дененің барлық қуаты,
Өнерге салар бар күшін, -

дейді. Өнер, әрине, дін үшін емес, дүние үшін, адам өркендеу үшін керек. Олай болса, Абайдың пікірінен туатын логика - дене де, жан да адамға, адамның өз тұрмысын өркендету үшін, өзіне рақат тұрмыс жасау үшін қажетті құрал.

Шырақтар, ынталарды «менікі де».
Тән құмарын іздейсің күні-түн де.

Әділет пен арлылық, махаббат пен
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде,-

дейді Абай. Оның бұл сөзінен: адам тән қызығын іздемеу керек, екінші сөзбен айтқанда, тән рақатына керекті дүние жинамау керек деген мағына шыға ма? Ондай мағына шықса, жоғарыда біз мысалға алған «адам табиғат байлығын меңгеру керек, егін егу керек сауда істеу керек кендерді қазып алу керек завод, фабрикалар салу керек» деген сөздерді Абай неге айтады?

Бұл сұрауға жауап берердің алдында, Абайдың «мені» не қызмет атқаруға керек екеніне тағы да оралайық.

Жүректің барлық қуаты
Махаббат қылса тәңірі үшін, -

дейді ол. Жүректің тәңірі үшін атқаратын махаббаты, Абайдың ойынша, қандай махаббат? Бұл сұраудың жауабын Абайдың өзіне берейік. Оның айтатыны:

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы кепке тисін,
Көптің қамын әуелде тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді суйді деп иең суйсін!

Абайдың ойынша, «қабірден әрі өткенде», адамның тәңірге апаратын сыйы: бұл дүниеде адамның адамға сіңірген жақсылығы, адамның арлы, әділ, мейірімді болуы. Абай бұл пікірін тәңіріні танудың, діншілдіктің ең биік мұнарасы деп ойлап:

Дін де осы, шын ойласаң тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ-хақтың досы, -

дейді. Бірақ дін бе осылай деп ойлау? Меніңше, «дін» деген сөзді, қазақша «сену» деген мағынада алсақ, бұл рас - дін, яғни сену. Ал «дін» сөздің «діншілдік» мағынасында, яғни тәңіріге сену мағынасында алсақ, Абайдың бұл пікірі діншілдік емес.

Бірақ Абай осы дұп-дұрыс материалистік қорытындысын олай айналдырып, бұлай айналдырып, өмір бойы аяғынан тік тұрғыза алмай әуре болады, ол адамның дене қуаты да, жүрек махаббаты да адам үшін, адамның тіршілігі үшін дей отырып:

Адам ғапыл, дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі «оныкі»
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі? -

деп, дүние тіршілігін жақсылап еткізуге шақырған адамына Абай тағы да сұрау беріп, көңіліне қобалжу салады. Бұл - мақсатсыз, нысанасыз қобалжыту емес, нысаналы қобалжыту.

Дүниеге дос, ақиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас,
Дүниеге ынтық, мақшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас, -

дейді ол. Оның «дүниеге дос» деп отырғаны кім?

Барлық шығармаларын түгел оқығанда, Абайдың «дүниеге дос» дейтіндері өзіне тіршілік жасауға ғана қажетті дүние (мал, мүлік) жинағандар емес, я өзгеге жәрдем беру үшін дүние жинағандар емес; Абайдың «дүниеге дос» дейтіндері - өз еңбегімен күн көрмейтін, біреудің еңбегін жеп байитын, тіршіліктегі досы адам емес, мал болған қанаушы адамдар. Мұндай адамдардың дүниеге, малға достығын Абай былай сөгеді:

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,
Аларында шара жоқ алдамасқа,
Табысына табынып қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.
Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзін шұқып малменен күйдірмекке,
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Бұл пікірін Абай «Отыз сегізінші сөзінде» былайша тереңдетеді: «Байлар өзінде жоқты малмен сатып алады. Көңілдері көкте. Көздері аспанда. Адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да параға сатып алам дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны - бәрі мал». Абайдың бұл сөздері өмір құбылысын, қоғамның, таптың жігін жіті байқап, айқын қорытынды жасай білгендігін дәлелдейді де, ұлы ойшылдардың, деңгейіне көтеріле білгендігін көрсетеді.

Абайдың ұғымында, тәңірі адам балаларын «мен артық», «мен кем» демей, теңдесіп, бауырласып тұру үшін жаратқан. Ол бір өлеңінде:

Адам бір - боқ көтерген боқтың, қабы,
Боқтан сасық боласын, өлсең тағы, -
дейді. Сөйте тұрып:
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі - ол баяғы,-

деп, «менің жаратылысым сенен артық, сен кемсің» деп басқаны қорлаушыларға ұрсады.

Білімсіз надандарды сөгіп жазған бір өлеңінде:

«Білмейсің» десе, желөкпе
Дейді «ол-дағы - тәңірі ісі.
Бірімен-бірі бөлек пе,
ИЕМНІ ӘДІЛ БЕНДЕСІ? -

деп, бойындағы кемшілігін «жаратылысымның кемшілігі» деп ұғатындарды сөгеді. Солай дей отыра Абай ақылды адам мен ақылсыз адамның арасына шек қояды. «Аз ба, көп пе адам бір түрлі мақтаннан аман болмағы - қиын іс, - дейді ол «Жиырма бірінші сөзінде», - сол мақтан деген НӘРСЕНІҢ, мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік - адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ, мысалы, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз. (ұрыншақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек бұл мінез-ақылдылардың, арлылардың, артықтардың, мінезі. Олар өзімді жақсы демесе мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады.

Екінші мақтаншақ деген біреуі: демесін демейді, десін дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін әрдәйым, не түрлі болса да «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді».

Абай: «амалмен асқан патшадан, ақылмен асқан қара артық», - деп ақылсыздан ақылдыны жоғары қояды. Патша болу я жоғарылы-төменділі әкім болу, Абайдың ұғымында, ақылдылықтан бола бермейді. Оның байқауында, әкім болудың екі жолы бар: «Биік мансап - биік жартас, - дейді Абай, - ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады».

Сондықтан Абай халыққа: «Біреуді патша екен деп, ұлық екен деп, ақсақал екен деп бағынба, оның біліміне, ақылына қарап бағын, ақылдыны ғана құрметте», - дейді.

Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма! -

дейді ол. Адам мен адам бірдей тең де бауырлас болу керек дегенде, Абай анархистік пікірге бармайды. Ол - елді басқаратын ақылшы болу керек, өкімет болу керек деген пікірді қолдайды.

Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел.
Единица - жақсысы,
Ерген елі бейне нөл,
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?

Абайдың көп пен билеушіге көзқарасы осы. Бірақ ол:

Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол, -

дегенде, «өз басындық» деген сөзді бекерге қолданбайды. Өзі ақылды болғанмен, көпті басқарудың әдісін білмесе, Абайдың ойынша, адамның ел билеуі қиын. Себебі: Абай көпті «нөл» деп атағанмен, ол «нөлдер» санға қосылмайтын, мағынасы жоқ «нөлдер» емес. Абайдың ұғымындағы «нөлдердің» саны да, сапасы да бар.

Көптің, бәрі көп деме, көп те бөлек
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек -

дейді Абай. «Көк итті көп ит жеңеді» деген қазақтың мақалы бар. Осы мақалды өлеңіне қолданып отырған Абайдың да, мақал иесі халықтың да «көк иті» - тура мағынасын алғанда қасқыр, бейнелі мағынасын алғанда - ел бастығы, екінші сөзбен айтқанда - әкім.

Халық та, халық мақалын қолданған Абай да әкімнен халық мықты екенін, халық пен әкім таразыда теңдескісі келсе, халық жағы басып кететінін жақсы түсінгенін көреміз. Көптің күші осындай болғанмен, Абайдың ойынша, жеке адам көпке сенбеу керек өзіне сену керек.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап,
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегі мен ақылың екі жақтап, -

дейді ол. Еңбексіз, ақылсыз өзіне сенген өр көкіректікті Абай ұнатпайды.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуын кетпе,
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,

Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Бойында мақтанның сенімі болмай, ақыл мен еңбектің сенімі болған адам, Абайдың ұғымында, шын адамның үлгісі, адамға жақсы тіршілік жасау үшін керекті қажетінің бәрі осы адамның бойынан табылады.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

Осындай «таразы да, қазы да өз бойынан табылатын» «димдардші құрылідн қоғам жасаймын деп тырысқан Абай с опдміі «қылдіплардип құралған қоғам жасала қалған күннің очіпде де ел басқарушысыз болмау керек бастаушы «еди- пнцасы» болу керек деп ойлайды. «Единицаға» ол:

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? -
деп бір өлеңінде сұрау қояды да:
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек! -

деп жауап береді. Егер басқарушы - жұрты сүйген нәрсені сүйіп, жұртының ырқына көніп отырса, жұрты ақылды боп, басқарушыға қорқып емес, санамен бағынып отырса, ол елдің, бейнесі, Абайша, мынадай болмақ:

Берекелі болса ел -
Жағасы жайлау ол бір көл,
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел,
Оның маңы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.

Бұндай «берекелі» елдің әкімін Абай былай бейнелейді:

Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылдап.
Күлкісі жақсы қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап,
Сөйлесе кетсе бір жерде,
Ағыны қатты аңқылдап,

Оязға кірсе, өзгеден
Мейрі үстем жарқылдап.

Бұл сияқты жалпыға бірдей «сыйлы» әкім де, өзара тату, әкімін түгел сүйетін қоғам да, таптық қайшылығы күшті Абай заманында жоғын біз ғана емес, Абайдың өзі де барлық шығармаларымен дәлелдейді. Абайдың шығармаларына қадала қарасаң, үнемі көретінің қайшылығы шиеленісіп жатқан қоғам құрылысы. Көпке бірдей өкімет жоқ, өкімет - қанаушы таптың құралы. Абай сықақтайтын бір болыс:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап,
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап,

деп мақтанады. Ол кезде ауылдағы әлді-кім? Байлар. «Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан», - дейді Абайдың сөзі. Әлсіз - кім? Кедейлер.

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
дейді Абай.

Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,-
дейді Абай. Еңбек етпей, тентіреп байлардан тамақ асырағандарға:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа, -

деп ұрсады Абай. Сөзде әділ әкім бар деп, берекелі ел бар деп ойлайтын Абайдың іс жүзінде көретін әкімдері:

Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жолығысқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды,
Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды,
Қу старшын, аш билер,
Аз жүрегін жалғайды.

Осындай әкімдер басқарып берекесі кеткен елдің түрін Абай былай суреттейді.

Берекесі кеткен ел-
Суы ашыған батпақ көл,
Құс қаңқылдап, жағалап
Шулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал
Тышқақ тиіп, аспас бел.
Кел деп оны кім жайлар
Суы құрсын, ол бір - шөл.

Жергілікті өкімет бастықтары туралы пікірі осындай Абайдың патша жөніндегі, өз тұсындағы жалпы мемлекет билеу системасы жөніндегі көзқарасын ұғу қиындыққа түспейді.

Мәселе патшаны я министрлерді сынауда емес, патшалықтың негізіне құрылған ел билеу системасын сынауда. Орыстың атақты жазушысы Гоголь «Ревизорды» жазып, уездік қаладағы орыстың парақор, мақтаншақ, зорлықшыл әкімдерін сынаса немесе орыстың революцияшыл-демократ жазушысы Салтыков-Щедрин «Губерниялық очерктерінде» я басқа сол сияқты шығармаларында орыстың жергілікті зорлықшыл, парақор, ақымақ әкімдерін сынаса, бұл «кішкене» ұлықтарды сынау ғана емес, сол кездегі бүкіл ел билеу системасын сынау. Сондықтан біз Абайдың елдегі парақор болыстар мен билерді, я оларды жақтаушы уездік губерниялық әкімдері сынауын оның бүкіл патша өкіметінің системасын сынауы деп түсінуіміз керек. Болыстар мен билердің зорлығы, парасы, сол кездегі бүкіл Россияда болған саяси-шаруашылық жағдайдан туған. Бұндай хал - қазақ аулында ғана емес, Россияның ішінде, оған бағынған барлық ұлттардың қалаларында, деревняларында, қыстақтарында болған хал. Абай өлерден 12 жыл бұрын таққа отырып, Абай өлгеннен 13 жыл кейін тақтан құлаған Россия патшасы II Николайдың сарайынан тараған зорлық-зомбылықты айтпағанда, сол сарайдың айналасындағы парақорлықтың қалай өрбігенін, біз Григорий Распутинге я сол кездің министрлеріне байланысты материалдардан жақсы білеміз. Оны бұл арада қайталаудың қажеті жоқ. Заманындағы қиянатшыл өкімет адамдарына Абай:

Хош, қорықты елің,
Қорқытқан сенің
Өнерің қайсы, айтып бер!
Ел аңдып сені,
Сен аңдып оны, -
Қылт еткізбей бағып көр! -

деп ызаланады. Оларды түзеймін деп тырысқан Абай ол ойынан нәтиже шығара алмаған соң, қиянатшыларды ырқына көндіре алмаған соң:

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.
Қадірлі басым,
Қайратты жасым,
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір! -

деп налиды. Заманындағы үстем қанаушы таптың құралы - өкімет туралы Абайдың ойы жеткен жері осы.

Заманның кемшілігін, қиянатын сынаған Абай сол кемшілік пен қиянаттарды туғызатын бір себеп бар деп ойлайды. Ол:

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын, -

деп қарайды. Еңбексіз тапқан байлықтың арты ұзаққа созылмауға тиісті екенін де Абай жорамалдайды:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар.
дейді Абай. Тағы бір өлеңінде:
Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек-

дейді ол.

Қаналудан құтылу үшін, қаналушы көпке Абайдың өз тарапынан ұсынатын жолы:

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Абайдың ұғымында, бір адамның қолынан еңбек атаулының бәрі келе бермейді. Оның ойынша, еңбекпен дәулет жинағысы келген адам, қызықпай, еңбек майданында өзінің орнын білу керек.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан,
Сен де - бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан, -

дейді ол. Қоғам жұмысында өз кетігін тауып қаланған адамға Абай сол кетікті толтырудың өнерін біл дегенді, қара күшпен емес, біліммен меңгер дегенді ұсынады:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.

Елді еңбекке шақырған уақытта Абай адам әрекетінде кездесетін теріс мінез, олқылықтарды ажуалаудан тартынбай:

Азат басың болсын құл,-
Қолдан келмес іске ұмтыл, -

ДЕП Өмір сарайында өзінің қалануға кетігін таба алмағандарды, онеріп білмей өнімсіз еңбекпен шұғылданғандарды улы кекесінмен мысқылдайды.

Өзінің осындай пікірлерін айтқанда Абайдың ойы - жұрттың бәрін еңбекке жұмылдыру арқылы, өнімді еңбек атқару арқылы тегістеу, күн көрісі нашарларды күн көрісі күштілермен қатарластыру, сөйтіп, «мені мен сен тең бе деп мақтануды» қоғам тіршілігінен аластау. Герберт Спенсердің эволюциялық теориясына Абайдың қабысатын жері осы арада.

Бұл үгітінен іс шықпайтынына «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» дейтін өлеңінде Абайдың өзі де мойындап, қанша сарылып еңбек атқарғанмен, қаналушы кедейді қанаушы бай мұратына жеткізбейтінін, екеуінің еш уақытта келісімге келе алмайтынын көреді де:

Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай! -

деп налиды.

Қанаушы мен қаналушылардың халін тексергенде, Абайдың ойы тоқырайтын тұйық осы.

Абайдың жалпы қоғам тұрмысындағы қайшылықтарды көруі, ол қайшылықтардан құтылу үшін қоғамға не жол ұсынатындығы туралы пікірімізді осымен доғарып, енді оның қазақ өміріне қалай қарағанын талқылаймыз.

V. АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨМІРІ

«Әкенің баласы - адамның, дұшпаны, адамның баласы - бауырың» деп, нәсіліне, дініне, ұлтына қарамай бүкіл еңбекші адам баласын бауыр көргенмен, Абай өзінің қазақ ұлтынан туғанын, сол ұлттың өркендеуіне бойдағы бар қайратын, ойдағы бар ақылын жұмсауға міндетті екенін өзі ес білгеннен өле-өлгенше ұмытпаған адам. Сол ұмытпауының үстіне, қазақ көркем әдебиетінің тарихында, «қазағым» деген сөзді ұлттық мағынасында Абайдан бұрын аузын толтыра айтқан кісіні біз әзірге білмейміз.

Ұлтқа ұлттық көзбен қарау бар да, ұлтшылдық көзбен қарау бар.

Ұлттық көзбен қарау - ұлтын сүю, бірақ оның жаманын сүю емес, жақсысын сүю. Қоғамдық тіршілігінде тап қайшылығы бар елдің бар дәуірдегі саяси тіршілігі де, экономикалық тіршілігі де, рухани тіршілігі де сол қоғамның барлық күндеріне бірдей жәйлі бола бермейді. Мұндай қоғамда «біреу шат, біреу қапа» болмай қоймайды, Абайдың тілімен айтқанда, «байда мейір, жашыда бейіл де жоқ» болған соң, тілегі қайшы таптар, біреуі құрып тынғанша арпалысумен өтеді.

Шын мағынасындағы ұлттық ақын өз ұлтының тарихынан да, өз заманындағы тұрмыстан да көзі шалған әділетсіздікті жасыра алмайды. Қиянатқа көндіге алмайды, зорлыққа қарсы шығады, зорлықшылармен жауласады. Біздің Абай - осыны істеген ақын. Бұл - бір.

Екінші, дүние жүзіндегі барлық ұлттардың мәдениет сатысына өрлеуі бір деңгейде емес: біреуі жоғары, біреуі төмен. Қай елдің қай заманда, мәдениеттің қандай сатысында тұрғанын біз тарихтан жақсы білеміз.

Шын мағынасындағы ұлттық ақын, ұлтын жақсы көргенмен, дүние жүзінің мәдениет жарысында, өз ұлты алдыңғы қатарда жүрмесе, әрине, оған разы бола алмайды. Ұлтының тарихынан да, өз заманындағы тұрмыстан да олқылықтар көрсе, оны ашып айтып, мінеуден тайсалмайды. Біздің Абай - осыны істеген ақын.

Үшінші, ұлтының өткен күнінен де, өз заманындағы тұрмысынан да кемшіліктер көріп, соны бірыңғай сынаумен ғана қанағаттанған ақын да ұлт ақыны емес. Шын мағынасындағы ұлттық ақын өз ұлтының өткен күндегі өмірінен де, өз тұсындағы өмірінен де кемшіліктер тауып сынаумен қанағаттанбайды, сол кемшіліктерден қалай арылуы, қайткенде алдыңғы қатардағы елдермен теңдесуі керектігін ойлайды, өзі білген жолын сілтейді. Біздің Абай - осыны істеген ақын.

Сондықтан біз Абайды ұлттық ақын, қазақ ұлтының ақыны деп айтамыз.

Ұлтшылдық көзбен қарау дегеніміз: ұлтының өткен өмірінен де, өз заманындағы өмірінен де кемшілік таппай, бірыңғай жақсы жағынан ғана көру, жаманын да, жақсысын да дәріптеу, прогреске жетектемеу, өз ұлтының тілегін басқа ұлттардың тілегіне қайшы қою. Қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын ұлтшылдар өз ұлтының ерекшеліктерін асыра мадақтаумен болады да, басқа өнерлі ұлттармен

жақындастырмауға тырысады. Халықты тар шеңберлі ұлттық қауызда ұстағысы келеді. Мұны біз алашордашылардың қылығынан тәжірибе жүзінде көргенбіз де.

Абайдың идеологиясынан да, көркем шығармаларынан да мұндай ұлтшылдықтың өзі түгіл, көлеңкесін де сезбейміз. Алашордашыл сыншылар бір кезде Абайды өздеріне рухани әке етуге тырысқан. Өзіміз шөлкем-шалыс пікір айтып қателесек те, алашордашылардың арам ниетіне кезінде соққы беруден тартынған кезіміз болған емес.

Енді Абайды ұлтшыл ақын емес, ұлт ақыны деген пікірімізді дәлелдеуге кірісейік.

Ең алдымен Абайдың өз ұлты қазақтың өткен өміріне оның қалай қарағанын анықтап алған жөн.

Қазақтың өткен өмірін Абайдың жақсы білетіндігі оның барлық шығармаларынан көрініп отырады. Ол қазақ өміріне арнаған көркем шығармаларымен қатар, қазақ тарихын жазу мақсатын көздеген. Оған оның «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген атпен жазуға кірісіп, басы ғана сақталып, аяғы жоғалған тарихтық еңбегі куә. Абай өзінің бұл еңбегін кең көлемде жазуды жоспарлаған сияқты, сақталған азғана беттер сол үлкен еңбектің кіріспе сөзі іспеттес. Себебі: Абай еңбегінің бұл сақталған беттерінде қазақтың өмірін Ахмет ханның (XV ғасырдың аяғы) тұсына ғана әкеп тоқтайды. Бұл - қазақ мемлекеті жаңа ғана құрыла бастаған кез.

Осы еңбектің өзінен біз Абайдың қазақ тарихы туралы мағлұматы мол екенін, Шығыс және Батыс тарихшыларының қазақ туралы жазған еңбектерінің көбін оқығанын және сол оқыған материалдарына өзінің белгілі көзқарасы болғанын аңғарамыз.

Абай қазақ халқының шыққан тегін дұрыс көзбен қараған.

«Біздің қазақтың ықыласы, - дейді Абай, - атасын ғарабтан шықты дегенді яки бәни Исраилдан шықты дегенді ұнатқандай. Онысы, әрине, тауарихтан (тарихтан) хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мәлім: әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі: бірі - Үндістан тарапынан, ол жақтан келген жұрттың көбі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екінші - маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, көбі тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгенге қапағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі - біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шыққандығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят».

Қазақ тарихшыларынан мұндай пікірге бірінші келген Шоқан Уәлиханов. Бірақ оның «Қазақтың ата тегі» деген атпен орысша жазған

еңбегі ХІХ ғасырдың 60 жылдарында жазылғанмен, архивінде жатып қалып, 1904 жылы ғана жарияланған. Сондықтан Абайдың оны оқуы мүмкін емес. Абайдың бұл пікірге келуге сүйенген материалдары 1832 жылы «Қырғыз-қазақ ордасының тарихы» деген атпен үш томды кітап шығарған Алексей Левиннің, «Қасым хандығының тарихы» деген кітап жазған Вельяминов-Зерновтың, ХІХ ғасырдың 90 жылдары «Қырғыз бен Ұлы жүз қазақтарының тұқымын зерттеу тәжірибесінен» деген атпен және «Түрік тұқымдас халықтардың құрылысын және санын зерттеу туралы» деген атпен екі кітап жариялаған Аристовтың, Радловтың, Крафттың, Добросмысловтың тағы басқалардың қазақ туралы жазған еңбектері болу керек. Осы еңбектерге сүйеніп отырып, қазақтың араб емес, монғол-түрік тұқымдас ел екенін Шоқаннан кейін анықтаған адамның бірі Абай болды.

Бұдан Абай Шығыс тарихшыларын, я қазақ шежіресін, немесе тарихқа жәрдемші материал - қазақ фольклорын ескермеді, есептеспеді деген мағына аңғарылмауға тиісті. Оның Шығыс тарихшыларын Мұхаммед-Хайдар Дүғлатиді, Абұлғазы Баһадүрханды, «Тыбри», «Тарих ғұлуми». «Бабурнама» сияқты араб, парсы және түрік тілінде жазылған тарихи кітаптарды оқығандары; Шығыстан да, Батыстан да оқыған кітаптарын қазақ шежіресімен, қазақ фольклорымен салыстырып отырғандығы «қазақ» деген сөздің қайдан шыққандығы туралы пікірінде, қазақтың монғолға бағынуы туралы айтқан пікірінде айқын көрініп шығады.

«Бірау сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» деген еңбегін Абай тарихшы болу мақсатымен емес, өзінің алдына қойған бір мәселесін шешіп алу үшін жазғанға ұқсайды. Ол - «көп ғасыр бойына қазақтың көшпелі тарихы неге өзгермей келді? Неге ол Еуропа мәдениетіне жете алмады? Оның материалдық мәдениеті өспеуіне кім айыпты?» деген мәселе. Абайдың ойынша, мұндай артта қалушылыққа ХІІІ ғасырдан басталатын монғол шабыншылығы айыпты.

Қазақ даласын Шыңғыс хан жаулап алғанға дейінгі қазақ өмірін Абай былай сыпаттайды:

«Бұл қазақ Алатау бөктерінде жүргенде егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналған екен... «Аттанып барып жылқы алған, ат үстінен ұйқы алған» деп, барымташыны мақтап, бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек».

Ескі егіншілік, отырықшылық тұрмыстан қазақтың айрылуына бас себепті Абай қазақ даласын Шыңғыстың басып алу кесірінен деп ойлайды. Ол ойына мен өзім қосылам. Қазіргі қазақ даласында қалдықтары табылып жатқан қазақ руларының ескі қалалары сол Шыңғыс шапқыншыларының харекеттерінен құрығаны сөзсіз.

Шыңғыс хан қазақ даласын жаулап алғаннан кейін, Орта Азияға шабуыл жасағанда, отырықшылыққа айнала бастаған қазақтарды көшіріп ала кеткен.

«Қазақтың соғысқа жарарлық адамы, - дейді Абай, - сол Шыңғыстың әскеріне қосылып, бұларды Шыңғыс Жошы деген үлкен баласына билетіпті.

Әуелде Көр ханды өлтіріп ұйғыр жұртын алыпты. Онан соң Азияның тереңіне шейін еріп барса керек. Себебі қазақта мақал болып қалған: «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені - бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. «Бұланай» деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма? Әйтеуір бір тауды айтқан сөз екені - «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм.

Сонан соң бұлар бұрынғы Алатауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек».

Монғол шабыншылығының қазақты отырықшы тұрмыстан, егін, сауда кәсібінен айырып, көшпелі, жауынгершілік салтқа салып жібергенін Абайдың жек көруі, моңғолдар билеп тұрған кезді сипаттаған мына сөзінен көрінеді.

«Сондағы билеген хандары, билері, - дейді Абай, - бұларды ешбір түзу харакетке түсірмей, дайым барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде ол ел, бірде бұл елмен жауласпақ, қырыспақпен күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған нәм өспеген. Бүгін біреуді өзі талап қырып келсе, ертең өзін біреу талап қырып кете берген».

Мұндай монғолшылдықты Абай қазақтың бақыты емес, соры деп түсінеді. Монғолдар жаулап алудан бастап, XVIII ғасырда Россияға бағынғанға шейінгі қазақ өмірі бір қалыпта, өзгермей, үнемі көшпелі тұрмыста қалып қоюына бас айыптыны Абай монғолдар деп ойлайды. Меніңше, оның осы ойы дұрыс.

Өз ұлтын сүйген Абайдың, қазақтың Россияға қарауын қабылдауы да, қазақты орыстың мәдениетін үйренуге шақыруы да осыдан. Абай қазақтың Россияға бағынуын тарихи қажет деп, қазақ үшін прогресс деп түсінген.

Бірақ Абай қазақтың өткен өміріне, Россияға қараудан бұрынғы өміріне, сын көзімен қарай отыра, ол өмірді жаман жағынан ғана көрмейді, жақсы жағынан да көреді.

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайы тілді, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінезі не десең, әуелі - ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көшқон болса, дау-жанжал болса, билік соларда болады екен. Өзге жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасын істей береді екен. Ол ел басылары, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ жоқ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «бас-басыңа би болсаң, Манар тауға

сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу ғып, екі тізгін, бір шылбырды саған бердік деген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, соның жетпегенін жетілтем деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырам деп тырысады екен... Екінші, намыскер келеді екен. Ата аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзін қор тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер» деп, «ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп, «жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәне, осы екі мінез қайда?»

Қазақ арасындағы осындай тәртіп жойылғаннан кейін елдің бірлік-берекесі кете бастағанына Абай:

Кетті бірлік
Сөнді ерлік
Енді кімге беттемек?
Елің - ала,
Оты - шала,
Тайса аяғың, кім көмек?
Ел де жаман,
Ер де жаман -
Аңдығаны өз елі,
Елде сыяз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ тұр со жері,

- деп ренжиді. Тағы бір өлеңінде:

Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа,
Жатқа барар беті жоқ,
Жалынбай тұрар көті жоқ,
Ісі кетер шалысқа,-

деп налиды. Халық ұнатып сайламай я көптен ақылы асқандықтан билемей, жоғарғы әкімдерге, сайлаушыларға пара беріп әкім болғандарды Абай:

Бас-басына би болған өңшең қиқым,
Мінекей бузған жоқ па елдің сиқын,
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,-

деп қынжыла сөгеді.

«Бас-басына би болған өңшең қиқымның» елді қалай бүлдіргенін Абайдың қаншалық көре білгеніне біз ілгеріде толық тоқтаймыз, Бұл арада айта кететініміз: берекеден айрылған елдің бейнесін ол былай береді:

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы - баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу.
Ақы берген,
Айтса көнген,
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан бенде жоқ.
Өз тұтуға,
Сыйласуға,
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр тап-тақыр.

Өз заманындағы қазақтың елдігі осындай берекесіз күйге түскенін көрген Абай, өткен заманда бірліктің орнауын ойлаған Абай еліне «кел, кейін қайтайық» деген сөзді ешбір шығармасында айтпайды. Оның тілеуі алдында. Алға қарай бастаған елін оның апарам деп тырысқан жері орыс мәдениеті, орыспен бірлік.

Қазақтың ескі мемлекет билеу тәртібінен Абайдың қабылдайтыны да бар, қабылдамайтыны да бар. Оған оның өз заманында сайланған билер туралы мынадай сөздер айтқаны дәлел.

«Әрбір болыс елде старшын басы бір би сайландық. Бұл көп халыққа залалды болатындығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақтың ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз- Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес болғанда» жеті жарғысын білмек керек. Һәм ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен өзгеріп, ескіріп, бұл жаңа заманға келмейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса, керек еді. Ондай кісі жоқ».

Абай өз заманының шындығын жете білумен қатар, оны өзінің түсінуінше, өзгертпек ниеттен де алыс емес.

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп, қор тұтып.

Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып, -

дегені ақынның әр ойынан ғана емес, сонымен қатар оның ісінен де хабар бергендей. Абайдың «Қара мола жиналысы», «Көктума жиналысы» деген үлкен жиындарды бастағаны жайындағы кейбір деректерді келтіре кеткен де орынды.

Бұл жиындарда бірнеше ояздың билерінің басы қосылып, әр оязға қарайтын қазақ руларының арасындағы дау-шарлар тексерілген деседі. Сол жиындарда өздерінен Абайдың білімінің жоғарылығын көрген билер Абайды төбе би сайлап, жиынды Абайға басқартқан. Осы басқаруында, Абай жаңа заманның ыңғайына бұрынғы қазақ заңдарының жарамдысын алып, жарамсызын тастап, жаңа заманға лайықты 92 статьялы заң шығарған дейді. Абайдың ол заңы да, заңда нелер айтқаны да сақталмағанға ұқсайды.

Қазақтың ғұрпында ақсақалды, әкені, жасы үлкен кісіні сыйлау әдеті бар. Қазақтың ел билеу тәртібіне сын көзімен қарайтын Абай, бұл әдетке де сол көзбен қарайды. Заманының мінезі жат адамдарын сынағанда Абай:

Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзінен сырдаң тартып тез жиренбек-

деп кінәлайды. Сондай адамдар туралы жазған тағы бір елеңінде:

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр, -

дейді. Баланың жақсы-жаман болуы әкенің, өскен ортасының тәрбиесінен деп ұққан Абай:

Басыңда әке айтпаса ақыл, жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық,-

дейді. Бірақ Абайға әке атаулының, үлкен атаулының бәрі жақсы емес. Абайдың айтатыны:

Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады иығы зор.

Сондай иығы зорлардың көпке беретін үлгісіне Абан сүйсініп, былай мадақтайды;

Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
«Әрине» деп мақұлдап.

Абай білімдінің де, ақсақалдың да барлық сөзін мақұлдай бер демейді. Ол:

Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі сол айтты,-
Ақылменен жеңсеңіз,
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз,
Аят, хадис емес қой,
Кәпір болдың демес қой,
Қанша қарсы келсеңіз, -

дейді. Елге үлгі болуды тілемей, ел бірлігін көздемей, елдің алалығына себеп болатын шалға Абай былай деп ұрсады:

Дәулеті жоқ бурыл шаш,
Үйіңе кет, топтан қаш...
Ағайынның ішінен
Шыға қалса тайталас,
Партия жиып, мал сойса,
Бата оқисың, жейсің бас.
Басалқа сөз сенде жоқ,
Айтқан сөзің: «Малың шаш!»
Итше індет тілемей,
Жат үйінде өлсең де аш!
Ойлап-ойлап қарасам,
Осындай шал қайда жоқ.
Қозғау салып қоздырғыш
Кезбе шалдан пайда жоқ.

Елінің өткен өміріндегі пайдалы ісіне жақсы қарап, пайдасыз я ескірген істерін қабылдамаған Абайдың бір өзгешелігі сол ескі өткен өмірді зерттегенде, ол сол заманның жамандары былай тұрсын, жақсылықтарының өзін дәріптеуді мақсат қып қоймаған.

Мәселен, әр елдің тарихында, мемлекеттің ең үлкен ісінің бірі жаудан отанын қорғау болса, отанды айламен, (білск күшімен қорғайтын заманда, елдің ең ардақтайтын адамы,- ақылды мемлекет басқарушылары мен білегі де, жүрегі де күшті батырлар болса, сондай

басқарушылары мен батырларын барлық елдің ауызша ақындары ғана емес, жазба ақындары да дәріптесе, Абай осыны істеді ме? Бұл бір.

Екінші, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» я «Қыз Жібек» (сияқты адамгершіліктің бір биік мұнарасы - махаббаттан туған тамаша шығармалар барлық елдерде кездеседі. Осы тақырыпты ауызша ақындар да, жазба ақындар да өздерінің шығармаларына өзек еткен ғой. Абай соны істеген бе?

Бұл сұрауға Абайдың берер жауабы:

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

«Бір сөзін мыңға балапты» Абай сүйсініп айтып отырған жоқ, кекетіп айтып отыр, олай кекетуіне Абайдың мына сөзі куә:

Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой...
Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.

Қазақтың батырларына, ғашықтарына арналған шығармалар жазбауы былай тұрсын, ислам дінін таратушы «батырдың» бірі, өзінен басқа қазақ ақындарының талайы мақтап қисса жазған Әзірет Әліге де ешбір шығармасын арнамайды. Өзі мақтап шығарма жазбауымен қоймай, Әзірет Әліні мақтап қисса шығарғандарды Абай:

Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз, -

деп мысқылдайды. Қысқасы, біз Абайдың қаламынан туған барлық көркем шығармалардың ішінен «Масғұт», «Ескендір» және аяқталмай қалған «Әзім» деген үш поэмадан басқа не қазақтың, не басқа елдердің өткен өміріне арнаған бір де шығарма көре алмаймыз. Шығыс аңыздарынан алып жазған жаңағы үш поэманы да Абайдың ескілікті дәріптеу мақсатымен емес, өз заманына арнаған пікірлерінің керегіне жарату мақсатымен жазғанына кейін тоқтаймыз.

Абай шығармаларының ішін ақтармай, сыртына ғана қараған кісіге, оның ескіліктен бойын бұлай аулақ салуы нигилистігі сияқтанып тұрады. Мұндай күдіктің қателігін Абай мына сөзімен мансұқ қылады:

Мен жазбаймын елеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тіл орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Осы арада біз Абайдың, өзінен бұрынғы өмірге қалай қарауы туралы айтқымыз келген пікірімізді аяқтаймыз да, оның өз заманына, замандастарына қалай қарауына, не қателігін, не кемшілігін көргеніне, сол кемшіліктерді түзеуге не ақылдар бергеніне ораламыз.

Абайдың барлық өлеңдері де, прозамен жазған барлық өсиет сөздері де, Шығыстан я орыс классиктерінен аударғандары да түгелімен өз заманына, өз замандастарына арналған. Абай шығармаларының негізгі тақырыбы өзімен замандас қазақтардың тіршілігінен алынған.

Ол - өз заманының әрі фольклорисі, әрі тарихшысы, әрі жаңашылы, әрі экономисі, әрі саясатшысы, әрі философы әрі мысқылшысы, әрі эстетигі, әрі суретшісі, әрі ақыны, әрі прозаигі, әрі музыканты, әрі аудармашысы, әрі ақсақалы, әрі замандасы, әрі баласы. Егер осының бәрін, мәселен, Италия тарихында Леонардо да Винчи, орыс тарихында Ломоносов әр ғылымның өз тілімен сөйлесе, Абай бір ғана тілмен сөйлейді, ол тіл - көркем әдебиет. Абайдың, Абай емес-ау, оны туғызған ортаның күші де осында, әлсіздігі де осында. Күші дейтін себебіміз: XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тіршілігі Абайды дүние жүзінің ең алдыңғы қатардағы данышпанындай қайратпен, ақылмен, сезіммен туғыза білді. Әлсіздігі дейтін себебіміз: мәселен, орыс тарихында Карамзиннен бастап, Пушкинді, Лермонтовты, Гогольді, Некрасовты, Герценді, Белинскийді, Чернышевскийді, Писаревті, Короленконы, кәтте Блок пен Брюсовты ішіне қоса жүз жылда, ең аз дегенде, жүз жазушы мен сыншы көтерген ауыр жүкті, қазақ халқы Шоқан, Ыбырай, Абай үшеуіне жүктейді. Үшеуінің ішінде ең ауыр салмақ түскені Абай. Сондықтан егер Абай кейде, кейбір мәселеде солқылдақтық көрсетсе, ол оның күшінің аздығынан емес, жүгінің аса ауырлығынан.

Абайдың сол жүктерді қалай көтергенін, әуелі оның қоғам тіршілігін басқару ниетімен ат жалын тартып мінген кезде, өз руы Тобықтыда не хал барын баяндауынан бастайық, Тобықтының хал-жайын ол былай сипаттайды:

Ел бүлігі Тобықты,
Көп пысыққа молықты.

Малдының малын көре алмай,
Борышын түгел бере алмай,
Көрінгенге обықты.
Қазақтың малын сапырып,
Көп пәлеге шатылып,
Кесапатқа жолықты...
Саудагер қашты бұл елден,
Несиесін жия алмай.
Бұралқылар сандалды,
Жуандарға сыя алмай.
Сыйымсыз болды алашқа
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жоқ, анты бар,
Ел нұсқыны кетті ғой,
Елмін деген салты бар,
Әлі кунге уайым
Қылған жан жоқ ұялмай.

Осындай жағдай Тобықтыдан басқа руларда да барлығын берекесіздік, бірліксіздік, ел қамын емес, өз қамын ойлаушылық, біреуін біреуі жеуге, алдауға тырысушылық өзге рудан да табылатынын Абай былай баяндайды:

Бөтен елде бар болса,
Ежеттесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған,
Көптен тату қимасың.
Басыңа жұмыс тускен күн
Татулықты бұрынғы,
Не қылып ол ойласын,
Ашып берер жауыңа
Өзі көрген қоймасын.

«Бөтен елдегі ежеттестік» жау мен достың арасында жүргенде қандай екі жүзділік амал қолданатынын Абай былай бейнелейді:

Желіккен жауың кез болса.
Араздығы сөз болса.
«Бәрекелді батыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ, құдай айтысып,
Сыр алғалы айттым деп;
Жауыңды алдап қайттым деп,

Кұдайдан қорықпай, ант ұрған,
Иман жүзін тоздырар.
Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,
Дұшпандығын оздырар.
Алдайды деп жауыңа,
Ел тарттырмай баурына
Көрінгенді азғырар.
Кеселді болып бітеді,
Жақсыға біткен жақындар.
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар.

Мұндай «ежеттестер» Абайдың байқауынша, достарына ғана сенімсіз, алдауыш емес, өз тұқымдарына да, өз туысқандарына да алдауыш, опасыз.

Туысқанға кекшілі
Жас баладан бетер-ді...
Жақынға еріп мал салмай,
Жауды керіп жан салмай,
Қайдан ғана біледі,
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен өтер-ді.
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуелі сонан естисің
«Ат үстінен көтерді».

Осындай «туысқандар» әр елде де барын Абай былай баяндайды:

Әркімде-ақ бар ғой туысқан
Қайсысы жауды қуысқан?
Күн жауғанда қойныңда,
Күн ашықта мойныңда -
Арылмас міндет болған соң,
Әркімнің көңілі суысқан...
Жат айбынар ісі жоқ,
Жау айдынар күші жоқ...
Қалжыңы теріс, сөзі - ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді.
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс,
Сондай кесел туысқан.
Қай жерінен болады,

Көңілге медеу ол тыныс.

Барлық қазақ елінен осындай халді көрген соң, ол:

Көңілім қайтты достан да, душпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда.
Алыс, жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.
Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда,
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?
Ендігі жұрттың сөзі ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық,
Осы күнде осы елде дәнеңе жоқ,
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Абайды назарландырып отырған осы хал не хал? Бұл қазақтың сүйегіне біткен хал ма? Болмаса белгілі бір жағдайда туған хал ма?

Қазақ халқының мұндай халге ұшырауына, сол кездегі экономикалық және саяси жағдай себепкер еді.

«Л. Н. Толстой және оның дәуірі» деген мақаласында В. И. Ленин Толстойдың «Анна Каренина» дейтін романының Левин атты геройының: «Қазір бізде мұның бәрі (орыстың 1861 жылғы реформасына шейінгі өмірін айтып отыр.- С. М.) асты-үстіне шығып, жаңадан ғана (реформадан кейінгі өмірін айтады.- С. М.) құрылып жатыр», - деген сөзін мысалға алады да: «1861 -1905 жылдардағы дәуірді бұдан гөрі дәлірек сипаттау қиын», - дейді.

«Ненің асты-үстіне шыққанын,- дейді Ленин жаңағы пікірін айқындай түсіп,- әрбір орыс жақсы біледі немесе ең болмағанда, онымен әбден таныс. Ол - крепостниктік право және соған сәйкес бүкіл «ескі тәртіп». Ал ненің «жаңадан ғана құрылып жатқаны» қалың бұқара халыққа мүлдем таныс емес, жат, түсініксіз. Осы «жаңадан ғана құрылып жатқан» буржуазиялық құрылыс Толстойға құбыжық көрініп, Англия тәрізденіп, бұлдыр керінеді. Дәл құбыжық болып көрінеді, өйткені Толстой осы Англиядағы қоғамдық құрылыстың негізгі белгілерін, ол құрылыстың капитал үстемдігімен, ақша ролімен, айырбастың шығып дамуымен байланысын анықтау талабының бәрін де, былайша айтқанда, принцип жүзінде керексіз деп біледі. Халықшылдарға ұқсап Толстой Россияда «құрылып жатқан» нәрсе буржуазиялық құрылыстан басқа ештеңе де емес екенін көргісі келмейді, көзін жұмып, бұл ойдан бойын аулақ салады.

Россиядағы Бүкіл қоғамдық-саяси істің таяудағы міндеттері тұрғысынан алып қарағанда 1861 -1905 жылдардағы дәуір үшін (және

бiдiң заманымыз үшiн де) бiрден-бiр маңызды мәселе болмағанмен, өте маңызды болған мәселе - Англияда, Германияда, Америкада, Францияда және басқа жерлерде өте әр түрлi формаларда болып отырған осы құрылыстың, буржуазиялық құрылыстың, Россияда «қалайша құрылуы» туралы мәселе екенi әбден орынды едi. Бiрақ мәселенi осылайша айқын, нақтылы-тарихи түрде кою Толстойға мүлде жат бiрдеңе сияқты. Ол жалпылап ойлайды, ол адамгершiлiктiң «мәңгiлiк» негiздерi, дiннiң мәңгiлiк ақиқаттары деген көзқарасты ғана жақтайды, бұл көзқарас ескi («асты-үстiне шыққан») құрылыстың, крепостниктiк құрылыстың, Шығыс халықтар тұрмысы құрылысының идеологиялық көрiнiсi ғана екенiн түсiнбейдi»¹.

Лениннiң мақаласы реформадан кейiнгi Россияның халiн ғана емес, Россияға бағынған басқа елдердiң де, солардың iшiнде қазақтың да халiн ұғуға, Толстойдың көзқарасын ғана емес, Абайдың да көзқарасын ұғуға жарық жол сiлтейдi.

1861 жылдың реформасынан басталған Россиядағы капиталистiк өркендеудiң қаулаған өртi қазақ даласына да ұшқынын түсiрдi.

«Ұшқынын» деген сөздi әдейi алып отырмыз. Себебi: капиталистiк құрылыс басталғаннан кейiн Россияда жасалған заводтар, фабрикалар, оларды бiрлестiретiн синдикаттар, трестер, олардың тынысын алдыратын банктер қазақ арасында 1917 жылдың революциясына шейiн де орнаған жоқ. Лениннiң «1862 жылы Толстойдың «қимылсыз» Шығыс деген Шығыс елдерiнiң бiрнешеуiнде, 1905 жылдың оқиғасынан кейiн соған ұқсас оқиғалар болды. «1905 жыл- «Шығыстық» қимылсыздықтың ақыры едi» деуi де содан. Қазақ ауылына буржуазиялық құрылыстың нышандары 1905 жылдан былай қарай ене бастағаны даусыз. Оған дейiнгi қазақ шаруасындағы капитализмнiң тегi - күнi жетпей туған бала сияқты, әрi нәзiк әрi әлсiз, әрi шалағай едi.

1861 жылдың реформасы Россияның ауыл шаруасын да «төңкерiп», «жаңалықтар» жасады: егiн кәсiбiмен шұғылданатын помещиктердiң шаруасына капитал ене бастады. Бұл «жаңалықтың» да қазақ аулына ұшқыны ғана кеп түстi. Егiн кәсiбiмен шұғылданған қазақ помещиктерi 1905 жылдың бер жағында ғана бiрен-сарандап көрiне бастады. Одан бұрынғы қазақ аулында болған егiншiлiк әркiмнiң өзiне қажеттi мөлшерiнде ғана болатын. Базар үшiн егiн екiрген қазақты 1905 жылдың ар жағында бiз бiлмеймiз.

1861 жылдың реформасынан қазақ даласына келген «көрнектi» жаңалық - қазақтың негiзгi кәсiбi - мал ша-руасының товарға айнала бастауы, ақша мен малдың араласуы.

Қазақтың натуралдық мал шаруасына ақшаның араласуы реформадан бұрын, қазақ елi Россияға бағынудан басталған. Бiрақ реформадан бұрын мал өсiрген қазақ байларынан мал саудасымен кәсiп iстегендер некен-саяқ болған. Өз ақшасына мыңдаған сиырлар мен

койлар жинап, орыстың купецтеріне өткізу, қазақта реформаның бер жағында басталды, 1905 жылдың бер жағында күшейді, көбейді.

Ақшаға шейінгі қазақ байларының байлығы, жалпы алғанда, баянсыз болушы еді. Ол кезде қазақ елі қысы-жазы көшіп жүретіндіктен, кейбір жылдар жаңбыр жаумай, малдың қысқы отына жер тақыр болса немесе жер отты болғанмен, қыс жаңбыр жауып, мұздақ болса, аяғынан оттап күн көретін малдар жұтап, қырылып қалатын. Сондай жылдарда мыңдаған қарасы бар байлар көктемде тақыр кедей боп шыға келетін. Қазақтың «Батыр бір оқтық, бай бір жұттық» деген мақалы содан шыққан. Ақша шыққан кезде жылқысы жұтаған бір байдың:

Хош, сау бол енді менің, айғырларым,
Құтты боп бауырларың, бай қылғаның,
Жұт деген жалмауыз кеп жалмаған соң,
Жануар айғырларды қайғырғаным!
Хош, сау бол енді менің, биелерім,
Қанатын қымызыңа иелерің,
Жұт деген жалмауыз кеп жалмаған соң,
Зар жылап босап кетті жүйелерім.
Хош, сау бол енді менің, аттарым-ай,
Базарға қымбатыңда сатпадым-ай,
Базарға жұттан бұрын сатып-сатып,
Шіреніп бай көпестей жатпадым-ай! –

деп өкіну де содан. Ақша шықпаған кезде мал товарға айналмаған кезде, қазақ ауылдары қысы-жазы көшіп жүретін кезде, қазақтар қысқы, жазғы жайлауға төзбейтін малды, мәселен, сиырды малданбайтын. Олардың малданатындары қой мен жылқы болатын. Климаты жылы оңтүстіктегі қазақтар болмаса, түйе малын да көшпелі қазақтар көштің келігіне лайықтап, аз өсіретін.

Сиыр малы қазақ шаруасына, қазақ елі Россияға қосылғаннан кейін екі себептен кірді.

Бірінші. Реформадан жеті жыл кейін, 1868 жылы жерсіз крестьяндардың ереуілдерінен құтылу үшін және қазақ даласын меңгеру үшін патша өкіметі орыс шаруаларын Қазақстанға көшіре бастады. 1822 жылдың заңынан кейін қазақ даласына сирек орнаған Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Торғай, Ырғыз, Қарқаралы, Баян, Аякөз, Алматы, Қапал сияқты қалалардың арасына 1868 жылдан кейін поселкелер кеп орнады. Орыс қалаларының, орыс поселкелерінің малды қыстыгүні қорада күтетін салтын көрген қазақтар, жазғы кешін доғарғанмен, қыстыгүні бір орында мекендеп, қысқа шыдамсыз малға жаз пішен даярлап, қыс қорада күтетін болды. Осындай тұрмысқа айналғаннан кейін, жаз аяғынан оттап, қыс қорада күтілетін сиыр

малын да жинай бастады, пайдалы екенін біле бастады. Бұл жөнде ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ шаруасын зерттеген Щербина былай дейді: «Орыс поселкелері келумен қазақ шаруасы түбірімен өзгерді. Бұдан елу жыл бұрынғы өмірімен салыстырсаң көп айырма бар. Қазақтар қазір сиыр малын көбейте бастады. Көшпелі кезде ол жоқ. Қазақ қазір малды аяғынан оттатпайды, шөп шабады, алдағы жылына шөп жинайды»¹.

Екінші. Россияның базарына саудаға салуға қолайлы екі түрлі ғана мал болды: сиыр, қой. Қазақтың жылқысы орыс базарында құнды саналған жоқ. Түйе мен ешкінің сауда-саттыққа мүлде құны болмады.

«Ақша атасын танымайды» дейді қазақ мақалы. Ақшаға ұстаушының ақсүйек я қарасүйек екендігі емес, оған қажеті - ұстай, жүргізе білетін кісі. Егер Россияның капиталистері бұрынғы дворяндар мен помещиктерден, тіпті крепостной праводан кейін азат болған шаруалардан да шықса, қазақта мал саудасын жүргізіп байығандар бұрынғы «аталылардан» да, сауда жүргізе білген «атасыздардан» да шықты. Жаңадан әсіресе «атасыздардан» шыққан байлар шаруашылықта да, саясатта да замана жағдайына икемделіп өздерінің үстемдігін жүргізе бастады. Шортан- байдың:

Әуелі зорлар қор болды,
Әуелгі қорлар зор болды,-

деген өлеңі осы кезде туды. ХІХ-ХХ ғасырларда осы сарында жазылған өлеңдерді жннаса, қалың бір том кітап болар еді. Барақ Абайдың барлық шығармаларынан бұл томға кірстін не бір ауыз өлең, не бір ауыз сөз табылмас еді. Себебі Абай ескіні көксеген де адам емес, адамды «сүйегіне» қарап бағалаған да адам емес, оның бағасында адамның адамгершілігі тұқымында жақсылық болғандықтан емес, өзінде жақсылық болғандықтан.

Абай «аталы» байға да, «атасыз» байға да қарсы. Оның ешбір шығармасынан осы екі жүйелі байды мақтаған бір ауыз сөз таба алмайсың. Бай атаулының қанаушы екенін Абай жақсы біледі де және сол қанауға барлық шығармаларында қарсылық ойын айтып отырады. Сөйте тұра, оның ойынша, жаман әдеттің бәрі қазақта, оның ішінде байларында ғана сияқты да, басқа елдің, әсіресе орыстың, оның ішінде байларының істері түгелімен жап-жақсы, оның:

Мал жияды мақтанып білдірмекке,
Көзге шұқып малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке, -

дейтін байлары, «ары, ұяты, халқы - мал» деп сөгетін байлары қазақтікі ғана сияқты да, өзге елдің, әсіресе орыстың, байлары олай емес сияқты.

Абай, бір сөзінде қазақтың отырықшы өзбек, татар, орыс сияқты елдерді сықақтайтынын айта кеп былай дейді: «Сонда мен ойлаушы ем, ә, құдай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған келеді екен деп, ең тәуір халық біз екеміз деп, енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагері жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзімен-өзі әуре боп, ешбір шәһәрі жауласпайды. Орысқа карамай тұрғанда, қазақтың өлісінің ақырет дегенін, тірісінің киімін сол (өзбек-С. М.) жеткізіп тұрды... Орысқа қараған соң да, орыстың өнерін бізден олар көп үйреніп кетті... Ноғайға (татарға) қарасам, солдаттыққа да шыдайды... еңбек қылып мал табу жолын да солар біледі... Орысқа айтар сөз де жоқ. Біз құлы ғұрлы да жоқпыз». «Көкірек тола қайғы,- дейді Абай,- қазақтың осы мәдениетсіздігін көріп отырып,- кісінің өзін де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құрытып, я көзден жас толып ағады, я тілден ыза боп ағады». Сол сөзін өлеңінде де қайталап:

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен,
Қайтып қызық көрермін
Әуре-сарсаң күнімнен, -

дейді.

Өзбектен, татардан, орыстан қазақтың мәдениеті төмен болатын себебін Абай былайша түсіндіреді:

«Мұның бәрі - төрт аяқты малды көбейтуден басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса бұлай болмас еді».

Қазақ елінің мәдениеттен артта қалуын, қазақ шаруасының берекесіздігін, өркендемеуін Абай бір ғана мәселеден деп ойлайды. Ол - еңбексіздік.

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып кайтеді тентіремей,-

дейді ол.

Қазақ халқының көпшілігі кедей болу себебі, оның еңбекті сүймегендігінен емес, жалқаулығынан емес; кедей болуының себебі: біріншіден, ол кездегі ауылдың өндіріс күшінің әлсіздігінен болса, екінші жағынан, әрі өз байларының, әрі орыс помещиктері мен капиталистерінің екі жақты қанауына түскендіктен:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып,
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.
Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда жел де азынап.
Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейді тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
Ол да қылған кедейге үлкен сыйы.
Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көзден жасы.

Бұл - қазақ жалшыларының біреуінің ғана басындағы хал емес, барлық қазақ байларының жалшылығында жүретін, барлық қазақ жалшыларының халі. Қазақ жалшыларының мұндай ауыр халін Абай көлденең тұрып қана сипаттамайды, соларға жаны ашып, халдерін қайғыра сипаттайды. Бірақ Абайдың ол жалшыларға, сондай халден қайткенде де құтылу үшін сілтер айқын жолы жоқ. Еңбексіз «пысықтарға» Абай:

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарғың тіленбей,-

деген ақыл айтса, байдың есігінде, қоршылықта жүрген жалшыларға оны айта алмайды. Ерінбей еңбек еткенмен, өте нашар халде отырған қазақ жалшыларына сол халден қайтсе арылудың айласын тауып бере алмаған Абай:

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей.
Бір қыс сақта, тас болма сен де о ғұрлы!

деп байға жалынады.

Абай бір мәселені былай деп өте дұрыс қояды: «Әрбір байлық іздеген, - дейді ол, - малым көп болса, өзім де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ. Егер де қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік сыйы өткелдік байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ.

Ол қыстауынан айрылған және біреуге тиіспек я болмаса, орынсыздығынан елден кетпек. Әрбір қазақтың ойы осы.

Осылар біріне-бірі достық ойлай ма? «Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді» деп, мен «ананы кедей болса екен» деп, ол мені «кедей болса екен» деп, әуелде ішімізден қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты: жауластық, дауластық, партияластық, осындай қастарға сөзім өтімді болсын деп қызметке, болыстыққа, билікке таластық».

Тамаша айтқан сөз. Жеке шаруа үстем болған антагонистік қоғамның, ол қоғамның ішіндегі қанаушы таптың ой-пікірі ғажап дәл берілген. Бірақ Абайдың бір жетімсіздігі - осындай ой-пікір, осындай мінез қазақта ғана бар деп ұғады. Басқа елдердің тіршілігін жете білмеген Абай осындай мінез-құлық тек қазаққа ғана тән дегендей кылады.

Еңбексіз күн көретін жеке шаруа иелерін Абай бір бояумен ғана суреттемейді. Оларды үш жүйеге бөледі.

Бірінші.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзге шұқып малменен күйдірмекке,
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке, -

деп сыпаттайтын «мал құмар, мақтан құмар, адамды дос көрмей, малды дос көретіндер». Бұларға Абайдың қай көзбен қарағаны «өзі шошқа» деген сөзден анық аңғарылады.

Екінші. «Шын момын бай» Абайдың ойынша, ол «ырыс баққан дау бақиас» деген мақалмен боламын деп, бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жемтік боп жүргендер. «Шын момын байларды алмасаң, - дейді Абай бұл жүйелі адамдар туралы,- соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым». Бұл сөзіне қарағанда Абай аты байға, байлыққа қарсы емес, біреуге зорлық қылатын байға қарсы. Зорлықсыз, біреудің еңбегін қанамай ешкім де байи алмайтынын бұл арада қайталамай-ақ қояйық.

Үшінші. Абай тілімен айтқанда, «пысықтар». Осы мәселеге кеңірек тоқтағымыз келеді. Себебі: Абайдың өлеңдерінде де, прозамен жазылған нақыл сөздерінде де осылардың аттары көп аталады.

«Пысықтың» кім екенін Абай былайша баяндайды:

Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
Пысық деген ант шықты.
Бір сөз үшін жау болып,

Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
Пысық кім деп сұрасаң,
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай,
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік өсек мақтанға
Ағып тұрса бейне су.

Бұлар:

Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтаққа
Арақ ішпей мас болса, -

не істейді? Істейтіні:

Кабаған итше арсылдап шыға келер,
«Мен қапсам бір жеріңді бөксерем», -

деп.

Олардың қабатындары кімдер? Әрине, иесі кімге айтақтап қосса,
солар. Сондықтан да:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Осы «еңбегі жоқ, еркесіп» жүретін, біреудің айтағына «еріп,
әркімді бір қабатын «пысыққа» ұрсумен қатар, Абай оның осындай
халге не себепті түсуінің сырын былайша ашады:

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей.
Тамақ аңдып қайтеді тенгіремей.
«Ет пен қымыз сықылды ас жоқ» дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?
Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең одан да арман.
Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.
Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауыл іздеп жүрсің босқа,

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Міне, қайдан кеп шығады шындық. Тамақ, екінші сөзбен айтқанда, дәулет, байлық кімде болса, күш соның қолында. Тамағы жоққа тамағы барлар тамағын есіркеп бермейді, сол берген тамағы арқылы «дереу бір жұмысына жұмсау үшін» береді, «Өз пұлымен күнде тоятын халі жоқ», «асы барларға құлдық ұрып» «тамағын асырайтын» «пысықтардың» «ит» болып «айтаққа» шабатын себебі осында.

Ел қыдырып, ас ішіп,
Еркек арын сатады,
Бала-шаға, ұрғашы,
Үйде жарап қатады,-

деп Абай ол «пысықтардың» үй ішінің де күн көрісі нашар екенін айтады.

Бұл хал «пысықтың» ғана трагедиясы емес, сол кездегі барлық замандастарының трагедиясы деп ойлаған Абай былай дейді:

Жас өспірім замандас қапа қылды,
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды,
Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ серменде өңкей жынды.
Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас,
Арын сатып, ант ұрып іздегені -
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.
Тұрлаусыздың қолынан не келеді?
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?
Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,
Сендіре алмай, сене алмай сенделеді.
Онда оны алдайды, мұнда мұны,
Жанын берсе, табылмас сездің шыны.
Алты жақсы, жүз жылқы болған басы,
Бір семіз ат болады оның құны.

Тағы бір өлеңінде:

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары,
Бір-біріне қастыққа
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы - ар мен иманы.
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.

Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны, -

деп әлгі пікірін қайталайды. Замандастары туралы осындай пікірді көп өлеңіне өзек етіп, айыптаушы күшке айналдырады.

Абайдың, өлеңдеріне сенсең, өзі мен замандастарының «ар, иманын саудаға салуына», «еңбекпен етін ауыртпай, құр тілмен мал жинауына», «қу тілмен қулық саууына», «терін сатпай, телміріп кәзін сатуына» олар ғана айыпты смес, заман айыпты.

Ол:

Әркімді заман сүйремек
Заманды қай жан билемек
Заманға жаман күйлемек.
Заманы оны илемек -

дейді. Бұл қандай заман?

Бұл - жоғарыда В. И. Ленин сипаттаған 1861 - 1905 жылдың арасындағы заман. Бірақ осы заманның - Россияда капитализм оты тұтанып, арты қалың өртке айналған заман екенін, сол өрттің ұшқыны қазақ даласы сияқты отар елдерге де кеп түскенін, қоғам тіршілігіндегі қанау-каналудың, содан туған әділетсіздіктің, азаптың, қайғылардың бәрі сол өрттен екенін Абай ақындық жанымен сезсе де, оның шын мәнін жыға түсінбеді.

Абай заманының экономикалық жағдайын, ол жағдайды Абайдың қалай түсінуін осымен доғарып, енді сол заманның саяси халіне тоқтайық.

Абайдың шығармаларында көп кездесетін кейіпкерлер - болыс, старшын, би. Абай бұларға өшіге, жауласа, қаламын рақымсыз түйрей жазады. Осылар кімдер?

Бұл сұраудың жауабын жоғарыдағы бір сөзінде жер құмар, мал құмар, жалшы құмар байлар туралы Абай айта кеп, «жауластық, дауластық, партияластық, осындай тұстарда, сөзім өтімді болсын деп қызметке, болыстыққа, билікке таластық» деген.

Абайдың, бұл сөзінен қазақ байларының әкімдікке таласуы - саяси үстемдікке таласуы екендігі айқын көрініп тұр.

Сондай үстемдікке қазақ байлары қалай таласатын еді және оларды патша өкіметі қалай қолдаушы еді?

1868 жылдың заңы бойынша, қазақ елінде округке бөліну системасы жойылып, оның орнына қазақ елі губернияларға, уездерге, болыстарға, старшындарға бөлінді. Бұларды басқаратын әкімдердің ішінде, тек болыстық әкімдер мен старшындық әкімдер ғана халықтың дауыс беруімен сайлануға тиісті де, өзгелері жоғарыдан тағайындалатын.

Абайдың:

Орыс айтты: өзіңе ерік берем деп,
«Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем» деп,
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр: бұл ісінді кек көрем деп,-

деуі осыдан. Абайдың «сайлау елді бұзуға себеп болады» деген сөзіне қосылуға болады да, ол бұзылуды «ұлық кек көрді», ұнатпады деуіне қосылуға болмайды, себебі - оның «ұлық» деп отырғаны: орыстан ғана тағайындалатын уездік я губерниялық әкімдер. Одан әрі барсақ, жалпы патша өкіметі. Шынында, патша өкіметі, оның қазақ аулын басқарып отырған губерниялық және уездік әкімдері, қазақ аулының әкімдері - старшындарды, билерді, болыстарды сайлағанда, сайлау туралы шығарған заңын дұрыс жүргізді ме?

Бұл сұрауға жауап берерден бұрын, патша өкіметінің осы сайлауды қандай мақсатқа пайдаланғанына тоқталайық.

Патша өкіметінің, әсіресе капитализм дәуірленен кездегі патша өкіметінің, ұлт пен ұлтты араздастырып ұстау саясатын қолданғаны, әр ұлттың өз ішін алалықта ұстау саясатын қолданғаны баршаға мәлім. Рулық жүйеге бөлінген қазақтың «алтыбақан ала ауыздығы» бұрынғыдан да күшейе түсті.

1868 жылдың заңынан кейін шыққан болыстық сайлауларда губерниялық, уездік әкімдердің пара алуы шектен асты. Олар параны жасырып алмай, көзге керсетіп алатын болды және параны кім көп берсе, қайткенде де ретін тауып соны сайлады. Ол кездің сайлауы үш жылда бір қайталайды, губерния мен уезден де сайлау өткізуге келетін ұлықтар, бұл сайлауда параны кеп бергенді сайласа, келесі сайлауда одан артық беретіндер табылса, соны сайлап кетті. Қысқасы, сайлаушының, сүйейтіні - параны мол бергендер. Абайдың:

Бірде оны жарылғап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдін, бұл қаласы, -

дейтін себебі де осында.

Өзге байлардан үстем болу мақсатымен болыс болуға тырысқан байлар, сайлауға дауыс беретін атқа мінерлерді қайткенде өз кісім ғып алам деп, малын шашып басы катса, оның сол мал шашуы атқа мінерлердің де басын аз қатырмайды. Атқа мінерге алым керек. Кім алым берсе, ол - соның кісісі. Дауысты сатып алу ашық саудаға түскен соң, қай атқа мінердің кімге сатылса да еркі. Сондықтан бір рудағы атқа мінерлердің қайсысы кімге сатылғысы келсе соған кетеді. Бір ауылда екі атқа мінер болса, екеуі екі жаққа сатылуы мүмкін, болмаса аға мен іні, әке мен бала екі жаққа сатылуы мүмкін. Мүмкін ғана емес, шыны да солай болған. Әкесі сайлауға таласушылардың бір жағы, баласы екінші жағын жақтап кеткенді өзіміздің де көзіміз керді.

Әке мен бала, аға мен іні, тұқымдас, рулас атқа мінерлердің екі партияны жақтауы аяқсыз қалмайтын. Бұл жақтаудың арты бір ауылдың екі бөлініп қонуына, бір ағайынды екі адамның екі ауылға бөлінуіне, әкенің аулынан баласының көшіп кетуіне себеп болды. Олар кей кезде іргелесін бөлектеумен ғана қанағаттанып қалған жоқ. Осы араздықтан бірінің-бірі малын барымталау, қонысын тартып алу, жанжалдасу, төбелесу, кісі өлу, өтірік жаламен де, шын қылмысымен де абақтыға жаптыру, жер аударту, берген қыздарын қайтып алу, қыз-келіешектерін ұрласу... Абайдың заманында қазақ елінің дертіне айналып кеткен. Осы халдің бәрі де Абайдың шығармаларынан кең орын алады.

Болды да партия,
Ел іші жарылды, -
деуі,

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып, -

деуі замана шындығы екені аян.

Заманның саяси-экономикалық халінен қазақ аулында пайда болған осындай мінезді адамдардың бәріне Абай «пысық» деген ат қойып, олар туралы пікірін былай қоры тады:

Мал мен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді.
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді...
Қызмет қылған кісісін
Құрытуға таяйды.
Қылып жүрген өнері,
Харекеті - әрекет,
Өзі оңбаған антұрған,
Кімге ойлайды берекет?
Кімді ұялып аяйды?
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен,
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз
Елдің жайы солай-ды.

Ондай пысықтардың не көздейтінін Абай:

Ар мен ұят ойламай тәнін асырап,
Ертеңі жоқ бүгінге болған құмар, -

деп түйеді де, өзінің замандастары туралы мынадай зілді қорытынды жасайды:

Дос, жарың, ағайының бәрі екіұшты,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аямаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті!

«Пысықтарды» сатып алып болыс, би я старшын болатындар ақшаны желге шашпаған. Есеппен шашқан: сайлау өтісімен, келесі сайлауға шейін олар өткен сайлауда шығарған ақшасын «елден» жиюмен және еселеп жиюмен шұғылданады. «Елден» деген сөзді тырнақшаның ішіне алатын себебіміз: әкімдерге шығын төлейтіндер жалпы ел емес, оның ішінде момындар ғана. Келесі сайлауда қарсы шығар деп қауіптенетін «пысықтар» мен байларға әкімдер тимейді. Абайдың тұрғыласы Шортанбай ақынның қазақ кедейін:

Аш-жалаңаш бейнетпен,
Жүдеп, арып талады.
Бір ешкісі бар болса,
«Шығын» деп тілмаш алады.
Ол «шығынын» бермесе,
Төбесін тілмаш ояды.
Кедейге салып шығынды,
Араны бидің тояды.
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына¹ қояды,
Кедей қайтіп күн көрер:
Борышқа белден батады,
Жалғыз сиырын сатады, -

деп сипаттауы сондықтан. Абайдың өзі де ол әкімдерді «қазақты жеген қайратты ер» деп кекетеді.

Абай заманындағы ауылда таласпай сайланатын әкім жоқ, Парасыз талас жоқ. Паралы таласта бай, әсіресе ақшалы бай, жеңеді. Бірақ осы жеңіп әкім болғандардың қандай екенін айқын көрсету үшін Абайдың «Болыс болдым мінекей» деген сатирасына ерекше тоқталған жөн, өйткені ол «пысықтар» мен «атқа мінерлердің» қай тұрпаттағы адам екендігін айна қатесіз көрсетеді:

Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап, -

деп өкінеді. Неге олай өкінетінін ол болыстың өзі былайша баяндайды:

Кәкір-шүкір, көр-жерді. .
Пайда көріп ептеймін,
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп «күп» деймін...

Ел басқару тәртібі осындай болған соң, болыс өзінің келешегіне сенбеуін былайша баяндайды:

Қайтіп көмек болады.
Ант ұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлашы,-
Ұят, намыс, қалды ма ар?
Енді сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар?!
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.

Осындай қауіпке түскен болыс:

Ел жайылды, жетпей ме
Оязға да бір хабар?
Араны бидің тояды.
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды,
Кедей қайтіп күн көрер:
Борышқа белден батады,
Жалғыз сиырын сатады, -
«Тағы бүйтіп кеттің» деп,
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар,
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар, -

деп үрейленеді, Өзіне де, еліне де сенбейтін, ел басқарудың өнерін білмейтін мұндай болыстардың, өзінен үлкен ұлықтың алдында өзін қалай ұстайтынын Абай сол болыстың өз аузымен былайша сипаттайды:

Күштілерім сез айтса,
Бас изеймін шыбындап...
Жай жүргенде, бір күні
Атшабар келді лепілдеп,
«Ояз шықты. Сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп,
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лүпілдеп,
Тың тұяқ кезім, сөйтсе де
Қарбандадым өкімдегі.
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп,
Қайраттанып халқыма,
Старшын, биді жиғыздым,
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп.

Ояз келер деп осылай сасқан болыс, ояз келгенде қандай халде болғанын мына сөздерімен көрсетеді:

Күн батқанша шабамын,
Әрлі-берлі далпылдап,
Етек кеткен жайылып
Ат көтіне жалпылдап.
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап та жүрмін барқылдап,
Кейбіреуге таяғым,
Т иіп те кетті бартылдап,
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап,
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап

Осынша үрейленген болыстың оязға жолыққанда не бітіретіні оның мына сөзінен көрінеді:

Оңашада оязға.

Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын
«Бергенім жоқ, - деп, - белімді».
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді.

Ел басқару әдісін де, өзінен жоғарғы әкімге жағыну әдісін де
білмеген мұндай болыстардың келетін қорытындысы:

Ақыл айтар туғандар,
Бұл сезімді ойлаңдар,
Каталашка көбейді,
Сөгіс естіп тозды ажар,
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел, құтқар!

Бұндай қорытындыға келетіндер болыс атаулының бәрі емес.
Олардың ішінде елді қатал ұстау арқылы бұқтырудың, жоғарғы
әкімдерге жағыну арқылы панасында болудың неше түрлі айласын
білетіндер де аз болмаған. Қазақтың әр руынан табылатын «40 жыл
болыс болғандар» немесе «болыстығы атадан балаға көшкендер» Абай
сипаттаған болыстан басқа сипаттағылар. Олар да Абайға мәлім.

Абай осының екеуін де ұнатпайды. Ояздың алдында қадірі жоқ
болысты ол жоғарыда мысалға алған «Болыс болдым мінекей» деген
өлеңінде сықақтаса, оязға жағымды болыс туралы былай дейді:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға...
Оқалы тон тола ма
Ар-ұятын сатқанға?
Куанарлық қыз емес,
Жылтырауық таққанға...
Осы да есеп бола ма,
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса, жолама
Бос желігіп шапқанға...
Жайы мәлім шошқаның,
Түрткенінен жасқанба

Бұндайларды «ар-ұятын сатқан... шошқа» деп неге атайтындығын
Абай насихат сөздерінде былайша толықтырады. «Ол болыс болғандар,

өзі болыстыққа қулық, арамдықпен жеткен соң момынды қадірлемейді, өзіндей арам қуларды қадірлейді.

Осы күнде қазақта «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің деген сөз».

Өз тұсындағы болыс атаулының бәріне наразылығын біз Абайдың барлық шығармаларынан да айқын көреміз. Ол бір шығармасында:

Елі жөнді болыстар,
Мақтанып жүр тарқылдап, -

дегенмен, осы пікірін өзге шығармаларының ешбіреуінде қайталамайды. Оның барлық шығармаларында қайталайтыны күштілері сөз айтқанда, бас изеп шыбындайтын, ар-ұяттан безген, әділдікке қадам баспай, ұры-қарымен табақтас болып, жөнсіздікті жен көрген болыстар.

Өз заманындағы жалпы өкімет билеу системасын яғни патша өкіметін өзгерту керек деген пікірге келе қоймаған Абайдың «алыс-жақын қазақтың бәрін көргенде», барлық жерде кездестірген қиянатшыл әкімдерден ауылды құтқаруға ұсынатын жолы қайсы?

Бұл сұраудың жауабын Абайдың езіне айтқызып көрейік. Ауыл әкімдерінің яғни старшын, би, болыстардың елді рақымсыз жәбірлеуін баяндай кеп, Абай былай дейді: «Осы қазақ халқы осылай жылдан-жылға төмендеп, бұзықшылық та тарап бара жатқан соң, менің ойыма келеді:

Қазақтың болыс сайлаймын деген кісісі, пәлен дәрежелі, орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарыңда ондай кісі жоқ болса яки бар болса, жоғарғы ұлықтың атауымен назначением болады десе, бұл халыққа пайдалы болар ма еді деймін. Оның себебі, ол қызмет құмар қазақ балаларына оқу-білім алуға о да пайдалы іс; екінші, атаумен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлыққа міндетті болар еді. Атаумен сайлау қылғанда, тергеу мен сұрауының барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлкім жоғалар еді».

Орысша образованиесі бар адамды болыстық әкім сайлаудан, егер ел сайламаса, назначением тағайындаудан Абайдың екі мақсаты барлығын көріп отырмыз: біреуі - орысша оқыған адамнан әділдік күту, екінші - оны көріп, өзге қазақ балалары да орысша оқыр еді деп дәмелену. Абайдың осы ойларын біраз талқылап көрейік.

Бірінші, орысша оқыған кісі сайлансын, я тағайындалсын деген пікірді Абай неге айтады? Оның айтатын себебі: Абай заманында болыстыққа таласып сайланатын қазақтардың жүзден тоқсан тоғызы орысша сауатсыз десек қателеспейміз. Олардың көпшілігі сауат түгіл, орыстың тілін де білмейді.

Ол кездің заң-законы орыс тілінде ғана жазылады. Кеңсе жұмыстары орыс тілінде ғана жүреді. Орыс тілін білмейтін, орысша хат

танымайтын болыс жоғарыдан келген бұйрық-жарлықты өзі де түсінбейді, басқарып отырған еліне де түсіндіре алмайды. Ел мен өкіметтің арасындағы дәнекер сияқты болыстың мұндай халде болуы шыдарлық қылық емес. Тілмаш арқылы ұлықпен сөйлесуде мән шамлы, өйткені екі жақ та құр нобайын түсінгенмен, шын мәнін аңғармайтын. Сондықтан да ұлыққа жағу үшін болыстар әйтеуір үкімет кәріне ілікпеуді көздеп, өз еліне әңгір таяқ ойнатуды ғана білетін. Абайдың орысша оқыған кісі болыс болсын дейтін бір себебі осы.

Екінші, Абайдың ұғымында:

Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса.
Оқыған, білген - білген-ақ.
Надан - надан-ақ сан қылса.
Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді,
Надан жөндіге жөн келмей.
Білер қайдағы шәрғезді.

Абайдың бұл арада «оқыған» деп отырғаны мұсылманша оқыған емес, орысша оқыған адам; олай дейтін себебіміз: Абайдың түсінуінде «хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да, бәрі де орыста тұр». Бұл мәселеге, Абайдың ағартушылық пікірін талқылағанда толық тоқтаймыз. Бұл арада айтайын дегеніміз: Абай мұсылманша оқуды дін үшін ғана қажет деп ұғады, дүниеде жақсы тіршілік жасауға керекті оқу - орыс оқуы деп біледі. Оның ойынша, орысша оқыған кісінің сана-сезімі жоғары болады, олай болса, орысша оқығандардан сайланған болыстар сауатсыз надан болыстардай қиянаттылыққа бармайды.

Үшінші, орыста мемлекеттік тәртіп бар екенін көрген Абай, егер орысша оқыған қазақ болыс сайланса, сондай тәртіп қазақ арасында да орнар еді деп үміттенеді. Оның: «Егер мұндай болыстар сайланса, «өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлкім жоғалар еді», - деуі де сондықтан. Абайдың: «Ондай болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлыққа міндетті болар еді», - деуінен, орысша оқығандардан сайланған болыстар халық қамын ойламай, ұлыққа ғана жақсын деген мағына шықпайды. Оның бұл арада «халық» деп отырғаны - еңбегімен күн көріп жүрген момындар емес, еңбексіз күн көретін, әрі момындарды жеу, әрі байларды жалынышты қылу қолынан келетін «пысықтар». Егер орысша оқыған кісіні Абай ұсынған жолмен, жоғарғы ұлықтар сайлаусыз, назначениемен тағайындаса, ондайлар «пысықтарға» тәуелді болмайды да, олардың ырқына жүрмейді. Сөйтіп, олардың елге көрсететін қиянатын тежейді.

Төртінші, Абайдың ұғымында, өкімет басындағы адам өз елінің жетекшісі ғана емес, өктемшісі де. Абай өкімет басындағы адамның

қолындағы өкімін қиянатқа жұмсалуына қарсы да, жақсылыққа жұмсауына қарсы емес. «Қазаққа ақыл берем, түзетем деп қам жеген адамға, - дейді Абай, - екі түрлі нәрсе керек; бірінші - зор әкім болу. Ол әкім үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып медреселерге беріп, бірін ол жолға, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз көп жолдар бар, сол әрбір жолда бір медресе бар, соларға тоздырып, бірін «сен бұл жолды үйрен, сен бұл жолды үйрен» деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәттә қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қып үйретсе, сол жастар жетіліп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда, түзелсе болар еді».

Қазаққа орыс білімін берудегі Абайдың мақсаты қазақты орыспен мәдениет мәселесінде ғана теңестіру емес, саяси және хұққ (право) жағынан да теңестіру. Орыстан тағайындалатын жоғарғы ұлықтарға қазақтың оқымаған надан болыстарының не үрейленіп жолай алмайтынын, не ондайлардың ұлықтар шенді шекпен жауып, арқасына қаққанына мәз болатынын Абай қатты сөгеді. Өзінен зор ұлықтың алдында кісілік бейнесін жоғалтып жалпақтайтын болыстар туралы Абай тағы да былай дейді:

«Жорғалықпен (жоғарғы ұлықтың) көңілін алсам екен деген (қазақтан болыс сайланған) надан, әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын (ұлық) жауырынан бір қаққанға сатады... Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті... Бірақ, осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар, соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек мес, малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп жаңа үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың (чиновниктерін айтады.-С. М.) жұртқа бірдей зақүні болмаса, зақүнсіз зорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт болудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керек».

«Балаңа қатын әперме, - дейді Абай замандас қазақтарына, - енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет».

Осы арада Абайдың: «Осы күні, орыс ғылымын баласына үйреткен жандар, соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді» деген пікіріне біраз тоқталып, оны әбден толықтыра түсу үшін Абайдың өлеңдеріне жүгінейік.

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы,
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы...
Орыс тілі, жазуы

Білсем деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар, келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы,
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы...
Аз білгенін көпсінсе.
Көп қазаққа епсінсе
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды,
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды.
Орыста қалар жаласы,
Бұл іске кім виноват?
Я Семейдің қаласы?
Я қазақтың аласы?

Абайдың байқауынша, «бұл іске Семейдің қаласы да, қазақтың аласы да виноват». Семей қаласының «виноват» болатын себебі: бірде оны, бірде мұны жақтап, қуды ұнатады; екінші сөзбен айтқанда, ел арасына іріткі сап, бірімен-бірін жауластыратын Семейдегі уездік губерниялық ұлықтардың өздері. Сол ұлықтар араздастырған ауылдардың байлары мен «пысықтары» бірінің үстінен бірі өтірікті-шынды арыздарды жаудырады. Оған әлгі «интернатта оқып жүрген», «прошение жазуға тырысатын» қазақ жастары жәрдемдеседі. Оларды «прошениеге» «қаны бұзық сұм-сұрқия болуға» баулитын Семейдің әкімдері ғана емес, «ата-анасы мен ағайын-туғаны да бір жағынан бұзады».

Бұл сияқты ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойында «я тілмаш, я адвокат болу» жүрген қазақ балаларына Абай қарсы. Бірақ бұлардың «қаны бұзық сұм-сұрқия болуына» орыстың оқуы айыпты емес, өскен ортасы, сол ортаның бұзық мінезін қабылдаған өздері айыпты. Абай оларға:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,-

деп ұрсады. Абай оларға ұрсумен ғана қанағаттанбайды. Ол:

Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы, болсаңыз

Здравомыслящий!
Ақыл айтпай ма ағасы? –

деп ақыл айта бастайды. Оның жастарға ең алдымен айтатын ақылы - талапты болу. Ол:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге,-

дейді де, осы «талап қыл» деген сөзін, насихат сөздерінде кеңейтіп былай дейді: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, оларды білмей іздегенмен табылмас. Әуелі ғылым-білім табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеске керек. Оның себебі: білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең және әрбір білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болды. Сол рақат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда қылды. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңіл ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады.

«Егер дін көңілің өзге нәрседен болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі, асырап алған шешенің мейірімі секілді болады; бастапқыдай болғанда, тапқан шешенің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі».

Ғылым іздеудің жолы - жарыстың жолы деп ойлаған Абай, ғылымға жарысушыларға мынадай ақыл айтады: Білмек үшін үйренбек керек бақасқа (жарысқа деген мағынада.-С. М.) бола үйренбе, азырақ бақас көңілді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі: әрбір бақасшыл адам хақты (шындықты.-С. М.) шығармақ үшін ғана бақас қылмайды, жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас хүсідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады».

Үлгісіз, жетектеушісіз, құрғақ талаппен адамның ғылымды меңгере алмайтынын Абай жақсы біледі. Сондықтан ол қазақтың оқуға талабы бар жастарына:

Ғалым болмай немене,
Балалықты жеңсеңіз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды керсеңіз.
«Ондай болмақ қайда» деп
Айтпа, ғылым сүйсеңіз,
Дүние де езі, мал да езі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз,-

дсген ақыл айтады. Тіршіліктің рақатына қажетті ғылым Европада, әсіресе орыста деп ұққан Абай оларды «дін ұстазымыз емес, дүние басшымыз» деп есептейді де, оларға «хакімдер» деген ат қойып былай дейді: «Бұл хакімдер ұйқы-тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы істер қылмақта, яғни электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, оның бер Жағында, адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі, баршасы нефығлық (пайдасы.-С. М.) болған соң, біздің оларға міндеттілігімізде дау жоқ».

Орысша оқыған қазақ жастарына Абай осы «хакімдердей» ғалым бол дегенді ұсынады. Ол:

Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге, -

деп, сыртын жылтыратумен мәз болып, іші халыққа жат болудан:

Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөгуге? –

деп тілмаштыққа құмартудан қазақтың орысша оқыған жастарын сақтандырады. Оның айтар ақылы:

Алыс та болса, іздеп тап
Кореннойға кіруге.

Бұл - Абайдың, оқығандарға тілмаш сияқты қосаққа ерген «жандайшап» болма, түпке жегілетін, екінші сөзбен айтқанда, біреудің жүгін сүйресетін емес, жүкті өзің сүйрейтін бол деген ақылы.

«Кореннойға» жегіл дегенде, Абайдың ұсынатын қызметі екеу.

Біріншісі:

Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып желуге;
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге
Жаныңа жақса, соңынан

Жалқауланба еруге.
Қисық болса, закон бар
Судьяға беруге.

Екіншісі:

Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямотой,
Жеңіл көрме, бек керек
Оған да ғылым, оған да ой.

Екеуі де ашық пікір: «байларға қызмет қыл» дейтін себебі: завод, фабрика, сауда солардың қолында, байлық соларда, сондықтан кәсіп қып мал табам деген кісі оларға соқпай кете алмайды. «Байға қызмет қылғысы» келмеген адамға Абайдың:

Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямотой, -

деген ақыл бергенде айып отырғаны:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Яғни егіннен қалай мол өнім алудың, сауданы қалай ұтымды жүргізудің амалын білсең, байға қызмет қылмай-ақ, өз бетіңмен өнерлі шаруа жасап алуың мүмкін.

Абайдың қорытынды ақылы:

Бір ғылымнан басқаның
Кеселі кеп асқанға.

Олай болса:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға кеңіл берсеңіз.

«Дүние де, мал да өзінен табылатын» осы ғылымды Абаймен замандас қазақтардан ізденетіндер кімдер?

Бұл сұраудың жауабын да Абайдың өзіне бергізейік.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған мал құмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.
Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,
«Қусын» десе қуанып жүр алшаңдап.

Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұндалап».
Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап,
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен есекті жүндей сабап.

Бұлар Абайдың тілімен айтқанда, қазақтың:

Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп...
Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай...
Ел қыдырып, ас ішіп,

арын сататын «пысықтары», Абайдың ойынша, бұлардың ішінен «мыңнан бірі болмаса», «оқы, ғалым бол» деген сөзді ұғары жоқ.

Қазақтың байлары туралы Абайдың айтатыны: «Олардың діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары - бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын және ұғайын десе де қолы тие ме: суармақ, тойғызбақ, саудасын жимақ, күзеттірмек бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ, - солардан сақтамақ, солардан сақтарлық кісі таппақ».

Абайдың байқауынша, мұндай байлардың ғылым үйренуге «қолы тимейді».

Қазақтың «пысықтары» мен байларының ғылымға көзқарасы осылай деп ойлаған Абайдың кедейлер туралы айтатыны: «Қой жүнді қоңырлар күнін де көре алмай жүр».

Олай болса, қанша «оқындар, ғалым болындар» дегенмен, оның бұл ақылын іске асыратын кісі, Абайдың ойынша, өзімен замандас қазақ арасында жоқ.

Бұлай «жоқ» болудың объективтік бір жағдайы барын Абай ешбір шығармасында айтпайды. Ол жағдай – Абай заманындағы қазақ елінің отарлық халі. Отарланып отырған қазақтың я басқа елдердің арасына білім таратайын, мектептер ашайын, оқытайын деген мақсатты патша өкіметі алдына қойған емес.

Ұлттық мектеп жоғын еске алып, қазақтың тіршілігін өркендетуге себепкер болатын оқу деп, патша өкіметінің алдында, қазақ балаларын орысша оқыту туралы мәселе көтерген кісі - қазақтың атақты ғалымы Шоқан Уәлиханов. Шоқанның іске асыра алмай кеткен бұл арманын, оның тетелес рухани інісі Ыбырай Алтынсарин жүзеге асырды.

Ең алдымен, Шоқан мен Ыбырайдың патша өкіметінен «Қазақ балаларына арнаулы орыс школасын аш», - деп өтінуі балаларды ғылымға баулитын қазақтың ұлттық мектебі жоқтығынан ғана емес, қазақ балаларын орыс школаларына бірен-сарандап қана алып, көпшілігін алмағандықтан.

Сондаықтан Шоқан мен Ыбырай «егер қазақ балалары үшін арнаулы школа ашылса, балалар көбірек тартылар еді» деген мақсатты көздеген.

Екінші, патша өкіметі, қазақ арасынан өзіне қызметкер даярлау мақсатымен, XVIII-XIX ғасырларда орыс школасында аздаған қазақ балаларының оқуына рұқсат еткенмен, өкіметпен қатынасы бар хан тұқымдары мен бірен-саран бектер болмаса, ислам дінінің әсеріндегі өзге қазақтар, осы оқудан қашқан. Патша өкіметінің уездік және губерниялық әкімдері қадағалап сұраған кезде, қазақтың надан байлары жалшыларының балаларын я жетімдерді ұстап берген. Абайдың: «Қайдағы кедейдің балаларын орысқа қорлап береді», - дейтіні осыдан.

Үшінші, Ыбырай Алтынсариннің қадағалап сұрауымен, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап, патша өкіметі ашуға рұқсат берген Русско-киргизский деп аталған школалар Батыс Қазақстанның және бұрынғы Торғай облысы атанған елдердің уездік қалаларында ғана ашылған. Бұл школалар өзге қазақ облыстарының балалары түгіл, сол екі облыстағы қазақ балаларының жүзден бірін ғана орналастырған. Оған Ыбырай Алтынсариннің 1884 жылы 30 сентябрьде Оқу министрлігіне жазған запискасының мына жері куә: «300 мың халқы бар Торғай облысында бес-ақ училище бар, олардың да төртеуі екі класты ғана, біреу-ақ қолөнер кәсібінің (ремесленное) школасы. Бәрін қосқанда оқитын баланың саны екі-ақ жүз». Алтынсариннің бұл запискасында қойылып отырған екі мәселеге көңіл аудара кетейік:

1. Бүкіл Торғай облысында қазақ балаларына арналып ашылып отырған бес училищенің төртеуі екі-ақ класты деп Алтынсарин жай айтып отырған жоқ. Алты жыл ғана оқытатын бұл екі класты школадан, қазақ балаларының алып шығатын мамандығы - учительдік. Өздері оқып шыққан школада олар, әрине, учитель бола алмайды; орыстың бастауыш школаларына сабақ беруге тілдері де, білімдері жетпейді, қазақ ауылдарында олар бала оқытатын бастауыш школа жоқ. Олай болса екі класты училищені бітіріп шыққан қазақ балаларына білімін пайдаға асыратын орын жоқ. Сондықтан да Алтынсарин осы запискасында өкіметтен қазақ болыстарында орысша бастауыш школалар ашуды өтінеді. Оның бұл өтінішін өкімет 1888 жылы ғана еске алып, Торғай облысына қарайтын 25 облыстағы қазақ елінің бес болысына ғана бір-бір бастауыш мектеп ашуға рұқсат берген.

2. Жоғары а аталған запискасында Алтынсарин оқу министрлігінің алдына қазақ аулына аты школа ғана емес, учительдік бағыттағы школа ғана емес, қолөнер кәсібінің школасын көп ашуды өтінеді. Бұл Алтынсариннің төрт аяқты мал бағумен шұғылданған қазақты өнеркәсіпке тарту мақсатына туған пікір. Абай да осы пікір де болған. «Егер де мал керек болса, қолөнер үйрен,- дейді Абай,- мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай қолөнерлі болу-қазақтың әулиесі сол.» Алтынсариннің де, Абайдың да «қолөнер» деп отырғаны сол кездегі қазақ ауылдарының көбінен табылатын етікшілік, өрмекшілік, балташылық, зергерлік сияқты көп заманнан келе жатқан

жабайы кәсіптер ғана емес. Европа техникасын қолданған өнерлі кәсіптер. Пташа өкіметі Алтынсариннің бұл ұсынысын қабылдамаған.

Төртінші, Алтынсариннің ынтасымен Торғай облысында және Батыс Қазақстанда ашылған аз ғана школаларда оқитын азғаан балалардың халі өте ауыр болғанын Алтынсариннің Орынбордағы оқу инспекторы В. В. Крестинскийге жазған мына хаттарынан көреміз.

Қазақ балалары оқитын школаның үйі туралы 1880 жылы 18 февральда былай деп жазады: «Торицк қаласындағы қазақ школасына уездік начальник өз үйінің екі бөлмесін, жылына 300 сом алатын боп жалға берген екен, бөлмелер лас, оқу кезінде балалардың үстінен жүріп жатқа кісілер. Бұл сияқты үйшікте бала оқып оңа ма?.. Ырғыз қаласындағы қазақ балалар оқитын үй одан да жаман. Қалалық управа балалар оқитын бөлмелерге бір саудагер қатынды орналастырған. Ол қатынның келімді-кетімді кісілері сабақ кезінде топырлап жатады. Жатарда балаларды ауыз бөлмеген қамайды.

Школаның директоры қазақ балаларын қалай тәрбиелейтіні туралы 1889 жылы 20 февральда жазған хатында былай дейді: «Ор қаласындағы қазақ школасының директоры А. Г. Бессонов жынданған болар деймін, әйтпесе мына қылықтарын не деуге болады: 4-кластан бастап балаларға інжілді (евангелие) оқытып, христиан дініне баулымақ болған. Балалар бұнысына көнбесе, бұзылған иттер деп балағаттап, кйбіреуін үйден тепкілеп, сабап қуып шыққан. Сұмдық емес пе мынау! Бүлй тәрбиелеумен қазақ балаларын орыс білімін алудан қашырмаймыз ба?» Осы жылы 8 мартта жазған хатында Алтынсарин интернаттағы қазақ балаларының киімі, төсек-орнының нашарлығын, тамақтарының аштығын айтады.

Бесінші, осындай қиындықпен екі класты орысша-қазақша бітірген қазақ балаларына ілгері барып оқуға орын жоқ, орта дәрежелі орыс школалары олардың бірен-саранын ғана алады. Қазақ ауылдарын барып бала оқытуға школа жоқ; ауылдан олардың табатын қызметі старшындар мен болыстарға писарь болу. Алтынсарин 1887 жылы 28 майда Крестинскийне жазған хатында осыны айтады. Сондықтан Абайдың интернатта оқып жүрген қазақ балаларын:

Прошение жазуға
Тырысар келсе шамасы,-

деп, немесе:

Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,-

деуінде өкінішпен қатар, объективтік себеп барында аңғарамыз.

Жоғарыда баяндалғандардан қазақ балаларының оқуында көп қиындықтар бар екендігі айқындалса керек. Қиындықсыз табылған мал харам,

осы аз-мұз оқығандардың өзі халқына адал еңбек етсе, көрген жоқтық пен қорлық еселеп қайтуға тиіс.

Өзінің дінге, дүниеге, тіршілікке көзқарасында рационалист Абай, қазақ балаларына «орысша оқы, ғалым бол» дегенде, ғылымды ғалым болу үшін ғана емес, сол ғалымдығын, білімін, туған халқы -қазақтың төмен дәрежедегі мәдениетін, экономикасын көтеру үшін, сана-сезімін көтеру үшін, сойтіп Россиядағы ең мәдениетті орыс халқы мен қазақ халқын мәдениет міселесінде де теңестіру үшін оқы, ғалым бол деген.

Өзінің аағартушылық идеясын насихаттаудан тартынбаған Абай қазақ қауымының білімді, түгелдеей сауаттыболуына қажетті жағдайлар жоқтығын аңғарып, орыс білімі арқылы өз елінің шаруасын, мәдениетін көтеру жөніндегі мақсатының орындалмайтынын шамалайды да, алдына «не істеу керек?» деген сұрау қояды. Абай сияқты халқына кқсем болғыс келген адамның өзіне мұндай сұрау қоймауы мүмкін емес. Өйткені ауыл экономикасы ақша араласқанымен, бұрынғы төрт аяқты мал бағатын, көшпелі күйінде тұр. Отар ауыл бұл халде тұрып, шаруасын да, мәдениетін де орыс халқымен теңдестіре алмайды. Қалай теңдестіреді? Көшіп жүрсе қала сала алмайды. Қала сала алмаса мекетеп аша алмайды. Мектеп ашпаса білім ала алмайды. Білім алмаса, Абай «үйрен» дейтін егін мен сауданың «ебін» біле алмайды. Егін мен сауданың тегін білмесе, қазақ шаруасы төрт аяқты мал бағудан арыла алмайды. Одан басқаны білмесе, Абайдың тілімен айтқанда, жоғарғы мәдениетті орыс былай тұрсын, қазақ өзбек пен татарға да жете алмайды.

Экономикалық жағынан капитализмнің қанды тырнағана ілігіп, өрмекші торына түгелдей шырмала қоймаған қазақ даласы саяси жағынан 1868 жылдың заңына маталды. Абай заманындағы сол заң қазақ заманына қазақ аулына бүліншілік, берекесіздік, дау-жанжал ала келді де, «қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып ой таппай» жүрген «пысықтарды» бұрынғыдан да көбейтті. Олар Абайдың оқы дегеніне құлақ асудан қалды, әлдеқалай олардың ішінен «ал оқыын» деп білегін сыбанушылар табыла қалса, оларға оқитын орын табудың өзі қиямет болды.

Енді не істеу керек?

Бұл сұраудың тұйығанан Абай өзінше жол таппақ болады.

Ең алдымен Абай таппақ болған шаруашылық жолға тоқтайық. Шаруа мәселесін шығармаларында көп айтқанмен, Абайда белгілі экономикалық программа бар дей алмаймыз. Жалпы алғанда оның мақсаты: күн көрісте біреуді біреу жемеу екенін, әркім өзінің адал еңбегімен күн көру екенін, еңбек иелеріне өнерлі, өнімді еңбек атқару қажет екені жоғары да айтақамыз.

Осылай дей отыра, рационалист Абай бұл мәселені теориялық дәрежеде ғана қалдырмай, оның тәжірибелік жағына да көңіл бөледі. Қазір қазақ аулында:

Мал иен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді.

Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді,-

деп қатты сөгіп, адал әрекетке ұмтылғандарға мынадай ақыл береді:

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып тамақ аңдып,
Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан,
Антұрғанға қосылма кеткін қаңғып!
Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.
Өз үйінен жиреніп қашып жүрген
Антұрғанға қосылма қапылыста,-

дейді де:

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.

Олай болса:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра ламас ел.

Абайдың «кет» деп отырған «жат жері» қазақпен көршілес отырықшы елдердің, әсіресе орыс елінің поселкілері, қалалары, завод-фабрикалары болу керек.

Абайдың өз заманындағы жастарды:

Заман ақыр жастары
Қосылмас еш бастары
Бір-біріне қастыққа
Қойнына тыққан тастары;
Саудасы -ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы,
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілмен мал жиғаны,-

деп сөгетіні бізге мәлім. Бірақ бұл кінәны Абайдың барлық қазақ жасына артпайтынын, «Құйрығы шаян, беті адам пысықтардан» түңілгенмен, көкірегі сезімді, ойы орамды» жастардан түңілмейтінін, оларды «шыға ойлап, шығандап қылық қылуға», «жат жерге кетіп, жалға жүріп, мал тауып келуге», «қаруының барында қайрат қылып», жалынын адал еңбекке пайдалануға шақыратынын көреміз. Оның айтатыны:

Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ,

Талаптың аты арындап,
Әр қиынға салған шақ,
Уайым – аз, үміт–көп,
Ет ауыртмас бейнетке,
Бүгін-ертең жетем деп
Көңілге алған дәулетке...
Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар,
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар,
Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ,
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ!

«Талайғы кәрі дүниенің» қай кетігін табу туралы абайдың айтатыны:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!..

Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма,
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма!

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.

Еңбек майданында дал жүріп, әсемпаз болмай, өнерпаз боп, еңбек сарайына өзінің білімі сыятыын кетігін тауып қаланып, ойынан шыққан жасқа абайдың айтары:

Адалдан жиған тиынды
Салд жа сақта қапшыққа.
Қолдағыңда қорғап бақ,

Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де шаруа ойла,
Даңғойланып қаптықпа.

«Жат жерге кетіп жалға жүріп» адал адал еңбегімен шаруа жинаған қазаққа, одан кейін шаруаның қандай түрін бағу жөнінде Абайдың не жол ұсынатыны мәліміз. Ол бір өлеңінде:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол, бай тап.
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде,-

десе, бұл айтып отырған әсіресе «егіні», отырықшы елдің кәсібі болса, отырықшы елдің кәсібі болса, екінші өлеңінде:

Осы қымыз қазаққа,
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызы басар артынан
Ет даяр ма қасында?
Бойыңа сіңіп өрт болған
Қызба бастық жасында.
Қызылшыл семіз, жас қымыз—
Бір үлкен борыш басында.
Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма..
Жылқыны аңдып ұры жүр,
Әр төбенің тасында.
Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?
Мақтанға бола жиям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас ұрма.
Қымыз, семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма.
Мақтан кума, керек қу,
Ойсыздарға қосылма,
Қойныңда ақша, қолда қой,
Күзетке оңай шошынба!-

деп көшпелі халыққа бағуға оңай мал түрін малдануды ұсынады.

Егін салсын, сауда істесін, мал бақсыын, қолөнер кәсібімен шұғылдансын, әйтеуір адал кәсіппен шұғылданатын адамдар, әсіресе жастар, қазақ арасынан табыла қалса, оларға Абайдың айтар насихаты:

Керек іс бозбалаға талаптылық,
Әр түрлі өнер мінез жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз,
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен.
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бр жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сқйле сөзін тосып.
Біріңдің бірің ғиззат, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық—бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Еңбек майданында теңдесу арқылы шын көңілмен достасу сарыны Абайдың шығармаларынан еш уақытта үзілмейді. Қоғамдық тұрмыста халықты осылай бірлікке, достыққа шақырған Абай, қоғамның жеке мүшелеріне семьялық тұрмыста да осы бірлікті, осы шын көңілмен сүйіскен достықты ұсынады.

Махаббатсыз дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатын, бала—досың бар,—

дейді Абай. Осы мәселеге біраз тоқырайық. Әйелі мен ері бірін-бірі қалай құрметтеу керектігі туралы Абайдың өлеңмен ұсынатын программасы бар.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми,
Ері ақылды, қатыны мінезді боп
Тату болса райыс үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,

Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан бейне гүлдей толықсыған
Кем емес алтын тақтан жар төсегі...

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сызданбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін өзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатынында болмасын оның көзі.

Ерін сүюде әйеліне осындай ақыл айтқан Абай әйелін сүюде еріне де ақыл айтып, екеуіне де төресін әділ беруге тырысады. Ерге оның айтары:

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшінің бәрі бір бәс.

Абайдың «еппен жүрсін» дегені «жігітшілік» құру емес, таңдап жүріп, өзіне лайықты жар табу екенін оның мына сөздерінен көреміз:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей көңіл берме.

Көп жүрмес, жеңсікқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар,
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Ондай әйел табылса:

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес алайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса қылар сабыр.

Әйел мінезіне қара, көркіне қарама дегенге Абай ерекше тоқталады. Ол:

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық,
Бетім барда, бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық.

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас, қатын зерек,
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек,—

деп:

Әуелден сұлу жайы бізге мәлім,
Жігітті жұрт мақтаған, қыз жақтаған,—

деп, сұлуға құмартатындарды ойландырады. «Қандай қызды алған жөн?» деген сұрауға оның берер жауабы:

«Жасаулы» деп, «малды» деп, байдан алма,
«Кедей қызы арзан» деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан қапы қалма!

Мұндай жар таппақ жігітке Абайдың ұсынатыны: «Әкенің құда болуымен үйлену емес, өзі таңдап үйлену» және «көрсен қызарлықпен» емес, сынын, сырын, мінезін ұғып алып, өзінің ақыл таразына дәл келгенде ғана үйлену. Абайға, әйелді таңдаудың екі жолы бар. Біреуі— «құмарлық», бұл— жеңіл жол; біреуі — «ғашықтық», бұл — ауыр жол.

Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

Егер ғашық болса:

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.
Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?

Ғашықтық келе жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып!
Тұла бойы тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

Дәмеленген ғашықтың ойын Абай «Айттым сәлем, қалам қас,
«Қиыстырып мақтайсыз» деген өлеңдерінде көрсетеді. Бұл өлеңде біз:

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас,
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас,
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айрылмас,—

деген жігіттің қызға құмарлығын:

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз—жалын шоқ, біз—бір май.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсең, көңілім жай,
Тастап кетсең, япырмай,
Ит қор адам болар ма,
Бұл жалғанда сорлыңдай?!

Тілегімді бермесең,
Амалым не жерлесей?
Үйір қылма бойыңа,
Шыны жақсы көрмесең.

Қайғың болар шермен тең
Қара көңілім жермен тең,
Сенсіз маған жат төсек,
Болар бейне көрмен тең...

Көңілің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып,
Біз—қырғауыл, сіз—тұйғын,

Тояттай бер, кел де алып,—

деген қыздың жігітке құмарлығын көреміз. Осы құмартқан екі ғашық үйлесе қалған күнде, екеуінің табысқан минутындағы жан жүйелерін Абай мына өлеңмен көрсетеді:

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі...

Аяндап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып.

Иығы тиісіп,
Төмендеп көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Бірақ бұлай ғашық боп қосылу оңайлықпен болмайтынын жігіт те, қыз да бірін-бірі сынап барып, көңіліне толған күнде ғана серт байласатынын, жігіттің қызға айтатын мына сөзінен көреміз:

Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың,
Бихабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың.

Сан кісі мұңайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жанамын,
Еш рақым қылмайсың.

Қыздың «рақым қылмауы», оның ғашықпын деген жігітті «бихабар жүргенсіп, бек қатты сынауынан» болуы да мүмкін. Егер қыз жігіттің шын ғашық болуына өзі де ғашық болуымен жауап бермесе, я ғашықпын деп жүріп, алдаса, жігіт қызға:

Ғашықтық— қиын жол,
Жетсең жеттің,
Жетпей өттің.
Не болды?

Арманда өмір
Өтті.
Ойлар ма екен бір мені сол?

Салдырып аяқ, қол,
Жетпей сертке,
Ішім дертке,
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті.
Мен өлейін, сен сау-ақ бол,—

деген зарын айтады. Ғашығынан күдер үзген жігіттің ақтық айтар сөзі:

Қор болдым, жаным,
Сенсіз не менің күнім.
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр етсе алла,
Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
Қамықты ғой көңіл,
Қайтсе болар жеңіл?

Сонда да «үмітсіз – шайтан болсын» дегенді медеу қылған жігіт, осы өлеңін:

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман,
Адам деп мені,
Салмадың сен хат маған.
Жай таба алмай жүрек,
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған изарым
Барса жардың маңына,
Ол— қылған дәрім,
Ғашығымның жанына.
Оңалдырып ойды,
Түзетпей ме бойды?—

деп бітіреді.

Үй тұрмысын, семьялық тіршілікті алғанда, Абай әйелдің рөліне ерекше маңыз береді. «Еркек–бас, әйел–мойын» деген қазақтың мақалын бұл мәселеде өзіне тезис қып алған Абай осы пікірді қолдамайтындарды ойға түсіру үшін, Шығыс ертегілерінен алып, «Масғұт» деген поэма жазады. Поэманың мазмұны: араб елінде Һарун-Рашид патша заманында Масғұт деген жігіт болады. Бұл жігіт бір күні ерт е шәһәрдан саяхатқа шығып келе жатып, ұры тонап жатқан шалға кездеседі. Масғұта шалды аршалап алады. Шал Масғұтты сыйламақ болып бақшасына алып келеді де, пісіп тұрған үш түрлі жеміс ұсынады: ақ,қызыл,сары.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасыр,
Егер де қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар,–

дейді шал, Масғұт қызыл жемісті таңдайды да, себебін былай баяндайды:

Мен болсам, егер ағын жемек едім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім,
Мен ақылды билемен не қылсам да,
Мені ақыл билесе керек дедім...
Сарыны жеп мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі,
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Жан біткеннің тігілер маған көзі...
Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.
Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
-Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Масғұт әйелді таңдағанда тән құмарын басу үшін емес, әйелден досын көбейту арқылы барлық адаммен бауырласу үшін таңдады. Осындай көркем шығармамен Абай әйелдің қоғам тұрмысындағы ролінің салмақты екендігін дәлелдейді.

Семьяда, қоғамдық тұрмыста әйелдің ролі үлкен екенін көрсеткен Абай қазақ өміріндегі ғашықтықты қиялынан туғызып отырған жоқ, өз ұлты қазақтың шындық өмірінен алып отыр. Қазақтың жігіті қазақтың қызына құмарлана да біледі, ғашық бола да біледі. Оның

құмарлығының да, ғашықтығының да басқа ұлттардың құмарлығы мен ғашықтығынан, солардың ішінде мәдениетті елдердің құмарлығы мен ғашықтығынан ешбір айырмасы жоқ. Қазақ өмірінен туған Қозы Көрпеш - Баян сұлудың ғашықтығы еш Ләйлі - Мәжнүннен, ешбір Ромео - Джульеттадан кем емес.

Абай бұл мәселеге арнайы тоқтаған уақытта, ең алдымен жан ләззәтін, сезім дүниесін айрықша ардақтап, әйел мен еркектің тең болуы идеясын көрсетеді. Махаббатсыз семьяның тірлігінде береке жоқ, қалың малмен еріксіз қосақталған, шарифатпен матастырылғандар құр сұлделер екендігін Абай өлеңдерінен айқын аңғарамыз.

Исламдық Шығыста, Октябрь революциясына шейін Россияға қарайтын Орта Азияда, ер мен әйел сүйісіп қосыла алмауына «харам» себеп болса, ислам дінін шалағай тұтып келген қазақ елінде сүйісіп қосылуға бөгет «харам» емес, «қалың мал» деген індет болды.

Қалың малдың қазақ ғұрпына қай кезде сіңген дерт екенін біз білмейміз. Біздің білетініміз: бала туған хабарды естігенде қазақ «ат ұстар ма?», «қырық жеті ме?» деп сұрайды: «ат ұстары»- ұл, «қырық жетісі»- қыз. «Қырық жеті» деген,- қызға қалыңға төленетін малдың саны: жеті бас төлдейтін мал, олардың жеті құнан-құнажыны, жеті тайтанасы, жеті құлын-бұзауы, жеті бүкбесі (ұрығындағы төлі)- барлығы 35 мал; оған жеті той малын қосса - 42 мал; оған «өлі-тіріге» беретін бір малды, шеге атты, мінгі атты, босаға атты, жанама атты қосса-барлығы 47 бас мал болады. «Қыздың құны -47» деген осы.

Қазақ ғұрпында «47» беретін қызды күйеу таңдап жүріп айттыру ілуде біреуден-ақ кездеседі. (Қыз Жібекті Төлегеннің таңдап жүріп айттыруы сияқты) Әдетте көңілдес, дәрежесі я малы теңдес адамдардан ұл мен қыз туса, я жас күнінде атастырып құда боп қояды (Қозы Көрпеш-Баянның әкелері Қарабай мен Сарыбай балалары тумай тұрып құда боп қоюы сияқты).

Ата-аналарының құда болуы арқылы жастай атасқан ұл мен қыздың ішінен әлдеқалай теңдестері ұшырап қалуы мүмкін-Ондайлардың сағынып, құмартып қосылатынын біз Абайдың «Жазғытұры» деген елеңінен көреміз. Бұл өлеңде Абай қыстай қар астында жатқан жерді - қалыңдыққа, қыстай жерді көре алмай аңсаған күнді - күйеуге теңеп былай дейді:

Күн - күйеу, жер - қалыңдық, сағынышты Құмары екеуінің сондай күшті.

Күн қырындап жүргенде, көп қожаңдап,
Күйеу келді, ай, жұлдыз к... қысты...
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне-біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай.

Бірақ өмірде мұндай бақыттылар сирек кездеседі. Ата-ананың құда болуымен жастай атасқандардың көпшілігі біріне-бірі тең болмайды. Теңдес болмаған соң, сүйісіп қосылмайды, әкенің күштеуімен, әдет күшімен еріксіз қосылады. Осыдан талай зарлар, бақытсыздықтар, трагедиялар туады.

Қалың малдың мылқау күшін құрал ғып жұмсайтын әсіресе байлар. «47» төлеп көп қатын алатын солар. «47-нің» күшімен сексендегі шалдың 18-дегі қызды алуы да сол байларда ғана болатын әрекет. Сүйген қызына қосыла алмаған жігіттің:

Өй, қалқа, қайғы тарттым сені ойлай,
Күйдірді ғашық отың ерікке қоймай,
Қолымнан ақ тұйғыным кетті ұшып,
Жылқы екен қыздың байы, сығыр, ойбай! -

деп зарлануы,

Өй қалқа, сен маған жоқ, мен саған жоқ,
Шекеңде бұлғақтаушы ед үкіден шоқ.
Түсімнен ұйықтағанда бір кетпейсің,
Оянып тұра келсем, дәнеңе жоқ! -

деп қыздың өкінуі,

Қамыстың көлден тарттым қоғаларын,
Айтады әркім көрген қасірет-зарын,
Арылмас басқа қара түсті туман,
Білмеймін оның қашан ашыларын! –

деп жігіттің құса болуы,

Базардан алып келген қара қиық,
Қорқамын той қылғаннан жұртты жиып,
Балаңды іштен шыққан малға сатып,
Әкетай, неғып бердің көзің қиып? –

деп қыздың зарлануы «47-нің» кесірінен екені айдан анық. Қазақтың белгілі ақыны Ақан серінің сүйген қызына:

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына,
Лашынға лайық ғашық жарым,
Бөктергіге қор болып барасың ба? -

деп зарланып, арашалар амалы болмаған соң,-

Олай көшкен ауылым, бұлай көшкен,
Сырымбеттің тауынан құлай көшкен,
Жарты бидай ауыздан жарып жескен,
Ғашық жарым, қош сау бол құдай дескен,=

деп қоштасуы қазақ елін жайлаған қалың малдың кесірі екені мәлім.

Дегенге бал Қадиша, бал Қадиша,
Күйеуің алпыс бесте шал, Қадиша.
Ноқтаға кірген басың шыға қоймас,
Қайтейін, қош аман бол, бар, Қадиша! -

деген өлең де қалың мал салдарынан туған ызалы қоштасудың сарыны. Қалың мал салдарынан туған қазақ әйелінің бақытсыздығын арнайы әңгімелесе, ол жөніндегі әдебиетті толық талқыласа, жеке кітап жазуға болар еді. Сондықтан біз қалың мал туралы пікірді осымен аяқтап, осы мәселеге Абайдың қалай қарағанына келейік. Қазақ әйелінің бақытсыздығына себепкер болған бұл пәленің бір ғана тамырын қазбақ боп, Абай бір өлеңінде былай дейді:

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын, күміс кигені қамқа, торғын,
Күтуші қыз, келіншек жүр соңында.
Деген сөз: «Бұқа буға, азбан дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға
«Етімді шал сипаған құрт жесін», - деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Абайдың бұл сипаттап отырғаны, - исламдық Шығыс еліндегі «храмда» (гарема) тән ләззәті үшін торға түскен қыздың келбеті. Қысқа ғана ғып сипатталған бұл оқиғаға Абайдың өзі қалай қарайтыны оның мына өлеңінен көрінеді:

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса, тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған,
Неғылсын бір қартайған қу сүйекті.

Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,

Мал беріп алғанменен қатын емес.

Шалдың жас қызды алуы хан заманында ғана болған оқиға емесін, өз заманында да болып жатқан оқиға екенін Абайдың мына сөздері көрсетеді.

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірі жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр.

Мұндай байға Абай былайша ұрсады:

Қатыным қалай демес ақсақал бай.
Сонымен дос болып жүр, япырым-ай!
Қу қатының майысса, сәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңілі ылымас, ол өзіне аз!
Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.

өмірдің өзге мәселелерінде замандастарына өзін ұстаз көріп ақыл айтатын, қисықты ақылмен түзетуге тырысатын Абай ұрсып отырған бұл шалына да ақыл айтқан болады.

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шықпас қатынның тіліне ерсең,
Тіпті оңбассың өзіңе-өзің мәз боп,
Дастарқанның байлығын мақтан көрсең.

Абайдың бұл ақылын құдай атқан шал ала қоя ма? Соған ызаланған Абай өлеңін:

Үнем болмас құйрықты бұлғаңдатқан.
Сауырсына шапақтап сүйіп жатқан.
Екі көңіл арасы жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол антатқан! –

деп бітіреді.

Бұл шірік тамырды Абай одан әрі қазбайды, ешбір шығармасында бұл тауырыпқа енді қайтіп оралмайды. Егер түгелдей ақтарса, бұл шірік тамырдың тармақтары әрі көп, әрі тереңде жатқан болар еді және оларды түгел қопарып шығып, үстіне өскен зұлымдықтың өркендеуін тоқтатуға

Абайдың әлі келмес еді. Қалай келсін: бұл әшейін ғана зұлымдық емес, әлеуметтік зұлымдық. Себебі: қалың малға жалпы әйел заты сатылғанымен, жаңағы шалдар алатын жас тоқалдар жалпы қазақтың қызы емес, олардың ішінде кедейлердің қызы еді. Егер бұл мәселенің тамырын қызы бастаса, Абай талай ласқа және өзінің аршуға шамасы келмейтін батпақтарға кездеседі. Сондықтан Абай бұл зұлымдықтың шетін байқап қана көреді де, әрі барса, батып кететін болған соң, тайқып қайта шығып, оны ақтаруға жүрегі айнып жоламайды. Қазақ әйелдерін бақытсыздыққа ұшыратып отырған бұл зұлымдықты қайткенде жоюдың жолын таппаған Абай ол туралы ақылдымысынып ешбір сөз айтпайды да.

* * *

Қазақтың қоғамдық тіршілігіндегі экономикалық, саяси теңсіздіктен туған зұлымдықтарды сынай отыра, сол зұлымдықтардан арылудың айқын жолын таба алмаған Абай қоғамның тең жарасы әйелдердің басындағы зұлымдық бұлтын арылтудың да айласын таба алмайды. Қазақ халқының басындағы өзге қайғыларын арылта алмаудан қандай торықса, әйел мәселесінде де сондай торығады. Қоғам тұрмысындағы өзге әділетсіздіктерді түзетуде замандастарынан өзіне серік таба алмай жалғызсыраған ол әйелдің жүрек бостандығын көксеуде де өзіне серік таба алмай жалғызсырайды.

Жалғыздық сарыны Абайдың шығармаларынан кең орын алатыны мәлім. Оның негізгі түпкі себебі: Абай заманындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, сол кездегі қоғамдық қарым-қатынаста екендігі жоғарыда әр тараптан баяндалған қазақ өмірінен, оған азамат ақынның көзқарасынан айқын аңғарылуға тиіс.

Абай – қоғамшыл ақын. әрбір қоғамшыл ақын – ең алдымен – үгітші. өзі сенген идеяны шығармасы арқылы үгіттемейтін ақын болмайды. Біздің Абай да сондай. Ол қоғам тұрмысындағы әділетсіздікті сынап қана қоймайды, сол әділетсіздікті қайткенде жоюдың жолын іздейді, өзі тапқан «жолмен жүрейік» деп халқын үгіттейді. Бірақ Абайдың үгіті жалаң тілмен айтылған үгіт емес, көркем тілмен айтқан үгіт. Ол күнделік өмірден туған тіршіліктің неше түрлі жабайы мәселелерін тамаша көркем тілмен, көркем бейнемен береді. Абайдың шығармаларына қарағанда, қоғамдық тіршілігінде көркем сипаттап беруге жарамайтын тақырып жоқ сияқты. Осы көркемдікті Абай қалай жасады. Енді соны баяндайық.

VI. Абайдың әдебиетке көқарасы және ақындық шеберлігі

«Абай қандай ақын?» деген сұраудың жауабын берер алдында, оқушыларға В.Г. Беринскийдің орыстың данышпан ақыны А.С.Пушкин туралы айтқан мына сөзін ескерте кетуді қажет деп ойлаймыз:

«Тарту-таралғы әкелген сияқтанып, барлық суларын сарқа құйған ұсақ өзендерден ұлы өзендер құралады. Ока мен Кама өзендерінің суын тану үшін,

Еділ суының химиясын кім ажырата алар еді? Еділ өзге өзендердің үлкендерін де, кішілерін де қосып ап, көрнекті келбетпен толқындана ілгері тартады. Осы Еділдің кең арнасында жүзген адамдардың ешқайсысы да мұндай пәлендей өзеннің суы бар екен дей алмайды. Пушкиннің ақындық дарынын азықтандарғын – одан ілгері жасаған ақындардың шығармалары. Одан да анығырақ айтқанда, Пушкиннің дарыны өзінен бұрынғы дарындарды заңды қазына есебінде бойына сіңірді де, сол бойына сіңгенде дүниеге жаңарған, түсін өзгерткен түрде қайта шығарды. Державинсіз, Жуковскийсіз, Батюшковсыз Пушкин де болмайтынын айтуға да, дәлелдеуге де болады. Пушкин – солардың шәкірті. Бірақ Пушкин сол ұстаздарынан, үлгі алған адамдарынан көшіріп жазды деп, олардан барлық шығармаларында да өлшеусіз жоғары емес деп ешкім айта да, дәлелдей де алмайды».

Белинский осы пікірін бірнеше ғылыми еңбектерінде қайталай айтып, орыстың шын мағынасындағы бірінші ақыны – Пушкин дейді. Және осы пікірін ол таласуға болмайтын дәлелдермен бекітеді.

Белинский: «Орыстың әдебиеті Пушкиннен басталады, неге десеңіз, орыстың қан тамыры соның поэзиясында ғана соғады», - десе, «Пушкиннің қасиеті – оның орыс ақыны екендігінде; орыстың өмрі бірінше рет Пушкиннің қуаты күшті жылдарында ғана көрінді», - десе, біз де Абай туралы осы пікірді айтамыз. Абай – қазақтың Пушкині.

Егер орыстың халық әдебиетісіз, Державинсіз, Жуковскийсіз, Батюшковсыз Пушкин болмаса, қазақтың халық әдебиетісіз, Бұхар жыраусыз, Махамбетсіз, Шортанбайсыз Абай да болмас еді. Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы - Абай емес, Абайды туғызған - халық. Халық өзінің өмірінде талай ақынды туғызған, ол ақындар халықтың қуаныш пен қайғысын өздерінің шығармаларында тамаша етіп сипаттаған. Абай - солардың бірі. Әрине, «бірі» болғанда, қатардағы емес, бірегейі. Сөйте тұра, Абайды туғызған халық жалғыз оның ғана шығармаларымен рухани азықтанбайды, басқа ақындарының шығармаларымен де азықтанады.

Өзінен бұрынғы қазақ ақындарынан Абайдың бақыттылығы оның солардың бәрінен ақындық дарыны артықтығында ғана емес. Табиғаттан бойына біткен оның ақындық дарыны, мүмкін, Бұхардан, Махамбеттен, Шортанбайдан артық болмауы. Мәселе ақынның бойына біткен дарынында ғана емес, сол дарынды өсіріп, өндіретін жағдайда.

Ақынды өсіретін жағдай - қоғам тіршілігі. Оның ой-пікірінің қазығы - сол тіршілік. Қоғамдық ойдың өресі мен екпіні қаншалық күшті болса, ақын ойы биік деңгейден табылмақ.

Қоғамдық ой әр дәуірде бір екпінмен толқындана бермейді; оның әлді де дәуірі бар, әлсіз дәуірі де бар. Әлсіз дәуірде әлді ақын шықпайды. Абайға дейінгі қазақ ақындары Абайдай бола алмаса, ол олардың ақындық дарынының әлсіздігінен емес, үлкен ойға меңзей

алмаған дәуірдің әлсіздігінен. ХІХ ғасырда тумай, мәселен, ХVІІІ ғасырда туса, Абай да көп жыраудың бірі ғана боп қалуы да ықтимал.

Әрбір экономикалық, саясаттық дәуірдің өзіне лайық ой-пікірі бар. Мәселен, ескі гректің эпосы «Илиаданың» мазмұны сол заманның ой-пікіріне жарасып тұр, себебі - адам ол кезде табиғаттың жетекшісі емес, жетегіндегісі. Ол кезде адамға табиғаттың мылқау күшінің бәрі - тәңірі: желдің де тәңірі бар, судың да тәңірі бар, көктің де тәңірісі бар... Адамның да күштілері ол кезде - жарты тәңірі (Ахиллдың көк тәңірісі Аполлоннан тууы сияқты). Сондықтан ол кездің ақыны Гомер шындықта болмайтын қиялдардың тасқынына қалқып кетсе, заманына қарай әдемі-ақ.

Европада Қайта өрлеу (эпоха Возрождения) басталғаннан кейін Гомердің стилінде поэма шығарам деп талпынса, көптің көзіне ол күлкі болар еді. Себебі бұл кезде Европадағы қоғам табиғат күшіне бағынумен қанаттанбай, оны бағындыруға кіріскен болатын. Осы процесс күшейген ХVІІІ ғасырда «Илиаданың» стилінде эпос жазуға тырысқандарды Белинский былайша сықақтайды: «Ломоносовтың «Петриадасы» мен Вольтердің «Генриадасының» аралары алшақ емес. «Петриадада» Ломоносов Нептунның ордасын Ақ теңіздің астында еді деп сипаттайды. Жерорта теңізін жайлаған грек аралының тұрғын адамына, біздің ақын тым суық пәтер берген. Ұлы Петр мен Нептунды - ескі гректің теңіз тәңірісін - қалай жақындастырады!.. Бұл сияқты көптірме тағылық поэманы Ломоносовтың бітірмей тастауы да ұғымды: табиғатында дұрыс пікірлі және ақылды боп жаралған Ломоносов бұл сияқты қиялдан туған елірме «Гоич де Форсені», әрине, бітіруге мүмкін емес. Ломоносовтың трагедиялары да «Петриадаға» ұқсас» (Белинский, «Избранное», 1914 ж.)

ХVІІІ ғасырда «Илиадаға» ұқсатып «Генриада» жазған Вольтер мен «Петриада» жазған Ломоносовты Белинскийдің неге сықақтау себебін біз Карл Маркстың грек эпосы туралы айтқан мына сөздерін оқығанда түсінеміз: «Гректің мифологиясы оның қазынасы ғана емес, өсетін

топырағы да екені мәлім. Мәселен, сельфакторлар, темір жолдар, локомотивтер, электрлік телеграфтар шыққан кезде, гректің қиялынан, сондықтан грек искусствосынан туған табиғатқа немесе қоғамның қарым-қатынасына көзқарас мүмкін бе? Roberts С^о мен Вулканды¹ қатар қоюға бола ма? Юпитерді нажағай тартатын құралмен, Греместі³ Credit Mobilierмен⁴ қатар қоюға бола ма? Әрбір мифологияның табиғатты жеңуі де, бағындыруы да, құрастыруы да қиялмен ғана, қиялдың жәрдемімен ғана болатын іс, олай болса, табиғаттың сол күштері меңгерілумен қабат (мифология да) қойылады. Printing Pousesquareнің⁵ қасында, әйел тәңір Фаманың несі қалады?»» (К. Маркс және Ф. Энгельс, «Искусство туралы», 1957 ж., I том, 134-135 бет).

Ескі гректің қиялынан туған пікірді XVIII ғасырдың пікіріне үйлестіру қандай күлкі болса, XVIII ғасырдың романтизмін XIX ғасырдың реализміне үйлестірем деу де сондай күлкі болар еді. Әр нәрсенің орны бар, әр іс пен әрекеттің жасалатын кезеңі, заманы бар. Кешегінің бүгін ескіретін, бүгінгінің ертең басқаша болатын диалектикалық заңын еске ала білсек қана қателеспейміз, дұрыс жол таба аламыз.

Біздің Абай - қалам ұстап әдебиет майданына аттанарда осыны өзінің озық ой өрісімен түсініп, өзінің қай заманда туғанын, ақындық талантын не мақсатқа пайдалануға қажетті екенін анықтай алған ақын.

Мұндай пікірге Абай әулиелікпен келген жоқ, туған елі қазақтың өмірін, әдебиетін білу, Шығыс елдерінің әдебиетін, орыс әдебиетін терең зерттеу арқылы келді.

Өзінің бұрынғы және өз заманындағы қазақ әдебиетін Абайдың қаншалық білгендігі оның шығармаларынан көрінеді. Жалпы қазақ өмірінде поэзияның орны қандай екендігін Абайдың қалай ұққандығы оның мына өлеңінен көрінеді:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?
Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен бет ашар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?
Бала туса, күзетер шілдеhana,
Шуласып өлең айтар онда жана,
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған
Биде тақпақ, мақал бар, ойлап қара.

Өмірі поэзияға бөленбеген халық жоқ. Солай бола тұрса да, Абайдың жоғарыда мысалға алған өлеңін оқығанда, оқушының көзіне елестейтін өзге халықтың өмірі емес, қазақ өмірі, қазақтың ұлттық өмірі. Екі мысал алайық: біреуі - шілдеhana, екіншісі - жоқтау.

Шілдеhana-бала туумен байланысты сауық. Баланың тууын барлық халық та, барлық ата-ана да қуаныш көреді. Сөйте тұра бала туған күннен бастап, үш күн ұдайымен «шілдеhana күзетіп», бала жатқан үйде қыз-бозбала жиналып сауық кешін жасау, ол кешті іңірден таң атқанша ән-күймен өткізу, мәселен, Европа елдерінде жоқ. Ондай әдет Шығыс елдерінде, қазақпен көршілес отырған және туыстас татар мен өзбек елдерінде де жоқ. «Шілдеhana»- тұрмысы көшпелі салттағы елдерде ғана кездеседі де, отырықшы елдерде кездеспейді. Батыс елдерінің, орыстың жасқа толғанын тойлау (именины жасауы) қазақтың

«мүшел» тойына ұқсайды, айырмасы - орыстар жасқа толуын жыл сайын мерекелейді, қазақ бір мүшел толғанда мерекелейді. Мүшел әрбір он екі жыл өтіп, он үшінші жыл толғанда басталады. Мәселен, 13 бір мүшел, 25-те бір мүшел, 37- де бір мүшел, 49-да бір мүшел... осы мүшелдерде, қазақтың әдетінде, той жасап, мүшелі толғанның құрдастарына астына ат, үстіне киім береді екен.

Жоқтау-адамның өлуімен байланысты «сауық». «Сауық» дейтін себебіміз: өлетін адамды да, қазақтың ескі салтында өмірден өлімге өлеңмен жөнелтіп салады; өліп бара жатқан адамға, оның шешесі, әйелі, апа-қарындастары келіні жылап қана, жай қара сөзбен ғана қоштаспайды, өлеңмен, сол өлеңді әндетіп айтумен қоштасады. Өлікті көмгеннен кейін де, оның әйелі, жақындары өлгенге жыл толып, «асын» бергенше, ол туралы айтатын жоқтау өлеңін тоқтатпайды. Әдетте, өлікке 40 күн толғанша, туысқандары, әйелі жоқтауды күніне үш мезгіл: таңертең, түсте, кешке айтады да, «қырқын» берген соң, үйіне елеулі кісілер келгенде, еске түсіру есебінде ғана айтады.

Біз бұл арада «шілдехана» мен «жоқтау» өлеңдерінің тарихын қазалық деп отырған жоқпыз, я сол түрлі поэзияларды зерттегелі отырған жоқпыз. Ол біздің бұл жолғы міндетімізге жатпайды. Егер тексере, зерттей бастасақ, бұл тақырыпқа қалың кітап жазуға болар еді.

«Шілдехана» мен «жоқтауды» біз:

Бала туса, күзетер шілдехана,
Шуласып елең айтар онда жаңа, -

деп,

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы ол,
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол? -

деп Абай жазғандықтан ғана еске түсіріп отырмыз. Қазақтың өмірінде поэзияның осындай ерекше орны барлығын ұққан және сол туралы елең жазған Абай пікірін былайша қорытады:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдің, қызығының бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең.

Екінші сөзбен айтқанда, анасынан шырылдап, дүниеге келген баланың қазақ тұрмысында бірінші еститін дыбысы-өлең, олай болса, оған өмірдің есігін өлең ашады; аз ба, көп пе жасап, өмірмен қоштасатын адамның, қазақ тұрмысында соңғы еститін дыбысы да

өлең, олай болса, өмірдің шығар есігінен де оны жөнелтіп сап қоштасып қалатын да өлең. Адамның тууы мен өлуінің арасындағы өмірі өлең араласқанда ғана қызық, өлеңсіз қызық өмір жоқ... Абайдың өмір мен өлеңге, қазақ өміріндегі поэзияның роліне көзқарасы осындай.

Қазақтың әсіресе әдет-ғұрыптық поэзиясын Абайдың жақсы білетіндігі және жақсы көретіндігі оның жоғарыда мысалға алған өлеңінен айқын көрініп тұр.

Бірақ қазақ фольклоры жалғыз әдет-ғұрып поэзиясынан ғана құралмайды, оның толып жатқан тармақтары бар, солардан Абайдың тағы да сүйсініп қарайтындары бар ма?

Қазақ фольклорынан өзінің шығармаларында Абайдың өте көп қолданатын бір тармағы - тақпақ, мақалдар, мәтелдер.

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, ойлап қара, -

дегенде Абайдың тақпақ пен мақалды сүйсіне атап отырғаны көрініп тұр. Бірақ Абай қазақтың өткен өміріне де, өз заманындағы өміріне де сын көзімен қарағаны сияқты, қазақтың мақалына да сын көзімен қарап, ескіргендері мен ескірмегендерін жіктейді. Мәселен, ол қазақ тарихы туралы пікір айтқанда, қазақтың «Алаш - алаш болғанда, Алаша хан болғанда» «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Ұлыстың ұлы күні», «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды», «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы», «Күл төбенің басында күнде кеңес» деген сияқты мақал-мәтелдеріне қатты сүйенеді және олардан көп тарихи шындық табады.

«Бас-басыңа би болсаң, Манар тауға сыймассың, бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», «Өзіне ар тұтқан, жаттан зор тұтады», «Аз араздық көп пайданы кетіреді», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жол қуған қазынаға жолығады, дау қуған пәлеге жолығады» деген қазақ мақалдарын Абай өз замандастарына үлгі ғып ұсынады.

«Біздің қазақтың мақалдарының,-дейді Абай,-көбінің іске татырлығы да бар. Іске татымақ түгіл, не құдайлыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар: «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң тірі боп жүргені құрсын... «Атың шықпаса өрт сал»,-дейді. Жер өртеп шыққан аттың несі мұрат? «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата анасынан мал тәтті көрінетін ант ұрғанның «тәтті» дерлік не жөні бар? Ата-ананы малға сатсақ, ең арсыздың бірі емеспіз бе?!»

«Көкірек толған қайғы,-дейді Абай тағы бір сөзінде- қайғы не десең, (қазақтың) мақалдарынан танырсың. «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де - жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық», «Ер азығы

мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзады», «Алаған қолым берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Қарының ашса, қаралы үйге шап», «Қайраңы жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген, осындай сөздер есепсіз толып жатыр. Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен...»

Бұл сынап отырған мақалдардың кейбірінің мағынасы және маңызы туралы Абайдың пікіріне қосыла қоймайтыны бар. «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық» деген мақал - қанаушы мен қаналушының қоғамдық халдерінің қандайлығын көрсететін сөз. «Қайраңы жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген де орынды айтылған. Алайда біз бұл жолы Абайдың халық мақалын қаншалық білгендігіне және оны өз шығармаларында қалай пайдаланғандығына ғана назар аудармақпыз.

Абай қазақтың мақал, мәтелдерін біліп қана, жақсы, жаманын талдап қана қоймайды. Ол өзінің кейбір шығармаларында, әсіресе өлеңдерінде, өз пікіріне қазық ретінде мақал, мәтелдерді алып отырады. Мәселен, қазақ мәтелінде мақтаншақты «аузымен орақ орады» деп сипаттайды, Абай елдің надан салтын сөгіп жазған өлеңінде, өз пікіріне қазық ретінде мақал, мәтелдерді алып отырады. Мәселен, қазақ мәтелінде мақтаншақты «аузымен орақ орады» деп Абай елдің надан салтын сөгіп жазған өлеңінде осы мәтелді алып:

Ұқпайсын, өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузыңмен орақ орған өңкей қыртың! -

дейді. Қазақ берекесіз елді «алтыбақан, ала ауыз» десе, Абай да:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін Алтыбақан, ала ауыз, -

дейді. Қазақ тентекті «қазан бұзар» десе, Абай да ел бұзғыштарды:

Қалжыңы теріс, сөзі - ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді,
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір кырыс, -

деп сипаттайды. Қазақ ұрыларды «байлағанда бау кеседі» десе, Абай пысықтарды:

Ұрлық пенен қулыққа,

Байлағанда кестің бау, -

деп сөгеді. Қазақта «берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз» деген мақал бар, Абай соны пайдаланып, жаңағы пысыққа:

Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау,-

дейді. Қазақ «қайта көрер есікті қатты серіппе» деген мақал айтса, Абай жаңағы ұрсып отырған пысығына:

Қайта келер есікті
Қатты серіппе, жарқын-ау! -

деген ақыл да айтады. Осындай халық мақалынан, халық мәтелінен пайдаланған мысалдар Абайдың өлеңдерінде толып жатыр.

Абай насихат сөздерінде де, өлеңдерінде де қазақ фольклорының өзге түрлерінен гөрі мақал мен мәтелдерді көбірек пайдаланғанын байқаймыз. Осыған қарағанда, Абайдың өмірбаянын жазушылардың: «Ол 14 жасында Семейдегі медреседен қайтқаннан кейін, әкесінің ықпалымен елдің билік жұмысына араласа бастады. Ел билеу жұмысында, қазақтың билерімен, шешендерімен кездесіп, солардан үлгі алып, 17-18 жасында өзі де шешен бидің бірі болды», - деген сөзі рас сияқты. Неге десеңіз, қазақта би болу ақыл табуға ғана байланысты емес, сөз таба білуге де байланысты. Шешен сөйлей білу - қазақ билерінің салты. Және олардың көбі жабайы шешен сөз емес, тақпақты, өлеңді шешен сөзбен сөйлеген, өздерінің өлеңді сөздеріне халықтың мақалдарын араластыра сөйлеген. «Түгел сөздің түбі» атанған Майқыдан, Каз дауысты Қазыбектен, Үйсін Төле биден, Шақшақ ұлы Жәнібектен, Керей Тоқсан биден, Мөңке биден қалды деген сөздердің бәрі де тақпақты, өлеңді келетін себебі осыдан. Қазақ фольклорының дүние жүзіндік фольклормен қабысып жататын бір тармағы - осы шешендік сөздері. Біздің билер ескі гректің ораторлары сияқты.

Қазақ билерінің осындай қасиетін таныған Шоқан Уәлиханов, оларға мынадай баға берген: «Билерді дауыс беріп ешкім сайламайды да, ешкім бекітпейді де. Европаның ақындары, ғалымдары, адвокаттары сияқты, қазақтың билерінің де қадірі өздерінің қара басына тәуелді беделдеріне негізделеді. Шекспир мен Гетені барлық жұрт ұлы ақындар деп санайды. Ал олардың данышпандығы ешбір өкіметтің декретіне, еш халықтың сайлауына сүйенген емес».

Одан әрі қарай Шоқан осы еңбегінде, қайткенде халық көзінде би бола алудың шарттарын санайды. Сондағы ең үлкен шарттар: ақылдылық пен сөзге ұсталық.

Ақылдылық жағынан да, көркемдік жағынан да шешендік сөздер - қазақ фольклорының ең бай тарауының біреуі. «Шешен сөз,- дейді Белинский,-поэзия сияқты толық мағынасындағы көркемөнер емес, неге десең, онда белгілі тәжірибелік іске арналғандық бар. Оның таянышы-шығарма емес, талас, айтыс. Солай болғанмен де ол- көркемөнер. Неге десең, шешендік сөз шешеннен таланттылықты, шабыттылықты, көркем сөйлеушілікті тілейді» (В. Г. Белинский, Таңдамалы шығармалары, 1914 ж., 871 бет).

Абайдың қара сөздері де, өлеңдері де ақылды, шешен, көркем келуіне бір себеп - оның жасынан қазақтың шешен, көркем сөздерімен танысуы екендігінде дау болмасқа тиіс. Шешендер әдетте көп сезді болмаған. Олар «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген қазақ мақалын өздеріне программа көріп, айтыста көп сөйлемеуге, ретін тапқан аз сөзбен үлкен мәселенің түйінін шешуге тырысқан және шешкен де. Абай да өзінің шығармаларында аз сөзді болған, азғантай, бірақ ақылды, шешен көркем сөздер айтқан кісі.

Абай 40 жасына шейін елдің билігіне араласып, жазушылық жұмысқа қырықтан шыға кіріскенін біз оның өмірбаянынан жақсы білеміз. Біздің білмейтініміз: билік құрған кезінде Абай бұрынғы билердей тақпақты шешен сөздер айтты ма, жоқ па? Бұл сұраудың жауабын ешкім бере алмайды, себебі бұл жөнде ешкімнің де қолында материал жоқ. Қырықтан аса жазған Абайдың өлеңдерінде де, насихат сөздерінде де ақыл айту басым, бірақ ол билік сөз емес, олардың көбі - дидактикалық поэзияның үлгісі.

Абай - ақын. Және сауатсыз ақын емес, қазақ әдебиетін де, исламдық Шығыс әдебиетін де, орыс әдебиетін де білген сауатты ақын. Осы сауатты ақынның өзінен бұрынғы я өз тұсындағы қазақ әдебиетіне, әсіресе поэзиясына көзқарасы қандай?

Бұл сұрауға жауап беру үшін, ең алдымен, Абайдың әдебиеттегі орнын анықтап алу қажет, ол үшін Абайға шейінгі және Абай тұсындағы қазақ әдебиетінің хал-жайына біраз тоқтау шарт.

Кейбір зерттеушілер қазақтың ауыз әдебиетінің алғашқы өкілдері деп ауызша жырларда аттары кездесетін Сыпыра жырауды, Асан қайғыны атағысы келеді; енді біреулер, қазақтың жазба әдебиетінің тарихын ертеден бастамақ боп, XIII ғасырда жасаған Қожа Ахмет Ясауиді «қазақ ақыны еді» дейді. Біз бұл пікірлердің екеуіне де қосылмаймыз. Қазақ ауыз әдебиетіндегі Сыпыра жырау мен Асан қайғы, бізше, мәселен, орыс ауыз әдебиетіндегі Баян сияқты ақындар. «Сәуегей» аталатын Баянды ешбір орыс тарихшысы әдебиетші қатарына қосқан да емес, орыс әдебиетінің тарихын одан бастаған да емес. Себебі: Баянның болған адам екендігіне ешбір документ жоқ. Мүмкін, Баян атты бір ақын адамның болуы, бірақ оның осы «болуы» документте сақталмай, ол орыс елінің аузында қиялдан туған адам сияқтанып, ертегіге айналып кеткен.

Біздің Сыпыра жырау мен Асан қайғы да сол Баян сияқты. Бір жақтан қарағанда, олар тарихта болған адамдар сияқты. Себебі, ескі жырларда, Сыпыра жырау Тоқтамыс ханмен тұстас боп, Асан қайғы Жәнібек ханмен тұстас боп сипатталады. Бұл хандар тарихта болған адамдар және Сыпыра жыраудың да, Асан қайғының да өздерімен тұстас хандарға, өзі жасаған заманға арнаған сөздері де бар. Солай бола тұра, оларды тарихи ақындар деп алып, қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы белгілі өкілдері солар еді деу, әрине, ғылымдық дәлел боп шықпайды. Орыстың ауыз әдебиетінде Баян қандай ертегі болса, қазақтың ауыз әдебиетінде де Сыпыра жырау мен Асан қайғы сондай ертегі. Аттары солардай ертегі боп кеткен ақындар талай халықтардан кездеседі, оларды ешбір халықтың әдебиет тарихының басына қоймайды. Бұл жөнде өзге ертегі ақындардан тағдыры өзгеше ескі грек елінің ақыны Гомер ғана. Ескі гректің әдебиет тарихы Гомерден басталады. Сөйте тұра, «гомер белгісіз бір тайпаның аты ма, я әйгілі ақынның өз аты ма?» деген сұрауға ғылым әлі жауап іздеуде. «Ендеше неге Гомерден бастайды?» деген сұрауға ғылымның берер жауабы: егер Айсадан алты жүз жыл бұрын жасаған Афины әміршісі Писистрат өз тұсының жыршыларын жинап алмаса, ол жыршылар гректің «Илиада» мен «Одиссея» дейтін көлемі зор, көркемдігі тамаша халық эпостарын Гомерден қалған демесе, әрине, Гомер ертедегі ақынның бірі ғана боп қала берер еді де, грек әдебиетінің тарихын бастамас еді.

Біздің Сыпыра жырау мен Асан қайғының трагедиясы - олардан сақталған қазақтың «Илиадасы» жоқ. «Қобыланды» я сол сияқты қазақ эпостарын Сыпыра жырау мен Асан қайғынікі еді деуге, біздің қолда әзірге дәлел жоқ. Сондықтан қашан ғылым анығын ашқанша, Сыпыра жырау мен Асан қайғының, біз, гректің Гомері емес, орыстың Баяны сияқты ғана көре тұрамыз.

Қазақтың жазба әдебиетін XIII ғасырда жасаған Қожа Ахмет Ясауиден бастауға да біздің қосылмайтын себебіміз: оның қабыры Қазақстанның қаласы Түркістанда болғаны болмаса, одан қалған шығармада «Хикматта», қазақ түгіл, қазақтың ешбір руының тіршілігін сипаттаған белгі жоқ. Егер ол парсының жазушысы, ақыны Фирдоусидай, азербайжанның ақыны Низамидай, өзбектің ақыны Науаидай, белгілі бір халықтың, яғни қазақтың ең болмағанда оның жеке руларының өмірін шығармаларында көрсетсе, оны біз қазақ ақыны дер ек. Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларынан, қазақ түгіл, қазақтың ешбір руына жанасатын ештеңе табылмайтындығын және оның шығармаларын қарапайым қазақтың түсіне алмайтындығын еске алсақ, оны қазақтың жазба әдебиетінің басы деу орынсыз. Қазақ әдебиетінде жазушы ақынның емес, әдебиетте аты-жөні сақталған ақынның өзі XVIII ғасырдың бер жағы ғана. Әрине, XVIII ғасырға шейін де қазақта бай ауыз әдебиеті болды. Ол әдебиет не көктен түскен жоқ, не жерден шыққан жоқ, оны жасаушы белгілі адамдар, яғни ақындар бар. Бірақ ол

кезде қазақ халқы сауатсыз болғандықтан, көркем шығарма жазылып қағазға түспегендіктен, шығаратын ақындардың жырлары өзі өлген соң халық қазынасына айналып, шығарушыларының аты-жөні ұмытылып, «халық әдебиеті» боп кеткен. Осы «халық әдебиетіндік» арнадан қазақ ауыз әдебиетінің саралануы XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап қана. Бұл басталу қазақ әдебиетінің тарихында Бұхар жырау Қалқаманұлының атымен байланысты.

Әзірге қазақ әдебиетінің тарихында жасаған дәуірі, аты-жөні мәлім бірінші ақын - Бұхар жырау. Оның кім екендігі туралы бұрынғы бір еңбегімізде айтылған мәліметтерді бұл арада қайталамаймыз. Бұхардан кейін жасаған қазақ ақындарының біразының аттары да, шығармалары да мәлім.

Бұл арада тоқтала кетуге қажетті бір мәселе - қазақ жазба әдебиетінің басы қай ақынның шығармасынан басталатындығы туралы.

Кейбір жорамалға қарағанда, Бұхар жырау да, оның ізін баса шыққан ақындар: Дулат, Шортанбай тағы басқалар да және кейбір документтерге қарағанда Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет те мұсылманша хат білгенге ұқсайды. Соған қарап, кейбір әдебиетінің басы еді дегісі келеді. Біз бұл пікірге де қарсымыз, себебі, біріншіден, солардың хат білетіндігін дәлелдейтін документ мықты емес (егер Махамбет Өтемісұлы архивтен табылған документтерде «Мұхаммед Отамыш ұғли» деп қол қойса және осы «қол қоюға» жататын сөздері арабшылаумен қатар, дауысты әріптер араласпайтын араб грамматикасының заңымен жазса, ол қазақша хат білгендікке куә емес); екіншіден, олардың ешбірінің қолынан жазылған шығарма сақталған емес, сондықтан олар өз қолдарымен өлең жазды ма, ол арасы бізге мәлімсіз; үшіншіден, және негізгісі, ол ақындардың қолымен өлең жазуы жазба әдебиеттің өкілі болуына дәлел бола алмайды. Өйткені, шығармаларының көбі ауыз әдебиетінің стилі мен образының аумағынан шыға алмай жатады. Олай болса, оларды «қазақ жазба әдебиетінің өкілдері еді» деп қалай атай аламыз?

Әрине, атай алмаймыз. Бізше, олар - жазба әдебиеттің өкілдері емес, ауыз әдебиетінің өкілдері. Олардың өздерінен бұрынғы ақындардан айырмасы тек тарихта аттары мәлім болуда ғана. Әйтпесе, шығармаларының стилінде де, сөздік материалдарында да ешбір айырма жоқ, екеуі де - фольклор.

Фольклор мен жазба әдебиеттің арасындағы негізгі бір айырмашылыққа тоқтап өтейік: фольклорлық шығарманың мазмұнында тақырыптық бірлестік үнемі бірыңғай келе бермей, көбіне ала жаулы, әр тараулы боп кетеді. Мәселен қазақтың:

Базардан алып келген жезді құман,
Пәлеге ұшырайды сөзді құған.
Бал шайнап, шекер жұтқан, беу қарағым,

Көзіңнен айналайын жаудыраған, -

деген өлеңнің төрт жолы үш түрлі мағына береді: бастапқы «Базардан алып келген жезді құман» деген жол бір мағына, «Пәлеге ұшырайды сөзді құған» деген жол екінші мағына, соңғы екі жол үшінші мағына. Шығарушыға керегі бастапқы екі жол емес, соңғы екі жол. Олай болса, керексіз бастапқы екі жолды неге қолданады?

Қолданатын себебі: төрт жолдан құралатын бір ауыз өлеңнің барлық жолдарын бір мағынаның арнасынан ғана өткізуге өлеңді табан аузында шығарып отырған адамның уақыты да, мүмкіншілігі де жоқ. Сондықтан ол өз ойын білдіретін сөздерді тауып алғанша, халық фольклорында бұрын айтылып жүретін даяр сөздерді тыныс есебінде қолданады да, өз ойын соған үйлестіріп қоса салады. Оқиғасы да, тақырыбы да әр түрлі фольклорлық шығармалардың ішінде бір сарынды теңеулер, салыстырулар, әсірелеулер араласып жатуы осыдан. XVI ғасырда жасапты-мыс дейтін Асан қайғы мен XVIII ғасырда жасаған Бұхардың сөздері көп жерде ұқсап қалатын қалатын себебі: «Қобыланды», «Қарасай Қазы» сияқты жырлардың сөздері мен Махамбеттің кейбір өлеңдері ұқсап қалатын себебі: біздің заманның кәтте қарт ақындары Жамбылдың, Нұрпейістің, Шашубайдың жырларынан, ескі жырлардың жолдары, сөздері көп ұшырасатын себебі де осында. Қазақстанның күнгей жақ облыстарының елінде күні бүгінге шейін кездесетін ай- тыс өлеңдерінің көпшілігінде, бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолы үнемі халық әдебиетіндегі:

Қара кемер, замандас, қара кемер,
Қара інгенді айналып ботасы емер, -

деген сияқты,

Шыны кесе, ендеше, шыны кесе,
Шыны кесе толады, құйса есе, -

деген сияқты дайын трафареттен алынып, аяғына:

Қараңғы іңір болғанда жолығып кет,
Жарық кезде жолықсаң. шешең көрер, -

деген жалғау қосуы,

Сонда көңілім дауалар, ай-ау, қалқам,
Жарты бидай ауыздан жарып жесе,-

деген жалғау қосуы, ауыз әдебиетінің заңды жолынан шыққан. Ауыз әдебиеттің осындай табиғатын Абай оның кемшілігі деп ұғып:

Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Әттең дуние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! -

деп ренжиді. Тағы бір өлеңінде:

Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап, -

деп сөгеді. Рас, Абайдан бұрынғы қазақ ақындары да, Абай тұсындағы қазақ ақындары да талант жағынан, сөзге шеберлік жағынан бір қалыпта емес. Олардың екпіндеген жүйріктері де бар, шоқақтан артығы жоқ жортақтары да бар, кібіртктеген аяңшылары да бар. Абай «өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау» деп атақ тағып отырған Бұхар, Дулат, Шортанбай осы жүйелі ақындардың алғашқысына жатады. Бұхар мен Дулатта жалпы қазақ фольклорының сөздері кейде кесек, кейде аз араласып отырса, Шортанбайда фольклордан даяр пікірлер, даяр шумақтар, даяр жолдар, даяр сөздер өте сирек ұшырайды. Шортанбайдың фольклормен байланысы: тақырыбы заманына арналғанмен, өзінен бұрынғы қазақ фольклорын идея жағынан да, көркемдік жағынан да, техника жағынан да тереңдете алмауында.

Өзінен бұрынғы және өзімен тұстас қазақ ақындарын Абай «жамаулы, құраулы» өлең жазғандықтан ғана өлеңнің көркемдігі, түрі «нашарлықтан» ғана мінемейді, олардың мән-мақсатының жадағайлығынан да мінейді. Ол:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап,
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, құдай қарғап,
Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ.

Абай бұл өлеңінде «ақындар» деп қазақтың ақын атаулысын түгел алмай, олардың ішінен «мал үшін тілін безеп, жанын жалдағандарды» екшеп алса, не сол «жанын жалдаған» кім екенін атап айтса, біз бұл арада «онысы дұрыс» дер едік те жүре берер ек. Себебі қайдағы мақтаншақ байға барып, қайыршылық қып мақтау өлең айтып, сөзін малға сатып, өлеңнің қадірін кетіретін «ақындар» қазақта Абайға шейін де, Абай тұсында да, Абайдан кейін де аз болмаған. Бірақ бұлар қазақ ақындарының бәрі емес, олардың бір жүйесі ғана. «Өлеңі бірі жамау, бірі құрау» деген уақытта Абай Бұхар, Шортанбай, Дулаттардың «сөз сатқандығы» үшін емес, өлеңдерінің сыртқы құрылысының «теп-тегіс жұмыр, іші алтын, сырты күміс» болмағандығы үшін, бұрынғы сарыннан сытылып шыға алмағандары үшін мінейді.

Абайдың эстетикалық талабы мен талғамы биік болғандықтан творчествоны кәсіпке айналдырғандарды аямай өлтіре сынаса, ол талапты ақындардың «қиыннан қиыстыра» алмағандығына ренжиді. Бұл заңды да. Өйткені Абай қазақ халқын сөз өнеріне икемдеп таниды да, қатаң талаптар қояды. Абайдың өз аузынан шықпаған, бірақ халық әдебиеті жөнінде түйген ойын Шоқан Уәлихановтың сөзімен айтсақ, мынандай болар еді:

«Татар халықтарының ішінде,-дейді Шоқан, - ақындық қабілетінің күштілігі жағынан қазақ бірінші орын алады деуге болады. Бұл туралы біздің еңбегі сіңген ориенталист Сенковскийдің арабтар туралы айтқан мына сөздерін алайық: «Бәдәуилер табиғатында өлең шығарғыш келеді және ақындыққа бейім тұрады». Қазақ жыршыларының шығармаларында, арабтың поэзиясындағыдай өлеңнің шарты сақталмағанмен, қазақ жырларында да белгілі заң, үйлес бар. Қазақ тілі түрік тұқымдас елдердің тілдерінеп ерекше таза. Өйткенмен жұмсақтығы, әсірелеуі астарлылығы араб тіліндей шындалмаған. Сондықтан көркемдік қасиетінде айырма бар. Қазақ поэзиясы далалық поэзия болғандықтан, арабтың шөлдік поэзиясына ұқсап, сюжет жағынан бір жақтылау келеді де, көшпелі өмірді, рулардың таласын сипаттайды; бұл жағынан алғанда, араб поэзиясына ұқсастығы жақын. Өмірдің шын сипатшысы болғандықтан, қоғамның ұғымын, қарым-қатынасын көрсететіндіктен қазақ поэзиясының аса қызғылықты және көңілді аударатын жақтары көп. Негізгі мақсатымызға оралайық. Тарихы жағынан (қазақ) халқының поэзиялық рухы мына мәселелерде тамаша: 1. тіл жағынан бүгінгі ұрпаққа түсініксіз сөздері аз, Алтын Орда дәуіріне жататын батырлардың жорығын сипаттайтын ескі поэзиялардың көбі, ақындардың ұғымы күштіліктен, біздің заманға шейін бұзылмай сақталды. 2. Әр дәуірде жасаған ақындар өз дәуірінде болған ерекше оқиғаларды жырлары арқылы халықтың есінде қалдырып, сол жырлардың бәрі жиналғанда тұтасқан бір зор шығармаға айналды. 3. Сол тұтасқан поэмалар әдеттің, мақал-мәтелдердің, мінез-құлық заңдарының толық суретін жасап, халықтың өткен тарихының,

рухани өмірінің айнасы болды, тарихи оқиғаларды толықтырды, олардың шыққан себебін ашуға жәрдемдесті. Таң қаларлық нәрсе: қазақтар өздерінің ескі ертегілерін, ескі сенімдерін тамаша таза сақтаған! Одан да артық таң қалатын нәрсе: далиған даланың әр шетінде елде ауыз әдебиеттің бұлай дәл сақталуы ғажап қалдырарлық жағдай болғанмен, ешбір күдіксіз, шындықта бар фактілер» («Шығармалар жинағы», С.-Петербург, 1904 жыл, 193-194 беттер).

Шоқан осы пікірін кейде қысқа, кейде ұзақ қып, жазған еңбектерінің әр жерінде айтады. Бірақ ол «ақын» атаулының бәрін жақсылай бермейді. Әлі баспаға шықпаған, Ленинградтағы архивте «23-фонд» боп саналатын қолжазба еңбегінде Шоқан «сөзін малға сататын» ақындарды былай сипаттайды: «Шығарып айтқан жырды, сөзді қазақтар «өлең» дейді, шығарушыны «өлеңші», «жыршы» я «ақын» дейді. Шығарғыштардың ішінде арсызы да бар; олар - байлардан, билерден, сұлтандардан сыйлық алу үшін жағынып жырлайтын шарлатандар». Осы пікірін Шоқан көп дәлелдермен бекітеді. Бірақ оның бұл бағасы, қазақтан шыққан ақын атаулының бәріне емес, шын мағынасында сөз сататындарына ғана айтылған. Абай өзіне дейінгі және замандас ақындарды өнерді мал табу жолына жұмсағандығы үшін сынады, ал таланттыларын жаңа түр, соны леп, айқын мағына таппағаны үшін мінейді.

Жалпы қазақ тілінің, оның ішінде поэзия тілінің байлығымен пайдаланғаны болмаса, Абайды өзінен бұрынғы қазақ ақындарында я өзімен замандас қазақ ақындарына еліктеді деу, солардан үлгі алды деу қиын. Мазмұндық жағынан алып қарағанда, Абайдың өлеңдерінің Шортанбайдың жырларымен түйісетін жерлері бар, бірақ:

Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау, -

деуіне қарағанда Абайдың Шортанбайдан үлгі алайын деген ниеті болмаған. Сондықтан егер оның бірнеше өлеңі мазмұн жағынан Шортанбайдың кейбір жырларымен сарындас болса, бұл оның Шортанбайдан алған үлгісі емес, замандары бір болғандықтың әсері ғана.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ауыз әдебиетінің стилінен өзгеше жолмен, европалық стильмен өлең жазуға талаптанған Ыбырай Алтынсарин. Бірақ Ыбырайдың сан жағынан аз өлеңдерінің ішінде «Жаз», «Жаз шыққанда», «Өзен» деген өлеңдері жаңа, европалық стильде жазылады да, «Ей достарым», «Ей жігіттер» деген өлеңдері, мазмұны жаңа болғанмен, ауыз әдебиетінің стилінде жазылады. Сондықтан біз Ыбырайдың жазушылық майданына аттаған адымның бір аяғы ескі қазақ фольклорында, екінші аяғы европалық поэзияда дейміз, Ыбырай толық мағынасындағы европалық ақын емес дейміз.

Ендеше ол европалық стильге көшкен, қазақтың жаңа поэзиясының күні емес, сіберлеп атқан таңы сияқты ғана. Қазақ поэзиясының жаңа күні - Абай.

Абайдың Ыбырайды білу-білмеуі туралы алдағы тарауда аздап айтқан ек, сол мәселеге тағы да аздап оралайық.

Әлі де айтарымыз: Ыбырайдың Абайды білуі туралы біздің қолда ешбір документ те, мәлімет те жоқ. Өйткенмен біздің ойымызша, Ыбырайдың 1879 жылы шыққан «Хрестоматиясын» Абай оқыған сияқты және оқып қана қоймай, кейбір үлгілерін алған сияқты.

Замандарының бірлігінен бе, қоғам өмірін зерттей келе, әрқайсысы өз бетімен келгендіктен бе, әйтеуір, Ыбырай мен Абайдың шығармаларындағы аса қабысатын өзекті арнасы - екеуінің де ағартушы-демократтығы. Екеуі де елін, қазақты сүйеді және оның қанаушыларын емес, өз еңбегімен күнін көрген көпшілігін сүйеді, оларды надандық торынан құтқаруға талаптанады. Мұны олар көркем сөздің қуаты арқылы байқатады. Әрине, олардың өлеңдері идеялық жағынан біріне-бірі қаншама жақын болса да, көркемдік жағынан мүлде ұқсаспайды. Ыбырайдың қанаушыны жамандаған, еңбекшіні жақтаған өлеңдері түр жағынан ажарсыздау, ойы шашыраңдылау боп келеді. Ал Абай өлеңдерінің мазмұны жинақы, түрі көркем. Прозамен жазылған шығармаларда Ыбырайдың Батыс Европа, әсіресе орыс, прозаиктерінен үйренгені мол екендігін байқаймыз. Әрі ықшам, әрі көркем новеллалар тек педагогикалық мақсатты орындап қана қоймай, көркем шығарма дәрежесіне көтеріле алғандығын байқамасқа болмайды. Абайдың прозасы көркем шығарма емес, тек нақыл ғып айтқан насихат қана. Ал Ыбырайдың «Бай баласы мен жарлы баласы», «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейітқұл» тағы бірнеше оригиналдық шығармалары қазақ тілінде жазылған тұңғыш әңгімелер. Мектеп балаларына арналған орысша қысқа әңгімелерді де қазақ тіліне бірінші аударған Ыбырай.

Ағартушылық пікірлері, әсіресе, қазақ балаларын орыс біліміне суару туралы пікірлері, бір арнадан шығатын Ыбырай мен Абайдың сол балаларды оқытудағы халыққа пайдалы іске шақыратынын жоғарыда айтқамыз. Бірақ осы оқуға халықты, әсіресе жастарды үгіттеуге келгенде де, Абайдан Ыбырай тереңірек кетіп, орыстың педагогикалық школасында оқығандығын, оқуын бітірген соң, әрі педагог, әрі инспектор болғандығын көрсетеді. Абайдың «оқыңдар» деуі жалпы ағартушылық сарында ғана айтылса, Ыбырай «оқыңдардың» үстіне, сол оқуға қызықтырудың әдісін таба білген.

Поэзияның шеберлік мәселесінде, Ыбырайдың Абаймен маңайласып қалатын саласы - табиғатты суреттеу. Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңі Ыбырайдың «Жаз» деген өлеңімен стиль жағынан да, сюжет жағынан да, мазмұн жағынан да, көркемдік жағынан да өте ұқсас. Ыбырай «Жаз шыққанда» деген өлеңінде:

Жаз шығып, қыс өткенде, қыспақ өтіп,
Жауатын рахмат жаңбыр күні жетіп,
Азамат, жан-жануар жадырайды,
Сай-сайдан су ағады гүрілдетіп,-

десе, «Жаз» деген өлеңінде:

Сәуірде көтерілер рахмат туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жузіне қардың суы,
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы,-

десе, Абайдын, «Жазғытұры» деген өлеңінде:

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен,
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбандасар өзінің тұрғысымен,-

дейді. Екеуінің сөз құрастары басқа болғанмен, сипаттайтын табиғат бейнесі, ол сипаттаудың көркемдік мөлшері де қатарлас. Ыбырай табиғатты суреттегеннен кейін, қазақ ауылының көктемдегі бейнесін:

Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Кұдайым дәрмен бол деп етер пәрмен.
Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасып әзіл етер,
Әйелдер кеш жөнелтіп кейін қалған...
Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай,
Қой маңырап, сиыр мөңіреп шат болады,
Тасиды күркіресіп өзен мен сай.
Аяғын алшаң басып, түйе шығар,
Қаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!
Кеш болса күн қонады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып,
Аһ ұрып, шүкірлікпен құшақтасар

Рақатпен кеш уақытында неше асық...
Құдайға шүкір етіп жас пен кәрі,
Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі...
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер -
Шуылдап шүкір етіп мұның бәрі,-

деген бейнемен берсе, Абай да осыған ұқсас:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.
Түйе боздап, қой қоздап - қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұландап ағады су...
Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек...
Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер,
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңнен аспан төнер,-

деп бейнелейді. Бұл жөнде де Ыбырай мен Абайдың көркем ойлары дәлме-дәл шығады. Екеуінің қазақ ауылына келген көктемді сипаттауы да, көктемдегі көркемдік пен рақаттың бәрін тәңірінің мейірімі деп ұғуы да бірдей. Тек бөлінетін жерлері - Ыбырай «Жаз» деген өлеңінде мағыналық, көркемдік, мазмұндық жағынан жалғас болса, «Жаз шыққанда» деген өлеңінде сүйіскен жастардың көңіл-күйін бейнелеп, сезімдерін сипаттап кетсе, Абай «Жазғытұры» деген өлеңінің аяғын символикалық теңеумен қыстай көріспеген күн мен жерді біріне-бірін жігіт пен қыздай ғашық қып, көктемде жолғастырып, құмарларынан шығарады. Бірақ Ыбырайдың өлеңі қыз бен жігіттің шындық махаббатын сипаттаумен біткенмен, Абайдың өлеңі күн мен жердің символикалық махаббатын сипаттаумен біткенмен, екеуінің сарқар арнасы бір - құмарлық, құмарлық ләззаты.

Ыбырайдың «Өзен» деген өлеңі еуропалық стильде көркем жазылған шығарма. Абай бұл тақырыпқа арнайы шығарма жазбай, тек қана:

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,

Ұзарып, есіп толғанда,
Күркіреп жатқан езенге,
Көшіп ауыл қонғанда,-

деп жол-жөнекей айтып кетеді. Бірақ қазақ аулының жазғы бейнесін сипаттағанда Абай сөз құдіретін әбден танытады. Абайдың «Жаз» деген өлеңі сөз арқылы жасалған тамаша картина. Бұл өлеңді оқығанда, ұлы суретші салған жазғы ауылдың тамаша сұлу картинасына қарап отырғандай рақаттанасың.

Қазақтың күзгі, қысқы өмірін сипаттау, аңшылығын сипаттау Ыбырайда жоқ. Ал Абайда бұл тақырыпқа жазылған өлеңдерінің суреттілігі «Жаздан» кем емес. Реалист Абай қазақ аулының жазғы рақатын мақтағанмен, көшпелі салтқа байланысты күзгі, қысқы тұрмысындағы жүдеушіліктің бейнесін де көзге елестерліктей суреттейді. Жазды сипаттағанда, ол:

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап...
Арасында құлын-тай,
Айнала шауып бұлтылдап,
Жоғары-төмен үйрек-қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап,
Қыз-келіншек үй тігер
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп, сыңқылдап,
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек,
Кеңесіп, күліп, сылқылдап...
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңергеңнен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған,
Жас бозбала бір бөлек,
Су жағалап қутыңдап
Қайырып салған көк құсы,

Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап,-

деп оқушыларына ауылдың жаздыгүнгі картинасын жасап берсе, «Күз» деген өлеңінде:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай,
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай...
Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол - бір керуен,
Қай ауылды көрсен, де жабырқаңқы,
Күлкі, ойын көрінбейді, сейіл-серуен...
Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы! -

деп жазғы көркемдік пен рақаттың бәрін ауылдан табады. «Қыс» деген өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақсақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық.
Басқан жері сықырлап келіп қалды,-

деп «кәрі құда - қыстың» келгенін сұсты суреттеген Абай:

Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды,-

деп қазақтың ол кезде қыс киіз үйде отыратынын аянышпен айтады. Себебі:

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы.
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Долы боран байдың «алты қанат ақ үйін шайқағанда» киімдері жылы жылқышылар қысқы аязда осындай халге түскенде, жыртық киіз үйдегі, «бай ұрсып орта қап қара қиды әрең беретін», отыны да аз, киімі нашар кедей семьялардың халі қандай болмақ? Бұл сұрауға Абай жауап бермеседе түсінікті. Абайдың табиғат лирикалары тек жанды пейзаждарға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мән-маңызға толы болып, оның демократтық пікірін барынша айқындай түседі. Қазақ елінің жылдың әр мезгілінде қандай күйге түсетіндігін реалистікпен суреттеу Абай поэзиясының зор азаматтық пафосын қалыңдата түседі.

Ыбырай мен Абайдың табиғат лирикаларынан жоғарғыдай ұқсастықты аңғарсақ, енді тарихта болған адамды арқау ете шығарған шығармаларына да тоқтай кету қажет. Өйткені, бұл шығармалардан олардың идеялық бірлестігін, пікірлерінің бір арнаға құятындығын тағы да көрер едік.

Ыбырай «Өсиет» деген өлеңінде Ескендірдің (Александр Македонский) басындағы бір оқиғаны жыр қылады. Оқиғаның мазмұны: Ескендір Зұлқарнайын патшаның өлгісі келмей, ішкен адам мәңгі жасайтын су іздейді, осындай «суға» ислам дінінде пайғамбар саналатын Хұзыр Илияс пен тағы бір уәзірін жұмсайды. Олар судан әуелі өздері ішіп мәңгі өлмейтін болады да, бір кесе суды Ескендірге алып келе жатқанда, теңіз жағасында отырған шалға жолығады. Шал жөн сұрасқаннан кейін, «Ескендір суды ішпесін», - дейді. «Неге?» - десе, «Мен де сондай патша едім, заманың өтіп, елге кәдірің кеткен соң, патшалықтан рақат таппайды екенсің, ондай патшалық азап екен», - дейді. Осы сөзді естіген Ескендір әкелген суды ішуден бас тартады.

Өлеңнің сюжеті Шығыстың Ескендір туралы айтатын әңгімелерінің біреуінен алыну керек. Бізге бұл арада қажеті сюжеттің қайдан алынуы емес, Абайдың да осы Ескендір туралы поэма жазуында. Оның:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен,
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен, -

деп басталатын поэмасының қысқаша мазмұны, жердің жүзін жаулап алса да, көңілі тоймаған Ескендірді ешкім ала алмайтын қорғанды ел бар деп естиді де, соған арып-талып жетеді. Ескендір қорқытқанмен қорғанның қақпасын күзетші ашпайды, дікіндей берген соң, «саған тартуым» деп қақпадан шүберекке түйген зат тастайды. Ескендір «не екен?» деп қараса, адамның көз сүйегі боп шығады. «Бұл- қай қорлығы? Қиратам!»-деп Ескендір ашуланса, оны бала жасында тәрбиелеп өсірген гректің атақты ғалымы Аристотель: «Мұнда көп мән бар», - деп тоқтатады. Содан кейін таразы құрып, көз сүйегін бір жаққа іліп, бір

жағына қару ілсе де, көп қаруды сүйек басып кете береді. Сонда Аристотель сүйекке бір шөкім топырақ сепсе, көз сүйекті топырақ басып кетеді. Ескендір: «Бұл не ғажап?» - деп сұрағанда, Аристотельдің берген жауабы:

Бұл - адам көз сүйегі, - деді ханға, -
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да.
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда!

Ескендір сонда ғана тәубеге кеп, қорғанды алудан да, патшалығын зорайтудан да тыйылған екен дейді.

Абайдың бұл поэмасының да сюжеті Шығыстың Ескендір туралы әңгімесінен алыну керек.

Ыбырай мен Абайдың Ескендір туралы жазған шығармаларының оқиғалары басқа болғанмен, идеялары бір; екеуінің де айтайын дегені: бақытқа, өмірге қанағатсыз болмау, өзгенің бақытсыздығына себеп болу арқылы өзіне бақыт таппау. Бұл идея Ыбырайдың да, Абайдың да демократтық, гуманистік ұғымдарынан туады.

Міне, қысқаша айтқанда, Ыбырай мен Абайдың шығармаларындағы үндестіктен әзірге біздің тапқандарымыз - осылар.

Қорыта келгенде, Абай Ыбырайды білген болар, шығармаларын оқыған болар, оқымаса, жоғарыда көрсеткен ұқсастықтар қайдан шығады деген сияқты жорамалдар жасағанымыз болмаса, осы пікірді дәлелдеп айтуға дәлеліміз жоқ. Алайда біздің айтарымыз: Абайдың қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, өзіне дейінгі және өзімен замандас ақындардың шығармаларын білгендігіне шек келтіруге болмайды. Ал енді олардың Абайдың ақындық талантын қалыптастыруға, дарынын шыңдауға қандай ықпалы мен әсері болды дегенге келетін болсақ, онда Абай анадан мынадай, мынадан анадай үлгі-өнеге алды деп дәл көрсетіп айтарлық дәлеліміз болмаса да, оған жалпы қазақ поэзиясының игі ықпалы болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Ол өзіне дейін қалыптасқан дәстүрлерге сын көзімен қарай отырып, творчестволық жолмен өзінің ақындық бетін айқындады.

Абайдың қазақ әдебиетімен өнерпаздық байланысын осымен доғарып, енді оның Шығыс әдебиетінен қаншалық азық алғандығына назар аударайық. Ол үшін әуелі «Шығыстық» деген сөздің басын ашып алу қажет.

«Шығыс» дегенде біз исламдық Шығысты айтамыз ғой. Исламды туғызған ел - Араб. Арабтың Орта Азияны отарлауы Мұхаммед пайғамбардан кейін, оның шаһар-ярларының тұсында. Ең алдымен олар Ауғанстанды, Иранды алып, VIII ғасырда Тянь-Шань мен Алатаудың екі бауырын бөктерлей отырып, Қашқарияға барып тоқтады. Орта Азияға, оның ішінде өзбек, түркмен, татар, қазақ сияқты елдерге

исламды әкелген арабтардың езі емес, мұсылманға айналған парсылар, парсыдан тараған исламға қазақ елі ерте бағынған. Ислам дінін қабылдау қазақ тіліне әсерін қатты тигізген. Қазақтың байырғы сөздері деп жүрген сөздеріміздің талайы түрін өзгерткен парсы сөздері екенін тілшілеріміз дәлелдеуде. Мәселен, қазақтың «орамал» деген сөзін, парсының «ро»-бет, «мәл»- сүрткіш деген екі сөзінен құралды деп қай қазақ ойлар? Ешбір қазақ «орамалдың» «ро-мәл» екенін, «ро-мәлдің» «бет сүрткіш» екенін білмейді; бірақ «орамал» деген шүберектің бетті сүртуге арналғандығын білмейтін қазақ жоқ. Осындай парсыдан ауып кеп, қазақ ауылында мәңгілік отырып қалған сөздер қазақта талай сан. Парсы мен арабтың қазақ тіліне ерте кезде сіңген сөздері, кейін қазақтың байырғы сөздері боп кетіп, кірмелік маңызын жоғалтқан.

Бұл арада оқушылардың есіне сала кететін бір мәселе- қазақ тарихы туралы күні бүгінге дейін жазылып жүрген еңбектерде, қазақтың ислам дінін қабылдауын XVI ғасырдың бер жағына әкеледі. Бұл пікірге мен өзім қосылмаймын. Себебі бір тілдің екінші тілге әсері, сол екі тілді қолданатын елдердің арасында қарым-қатынас бар кезде ғана болады. Қарым-қатынас жоқ кезде әсер де жоқ. Мәселен, ешбір испан, я ағылшын тілі қазаққа әсер еткен емес, себебі: қазақ пен олардың арасында қарым-қатынас болған емес. Парсы тілінің қазақ тіліне әсері тиюі қазақ пен парсының арасында қарым-қатынас болғандықтан. Бірақ осы қарым-қатыс, тарихтың айтуынша, қазақ даласын XIII ғасырда Шыңғыс хан жаулап алғаннан кейін үзілген. Содан кейін қазақ руларының парсымен ешбір байланысы болмаған. Ендеше егер тарихшыларға сенсек, XVI ғасырдың бер жағында мұсылман болған қазаққа, арасында қатынасы жоқ парсы тілінің әсері қандай көп тиеді? Парсы сөздерін қазаққа тән сөз ғып қайдан алады.

Отарлаған Орта Азияға парсылар араб әдебиетінен де, өз әдебиетінен де көп қазыналар әкелді. Егер парсылар араб әдебиетіндегі: «Ескендірнама», «Ләйлі - Мәжнүн», «Жүсіп - Злиқа» сияқты поэмалардың, «Мың бір түн» сияқты ертегілердің сюжеттерін пайдаланып, өз тілінде жазып бір үлгі алса, екінші жақтан, арабтың бай тілінен көп сөздерді жасқанбай қабылдаудың нәтижесінде парсы тілінің лексикалық мүмкіндігін арттырды.

Парсыларға бағынған Орта Азиядағы түрік-монғол тұқымдас елдердің басына түскен қиыншылық: оларға араб тілін де, парсы тілін де қатар үйренуге тура келді. Осыдан барып, Иранға іргелес отырған өзбек, түрікпен, азербайжан тілдері өте шұбарланып, исламға шейінгі сөйлеп жүретін ескі түрік сөздерінің кебінен айырылып қап, олар дын, тілдері араб, парсы, түрік сөздерінен суарылған тіл болып шықты. Мұның дәлелін ақындардың шығармаларынан айқын көреміз. Азербайжан ақыны Низамидің, өзбек ақындары Науаи мен Бабурдың, шығармаларын оқыған көпшілік қазір әрең-әрең түсінетіндігі, тіпті біразын түсінбейтіндігі де осыдан.

Парсыға ерте бағынғанмен, исламды ерте қабылдағанмен, ертерек кезде біраз сөздерін алғанмен, араб пен парсы әдебиетінің, қазақ әдебиетіне ықпалы кешегі ХІХ ғасырға дейін болған жоқ десек қателеспейміз ғой деймін.

Қазақ жырларында тәңірінің, пайғамбардың, әулие-әмбиелердің, шадиярлардың, (Шаһар-ярлар) аттары аталғанына қарап, «міне, араб пен парсының ықпалы» деп дәлелдей қою қиын. Пайғамбарлардың аты аталған шығармаларда Шығыс ықпалы бар дегендерге біз қазақ ақыны Махамбеттің:

Мұсылмандық кімде жоқ?
Тілде бар да, дінде жоқі -

деген сөздерімен жауап береміз. ХІХ ғасырға шейінгі қазақ поэзиясында тәңірі мен пайғамбардың аталуы, «тілде бар да, дінде жоқ» деушілердің, құран арқылы тілге оралтып, санаға сіңірмеген атауы ғана. Қазақ халқының кемеңгер ұлы Шоқан Уәлихановтың: «Біздің жанымыз бен тәнімізге мұсылмандық әлі сіңе алған жоқ», - деп ХІХ ғасырдың, 60 жылдары айтқанын да естен шығара алмаймыз.

Халық поэзиясының, ішінде исламшылдықтың ықпалынан туды дейтін парсының «Я, шаһри, Рамазан» деген оразалық жырының өзін қазақ «жарапазан» деп атап, өлеңін қазақтың:

Мінгені пайғамбардың жирен дейді,
Бес намаз тілің келсе, уйрен дейді.
Бес намаз тілің келіп уйренбесең,
Тіліңді темір істікпен түйрер дейді,-

деген қалжың өлеңіне айналдырып жібергенде халықтың өз тұрмысынан туған өзге өлеңге не жорық.

ХІХ ғасырға шейінгі қазақтың тілде мұсылман боп, дінде мұсылман болмауы,- қазақтың оған шейін көшпелі дәурен сүрумен, сол себепті аулында мешіт пен медресе болмауымен байланысты.

ХІХ ғасырдың ар жағында қазақпен ауыл-үй қона алмаған ислам дінін, бер жағында ауыл-үй қондыруға себеп болған Россияның патша өкіметі екенін біз тарихтан, әсіресе Шоқан Уәлихановтың тарихи еңбектерінен білеміз. Патша өкіметінің қазақ арасына исламды таратудағы мақсаты - қазақты өзіне көндіруде ислам дінін құрал ғып жұмсау екенін, осы шарасын іске асыруда пайдаланған адамдары татар молдалары екенін Шоқан талассыз фактілермен дәлелденгенін жоғарыда біраз айтқамыз. Патша үкіметінің бұл еккен «жемісінің» дәмін Абайдың да татқандығын, мұсылманша сауатын балалық шағында молдадан ашқандығын айтып өткенбіз. Оларды қайталамайық.

Қазақ әдебиетіне араб пен парсы әдебиеттерінің әсері татар молдалары арқылы келді, себебі ол кездегі татардың өз тілі де, өз әдебиеті де араб пен

парсынын, қатты ықпалында еді. Ол кездегі татар әдебиетінің, тілі - татар тілі емес, араб, парсы, шағатай тілдерінен құралған шұбар тіл болатын. Татар тілін бұл халден Шаһабуддин Маржани де арылта алған жоқ. Арылту түгіл, Маржани өзінің татар медресесіндегі лекцияларын көбіне парсы тілінде оқыды, шығарған өлеңдерін парсы тілінде жазды. Осы салтан Маржанидің, жолын қуған шәкірттері де арылмай, Маржани өлгенде, оған шығарған жоқтау өлеңдерін парсы тілінде жазысты. Абай оқыған медресенің иесі Ахмет Ризаның Маржанимен байланысы бар болғанын еске алсақ, алғашқы өлеңдерінде Шығыс ақындарының атын тізіп, қазақ түсіне қоймайтын сөздерді өлең етпек болғанында белгілі себеп барлығын бүктесінде қалдыра алмаймыз. Ал татар тілін парсышылдықтан арылтпақ болған, татардың жаңа әдебиетінің негізін қалауға үлкен еңбек сіңірген адам - Қаюм Насири.

Қазақ әдебиетіне ХІХ ғасырда татар молдалары арқылы келген шағатайшылдық пен араб-парсышылдық Абайдан арғы заманда әлсіз болғанмен, Абайдың, тұсында әсерін өте қатты тигізді. ХІХ ғасырға шейінгі ауыз әдебиетінің тілі жалпы қазақ халқына түгел дерлік түсінікті болса, ХІХ ғасырда татар молдалары арқылы қазақ арасына тамырын кең жайған ислам дінінің салдарынан, ХІХ ғасырда «қазақ тілінде» деп Қазанда басылған «әдеби» шығармалардың көпшілігі халыққа түсініксіз араб, парсы, шағатай тілдері араласқан тілде жазылды. Мұндай кітаптарды жазған сол татар молдаларының өздері. Мысалға 1897 жылы Қазанда шыққан, сыртына «қазақ тілінде» деп жазған бір кітапты алайық. Кітаптың аты «Мақұлат», оның астында тұрған қосымша ат «Лил ихтизар минал-уәба-и». Кітапқа берген бұл екі аттың екеуі де қазаққа түсініксіз арабша сөздер. Осы кітапты жазушының өз аты-жөні туралы айтары: «гасниф уә тахрир қылып язғушы-мухқиқоль Маржани Шаһабуддин хәзрәтләрінің шәкірдіндән, муғаллим уә мұфрис молла Қашафоддин бин Жаһмардан, бин Ғибадолла әл Мұнзауи, әл Сулуки, суммә әл Қарқарали, сәм аллаһә әл ғалиел ғазим, әл Мутағали».

Оқушыларына аты-жөнін осылай таныстырған, негізі Қарқаралылық татар, фамилиясы Қашафуддин аталатын бұл «ақынымыздың», қазақ тілінде шығардым» деген «өлеңдерінің түрі мынау:

Бастайын кітәбімні хәмди илән.
Яратқан аллаға ейтмәқ мінән...

Діни ақындардың, шығармаларының тәңіріге жалбарырудан бастау әдісін қолданбақ болған «біздің» мына «қазақ ақыны» өзінің «Мақұлатында» тәңіріні, періштелерді, пайғамбарды мадақтап кеп, «шығармасында» айтайын деген мақсатты сөзін былайша бастайды:

Мұнан соң язайын бір қанша сөз,
Оба деген дүнияда ащы науқас,
Бұл айтайын, қатты яман,
Қара иерге көндірмекке шикін маған

Солай да болса, аллаһ тағалам,
Обадан сақланмаққа халық айтан.

Бұл «өлеңнің» қазақ өлеңі еместігі былай тұрсын, не ырғағы жоқ, не үйлесі жоқ, не жолдарында буын санының бірдейлігі жоқ, не ішінде ауыз тұшитын бір дәмді сөз жоқ. 14 беттік «кітаптың» барлық «өлеңі» де осындай.

Әлгі кітабымен қанағаттанбай жаңағы «ақынымыз» сол 1897 жылы тағы да «қазақ тілінде» екі кітап бастырады, біреуінің аты - «Қисса-и әдеблі бала», екіншісі - «Қисса-и екі егіз бала, көп кенеш». Бұл екі «кітабындағы» «өлең» деп жазғандары жоғарыда мысалға алғандардан да жаман.

Қашафуддиннің, бұл үш «кітабы», онық бір жылда ғана бастырғаны. Ол одан бұрын да, соң да осы сияқты «кітаптардың» нешеуін бастырмады дейсің. Осы Қашафуддиндей қазақ аулына дін таратушы шарлатан молдалардың қазақ тілін білмейтін баспасөз орындарын алдап, «қазақша жазған өлеңдерім» деп, талай сандырақтарды кітап қып бастыруынан жүздеген мысал келтіруге болар еді.

Оның бұл арада қажеті жоқ. Тіл бұзғыш молдалардың қазақ әдебиетін қалай ластағанын әшкерелеуге жалғыз Қашафуддиннің «өлеңдері» де жетіп жатыр.

Рас, қазақ аулында бала оқытқан молдалардың ішінен Ақмолда (Мұфтахидден Мұхамедияров) сияқты ақын да шықты. Бірақ мұндайлар бірен-сараң ғана.

Татар молдаларынан оқып хат таныған, жазуға талабы бар қазақ жастарының бір жүйесі, оқытқан молдаларының сарынымен кетіп, өлеңдігі олақ, тілі қазаққа түсініксіз, «қазақ тілінде» деген талай кітаптар шығарды. Мысалға 1900 жылы шыққан «Өндірбай қажы» деген кітапты алайық. Мұны жазушы Жүсіп Абдырахманов дейтін қазақ жігіті, Мекеде өлген Өндірбайға арналған жоқтау өлеңдерін бастар алдында, оқушыларына мынадай түсінік береді:

Ұшбу бәйітні оқушыға мағлұм болсын: мархұм Өндірбай хажы әл Харамайн Арғын асылындән, Қаракесек нәсілндән, Бәйбөрі ішінде - Есбұлақ, Айтхожа байның нәсілінен 63 яшіндә, аллаһ тағаланың хүкімі илән хажға үш мәртәбә барып, соңғы барғанда әл тәқдир дә ябтәлә мәужібіншә, дарол фунуннан, дарол бақия рәхләт айлады...»

Осы кіріспе сөзбен кітабын бастаған Жүсіптің ақындық шама-шарқы және тілі мына өлеңдерінен көрінеді:

Біlmәймін на келерін ғариф басқа,
Боларма сөзім лайық осы тасқа.
Он бірде ишанларға хызмет қылып,
Халифліккә иетішті отыв яшта.
Алладан әмір фәрмән болғаннан соң,
Алар да ахрәткә қадам басты.

Өлеңдігі олақ, тілі нашар болғанмен, жоғарыда мысалға алған Қашафуддин молданың «сөздерімен» салыстырғанда, Жүсіптің мына өлеңінде аз да болса қазақ өлеңінің исі бар: ол - он бір буынды қара өлеңнің негізінде құралған және әлсіз болғанмен, үйлесі сақталған. Бұл - мұсылманша хат тану кезінің халыққа таман бейімделген бірінші адымы. Бертін мұсылманша хат танығандар көбейіңкіреген кезде, бұл адымның жолы тармақталып, халыққа кейі жақындап, кейі алыстап отырады; бір жүйесі-бірыңғай дінді үгіттейтін поэзияны, бір жүйесі - араб, парсы, шағатай тілдеріндегі көркем шығармаларды қазақ тіліне аударуды, бір жүйесі - қазақтың ауыз әдебиетін жазып алып соларды жарыққа шығаруды, бір жүйесі - қоғам тіршілігінің, қажетіне шығармаларын құрал етуді кәсіп қылады.

Жалпы алғанда, мұсылманша хат танудың қазаққа залалымен қатар, пайдасы да тимей қойған жоқ. Егер ХІХ ғасырдан бастап қазақ арасынан қалам ұстаушылар шықпаса, қазақтың, «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс», «Біржан сал мен Сара қыздың, айтысы» тағы сол сияқты эпостарының, әдет-ғұрып жырларының, айтыстарының біразы жоғалар еді. Қазақтың ауыз әдебиетінің біразын ХІХ ғасырда орыс ориенталистері жазып ап жарыққа шығарса, біразын қазақтың мұсылманша хат білген адамдары жазып алып, кітап қып бастырды. Сонымен қатар, егер қазақтың шын мағынасындағы жазба әдебиеті ХІХ ғасырдан басталды десек, осы жазба әдебиетті бастауға, өркендетуге араб әрпімен хат танудың аз жәрдемі тиген жоқ. Ең мол үлгі алған мектебі орыстың, әдебиеті болғанмен, Абайдық өзіне жазушы болуға мүмкіндік берген де - оның арабша хат тануы. Егер арабша да, орысша да хат танымаса, Абай, ең жақсы дегенде, қазақ ауыз әдебиетінің даңқты ақындарының, бірі болар еді. Абайды «қазақ жазба әдебиетінің классигі» атандыруға себепкер болған жағдайдың біреуі - оның араб әліппесін білуі.

ХІХ ғасырда қазақтың араб әрпімен хат тануының бұл пайдалы жағы болса, енді залалды жағы - халыққа түсініксіз араб-парсы сөздерімен әдеби тіліміздің шұбарлануы болды, көркем әдебиетіміз революцияға шейін бұдан құтыла алмады. Ар жағын қоя тұрғанда, 1905 жылдың бер жағында да, қазақ әдебиетінде Абайдан басталған таза тілмен қатар, араб-парсы сөздерімен шұбарланған шығармалар жарысып отырды. Мәселен, 1913 жылы басылған Баймұхамбет Бейсенбаевтың өлеңдер жинағының аты «Милли шиғыр» («Ұлт өлеңі»), 1910 жылы шыққан Ғабдікәрім Мәжитовтың жинағының аты «Ғидая» («Сый»), Қайырғали дегеннің 1909 жылы шығатын жинағының аты «Шикаят» («Зарлау»), Мәселен, 1910 жылы «Әдебиет өрнегі» деген атпен шыққан жинақтың авторы өзін «Ишанғали бин Бейсен ел Байшарақи» деп таныстырады да, өлеңін былай құрастырады:

Ей қалам, бергіл сүйеніш, язамын хат.

Таратам милләтімә түрлі әбиат.

Милләткә көз салуда құсұрлығын
Алдына бұ халықтың қоям қат-қат...
«Милләтім» дигән жанны көрмәм мин,
Бөкейлік қазағынан бір натиқ зат...
Өзім де ғажизана бір шәкірдімін,
Юлында миаләтімнің болам сүбәт.
Милләт үшін нафиғлы, мағрифатлы
Болған шун қылғай еді милләтім яд.

Абай заманында, Абайдан кейін әдебиет тілінің араб- парсы сөздерімен шұбарлануы Ақмолда, Әубәкір, Ақан сері, Мұса молда, Шады төре, Нұржан Наушабаев сияқты қазақ әдебиетінің тарихына аттарын қалдырған күрделі ақындардың да шығармаларынан кездеседі. Олардың кейбір өлеңдерін қазіргі жастардың түсінуі қиын. Мәселен, қазақтың тума ақыны Ақан серінің:

Хат жаздым, қағаз алып қалам, сия,
Көптеи-көп сәлем айттым гүл-назия.
Тағрифын тәмам қылып танығандай,
Ділуәрдән ділмәр керек шаһбазия.

Хат жаздым, қағаз алып қалам, сия,
Шири зат, дұхтан шаһи гүл-назия,
Әр нақыш мәдхамды түсінесің,
Діл арайы, діл хафзайы гүл нақия.

Садафтың шашыраған бауһарындай,
Көңілімнің заһирасына салдың ұя.
Ғасу дарын секілді бенет махбұб,
Қсания секілді кнэзия, -

деген өлеңін парсы тілін жақсы білмейтін кім түсіне алар? Абайдан он жас қана кіші, бірақ әдебиетке қатар араласқан Нұржан Наушабаев араб-парсы лұғатын (сөздерін) жақсы білмегеніне өкініп, 1902 жылы «Манзумат қазақия» деген атпен шығарған кітабына өлеңмен жазған кі-ріспесінде былай дейді:

Ұруым - Қыпшақ, тайпам-Құттық, таңбам - әліп,
Өлеңді бала жастан еттім қалып.
Парсы-ғараб лұғатпен келтірер ем,
Ғылымның дариясынан ішсем қанып.
Көңілге келген істі нұсқалайын,
Жоқ алтынды қазайын қайдан тауып.

Араб-парсының түсініксіз сөздері араласқан шығармалар XIX ғасырдың жазба әдебиетінде ғана емес, ауыз әдебиетінде де кең орын тепті.

Бір мысал алайық: негізі Ақмола елінде Соқыр Қапаш дейтін әнші ақыннан тараған, халық әні боп кеткен «Шамсиқамар» дейтін ән бар. Сол әннің өлеңі былай келеді.

Шамсиқамар секілді дәфтар бану,
Кісі қайда зарлықты сіздей тану!
Ғашықтың белгілі нышанасы -
Айтқан сөзің құрбыға жетпей қалу.

Октябрь революциясына дейін қазақ әдебиетінің көбінде болған осындай процеске ойлана көз жіберсек араб- парсы сөздерінің қазақ тіліне енуіне ислам дінін таратушылардың, құранның негізгі уағыздарын «көркем әдебиет» арқылы жеткізбек болған кітабы ақындардың іс-әрекетін айқын байқар едік. Мұның өзі Шығыс әсерінің теріскей, кертартпашылдық жағын ғана байқатады.

Біреулер Абайдың:

Сенсің жан ләззәти,
Сенсін, тән шәрбәти,
Сұлуды сүймәклік
Пайғамбар сүннәти, -

деген сөзіне тағы сол сияқты болымсыз бір дәлелдерге сүйеніп «Осы Шығыс ықпалы емес пе?» дегенді айтады. Шығарманың Шығыстық әсерде болуы, оның ішінде «ләззәти, шәрбәти» деген Шығыс сөздерінің тұруында емес, шығарманың стилі, мазмұны, сарыны шығыстық болуда. Абайдың шығармаларын осы жақтан алып қарағанда, біз одан жеке сөздер болмаса, не идеялық, не керкемдік жағынан ешбір Шығыстың меңдеп жатқан әсерін таба алмаймыз.

Расында, шығыстық әдебиеттің, әсіресе Орта Азияға ерекше әсерін тигізген парсы әдебиетінің, қазақ ақындары түсуге қолайлы да, біразы түсіп көрген де бірталай жолдары бар еді.

Бірінші, Әбілқасым Фирдоусидың, жолы. Бұл жол - Отан қорғау ісінде еңбегі зор адамдардың жорықтарын дәріптеп жазған ұзақ сюжетті эпос жасау жолы. Мұндай жолды қуған Абай замандастарынан қазақ ақыны болған жоқ. Абай да бұл жолға түскен жоқ. Ол өзі түспеуімен қоймай:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап,-

деп,

Батырдан барымташы туар даңқой,

Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой,
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой, -

деп өзге қазақ ақындарын да ондай эпос жазудан бездіруге тырысады. Неге өйткен себебіне алда тоқталамыз.

Екінші, Шайхы Сағдидың жолы. Бұл-қысқа түрде хикаялы (әңгімелі) өлеңдер жазатын және өлеңдерінің көбі нақылға, насихатқа құрылған, адамның мінез-құлқын түзеуге тырысатын, дидактикалық поэзияның жолы. Түр және мазмұн жағынан, Сағдидің хикаяларына дәл келетін Абайдың жалғыз ғана шығармасы бар, ол - «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңі. Абайдың өзге өлеңдерінің біразында дидактизм сарыны басым болғанмен, Сағдидің дидактизмі мен Абайдың дидактизмінің басы бір де, аяғы басқа. Екеуі де халыққа мінезі жат адамды сөгумен қабат, сол мінезден қайтуға шақырады. Осы араға шейін Абай Сағдимен бірге келеді де, содан әрі қарай айрылады. Қоғам өміріндегі зұлымдықпен күресуге аттанған Сағдидің ат басын тірейтін жері - тағдыр. Бұл «жерден» Сағдидің өзі де аттап өтпейді, басқаларға да «атта» демейді. Абайдың ұғымында тағдыр адамға жетекші емес, тағдырға адам жетекші. Адамның жақсы я жаман болуы тағдырдан емес, өзінен. Зұлымдықпен күресу жолында зұлымдықтың өзінен басқа бөгет жоқ. Адамға лаухыл-махфуздан келген зұлымдық жоқ. Жұрттың «зұлымдық» деп атайтыны-қоғам тіршілігінен тысқары бірдеңе емес, сол қоғамның өз өмірінен шыққан мінез. Зұлымдықтың өсетін топырағы-«терін сатпай, телміріп көзін сатуда». Әділеттің есетін топырағы - еңбекте. «Зұлымдық пен әділдіктің күресі» деген күрес - қанау мен еңбектің арасындағы күрес. Бұл күрестің мақсаты - қанауды тоқтату.

Абай осылайша бөлініп кеткен Шайхы Сағдиге қазақ әдебиетінен атқосшы болатын ақын - Ақмолда. Ақмолда Сағдидей хикая жазбаған. Бірақ сөйте тұра, ұсақ нақылды өлеңдер жазатын Ақмолданың өміріндегі әділетсіздіктерді қатты сынап кеп, жасайтын қорытындысы:

Бендені ризық деген қимылдатар,
Шашылған ризық болса жүріп татар,
Һәр бенде көресісін көрмей қалмас,
Керек сұлтан болсын, керек император.

Кеп сәлем баршаңызға дін қарындас,
Көңіліңіз ғаріптерге кең, қарындас.
Адамның өсек сөзі бәрі бекер,
Жазылған лаухыл-махфуз өзгерілмес.

Үшінші, Хожа Хафиз бен Омар Һайямнің, жолы, Шығыс әдебиетінде осы екі ақыннан басталатын ағым тағдырға көнуге қарсы. Олардың, ойынша, әрбір жеке адамды тағдыр емес, әкім емес, өзі билеу керек; әрбір жеке

адам, ерінің тән құмарын, жан құмарын қанағаттандыруда ерікті болу керек. Адам дүниеге бейнет үшін емес, рақат үшін, сүйген жарын құшу үшін, гүлді бақшаны мекендеп, жемісін жеу үшін, бұлбұлдың сайрауын тыңдау үшін, өзі де сол бұлбұлға үн қосу үшін келген. Олардың тезісі:

«Жұмақ пен хор қызы бар ақиретте,
Тәтті шарап ішеді әркім текке»,-
Десе де, бұл дүниенің шарап, қызын
Алдыңнан кез келгенде аттап өтпе.

(Омар һайямнан)

Ақиреттің емес, дүниенің көркемдігіне ғашық болған бұл сияқты ақындардың зары - ақиреттің бейнетінен қорқуда емес, дүниенің рақатына жете алмауда.

Көркемдікке табыну жағынан Абай оларға біраз ұқсап қалады, бірақ айрылар жері -«көркемдік - көркемдік үшін» дейтін тезиске бой ұсынбай, көркемдіктің өзіне үлкен мән бере қарауында. Өмірдің, яғни өркендеудің қажетіне жарамаған көркемдік адам қызығар көркемдік емес. Абайдың, мәселен, «әйелді сұлулығына қарап сүйме, мінезіне қарап сүй» деуі де осыдан. Әйелдің сұлу болуына Абай:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды,
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды!..

Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды...
Қолаң қара шашы бар, жібек талды,
Торғындай толқындырып көз таңдайды...

деп құмарта отыра,

Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,-

деп әйелдің сұлулығының үстіне мінезді, ақылды болуын,

Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы,-

деп сұлулықтың, ақылды, мінезділіктің үстіне, әйел еңбекке де бейім, епті болуын талап етеді. Бұл көзқарас Шығыс эстеттерінің ұғымынан мүлде езгеше екендігі айқын.

Төртінші, сопы ақындардың жолы. Бұлардың ойынша, дүниеде құмартуға тұратын еш нәрсе жоқ. Себебі: дүниенің рақаты дегеннің бәрі фәни-уақытша; бақилық (мәкгілік) рақат - ақиретте ғана. Ол рақатқа жету үшін тәңірге жалбарын. Дүниеде істейтінің рақат өмір жасау болмасын, тәңіріге жалбарыну ғана, яғни ораза, намаз, зекет, қаж сияқты құлшылықтар ғана болсын.

Осындай ұғымда болғандықтан, сопы ақындардың шығармаларының бәрі - құдайға құлшылықты қалай өтеудің маңайында болады. Бұл дүниенің рақатына шығарма арнауның жолына олар өліп бара жатса түспейді.

Абай бұл жолға түскен кісі емес. Ол да ислам дінін таниды, бірақ сөйте тұра, ақирет рақатын емес, дүние рақатын жырлайды.

Абаймен замандас ақындардың ішінде сопылық поэзияға түскендер бірқыдыру. Мәселен, Мағазмүлік Батырғали ұғлының 1908 жылы басылып шыққан «Әдебиет қазақия» деген өлеңдер жинағын оқысаңыз, дінді үгіттеуде оны бүкіл Орта Азияға аты белгілі Аллаяр сопыдан айыра алмайсыз.

«Шығыстық әдебиет» дегенде, оның осындай әр тармақты екенін, бір сарынды еместігін, еске алу керек. Жоғарғыдағы баяндауда қай тарамды болса да, түгелдей паршалап талдадық дей алмаймыз, тек өзімізге жанасатын тармақтарына ғана тоқтадық. Шығыс әдебиетінің бұдан басқа тармақтарын мен өзім білмеймін және азды-көпті оқыған материалдарға қарағанда, басқа тармақ жоқ қой деп те шамалаймын. Бұл аталғандардан басқа тармақ болса, прогрестік әдебиет яки Европа мәдениетіне бой ұрған әдебиет болуға тиісті болар еді. Ондай әдебиет мен білетін Шығыста жоқ. Өзге Шығысты қоя тұрып, Орта Азияны, әсіресе Россиядағы мұсылман халықтарды алғанда, меніңше, Абай жалғыз қазақ топырағында ғана емес, Россиядағы мұсылман халықтардың ішінде европалық прогресті жырлаған бірінші адамдардың қатарынан орын алады.

Қорытып айтқанда, өзінен бұрынғы қазақ әдебиетін таяныш қана көріп, үлгі алуды қанағат көрмей, құлашын қазақта бар әдебиеттен асыра сілтеген Абай Шығыс әдебиетін өзінің ақындық «бағажын» молайту есебінде ғана пайдаланады. Қазақ әдебиеті мен Шығыс әдебиеті - Абайдың үлгісі емес, азығы.

Абайдың шын үлгісі - орыс әдебиеті және өзге ғасырдағы орыс әдебиеті емес, XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиеті.

Орыстың әртінгі ғасырларда жасаған әдебиетін тануда да, XIX ғасырдағы әдебиетін тануда да, Абайға ерекше жәрдемі тиген адам - ұлы В. Г. Белинский. Одан кейінгі Чернышевскийді де, Добролюбовті де, Писаревті

де Абай оқыған. Олардың, көзқарастарынан да Абай қажетті деп тапқанын алған, бірақ Абайдың орыс сыншыларынан ұстаз тұтқаны - Белинский.

Белинскийді оқу Абайға орыс әдебиетін тану үшін ғана жәрдем еткен жоқ, сол Белинскийдің орыста шын мағынасындағы ұлт әдебиеті қалай жасалу туралы пікірлерін пайдалана отыра, қазақтың шын мағынасындағы ұлт әдебиетінің негізін салуға жетекші болды. Мысалдар келтірейік.

1841 жылы жазғай «Әдебиет» деген сөздің жалпы мағынасы және «Орыстың поэзиясы» деген еңбектерінде Белинский орыстың халықтық поэзиясының, барлық жақсы қасиеттерін сипаттай келіп мынадай қорытынды жасайды.

«Барлық сәби халықтың санасы ең алдымен поэзиясында айқын көрінеді. Сондықтан мәдениеттің қандай төмен сатысында болса да, поэзиясы жоқ халық болмайды» (Таңдамалы шығармалары, 1914 ж., 859 бет).

«Шын мағынасындағы көркемөнердің, суретшіліктің биігіне көтерілмеген поэзияны көркем әдебиет демейді, ауыз әдебиеті дейді. Ондай поэзияның аты - халықтық. Халықтық поэзия, көзі кергенге сенудің тұсауынан босанбаған халықтық санасынан туады. Халықтық поэзияда ой жоқ, ойға күңгірт ұмтылушылық, сенушілік болжаушылық қана бар (878 бет). Сондықтан онда ойдан тіл жағынан қызықтығы басымдау болады» (874 бет).

«Жалпы мен жалқының, идея мен түрдің таразысы шын және толық мағынасында керкем әдебиетте ғана тең түседі. Сәби халықтың ойы әр кезде күңгірт, тұнық келеді, сондықтан оның (ойдың) түрі де екшелген болмайды... Осымен-ақ халықтық поэзия мен көркем поэзияның арасындағы айырмашылықты аяқтауға болады; біріншісі - баланың үйлессіз былдыры, екіншісі - есейіп айқындалған сөз; біріншісі - жобалап қана сөйлейді, екіншісі - айқын, бекіте сөйлейді» (925 бет).

Белинскийдің осындай пікірлерімен танысқан Абайға өзінен бұрынғы қазақтың ауыз әдебиет екілдерінің қатарында қалуға мүмкін бе еді?

Бұл сұраудың жауабын Абай Белинскийден тапты. «Бұдан көрінетін нәрсе, - дейді Белинский орыстың халықтық поэзиясы туралы пікірін қорытып кеп, - аса зор және ұлттығы басым ақын Пушкин өзінің ақындық мұзасын орыстың халықтық поэзиясының аналық құшағында тәрбиелеген жоқ, европалық топырақта тәрбиеленді. Пушкинді ақындыққа даярлаған «Игорь полкы туралы сөз» емес, Кирша Данниловтың ертегі поэмалары емес, жабайы халықтың жырлары емес, Ломоносовтың, Державиннің, Фонвизиннің, Дмитриевтің, Жуковскийдің, және Батюшковтың, шығармалары, жалғыз Крылов қана болмаса, бұлардың бәрі де ұлт ақыны емес еді, еліктеуші (Европаға. - С. М.) ақын еді» 935 бет).

Пушкинді одан бұрын жасаған орыс ақындарынан неге бөліп алатынын, неге Пушкинге шейінгі ақындарды «еліктеуші» деп, Пушкинді ғана «орыстың бірінші ұлт ақыны» деп атайтынын Белинский былай баяндайды: «Пушкинге шейін орыстың поэзиясы европалық музадан үйренуден артық халге жетпейді. Сондықтан Пушкинге шейінгі орыс

поэзиясы өзіндік шабыты бар еркін шығармадан гөрі, шығарманың төңірегін шолған, көлеңкесіне ұқсаған шығарма еді. Орыс ұлтының айқын және күшті талантты ақыны Крыловтың да Лефонтенге еліктеуден, оны аударудан қол үзіп кетуге ұзақ уақыт батылы жетпеді. Державиннің поэзиясында орыс сөзінің, орыс ақылының, ұшқындары шашырағанмен ол ұшқындарды басқа елдерден араласқан ұғымсыз пікірлердің, түрлердің, көптірме сөздерінің топаны басып сөндіріп отырды. Озеров орыс трагедиясын, кәтте «Дмитрий Донской» атты тарихи трагедия жазды. Бірақ ол трагедияда орыстікі деген тек кісілерінің аттары ғана еді, басқа жақтары орыстың тарихына қанша ұқсас болса, француз бен татар тарихына да сонша ұқсас еді. Жуковский «Людмила» және «Светлана» деген екі баллада жазды. Бұлардың бастапқысы неміс балладасынан (көбінің бірі) аудару ғана еді; ал екіншісінде орыстың киелі әдеттерінің поэтикалық суреттері берілетіні рас, сөйткенмен де оған немістің күйректігінің, немістің фантазиясының рухы сіңген, Батюшковтың музасы үнемі басқа елдердің аспанында қалықтауымен күн кешіп, орыс жерінен бір де гүл үзіп тақпады. Бұл келтірген фактілерден шығатын қорытынды: орыстың ақындары орыстың өмірінен поэзия боларлық еш нәрсе таба алмай, тұлпарларына мініп, шабыт іздеп басқа елдерге және батыстық елдер түгіл, шығыстық елдерге сапар шекті. Пушкиннен бастап-ақ, орыс поэзиясы үйренушілік халден құтылып, дарынды және тәрбиелі шеберлік халге көшті» (1534 бет).

Пушкинге және оған шейінгі орыс ақындарына Белинскийдің бұл берген бағасы Абайды ойға қалдырды, қазақ әдебиетінің алды-артын шолуға, ұғуға, «қазаққа да Пушкиндей ұлт ақыны керек» деген қорытындыға келуге жәрдем етті.

Әр жылда жазған еңбектерінің талай жерінде Белинский Пушкиннен бұрын жасаған орыс ақындары Батыстың әдебиетінен үйренгенін, Пушкиннің өзі де олардан көп үлгі алғанын айтады. Бірақ Белинскийдің баяндауынша, Пушкиннен бұрынғы орыс ақындарының Европадан үлгі алуы мен Пушкиннің үлгі алуы екі басқа: өзгелер үлгіні еліктей отыра алған да, Пушкин еліктемей, тек әдебиеттік бағажын молайту үшін ғана оқыды. Сондықтан Пушкин Европаға, әсіресе Байронға еліктеді деп ойлайтын орыс сыншыларына Белинский былайша жауап береді:

«Мәселен, отызыншы жылдардың бір «оқымысты» сыншысы Пушкинді Байронмен салыстырады, Пушкин геройларының Байронның геройларына ұқсастығы кішкене шайтандардың үлкен шайтанға ұқсастығындай деп есептейді, Пушкиннің, талантын түкке тұрмайды деп біледі. Ол оқымысты сыншының басына, Байронның Гомер еместігі сияқты, Пушкиннің де Байрон еместігі келмеген» (1515 бет).

«Евгений Онегин» сияқты роман түрі Байронда да бар; әңгіме құру әдісі, сипаттап отырған шындықта проза мен поэзияның араласып кетуі, тақырып көлемінен шығу, ақынның өзіне-өзі сұрау беруі, оқиғаға өзі араласып отыруы - осының бәрі де Байронда бар. Әрине, басқаның жаңа түрін өзінің шығармасына қолдану жаңадан өзі түр табудан анағұрлым жеңіл.

Әйткенмен Пушкиннің «Евгений Онегині» мен Байронның «Дон-Хуанын», «Чайльд Гарольдің», «Беппосын» салыстырғанда, түрі мен сөз қолдануынан басқа ұқсастық табылмайды. Мазмұны былай тұрсын, Байронның рухы да, Пушкиннің, «Онегинінен» атымен басқа. Байрон Европаны Европа үшін жазды... Пушкин Россияны Россия үшін жазды» (1642 бет). «Онегин» - орыстың қоғамдық тұрмысының белгілі дәуірдегі шындығының поэтикалық картинасы» (1648 бет). Пушкиннің поэзиясы мен орыстың шындық өмірі ғажап қабысады. Орыстың табиғатын көрсетсе де, мінезін көрсетсе де дәл келеді... Орыстың жазынан қысы жақсы, ...осыны бірінші рет сипаттаған Пушкин... орыстың географиясын, физиологиялық тіршілігін Пушкиннің көрсетпеуі мүмкін емес, олай керсетуі, оның, орыс болып туғандығынан ғана емес, данышпан орыс боп туғандығынан» (1543-1544 беттер)

Бірақ Белинскийдің баяндауынша, данышпан ақын болуға жаратылысында данышпан боп туу жеткілікті емес. Қанша данышпан боп туғанмен, егер сол данышпандық қасиетін жарыққа шығаруға тиісті жағдай болмаса, ондай ақын өсуге қажетті азығы жетпеген жақсы ұрық сияқты семіп қалады.

Пушкиннің, өзінен бұрынғы орыс ақындарынан, солардың ішінде: Державин, Крылов, Гнедич сияқты дарынды ақындарынан бойы мен ойы асып түсуіне, Белинскийдің ұғындыруынша, белгілі тарихи жағдай себеп болған.

«1812 жыл мен 1815 жылдың арасы Россия үшін ұлы дәуір болды, - дейді Белинский, - бұл арада біздің айтайын деп отырғанымыз, сол ұлы дәуірдегі оның сыртқы жарқырауы ғана, азаматтық ішкі дүниенің пісуі, сол дәуірдің нәтижесі болған білімге жетуі. Егер Россия 1812 жыл мен біз жасап отырған күннің арасында, Петрдің, патшалық құруы мен 1812 жылдың арасынан әлдеқайда көп оқиғаны басынан кешіріп, әлдеқайда көп ілгері кетті десек өсіріп айтпаған болар ек. Бірінші жақтан, 1812 жыл Россияның барлық түкпірін сілкіледі, оның ұйықтаған күшін оятты, бұған шейін мәлімсіз күштердің көзін ашты. Өз бастарының қамын ойлап жүрген бытыраңқы жұрт жалпыға төнген қауіпті сезініп, зор бір дене боп тұтасты, халықтың санасы оянып, мақтаны күшейді және осылардың елдік пікірдің қайнар бұлағы сияқтана, еркін сөйлеуге жол берді; одан басқа, 1812 жыл бір орыннан жылжымайтын ескілікті де күйрете соқты. Сол соққыда өзінің қонысынан ұзап шықпай, сонда туып, сонда өлетін дворяндар жойылды. Екінші жақтан; жеңіс пен шаттықтың жолын бойлай шеру тартқан орыстың жеңімпаз армиясы Европамен бетпе-бет кездесті.

Осының бәрі жаңадан туған қоғамның өсуіне, күшеюіне өте күшті көмек көрсетті. Жиырмасыншы жылдары орыс әдебиеті еліктеуді тастап, өзіндік қасиеті бар әдебиетке айналды; Пушкин шықты» (1646 бет).

Жат елдің әдебиетіне еліктеуден безіп, орыстың ұлттық әдебиетін жасауды бастаушы Пушкин, әрине, сол кездегі орыстың қоғамдық күшінің артында емес, алдында болды. Көш бастайтын ұлт ақыны болу - әрине, ұлтының жақсы- жаманының бәрін мақұлдау емес, жақсысын ғана дәріптеу,

жаманнан жирену, жиреніп қана қоймай, сол жамандықпен күресіп, қайткенде құтылудың жолын сілтеу. Белинский Пушкиннің осылай өз тұсындағы орыс қоғамының күшіне тіркелуші болмай, жетекші болуын айта кеп, оқушыларына Гогольдің мына бір сөзін ескертеді: «Әдебиеттің шын мағынасында ұлттық болуы, орыстың сарафанын суреттеуде емес, халықтың рухын көрсетуде» (1641 бет). Осы пікірге Белинскийдің қосымша айтары: «Әр халықтық ұлттық сыры оның киімінде емес, аяқ-табағында емес, дүниені тани білу шеберлігінде» (1645 бет).

«Ұлттық ақынның әдебиетте көрсететіні кімдер болу керек?»-деген сұрауға Белинскийдің берер жауаптары: «Көркемөнерге адамды көрсетуден қасиетті міндет жоқ. Көркемөнерде сипатталуға жарағылықты болу үшін, адамға адам болу ғана қажет, 14-кластың әкімі болу немесе дворянин болу қажет емес, мұжықта да жан бар, жүрек бар, тілек пен құмарлық бар, махаббат пен кек бар, қысқасы өмір бар» (908 бет).

«Бірақ біздің тілейтініміз: мұжықты оның сөз өзгешелігін көрсету үшін емес, жалба-жұлба боп, кір-қоң боп жүруін сипаттау үшін емес, белгілі мақсат үшін, ол мақсатта адамдық ойдың көрінуі үшін алуы керек» (909бет).

Орыстың халықтық әдебиеті, жазба әдебиеті туралы, жазба әдебиетте Пушкиннің орны туралы Белинскийдің барлық пікірлерін қорыта келгенде, қайталап айтарымыз: осы пікірлердің бәрі Абайдың қазақ әдебиетін тануына да, қазақ әдебиетінің Пушкині болуына да аса зор ықпал етті. Қазақтың шын мағынасындағы ұлттық әдебиетін Абайдың бастауына, қазақ поэзиясын идеялық жағынан да орыстың XIX ғасырдағы поэзиясының қатарына көтеруіне Белинскийдің жоғарғы айтқан пікірлері программа болды.

Белинский - Абайдың идеялық ұстазы. Бірақ:

Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз,-

дейтін Абай:

Кім болса, мейлі сол айтты,-
Ақылменен жеңсеңіз,-

дейтін Абай, Белинскийді ұстаз көргенмен, оның айтқан дарын түгел қабылдай бермейді. Белинскийдің идеалистік бағытта жүрген кездегі ұсынатын тезисі - «поэзияның мақсаты поэзияда ғана» дейтіні, XIX ғасырдың, 40 жылдарынан бері шыға, материалистік пікірге келген кезінде «поэзия - өмір, өмір жоқ жерде поэзия жоқ» деуі бізге мәлім.

Белинскийдің идеалист кезіндегі әдебиетке көзқарасын Абай қабылдамайды, материалистік кезіндегі көзқарасын ғана қабылдайды. Абайдың ұғымында, поэзия - поэзияның ғана құралы емес, өмірдің де, шындықтың да құралы. Белинскийдің бағасында «Поэзия - өмір» болғанмен, екінші сөзбен айтқанда, поэзия бұалдыр идеяны емес, шындық тұрмысты

суреттеуге міндетті болғанмен, сөйте тұра, ол поэзия утелитарлық яғни сипаттап отырған шындықтың пайдасына асарлық халге түспеу керек. Оның түсінуінде, поэзия шындықтың сипатшысы мен сыншысы ғана, ақылшы емес. Сондықтан да алдына дидактикалық міндет қойған поэзияны ол ұнатпайды.

Абай Белинскийден осы бір жерде бөліне жайылып, өмірдің, небір кемшілігін көрмесін, небір оғаштығын сынамасын, сол сипаттауы мен сынауының артын «былай бол!» деген ақыл айтумен бітіреді. Сондықтан ол Белинскийдің эстетикалық кодекстерінің «ақын керсетсін, бірақ дәлелдемесін» деген статьясын қолданбайды. Абай көрсетумен ғана қанағаттанбайды, көрсеткенін яғни сипаттағанын дәлелдеуге тырысады.

Абайдың ұғымында поэзия өмірдің жетекшісі болуымен қатар, өзінің поэзиялық яғни көркемдік қасиетін жоғалтпау керек. Өмірдің неше түрлі күнделік мәселелеріне арнап кейде жалпы ақын ғана емес, үгітші ақын боп жазатын Абайдың өлеңдерінің көркем шығатындық себебі - поэзияның көркемдік қасиетіне аса жауапты қарауынан.

Сондықтан поэзияның утелитарлық маңызына келгенде Белинскийдің эстетикалық кодексін бұзатын Абай мына мәселелерде кеп қайта табысады.

Белинский: «Философ силлогизммен, ақын бейнемен, суретпен ойлайды», - десе, Абай осы заңды қабылдайды да қолданады.

Белинский: «Әрбір көркем шығарманың негізінде нақтылы идея болу керек», - десе, Абай бұны да қабылдайды, қолданады.

Белинский: «Көркем шығарманың идеясына түрі сәйкес болу керек», - десе, Абайға бұл да қонымды пікір.

Белинский: «Біркелкі пікірлі шығарманың түрі де біркелкі болу керек, көркем шығарманың барлық бөлімдері бірінен-бірі бөлшектенбейтін тұтас болу керек», - десе, Абай да осыған қосылады.

Орыстың XIX ғасырдағы эстетикалық пікірін осылайша қабылдаған Абай оның көркем әдебиетінен не үлгілер алды.

Орыс ақындарынан Абайдың аударғандары: Крылов, Пушкин, Лермонтов.

Бізге қажетті мәселе Абай осы ақындарды әлдеқалай аударды ма, болмаса, орыстың өзге ақындарын қаламай мына атаған үш ақынды қалауында себеп бар ма?

Жоғарыда аталған орыстың үш ақынын Абай әлдеқалай емес, оларды өзінің көңіліне ұнағандықтан, олардың ой-пікірі мен өзінің, ой-пікірінде үндестік болғандықтан аударған. Әйтпесе аударманы кәсіп қылайын деп ойламаған.

Абайдың шығармаларын жинап бастырушылардың сөзіне сенсек, оның орыс әдебиетінен бірінші аударған шығармасы Лермонтовтың «Бородиносы». «Бородино»- Лермонтовтың Отанын сүйгендігіне, жерін, елінің ерлік тарихын сүйгендігіне кепіл шығарма. Бұл - Абайдың өз жерін, өз Отанын, өз елінің ерлігін сүюімен қабысады. Сондықтан

бұл өлеңді аударудағы оның мақсаты да ап-ашық:- халқын, Отанын сүйе, ерлікке жұмылуда орыстан үлгі алуға шақыру.

«Бородинодан» кейін Абай өзінің сүйікті ақындарының өлеңдерін аудару ісіне ерекше мән бере қарап, қазақ елі үшін бұл істің пайдалы екенін ескеріп және өзінің ақындық шеберлігін ұштай да өрістете түсуге орасан ықпалы бар екендігін сезіп, Пушкиннің «Евгений Онегинінен» бірнеше үзінділер, Лермонтовтан 20 шақты өлең, Крыловтан 15 шақты мысал аударды.

«Бородинодан» кейін Абайдың аударуға кіріскені - «Евгений Онегиннен» үзінділер. Пушкиннің бұл романнан басқа шығармаларын Абайдың аударғаны бимағлұм.

Абай Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударуға неге ерекше құмартты және бұдан не көздеді?- деген сұрау азамат ақынның аудармаларын оқи бастағанда алдыңнан көлденеңдеп шыға келеді. Бұған өз тұсымыздан айтар пікірден бұрын, Белинскийге сөз беріп алған жөн. Ұлы сыншының «Евгений Онегинді» Пушкиннің өзге шығармаларынан бөліп алатын себебі: «Орыс қоғамының өркендеу жолындағы аса қызық бір кезеңін поэзия арқылы көркем суреттеп беруінен (1633 бет), шын энциклопедиялық шығарма болуынан еді.

Сонсын, қай елдің жастарына болса да үлгі етерлік көркем образдардың асқан ақындық шеберлікпен жасалуы, Татьянаның, бойындағы кіршіксіз таза махаббаттың реалистік тұрғыдан суреттелуі шығарманың мән-маңызын биік деңгейге көтерді.

Абай ұлы шығарманың осы қасиетін қалтқысыз көре білді. Және оны жазған Пушкиннің жан жүйесі, айтар ойы өзінің жан жүйесімен қабысатындығын сезді.

«Евгений Онегинді» Абай тұтас аударған жоқ, одан оның аударғандары: романның басында (бірінші тарау, X - XI - XII шумақтар) Пушкиннің Онегинді сипаттауы, Татьянаның Онегинге жазған хаты (екінші тарау, XXXI шумақ), бақша ішінде жолыққан Татьянаға Онегиннің берген жауабы (төртінші тарау, XII - XVI шумақтар), Онегиннің Татьянаға жазған хаты (сегізінші тарау, XXXII шумақ), Татьянаның Онегинге берген жауабы (сегізінші тарау, XIII шумақ).

Орыс поэтикасында «онегиндік шумақ» аталып, әр шумағы 14 жолдан құралатын, әр жолында тоғыз буын болатын, үйлесі - а, б, а, б, в, в, г, г, д, ж, ж, д, з, з боп келетін түр «Евгений Онегиннің» өн бойында өзгеріссіз сақталады. Абай өз аудармаларында бұл түрді қолданбай, «Онегиннің сипатын» шумағы төрт жолдан, әр жолы 11 буыннан құралатын, үйлесі - а, а, б, а боп келетін түрмен -қара өлеңмен аударды. «Татьянаның Онегинге жазған хатын», «Онегиннің Татьянаға жауабын», «Онегиннің Татьянаға жазған екінші хатын», «Татьянаның қайтарған жауабын» әр шумағы төрт жолдан, әр жолы сегіз буыннан, үйлесі а, б, а, б боп келетін түрмен аударған.

«Онегиннің сипаты» - Абайда 34 жол өлең. Пушкиннің оригиналында да аударылған жолдардың саны 34 (Абай X және XI шумақтарды тұтас аударған да, XII шумақтан алты жол ғана алған). Пушкин Онегиннің ішкі сарайын сипаттауды осы 34 жолға сыйғызған. Бұл 34 жолдың алдыңғы жағында Онегиннің сыртқы дүниемен қарым-қатынасы, алған білімі айтылады да, кейінгі жағында әдеті, салты айтылады. Абай Онегиннің ішкі дүниесін сипаттауды ғана аударған.

«Онегиндік шумақтың» Абай түрін сақтамағанмен, мазмұнын сақтайды, образдарын тамаша дәл келтіреді: Пушкиннің оригиналы мен Абайдың аудармасын қатар оқып *көрсең*, мағынасы да, көркемдігі де дәл түсетініне ғажап қаласың. Осыған қарағанда, «онегиндік шумақты» Абайдың сақтамауы ол шумақты қазақшалауға әлі келмегендіктен емес, қазаққа ұғымсыз болар деген ойдан туған болу керек. Өйткені өлеңнің көпшілікке түсінікті болуына Абай ерекше назар аударғаны мәлім.

Татьяна мен Онегиннің бірін-бірі ұғуына байланысты өлеңдерге келгенде, Абай түп нұсқаның арнасынан біраз шығып кетеді. Ең алдымен түп нұсқада Татьяна Онегинге хат жазады да (екінші тарау, XXXI шумақ) Онегин Татьянаға хат жазбайды, бақша ішінде жолығып, неге үйлене алмайтын сырын ауызша айтады (төртінші тарау, XII - XVI шумақтар). Абай Онегиннің осы ауызша жауабын хатқа айналдырады да, Пушкиннің сарынымен өз жанынан жазады. Сол сияқты, түп нұсқада (сегізінші тарау, XIII шумақ) Татьяна Онегинге екінші рет хат жазбайды, үйіне кеп жолыққанда жауабын ауызша айтады. Осы жауапты да Абай хатқа айналдырып, романның жалпы сарынын сақтағанмен, өз жанынан жазып шығады. Татьянаның Онегинге жазған хатын (екінші тарау, XXXI шумақ) және Онегиннің Татьянаға жазған хатын' (сегізінші тарау, XXXII шумақ) аударғанда, Абай мазмұнын сақтай отыра, көп жерінде еркін кетіп, оригиналда жоқ сөздерді, жоқ теңеулерді қосып жібереді.

Мәселен:

Михрабым сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас ғүзіріме.
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне.

Он сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр,
Мен сияқты сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр,-

деген сөздер Пушкинде жоқ. Пушкинде Евгений мен Татьянаны қосуға бөгет - тағдыр, бірақ бұл тағдыр, Пушкинше «лаухыл-махфуздың» жазуы емес, қоғамдық тұрмыстың шындығынан шыққан, Евгений мен Татьянаның өмір жолындағы шиырлар. Ал Абайдың, ұғымында, бұл «тағдыр» шынында

«лаухыл-махфуздық» болып кетеді. Сондықтан да ол Онегиннің аузына түп нұсқада кездеспейтін:

Сен - ағашта піскен алма,
Қазір едің, алмадым.
Құп кіріптар қылды алла,
Әлде нені қарғадың?-

деген сөз салады.

Осыған қарап, Абай Пушкинді түсінбеді я аударуға әлі жетпеді немесе Пушкиннің ойын бұзды деуге бола ма? Түсінбесе я әлі жетпесе, «Онегиннің сипатын» неге дәл береді? Бұзғысы келсе, Пушкиннің пікір арнасынан неге шықпайды?

Біз бұл арада Абайдың «Онегинді» аударуының академиялық жағын тексерейік деп отырғанымыз жоқ, тек кезегі кеп қалған сөз болғандықтан айтып отырмыз, әйтпесе біздің тақырыбымыз - Абайдың осы шығарманы не мақсатпен аударуы ғана.

Өзге мәселеде рационалист Абай «Евгений Онегиннен» үзінділер аударғанда да, осы нысанасынан көз жазбайды. Онегин мен Татьянаның жүрек сырларын ақтарысатын жерлерін тандап аударудағы Абайдың мақсаты - шын сүйісе білудің маңызы қандайлығын қазақтың қызы мен жігітіне үлгі қылып тарту, өз заманындағы «қалың малдың» қамауында отырған қазақтың қыз бен жігітін Евгений мен Татьянадай болуға, малдың күшімен сүйюге емес, жүрек күшімен сүйюге шақыру.

Осы мақсатпен, «Евгений Онегиннің» кейбір жерлерін өзінше өзгерте жазған Абай қазақ аулының сауатсыз қыз бен жігітіне бұл оқиғаны түсінікті етем деген мақсатпен, Татьянаның, Онегінге берген жауабын (сегізінші тарау) жазғанда:

Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп,
Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім «алшы» деп,-

деп қазақ аулының қамшы тебелесін орыстын, тұрмысына қолданып:

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы, бақыты кем,-

деп дворян семьясында өскен Татьянаның сөзіне қаймақ пен қаспақты қосқандағы Абайдың мақсаты - оның Онегинді сүйюін қазақтың қыз, жігітіне ұғымды бейнемен беру.

Онегин мен Татьянаның бейнесін Абайдың жақсы көргендігі оның өз жанынан шығарған «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңінен керінеді. Романда оқиға Онегиннің Татьяна ерге шыққан кезінде, үйіне кеп жолығуымен, Татьянаның: «Менің тағдырым шешілген... мен сені сүйем, (несіне жалған айтам?) бірақ менің тиген ерім бар, оған берілуден айни алмаймын», - деуімен бітеді. Абай мұнымен тоқтамай, өз жанынан «Онегиннің, өлердегі сөзі» деген өлең шығарады. Бұл өлеңде өлім халінде жатқан Онегин:

Жарым жақсы киім киіп,
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңілім,
Басылмай бір құшып, сүйіп,-

деп сандырақтайды да, көзіне елестеген Татьянаны:

Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіппін жүз есе күйіп,-

деп қасында тұрғандай көреді. Сөйтіп:

Қылдың арам ойыңды.
Бір бұрмадың мойныңды,
Сен ақылмен көңіліңді
Тыйып, жеңдің, бойыңды,-

деген арызын айтып, өмірде қолы жетпеген ғашықтық арманмен:

Атам, анам қара жер,
Сен аша бер қойныңды,
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды,-

деп тіршілікпен қоштасады.

Бұл өлеңнің, мазмұны да, түрі де ескі араб, парсы ғашықтарының жырына ұқсас. Ғашықтық дертінен сарғайып өлу, ескі Шығыс әдебиетінде болмаса, Европа әдебиетінің «Евгений Онегин» сияқты реалистік стильде жазылған шығармасы түгіл, романтикалық стильде жазылған шығармаларында да ұшырай қоймайды.

«Евгений Онегин» романын Абайдың неге түгел аудармағандығы, Пушкиннің басқа шығармаларын неге аудармағандығы бізге мәлімсіз. Әйткенмен бұл арада бір мәселенің бетін ашып кету керек.

Абай - түгелімен реалист. Оның шығармаларында романтизмнің өзі түгіл көлеңкесі де жоқ, ал Пушкин, әсіресе 1825 жылға шейінгі Пушкин, негізінде романтик. «Бақшасарай фонтанынан», «Кавказ тұтқынынан», «Цы-

гандардан» аудармай, Абайдың «Евгений Онегинінен» аударуы да сондықтан болу керек.

Олай болса, романтиктігі Пушкиннен де басым жататын Лермонтовты неге аударды Абай?

Абай орыс ақындарынан 56 шығарма аударған, солардың сегізі Пушкиннен («Евгений Онегиннен» үзінділер), он төрті Крыловтан; Мацкевич, Бунин, Полонскийден бір-бір өлеңнен, авторы белгісіз үш өлең, ал қалған 28 шығарма Лермонтовтан. Осы мәселеге біраз тоқтайық.

Ең алдымен, Абай Лермонтовтың поэмаларынан ешқайсысын аударған емес. Абайдың «Мұңлы шайтан» деп басталатын өлеңін Лермонтовтың «Демон» атты поэмасының кіріспе сөзінен аударылды деп есеп қып жүр. Ол дұрыс емес. Абайдың шайтанды сипаттауы Лермонтовтан басқаша. Лермонтовта шайтан азғындық жолға еріксіз, қысым көргендіктен түссе, Абайда менмендік пен бақ құмарлықтан түседі. Абайда - шайтан түзелусіз кеткен бұзық, оның жүрегінде мейірім оты мен махаббат сөнген. Лермонтовта олай емес. Лермонтовтың баяндауында, шайтан зорлықсыз мейірімді, шын махаббатты іздеп жиһан кезеді де, сол махаббатты грузин қызы - Тамарадан табады. Шайтанның Тамараға айтатын ғашықтық сөздерінен адам қоғамының ішіндегі әділетсіздіктердің сыры ашылады. Олай болса, тақырыбы ұқсас болғанмен, Лермонтовтың шайтанынан Абайдың шайтаны басқа. Лермонтовтық шайтаны - әділетсіздікке, қиянатқа, жауыздыққа қарсы тұрушы, Абайдың, шайтаны - қиянат пен жауыздықтың қордасы. Лермонтов шайтанды тіршілік шындығының тұрғысынан алып қарайды, Абай дін тұрғысынан алып қарайды.

Екінші. Лермонтовтың өлеңдерінен Абайдың аударғандары - түгелімен қоғам тұрмысындағы әділетсіздікке ызаланған, бірақ сол әділетсіздіктерді түзеуге шамасы келмей торыққан, жалғызсыраған адамның көңіл күйін көрсететін өлеңдер. Мұндай өлеңдерді Абай өзінің көңіл күйіне дәл келетіндіктен аударған.

Үшінші. Абайдың «Лермонтовтан аударды» дейтін шығармалары үш жүйеге бөлінеді.

1. Көлемі, мазмұны, көркемдігі Лермонтовтың оригиналымен дәл түсетіндер. Мәселен, Лермонтовтың, «Выхожу один я на дорогу» деп басталатын өлеңі 20 жол. Осы өлеңді Абай «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» деп бастап аударды да, 20 жолды 20 жолға сыйғызады және мағынасын да, көркемдігін де дәл түсіреді. Осы сияқты аударылған бірнеше өлең бар. «Парус» Лермонтовта 12 жол болса, Абайда да сондай; «Жартас» Лермонтовта да, Абайда да сегіз жол; «Қараңғы түнде тау қалғып» та сондай. Бұлардың, бәрі-дәл аудармалар.

2. Көлемін қысқартып, негізгі мазмұны мен көркемдігін сақтап аударған өлеңдер. Мәселен: «Теректің сыйы» Лермонтовта 76 жол өлең, Абай оны қысқартып 38 жолға түсірген. Лермонтовта «Кабардинец» аталатынды, Абай «Ер Серкеш» деп атап, сол «ердің» «құранмен»

шұғылданатын жерлерін аудармай қалдырып кеткен, Лермонтов казачканы 20 жолмен сипаттаса, Абай:

Казак-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны да ал,-

деп екі-ақ жолға түсіреді. «Еврей күйі», «Қанжар», «Бородино» тағы бірнеше өлеңдер солай қысқартылған.

3. Жалпы сарыны, жалпы мазмұны ұқсап отыратын, Лермонтовтан «аударма» деуден гөрі, «Лермонтовтың сарынымен» деуге келетін өлеңдер. Мәселен, Лермонтовтың «Дума» дейтін өлеңі оригиналда 44 жол өлең. Абайдың «Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы» деп басталатын өлеңі барлық жинақтарында да «Лермонтовтан» делініп, жоғарыда аталған «Думаға» қосақталып жүр. Абайда да жол саны - 44. Солай бола тұра, мазмұнның ұзын- ұрғасы жақындап қалғанмен, бірақ өлеңді аударма деу қиын.

Бұл өлеңнің:

Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс - өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды,-

дегені Лермонтовтың:

Печально гляжу я на наше поколение!
Его грядущее иль пусто, иль темно.
Меж тем, под бременем познания и сомнения
В бездействии состарится оно,-

дегені дәлге жақын кеп қалады да:

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш екенін,
Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін,-

дегені Лермонтовтың:

Богаты мы, едва из колыбели,
Ошибками отцов и поздним их умом,
И жизнь уж томит, как ровный путь без цели,
Как пир на празднике чужом,-

дегеніне мағына жағынан жанаспай, алшақ жатады. Абайда «бұл заманның жасы» - шалдарды сынаушылар, ал Лермонтовта ол жастар, сол «әкелердің қателері мен кенже қалған ойынан сабақ алып өскендер». Бұл өлеңнің қалған шумақтарын да Лермонтовтың оригиналымен салыстырсаң, осылай дәл шықпайды. Оның бір мысалын әлгіде «Шайтан» деген өлеңнен де байқадық.

Абай өлеңдерінің ішінде жалпы сарыны үйлесетін, бірақ дәл аударды дегенге сыймайтын өлең бірнешеу. Бұларды аударма деуден гөрі, әр ақынның Абайға жасаған ықпалы, әсері деп дәлелдеген орынды. Мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, Абайдың өз шығармалары дейтін өлеңдерден де Лермонтовпен я басқа ақындармен үндес шығатын шығармалар табылып қалуы әбден ықтимал. Бірақ бұған қарап, ақынның төл өлеңдерін «еркін аударған» деген сылтаумен басқа ақындарға таңа беру орынды болмайды. Мысалға «Ғашықтық іздеп тантыма!», «Күлімсіреп аспан тұр», «Ал сенейін, сенейін» деген өлеңдерде творчестволық ықпалдардың барын айту, оларды аударма деп танудың бірден-бір шарты бола алмайды.

Лермонтов пен Абайдың арасындағы байланысты аяқтар алдында айтып кететін бір мәселе - Абайдың өлерден екі жыл бұрын ғана «Вадимді» аударуы. «Вадим» - прозамен жазылған шығарма. Оны 18 жасар Лермонтов Пушкиннің «Капитан қызының» әсерінен жазған. Екеуінде де айтылатын оқиға - Емельян Пугачев бастайтын, XVIII ғасырдағы орыс шаруаларының көтерілісі және екеуі де осы көтерілісті сипаттағанда, бүйректері шаруаларға бұрып, оларды жақтап отырады.

Өз шығармаларында да, басқа аудармаларында да бұл Абайдың жолаған тақырыбы емес. Қару алып майданға шығу идеясын насихаттау Абай творчасына тән емес. Еңбекші халықтың қанауда отырғанын сипаттағанымен, Абай сол еңбекшілерді көтеріліске шақырған кісі емес. Осындай жолдағы Абайдың «Вадим» сияқты көтерілісті жырлайтын шығарманы аударуы - Абайдың өмірбаянынан да, шығармаларынан да себебін таппайтын мәселе. Сондықтан «пәлендей себептен» деп біз де сауегейлік жасай алмаймыз.

Лермонтовтың «Вадимді» жазуы, әсіресе 18 жасында жазуы, таң қаларлық жағдай емес, себебі: көңіл күйлерінде ұқсастық болғанмен, Лермонтов, әрине, Абай емес те, Абай Лермонтов емес. Лермонтов - қоғам тұрмысындағы қиянатты көрсетумен, сынаумен ғана қанағатсынбай, сол қиянатты, Абайша ақыл айтып емес, күшпен түзетем деп арпалысатын жаны жанжалшыл ақын.

Өлеңдерінде сарындастық болғанмен, Лермонтов пен Абайдың пікірлері де үнемі бір арнамен ағуы мүмкін емес. Себебі, Лермонтов - 1825 жылғы декабристер көтерілісінің қанды ізін баса шыққан кісі, сондықтан да оның шығармаларынан шоқпарлы Николай сөндірген декабрь өртінің ұшқындары шашырап отырады.

Абайдың, дәуірі - көтеріліс дәуірі емес. Абай әдебиет майданына араласа бастаған кезде, қазақ халқының көтеріліс жылдары арттағы алыста қалған оқиға. Бұл кезде ішкі Россияда болып жатқан шаруа жанжалдарының

жаңғырығы болмаса, оның мән-мақсаты Абайға жеткен жоқ. Шаруаларды балтаға шақырған Чернышевскийдің, шығармаларын Абай оқығанмен де, оның ішкі сырына терең бойламаған. Міне, осы арада Абайдың революционер-демократ болмай, ағартушы- демократ болғандығы көрінеді.

Бұл жөнде Абайдың, орыс әдебиетінен не алғандығы туралы айтатын пікірімізді кейінірек қалдырып, әуелі оның Крыловты неге аударған себебін ашып алайық.

Мысал жанры әдебиетте қайдан пайда болды деген сұрауға Белинский «Шығыстан» деген жауап береді. Онысы рас. Өзге Шығысты былай қойғанда, мысал түріндегі ертегілер қазақта да көп. Бірақ, халық ертегісіндегі мысалдарда оқиға бар да, қорытынды жоқ, бағыт бар да, нысана жоқ. Халық әдебиетіндегі осындай нысанасыз мысалдарға сүйене отырып, жазба әдебиетте нысаналы мысалдар жазған адам-француздың XVII ғасырдағы ақыны Лафонтен. Лафонтен өсімдік пен өсімдіктің, өсімдік пен хайуанаттың, хайуанат пен хайуанаттың я хайуанат пен адамның арасындағы қарым-қатынастарды айтқан боп, қасқырдың озбырлығын, зорлығын, түлкінің айлакерлігін, еменнің қаттылығын, шошқаның топастығын, қарғаның ақмақтығын сипаттаған боп, қоғам тұрмысында кездесетін теріс қылықтар мен мінездерді сықақтап, жалпы қоғамға «ондайдан сақтаныңдар» деген ақыл айтады.

Крыловтың мысал жазуда Лафонтеннен үлгі алғанын айта кеп, Белинский Крыловты одан бөліп ап былай дейді: «Крыловтық мысалдары - орыстың іскерлік ойының, орыстың, тапқырлығы мен сықағының, орыстың ауызекі сөзінің, қымбат қазынасы» (1370 бет).

«Крылов өзінің кейбір мысалдарының мазмұнын Лафонтеннен алғанмен, - дейді Белинский, - оны аударды деп атауға болмайды. Табиғатында орыс боп жаралған ол аударғандарының бәрінің түрін де орыстікіне айналдырды, орыстық рухта берді. «Орыс мені біледі, мен орысты білем» деп айтуға жарайтын әдебиетімізді біз де дәріптейміз, құрметтейміз» (771 бет).

Белинскийдің осы пікірін оқып алды ма, я өзі солай деп ойлады ма, әйтеуір Лафонтенді Крылов қалай аударса, Крыловты Абай да солай аударған. Лафонтеннен аударған мысалдарына Крылов орыстық түр, орыстық рух берсе, Крыловтан аударған мысалдарына Абай да қазақтық түр, қазақтық рух берген. Сондықтан, егер «Крыловтан» деген ескерту тұрмаса, Абайдың одан аударды деген мысалдарының басқа тілден аударылғандығында ешбір белгі жоқ.

Крыловтың «Квартет», «Демьянова уха» деген сияқты, европалық я орыстық тұрмыста ғана кездесетін мысалдарын Абай аудармайды. Абайдың аударғандары қазаққа түсінікті болатын мысалдар ғана.

Лермонтовтың кейбір шығармаларын қысқартып аудару әдісін Абай Крыловқа да қолданады. Бірақ мысалдың басында я ақырында тұратын насихат сөздерін кейде өзінше бұрғаны болмаса, орыс тұрмысына ғана арнаулы, қазақ тұрмысында кездеспейтін кейбір әдет-ғұрыптың, көріністерін

қазақшалағаны болмаса, орыстың әдетіне байланысты кейбір теңеу, салыстыру, әсірелеулерді қазақ әдетіне байланысты теңеу, салыстыру, әсірелеулермен алғаны болмаса, жалпы оқиғалық мазмұнын бұзбайды. Мәселен, «Есек пен бұлбұл» деген мысалын Крылов «Бұлбұлға есек кездесті» деп оқиғадан тура бастаса, Абай:

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы,
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы,-

деп бұлбұлға жолығар алдында есектің қыдырғанын баяндап алады. Крылов мысалдың аяғында: «Тәңірі, бізді де сондай қазыдан сақтағайсың», - деп қорытынды пікірін бір ғана жолмен айтса, Абай:

Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын,
Сөйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын,-

деп Крыловтың бір жолын төрт жолды бір ауыз өлеңге айналдырады, Өйткенмен жалпы көлемі бірдей (Крыловта да бұл мысал 28 жол, Абайда да 28 жол) аударманың мағынасы оригиналға дәл.

«Шегіртке мен құмырсақ»- Крыловта 30 жол өлең, Абайда 36 жол. Алты жолды артық қосқанда, Абай Крыловтың, жолын жолға сыйғыза алмай отырған жоқ. Крылов:

Билеуге құмар шегіртке
Жазды ән сап өткізді, -
Ойлаған жоқ шұқыр деп,
Ызғарлы қыс кеп, көзді,-

деп мысалын тура қыстың келуінен бастаса, Абай:

Шырылдауық шегіртке,
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөләйттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүні жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй,
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң, кетті күй,-

деп шегірткенің жазғы сайранын Крыловтан кеңірек толғап кетеді. Өйтудегі мақсаты - Крыловты толықтыру, не әдемілеу емес, осы мысалды оқуға ұсынып отырған қазақ халқына «қыстың қамын жаз же» деген ақылын толығырақ айту. Мұндай ақылды Абай ол кезде қоныстанбаған көшпелі ауылдың қысқа әзірленуі аса қажетті деп санайды.

Осындай әдісті Абай Крыловтың барлық мысалдарын аударғанда да қолданады. Әрбір жеке мысалды аударғанда оның көздеген мақсаты: біріншіден, қазақ халқына Крыловты таныстыру болса, екінші жақтан, осы аударып отырған мысалы қазақ халқының тіршілік пайдасына асса екен деп тырысу.

Біз бұл еңбегімізде Абайдың аудармаларын зерттеу мақсатын қойған жоқпыз. Біздің мақсатымыз - Абайдың орыс классиктерінен не үлгі алғанын, кімдердің шығармаларын не мақсатпен аударғанын ғана айту. Сондықтан оның орыс әдебиетінен алған үлгілері және аудармалары туралы пікірімізді осымен аяқтап, қазақтың классикалық жазба әдебиетін Абайдың қалай бастап, оның негізін қалай қалағанын баяндауға кірісейік.

Қазақтың реалистік жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың ұлы ақындық еңбегінің мәнін ашып көрсету үшін, үлгі-өнеге алған арналарын барынша мол және мүмкін қадарынша нақты баяндауға ерекше назар аудардық. Осындай творчестволық қуатты үш арнадан нәр ала білген данышпан Абайдың қазақ әдебиетіне қосар үлесі де, кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы да, ол жасаған дәстүрдің құнарлылығы мен пәрменділігі де оның, ақындық шеберлігін, жаңашылдығын баяндау кезінде әңгіме болып отырады.

Көркем әдебиеттің белгілі бір дәуіріне басшы болу жазушы атаулының бәрінің қолынан келе бермейді. Жазушының әр сыңайлы болатындығын - бір жазушының ақылынан сезімі күшті (мәселен, біздің Ақан сері), «бір жазушының сезімінен ақылы күшті (мәселен, біздің Ақмолда), ал бір жазушының ақылы да, сезімі де күшті болатындығын естен шығаруға болмайды.

Бірыңғай сезімге берілген ақын, өмірге сыншы бола алмайды, бірыңғай ақылға берілген ақын көркемдік жағынан ойсырап жатуы мүмкін, өйткені ақындықтың өзі - көркем сезінудің жемісі. Сезіну мен сезінудің арасында да, ақылдылық пен ақылдылықтың арасында да айырма көп: сезімнің де ұлысы, кішісі бар; ақылдың да ұлысы, кішісі бар. Ақынды қаншама сезімді дегенмен, біз оны Абаймен қатар қоя алмаймыз, Ақмолданы ақылды дегенмен, біз оны Абаймен қатар қоя алмаймыз. Абайдың сезінуі Ақаннан өлшеусіз зор, ойлануы Ақмолдадан өлшеусіз зор. Абай зор сезім мен зор ақылдың басы түйіскен жерден шыққандықтан және сол зор сезім мен зор ақылға зор білім қосылғандықтан ғана қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуірді бастаушы боп отыр. Егер онда зор сезім мен зор ақыл болмаса, Шығыстан, Европада кітапты көп оқумен Абай бола алмас еді. Кітапты көп оқыған кісінің бәрі зор бола берсе, енеден туып есін біле кітаптың арасында өсетін, бастауыш, орта, жоғарғы мектептерді кезекпен асықпай бітіретін, одан кейінгі өмірін де кітаптың арасында өткізетін елдің барлық адамдары да данышпан болар еді.

Бірақ өмірде олай болмайды. Жалғыз кітаптан ғана емес, жалпы өмірден де өзіне қажетті нәр алу, олардан мән-маңыз табу, өзінің тоқығанын көпшілікке ортақ ету шын ма-ғынасындағы ақылды адамның қолынан келеді, ондайларға халықтың, қойған аты - данышпан.

Біздің Абай - ақындығының үстіне, осындай данышпан адам. Азғантай ғана мектептік білімін өз бетімен үстеп, жалғыз қазақтың ғана емес, марксизмге шейінгі барлық адам баласының гуманитарлық пікірінің ең биігіне шыға алуы да оның осындай қасиетінен.

Әрбір ақын - данышпан емес те, әрбір данышпан - ақын емес. Данышпан ақын сол уақытта ғана бола алады, егер ол шығармаларын оқуға мүмкіншілігі бар ақындардың бәрін біліп алғаннан кейін, алдына: «Менің солардан айырмам не болмақ?» деген сұрау қоя алса, және «Мынау болу керек», - деген үлкен міндетін анықтап алғаннан кейін, сол міндетті іске асыра алса.

«Адамның, міндеті не?» - деген сұрауға Абайдың берер жауабы: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың».

Абайдың еңбегі - жазушылық. Олай болса, оның алдына қойған міндеті өзінің ғана көңіл күйін шертетін жазушы болуы емес, адамдық яғни қоғамдық мәселелерді қозғап, оны дәуір талабының биік мұнарасына көтере білетін жазушы болуы.

Қазақтың, Шығыстың, орыстың, орыс тілі арқылы Европаның әдебиеттік қазыналарынан білімін толықтыруда көп пайда алған Абай: «Мен өзім қайткенде өзге ақындарға ұқсамаймын, қайткенде көптің ойына жетекші ақын болам?» - деген міндет қояды да, сол міндеттің шешуін таба да біледі.

Ең алдымен, Абайдың «ақын кім? Оған ақындық шабыт қандай жағдайда келеді? Шабыты келген ақынға не істеу керек?» - деген сұрауға не жауап беретініне тоқтайық.

Абай, әрине, дінге, тәңірге сенеді. Бірақ оның бұл сенуі құлшылық етумен барабар емес. Абайдың ұғымында, адамда тәңірі «берген» ақындық өнер болғанмен, ақындық шабыт келмесе жаза алмайды. Бұл мәселеде оның пікірі Пушкинмен үйлеседі. Егер Пушкин «Поэт» деген өлеңінде Аполлон жәрдем бергенше, ақын жай ғана күн көргіш адамның бірі деп есептесе. Абай да шабыт келуді тәңіріден деп ойлап былай дейді:

Адамның, кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Кек бұлттан ашылса...

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар кез,
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Ақындық өнерді бұлт басқанда «тәңірі» ол бұлтты серпілтеді екен де, жарқыраған күннің сәулесінен ақынның ұйықтаған шабытын оятады екен дейік; сонда ғана ақын «қуатты ойдан басын құраған сөздерді іріктеп шығара» бастайды екен дейік; сонда ғана:

Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,-

құйылады екен дейік, мақұлдайық. Ал енді Абайдың ойынша, сол құйылған келісімді сөздердің атқаратын міндеті не?

Жоғарғы «Поэт» деген өлеңінде Пушкиннің бұл сұрауға берер жауабы: ақын сапырылысқан жұрттың шуынан безіп далаға қашады да, кең жайылымды толқын мен мол сылдырлы бәйтеректің қасына барады. Ал Абайдың берер жауабы:

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар,
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар

Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін,
Білдірер алыс-жақынға
Солардын, сөйле дегенін.

Сөйткен уақытта:

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

Ашық пікір, бойына біткен ақындық өнерін Абай «тәңірі» берген қасиет деп, ақындық шабытты жіберетін де «тәңірі» деп түсінгенмен, сол шабыт келе қалған күнде діншіл ақындардай:

Әуеле хамді құдайға зікір, сәнә -
Салауат расулыне айттым жәнә,

Бір хамдұ хәтіріме келе қалды,
Жағыма жәрдем бергіл алла тағала! -

деп тәңіріге мүнәжат қыла жөнелмейді,

Бисміллә деп айтылар сөздің басы,
Бисміллә әр уақытта дін жолдасы,
Һидаят тәуфиқыны бергей еді,
Һәр уақыт бәндәсіне бір алласы,-

деп зікір салмайды.

Мүсарриф молда болар дін ағасы,
Дахида міскіндүр һәм жол баласы,
Мүддәрис ғалымға бер бай болса да,
Болса да сом алтыннан босағасы,-

деп, елді молдаға зекет беруге шақырмайды. Абайдың шабыт келгенде қолына алары - халықтың мұң мен зары; кектенетіні - надан мен залым, «улы сиясын» төгетіні де, «өткір тілін» түйрейтіні де сол надандық пен залымдық.

Сол надандық пен залымдыққа қарсы құрал ғып жұмсайтын Абайдың «өткір тілі» қандай тіл?

Тіл туралы Абайдан басқа қазақ ақындарының да пікір айтқандары аз емес. Мәселен, Ақмолданың өлеңдерінде:

Иірілген ауыздағы тіл - бір жылан,
Тебінбесе шақпайды деп қылма гүмән,-

деген,

Гүл тұрмас гүл қалпында мезгіл қайтса
Тіл - тікен, сөз харажат таппай айтса,-

деген жолдар кездеседі. Бұл даө күшті айтқан пікір. Абайдың тіл туралы пікірі бұдан да терең. Ол әуелі тілдің, жәрдемімен жасалатын көркемөнердің өзге өнерлерден орнын бөліп ап, «Сегіз аяқ» деген өлеңін:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиядан шауып,
Кисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл -

деп, тілдің тебіренуін, сол тебіренген тілге өтінішін айтудан бастайды да:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас,-

деп, өезге өнерден сөз өенерін жоғары қояды.

Тебіренген тілдің өсіретін жемісі - сөз. Адамның дыбыстардан құрап білдіретін ойының бәрі сөз. Бірақ адам атаулының бәрі бір ұлт емес, алуан-алуан ұлт. Әр ұлттың тілі бар. Ұлттық тіл - сол ұлттың тіршілігінің айнасы да, құралы да. Әрбір ұлттың тілі сол ұлттың барлық мүшесіне түсінікті бола білсе ғана тіршілігінің айнасы мен құралы болады.

Тілдің осындай маңызы барын ұққан Абай ұлттық тілдің, сол ұлтқа жат, түсініксіз сөздерден таза болуын қатты талап етіп былай дейді:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттын, сөз танымас бір парасы.

Абайдың, «бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген пікіріне аздап тоқтайық.

Абайдың заманында қазақ тілі халыққа түсініксіз араб, парсы сөздерімен өте шұбарланғанын біз жоғарыда айтқамыз да, дәлелдер де келтіргеміз. Абайдың шығармаларында мұндай шұбарлық «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген діни тақырыпқа арнаған бір ғана өлеңінде кездеседі. Өзге өлеңдерінде кездесетін ижеттес, уарт, баж, шаһбаз, һәмишә, дәһри деген бірен-саран араб пен парсы сөздері өлеңнің мағынасын ұтуға ауырлық та келтірмейді, түрін де бұзбайды.

Өлеңдері түгіл, діни тақырыпқа арнаған «Отыз сегізінші сөзінен» басқа Абайдың насихат сөздері де таза қазақ тілінде жазылған, қара сөздің мұндай таза тілмен жазылуы Абайдың заманында өте сирек кездеседі. Мәселен, Абаймен екшелес өскен Қаржас Шорманның Мұсасының Садуақас деген баласы 1907 жылы баспадан шығарған «Аушы» дейтін кітабына жазған кіріспе сөзін қалай жазғанын көрсете кетуге болады: «Қазақ-қырғыз таиғасы саядлық етуге һауасы болсалар да, бағзылары аушылық (күсшы) тариқасын камел ақламаған жаһаттан, ақыл мәртәбә милләтиһи хызмет болмақын үмид уаржа идәрәк бу қысқа шарисаланы төртіп әйләдік. Бізден садыр олынған хата уа кемшілікләрні әһіл қалам басаратден илтимасымыз күсу ғайри ғафу идәрәк шафқат қаламы илә тәсхих нтмәләрі тамға олынор».

Жалғыз кітап тілі емес, кеңсе тілі де ол кезде қазаққа түсініксіз, татарша, арабша араласқан сөздерден құралатын. Мәселен, 1872 жылы

жазылған бір бұйрықтың тілі былай: «Биборнай Байғара Яугашар ұғлина тапшырамын: біздің қол астымыздағы қазақ Сибанбай дигән қыз алығт қашып кетіп дүр, көп дуния қазналары билән, ақша алды дип айта дүр, Нұдайберген Иділ баласы бар дүр. Қызы бірлән икісін бітірәрсін, әгәр бітмәсә бізге иібарарсын, ат ялдап иібарсам кирәк даю поласнай Тоқай Қарауыл ұғли, мөһір бастым».

Осындай араб, парсы, татар тілдерімен шұбарланған қазақ тілін тек өлеңдерінде ғана емес, прозасында да жат сөзден аршу тілге аса жауапты қараған Абайдан ғана табылады.

Қазақ тілін шығыстық жат сөздерден осылай тазалаған Абай ол тілге орыс сөздері араласуға қалай қарады?

Абай заманында қазақ ауылдарының орыс поселкелерімен қоян-қолтық араласуы, базар арқылы қазақтың орыс қалаларымен араласуы қазақтың тіліне де әсерін тигізді. Орыс өндіретін заттарды тіршілігіне қолданған қазақтар орыстың «хомутын» - «қамыт» деп, «дугасын» - «доға» деп, «возжасын»- «божы» деп, «чайнигін»-«шәйнек» деп, «самоварын»- «самауыр» деп өз сөзі ғып алып кетті. Осындай орыстан кеп қазақ сөзі боп кеткендер қазақта, әсіресе солтүстік жақтағы қазақтарда толып жатыр. Қостанай, Қызылжар, Кереку сияқты жерлердің қазақтары орыстан келген заттардың орысша аттарын өз тілінің заңына қарай бұзып айту былай тұрсын, «жәшнәй (ясный) малымда не дауың бар», «бұл сөзіңнің піршінін (причина) айтшы, «сенің күштілік айтқаныңды примит те (принимать) қылмаймын» деген сияқты орыс сөздерін бұрып қолданады.

Орыс тілін осылай орынсыз қолданудың әсері қазақтың ауыз әдебиетіне де тиіп:

Мінгенім дәйім менің мақпал қара.
Педдисат пет рублей серебыра.
Көңілім не небидал болса дағы.
Әй қалқа, қырындамай бермен қара,-

деген сияқты өлеңдер Абай заманында аз шыққан жоқ. Бұлай шұбарлану, Абайдың тұсында жазба әдебиетке де араласа бастады. Мәселен, 1892 жылы Николай II наследник кезінде саяхаттап Омбыға келгенде, қазақтың билері, әкімдері, байлары оны құрметпен қарсы алған. Сонда Ақан серінің Николайға арнап жазған және оған айтып берген өлеңі:

Бірінші здраю желаю, великий кнэз,
Алтын тақ отырғаның, баста алтын тэж.
Государь император, сені көріп,
Подданной мына халқың болып тұр мэз.

Тақсыр-ау, қисық емес мақұлыңмын,
Едино родной жақыныңмын,

Төре ояз саған песня пейт қыл деді,
Солардың выбраннай ақынымын, -

деген сөздерден құралады.

Негізінде орыс әдебиетіне арқа сүйеп, содан үлгі алған Абай қазақ әдебиетінің халыққа ұғымсыз осындай сөздермен шұбарлануына қалай қарады? Және өз шығармаларында орыс сөздерін қолданды ма?

Араб пен парсы сөздерін там-тұмдап шығармаларында қолданғанындай Абай орыс сөздерінен де аздап алмай қоймайды. Бірақ ол орыс сөздерін кейбір ақындардай мақсатсыз я қисынсыз әдемілік үшін алмай, орынды, қажетті жерде алады. Заманның тұрақсыз, бұзық мінезін сынағанда ол:

Мәліш сауда секілді күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас,

деп, орыстың «мелоч» деген сөзін «мәліш» деп ап, арын сатқандарды ұсақ саудагерлерге бейнелейді. Зорлықшыл жемқор болысты сипаттап, оның қылмыстарын бетіне басқанда Абай оның аузына «каталашке көбейді» деген сөзді сап, абақтымен үрейлендіреді. Тамақ аңдып, ел қыдырып ас берген байлардың үрген иті болатын пысықтарға Абай орыстың «шерміш» («шермач»)–қалтаға түсетін ұсақ ұры) деген атын қояды. Орысша оқыған кейбір қазақ жастары қаламын сатып, арыз жазумен шұғылданса, «прошение» (арыз) жазуға тырысасың деп сөгеді. Жылтырауыққа құмар оқығандарға «военный қызмет іздеме» деген ақыл айтады. Шен құмар оқығандарды сөккенде, ол:

Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы болсаңыз Здравомыслящий,-

деп, толқындап келе жатқан ойына дәл кеп қалғанда, орыс сөйлемін сол қалпында алып жібереді. Оқыған қазақ жастарына айтқан ақылында «занимайся прямокой»,- деп ғылымды іздеп табуға, сол ізденіп тапқан ғылыммен «кореннойға кіруге» шақырады.

Абайдың орыс сөздерін өз шығармаларында қолдануы өте аз және ол осы аз қолданатын орыс сөздерінің көбін «Интернатта оқып жүр» деген, орыс школасында оқитын қазақ жастарына арнаған өлеңінде қолданады. Өзге өлеңдерінде «көгалды қуып гөләйттап» (гулять деген сезден) деген сияқты, қазақшыланып кеткен бірен-саран сөздерді ғана алады.

Абай тұсында шағатай әдебиетінен қазақ әдебиетіне кірген:

Қыпшақ іші, Қарабалық- қарағызлар,
Зарына Ақмолданын, қараңызлар,
Мені устап бердіңіз дұшманларға

Баршамыз тәңірі алдына барамызлар,-

деген сияқты «дар» жалғауының орнына «лар» жалғауын қолдану я «барамызлар» деген сияқты қазақта қолданбайтын етістік түрін қолдану болса,

Ат дүр ердің, жолдасы,
Ол дүр дәулеттін, басы,-

деген ескі түріктің, «дүр» қосымшасын қолдану болса; немесе «жазамынның» орнына «язамын» деп татаршалау болса, Абай бұлардың бәрінен де аулақ. Оның барлық өлеңдерінде екі жерде ғана «езе дүр», «сезе дүр» деген екі «дүр» кездеседі. Қазақтың, «ж» дыбысының орнына «и» қолдану, немесе «дар»-дың орнына «лар» қолдану Абайдың насихат сөздерінде ғана бірен-саран кездесіп, елеңдерінде кездеспейді. «Түркіше» аталатын хат жазу әдісінде қолданылатын «үшбуды» Абай «Татьянаның Онегинге қайтарған жауабы» деген өлеңінде бір-ақ рет қолданады.

Қорытып алғанда, «мақсатым тіл ұстартып, енер шашпақ» деген тезисті қолданатын Абайдың бастарын құрап өлең болатын сөздерге қоятын шарты - белгілі бір ұлттың тілінде жазылатын шығарманың халыққа ұғымсыз бөтен сөздермен шұбарланбауы.

Хош, Абайдан ақыл күткен ақындар, оның «өлеңді бөтен сөзбен шұбарлама» деген ақылын тыңдасын дейік; сонда Абайша, ұғымды сөзден құрастырылған өлеңнің бәрі өлең бола бере ме?

Әрине, жоқ.

Абайдың ұсынатыны: халыққа түсінікті екен деп, сөз атаулының бәрін өлеңге тықпалай беру емес, өлеңді «қуаты күшті түрлі сөздерден» құрастыра білу. Сондықтан оның өлеңге қояр шарты:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Мұндай өлеңді жазу ақын атаулының қолынан келе бермейді. Абайдың өзі сияқты зор ақынның ғана қолынан киледі. Соны білген Абайдың айтары:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы,
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы.

Абай - өз өлеңдерінің «ішін алтын, сыртын күміс» қылуға тырысқан кісі және осы мақсатына жеткен де кісі.

Абай жасауға тырысқан және жасаған өлеңнің, «қуаты күшті түрлі сөздері» қандай сөздер?

Шын мағынасындағы қазақтың жазба әдебиетінің Абайдың өзі жасады да, осы өзі жасаған әдебиетті Европаның орыстың көркем әдебиетінің дәрежесіне жеткізді, себебі: ол Байронша, Гетеше, Пушкинше көркем ойлай білді, яғни тұрмыста, әдетте бар қазақтың сөздерін орынды көркем құрастыра білді.

Осы арада, Абайдың сөзді қалай пайдалануына біраз тоқтайық. Оның орыстан, Шығыстан аздап алған сөздері туралы пікірімізді жоғарыда айттық. Бұл арада айтқалы отырғанымыз - қазақ сөздерін оның шығармаларына қалай пайдалануы жайында.

Абай шығармаларының тілі - Абай жасаған дәуірдегі қазақ елінің тұрмысында, әдетінде сейлеп жүрген тілі. Сол кездің кәрі, жасына, оқыған, оқымағанына түсініксіз тіл Абайда жоқ.

Қазақтың сөз байлығын шығармасында кең қолданатын Абай қазақ тілінің заңына сүйене отырып кейде өз жанынан да сөз жасайды. Мәселен, «із» деген зат есімнің аяғына «деу» деген жұрнақ қосса «іздеу» боп етістікке айналып кетеді, мағынасы - ізімен қуу. Халықтың айтуында «із» атауының осыдан басқа етістікке айналатын түрі жоқ. Абай:

Ақыл іздеп, ізерлеп,
Бәрін сынап сандалған,-

деп осы «із» дегеннен «іздеу» етістігінен басқа «ізерлеу» деген екінші түрлі етістік жасайды. Бұ - халық тілінде жоқ, Абай жасаған етістік. Крыловтың есек пен бұлбұл» деген өлеңін аударғанда Абай:

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы,-

деп бастайды. Осы өлеңдегі «сонырқаптың» түбірі-«соны» деген зат есім. «Іздің»-«іздеу» болуы, «ақтың»- «ақтау» болуы, «жоқтың»-«жоқтау», «бастың»- бастау» болуы, «ықтың»-«ықтау болуы сияқты, «соны» сөзінің де «сонылау» болуы қазақ тіліне заңды. Бізге бұл арада қажеті «соны» деген зат есімнің аяғына «лау» жұрнағы қосылып «сонылау» боп етістікке айналуы емес, осы «соныдан» Абайдың халық тілінде айтылмайтын «сонырқау» деген жаңа етістік жасап алуы. Қазақтың «сонарлау» деген етістігіне негіз болған зат есім -«сонардың» тегі де «соныдан» шыққан болу керек. Бірақ халық тілінде «сонылау», «сонарлау» бар да, «сонырқау» жоқ, «соныға» «-рқау» жұрнағын жалғап, етістік жасап отырған Абай ғана. Бірақ бұлай жаңадан етістік жасау, қазақ тілінің заңына қайшы емес, «-рқау» жұрнағы қазақ тілінде бар: «таң»-«таңырқау», «жат»-«жатырқау», «ес»-«есіркеу», «шөл»-«шәліркеу», «жабы»-«жабырқау», олай болса, «соныдан» «сонырқау» шығуы

қазақ тілінің заңына қайшы емес. Сол сияқты, «ізден» «ізерлеу» жасау да қазақ тіліне жат емес. Қазақта «-рлеу» жұрнағы да бар: «тізе»- «тізер- леу».

Қазақ тілінің заңына сүйене отыра, осылай жаңа сөздер жасап алу Абайда әр жерде кездеседі. Мәселен, «ырық» деген зат есім халық тілінде етістікке айналмайтын, тек жалғаумен ғана ырқы, ырқының, ырқына, ырқын деген сияқты түрін өзгертетін сөз. Абай «ырық» арқылы:

«Түзу бол» деген кісіге,
Түзу келмес ырықтап,-

деп «ырықтау» етістігін жасап алады. Бұл етістік Абайға шейінгі қазақ тілінде жоқ. Сол сияқты, қазақта етістіктің «құбылудан» шыққан -«құбыл» деген бұйрық райы бар да, «құбыл» деген зат есім жоқ. Абай:

Құбылға бәрі керек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға, -

деп «құбыл» деген сөзді зат есім мағынасында алады. Бұл да қазақ тілінде Абай жасаған жаңалық.

Бірақ осы жаңалықтардың бәрі алғаш көргенде «бұнысы қалай?» деп таңдандырғанмен, ақылға сыймайтын я тілді бұзатын жаңалық емес, тілді өркендететін жаңалық, оқушыға түсінікті жаңалық.

Қазақ тілінің заңына сүйене отыра, Абайдың жасаған жаңалығы осылар сияқты болса, қазақта бар-жоғын біз білмейтін: «сыпыра батыр, сым қырбат» дегендегі «қырбат», «шардақ шау» дегендегі «шардақ» сияқты сөздер Абайда әр жерде ұшырасып отырады. Бірақ біз «шардаққа» түсінбегенмен «шауға» түсінеміз, ол - семіз боп ұша алмай қалған бүркіт, ал «арын-алқынға» да түсінбейміз. Осы: «қырбат», «шардақ», «арын-алқын» дегендер Абайдың шығармаларынан елеулі орын алатын: «кенде», «қан» «күс» сияқты қазақтың ескі сөздері ме, болмаса Абайдың өзі жасап алған сөздер ме, ол арасын тіл ғалымдарына тапсырдық.

Абай жасаған замандағы көшпелі ауылдың тұрмысынан алынған, ол кездің қазақтарына түсінікті, қазіргі қоныстанған ауылдың көшпелі тұрмысты көрмеген жастарына түсініксіз сөздерге тоқталмаймыз. Ондай сөздерді санаса көбейіп кетеді. Жалғыз «Аттың сыны» деген өлеңінің өзінде ғана аттың әрбір мүшелеріне қазақ қойған есімдерді Абайдың қалай пайдаланғаны оқушыға аян.

Абайдың сөздік қорын зерттеу-әрбір ескі я жаңа сөздердің тамырын қазу біздің міндет емес, тіл ғалымдарының міндеті.

Абай өзінің шығармаларында қазақ тілінің лексикалық байлығын кең қолданады. Ол қазақтың мақал-мәтелдерін пайдаланумен қатар, көшпелі ауылдың салтына байланысты сөздерге де еркін шүйгіп кетеді. Мал өсірумен ғана шұғылданатын қазақтық ескі ауылда адамның бейнесін малға теңестіру арқылы көрсету қазақ поэзиясында кең орын алады. Қазақ тілінің байлығына

сүйенген Абай да осындай теңеулерді көп қолданады. Бірнеше мысал алайық. Айнымалы досты сипаттағанда Абай:

Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау,-

деп, еркіне жібергенде ұстатпай, ұстатса жүгендетпей, асаусып қалатын, мінезі шәлкес жылқыға теңейді.

Бұзық мінезді адамдардың қылмысы ашылып, билердің тергеуіне түсуін Абай:

Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді,-

деп, үйретуге ұстап ноқталанған асау жылқыға ұқсатады. Мақтаншақ, мал құмар, сұраншы ақынның жасық сөздерін таңсық көріп, анталап айғайына жинаған дырдушыл адамдарды Абай:

Қаңқылдап біреу ән салса,
Біріне-бірі жуықтап,
Тебінісіп қамалар,
Тоқтатып болмас сырықтап,

деп, жаздың ыстығында бүгелектен қашып, киіз үйді басып кете жаздайтын, сырықтап қуғанды тыңдамайтын жылқыларға салыстырады.

«Түзу бол» деген кісіге,
Түзу келмес ырықтап,
Сырдан, тартып қашады,
Ұстайсың қалай құрықтап? -

деп, пайдалы сөзді тыңдамайтындарды қуып жетіп құрық салғанда ұстатпайтын қашаған жылқыға меңзейді. Елдің кемшілік салттарын көргенде Абай:

Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен,-

деп, елдің мінін жылқы шаба алмайтын кедір-бұдырлы жерге теңейді. Еңбек етпей, ел қыдырып, байлардың асына телміретін еріншектерді Абай «ит көрген ешкі кезденіп» деп сипаттайды; дау, жанжал баққан, пәле іздеген соқтығымпаз адамдарды «сиырша өреге сүйкенер» деп сөгеді; ел ішіндегі қиянатты түзей алмаған кезде Абай өзін:

Жетім қозы тас бауыр

Түңілер де отығар,-

деп жетім қозыға теңейді. Қартайып өмірден қажыған шағында ол өзіне:

Боталы түйе сияқты,
Қорадан шықпай өлдің бе? -

деген сұрау береді.

Адасқан күшік сияқты,
Ұлып жұртқа қайтқан ой.
Өкінді, жолың бекінді
Әуре болма, енді қой! -

деп, шаршаған ойын, көштен адасып қап, ел көшкен жұртқа барып ұлыған күшікке салыстырады.

Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты,-

деген өлеңдегі теңеулерді де Абай қазақ тұрмысындағы адеттен алады.

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Кулеміз қасқыр жалап, дәме еткенге,
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? -

деген өлең де көшпелі тұрмысқа байланысты бейнелермен жазылған: күздікке қонғаннан кейін жүнін қырқатын қойларды жайлаудан көшетін ел суға тоғытып (шомылдырып) кетеді, сол суға аш қасқыр кездесе, жүнінің шайырының дәмі қалған суды жүрегін жалғамақ боп жалайды. Халықты жақсылыққа бастау туралы басына келген ойдан түк шықпаған өз халін Абай сол ашыққан қасқырға теңейді.

Сыр сақтай алмайтын, жауға сыр шашатын өсекшіл, жаман достың қылығын сипаттағанда Абай:

Ашып берер жауына,
Өзі көрген қоймасын,-

деп жайлауға көшерде, кейбір алып жүруге мүмкіндігі жоқ асыл бұйымдарын қазақтың қоймаға жасырып кетуіне, арам көңілді біреу сол қойманы өзі жасырып, артынан ұрыларға қосылып бірге ұрласуына ұқсатады.

Қазақ аулында аңшылық, әсіресе құс салу басым болған, Абай осы аңшылықтан туған теңеулерді де көп қолданады. Ол жігітке ғашық болған қыздың аузына:

Біз - қырғауыл, сіз - тұйғын
Тояттай бер кел де алып! -

деген сөз салады.

Рас сөзге таласып,
Ақ жем болма, жаным кел!-

дегендегі «ақ жемі» тура мағынасында - қайыру кезіндегі бүркіттің, қаршығаның азығы. Қазақ бүркітті семіртпей аңға жарау күйінде салады, өйтпесе ол аң алмайды. «Жарату» - тамақ бермеу емес, тамақ бермесе бүркіт ұша алмайды. Сондықтан аңшылар оған етті суға сап, қанын таратып береді. Мұндай ет бүркітті семіртпейді. Бүркіттің осындай азығын қазақ «ақ жем» дейді. «Ақ жем» болған бүркіт шаттанымпаз, аңға түсімпаз болады.

Бүркіт асқа қомағай келеді. Абай жемқор молдаларды:

Мал құмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі,-

деп, қомағай бүркітке теңейді. Осы сияқты қазақтың мал-шылық, аңшылық, көшпелі тұрмысымен байланысты теңеулер Абайда көп-ақ. Осы теңеулерді Абай ауыз сөздегі ауыз әдебиеттегі мағынасында емес, тереңдете, салмақтандыра алады. Абайдың қолдануында қазақтың әрбір жеке сезі, бұрын айтылып жүрген мағынасынан әлдеқайда өсіп, күшейіп кетеді.

Теңеу, салыстыру, әсірелеу сияқты әдебиетке көрік беретін әдісті шығармаларында мол қолданатын және осылардың бәрін қазақтың төл сөздерінен табатын Абай орыс әдебиетіне де қарызданбай қоймайды. Мәселен: «Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ», деп әйелді сипаттағандағы «кішкене аяқты» Абай тура Лермонтовтан алған. Лермонтов «Счастливей миг» деген өлеңінде:

Вот и маленькая ножка,
Вот и круглый стан,-

дейді. «Вадим» деген әңгімесінде Лермонтов өзінің героинясы Ольганың аяғын былай сипаттайды: «Оның кішкене аяғы, әйелден жан ләззатын алғысы келетін жастарға, кейбір кезде, құпия сұлулықты елестететін еді... Егер тақырыбымнан шығып кетуден қорықпасам, мен сіздерге кішкене аяқтың басқа бір маңызын да әңгіме қылар ем».

«Евгений Онегинде» аяқты Пушкин де жыр қылады. Орыс әдебиетінде ұшырасып отыратын, әйелдің аяғын осылай сипаттау Абайдан бұрынғы қазақ

әдебиетінде жоқ. Бұл теңеуді Абай орыс әдебиетінен алып отыр. Осындай орыстан алған теңеулер Абайда әр жерде ұшырасады.

Адамның hareketін, мінезін табиғат құбылысына теңеу Абайға дейінгі қазақ поэзиясында да бар. Бірақ бұл теңеулер:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр,-

деген сияқты,

Сүмбіленің бұлтындай
Сөзім жиі жаңбырдан,-

деген сияқты,

Баянауыл басынан бұлт кетпес
Қиядағы түлкіге құсым жетпес, -

деген сияқты,

Өй, қалқа, біздің көңіл қайда жатыр,
Толқыған он бесінші айда жатыр,-

деген сияқты, табиғат көрінісі көзге қалай ұшыраса солай айтыла салынса, Абайдың табиғатқа суретшінің, көзімен қарауы, табиғат көркемдігінің бояуларын ажарлы көрсете білуі езіне шейінгі қазақ поэзиясынан өлшеусіз терең. Оның:

Жас теректің жапырағы ?
Камырайды соқса жел,-

деген өлеңінде қиянаттың ызасынан дірілдеген жүрегін жел соққанда сілкінетін жас теректің жапырағына теңеуі, қиянатшылдарға:

Балы тамған жас қамыс,
Ормасаңшы көктейін,-

деп жалынуы, жасы қартайып, үмітінен түңілген кезде «жапырағы қуарған ескі үмітпен» деуі, өткен дәуірді шолғанда, «көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр» деуі Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясында жоқ.

Абайдың адам өмірін табиғат құбылысымен былайша салыстыра өлшеуі Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясында болмаған.

Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме?

Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?
Майдағы жұрттың іші - қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да сөнер ме?

Абай табиғат еміріне адам өмірін салыстырып қана қоймайды, сол табиғатпен адамша сырласады.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса, -
Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.
Өткен өмір - қу соқпақ,
Қыдырады талайды.

Кім алдады, кім тақпақ
Салды, соны санайды.
Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке,
Өңкей улы жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Әрі философия, әрі картина, әрі сыр!..

Абайдың табиғатты сипаттаған өлеңдерін оқығанда, Пушкиннің, табиғатты сипаттауы туралы айтқан Белинскийдің мына екі пікірі еске түседі:

«Пушкин табиғатты дәл және тірі қалпында көреді, бірақ жасырын тіліне терең сүңгімейді. Сол себепті ол оны суреттейді де, ол туралы ойламайды.. Егер бұл жөнде оны Европа ақындарының біреуіне салыстыру керек болса өзгесінен гөрі Гётеге ұқсаңқырар еді. Адамның, сезімін оятып, өркендетуде, ол Гётеден озыңқырап та түседі. Бір жағынан қарағанда, бұл оның артықшылығына, одан гөрі суретшілдікке молырақ бой ұруына кепіл болса, осы мәселеде Гётенің Пушкиннен өлшеусіз озықтығына кепіл болатын екінші жағы да бар. Неге десең, Гёте - мыңғырып тұрған ақыл. Ол табиғатты суреттеп қана қоймайды, оған бойына сақтаған барлық жасырын сырын да айтқызады. Гётенің табиғатты тәңірге айналдырып жіберуі де осыдан, себебі:

Барлық жұлдыз ол үшін ашқан кітап,

Барлық толқын онымен сөйлеседі.

Гётеге табиғат - идеяның беті ашық кітабы; ал Пушкин үшін - сипаттап жеткізе алмайтын, тілсіз тамаша картина» (1560 бет).

Біздің Абайдың табиғатқа үнілуі Гётеге емес, Пушкинге ұқсайды.

«Орыстың мінезін суреттесе де, табиғатын суреттесе де, Пушкиннің поэзиясы орыстың тұрмысымен дәл түседі... Орыстың жазынан қысы жақсы. Біздің қыс кәдімгі қыс сияқты, жазымыздың жазға ұқсастығы, бояумен салған орманның шын орманға ұқсастығындай. Осыны бірінші рет ұққан да, бірінші көрсеткен де Пушкин» (1543 бет).

Біздің Абай да сондай. Өзге жердің емес, қазақ жерінің, әсіресе Арқа аталатын жердің, көктемін, жазын, күзін, қысын өзінің дәл бейнесіндей ғып қазақ әдебиетінде бірінші сипаттаған ақын - Абай. Жылдың төрт мезгілі қазақтың ұлттық тұрмысының салтына қаншалық әсерін тигізуін де бірінші рет баяндаған Абай. Оның «Жаз» деген өлеңінен Шыңғыс тауының желкесіндегі бұйратты, селеулі, сағымды, самалды, шалғыны қалың өзенді кең даланың қоңыр салқын мөлдір таза ауасының исі аңқып тұрады. Жазғы жайлау көшпелі ауылдың курорты сияқты болғаны рас. Осы курортты Абай суреттегенде, бояумен сурет салатын ірі суретшілердің, тамаша картинасынан кем түсірмейді. Ескі ауылдың рақаты неде еді? деген сұрауға Абайдың «Жаз» атты өлеңінен артық және көркем жауап берген ешкім жоқ.

Көшпелі ауыл үшін жаз жақсы болғанмен, күз жақсы емес. Сондықтан «Күз» деген өлеңінде күздігүні жалаңаштанған табиғатпен, жабырқаңқы кескінге түскен қазақ аулымен Абайдың, жыры да жабырқаңқы тартады. «Күзде» Абай «Жаздағы» шалқыған шат сезімнен айрылып, күздей томсарған сезімге беріледі.

Абай «Кәрі құда» деп атаған қыс келгенде, оның бурадай бұрқанған бораны «алты қанат ақ үйді шайқағанда», отынсыз, жыртық қара үйде отырғандар түгіл, отын мен тамағы мол бүтін ақ үйде отырғандардың да мазасы болмайтынын Абай «Қыс» деген өлеңінде ғажап бейнемен береді. Қыстыгүні қыспақта өмір кешкен көшпелі қазақ аулының тіршілігіндегі бар рақаты - аңшылық. Ата-бабасынан бері қарай қыстыгүні бүркіт салуды кәсіп еткен қазақ елінің бұл саятшылығын сол ауылда өсіп, бүркітке аң алдыруға жасынан көзі қанған Абай сияқты ақын болмаса, өзге ақын Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңіндегі тамаша керкем картинаны еш уақытта жасай алмас еді. Бұл тамаша картинаны өлеңде Абай қазақ болғандығынан ғана жасай алып отырған жоқ, қазақтығының үстіне, ірі суретші, данышпан ақын болғандығынан жасап отыр. Аңшылықты көргенмен, өздері де аңшылықпен шұғылданғанымен, Абайға шейін де, Абай тұсында да, одан кейін де қазақтың ешбір ақыны мұндай көркем картина жасап көрген емес. Аңшылықтың бұл түрін қазақ сияқты бүркіт салған елдің ақыны болмаса, солардың, ішінде бүркітті өзі салған ақындар болмаса, өзге ақын жаза алмайтыны Абайдың:

Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң,-

деген сезінен керінеді.

Аңшылығы қызық, басқа жағы көңілсіз, қазақтың қысқы тұрмысында, аңнан қайтып ауылға келе киіз үйде тоңып отырғандармен бірге тоңып, тебіндегі мал жұтар деп қысылғандармен бірге қысылып, «Қыс» деген өлеңінен үскірік аяздың сықыры естілетін Абайдың көңілі «Жазғытұры» деген өлеңінде ғана жадырайды. Себебі:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі,
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жылдың мезгілдерін, табиғат құбылысының, табиғат көрінісінің бай картинасын суреттеу, сипаттау Абайға Шейінгі қазақ әдебиетінде Ыбырай Алтынсариннің «Жаз», «Жаз шыққанда» деген екі өлеңінде ғана беріледі. Одан басқа ақындар жыл мезгілін Абай сияқты арнайы тақырып етіп ап, оған арнаулы шығарма жазған емес. «Күз», «Қыс», «Қан сонарда...» деген тақырыпқа қазақ әдебиетінде бірін-ші рет арнаулы шығарма жазған ақын - Абай ғана. Абайға шейінгі қазақ әдебиетінде кездесетін:

Орай да борай қар жауса,
Қалықға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда Қаптама киген тоңар ма? -
(Махамбет)
Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа,-
(Үкілі Ыбырай)

деген сияқты өлеңдер, Ағайдай табиғатқа жан беретін, Табиғаттың көркемдігін терең, мол қамтитын, табиғатпен сырласатын өлеңдер емес, табиғат бейнесін көңілмен көретін, жүрекпен көретін өлеңдер емес, көзбен ғана көретін өлеңдер.

Табиғат лирикасы әдебиетте Абай ашқан жаңалық емес. Бұл - оның Европа әдебиетінен алған үлгісі. Бірақ Европадан үлгі алған Абай бұл мәселеде Европа ақындарының көлеңкесі боп қалмайды; Европаның әр елінің ақындары өз елінің табиғатының өзге елдердің табиғатынан өзгешелігін керсете білуі сияқты, Абайдың сипаттайтын табиғаты да өзге елдікі емес,

қазақтың табиғаты. Европадағы әр елдің ақыны өз елінің, табиғатын сол елдің, өміріне байланыстыра суреттесе, Абай да қазақ табиғатын

Қазақ өміріне тығыз байланыстырады. Сондықтан жалпы тақырыбы қабысқаны болмаса, Абайдың табиғат бейнесін сипаттауы еш Европа елінің я басқа ел ақындарының сипаттауына үйлеспейді. Абай табиғатты ұлт ақыны боп, қазақ ақыны боп, қазақтың бейнелеп сөйлеу әдісімен, қазаққа ұғымды бояумен суреттейді.

Жалғыз табиғат сипаты емес, адамның мінезін сипаттауда да Абайдың қазақ ақыны екендігі үнемі айқын көрініп отырады.

Адамның мінезін ақтаруда, сыртқы бейнесін көрсетуде Абайдың аса ірі суретші екенін біз оның осы еңбекте мысалға алған барлық шығармаларынан да көріп келеміз.

Рас, Абай сюжетті поэмалар жазған кісі емес. Оның «Ескендір», «Масғұт» дейтін поэмалары - Европа үлгісіндегі поэмалар емес, Шығыс хикаялары сияқты дүние.

Бірақ күрделі оқиғаға құрылған поэмалар жазбағанмен, Абайдың барлық шығармаларын тұтас алғанда, өзі жасаған заманның адамдарының сырын ақтаруда, портретін беруде Абай поэма жазған ешбір зор ақыннан қалыспайды. Абайдың шығармалары - XIX ғасырдағы қазақ елінің шындығын тамаша көрсететін бай картиналар.

Бұл арада оқушылардың есіне сала кететін бір мәселе - Абайдың ешбір көркем шығармасын қазақтың өткен өміріне арнамауы және өз заманына арнаған шығармаларының бәрінде халықтың тұрмысындағы кемшілікті көрсетуге көңілін кеп бөліп, жағымды геройлардың бейнесін жасамауы. Неге бұлай болған себебін біз «Абай және қазақ өмірі» деген тарауда біраз айтқан ек, әйткенмен осы мәселеге тағы да тоқтай кетейік. Өзінен бұрынғы қазақ өмірінен шығарма жазбағанда, Абай қазақтың өткен тіршілігіне бірыңғай теріс қараған жоқ, жақсылық таба алмай қойған жоқ. Өз замандастарына үлгі боларлықтай кейбір тұрмыс дәстүрін көре білсе де, Абай тек қана өз дәуірінің, шындығын суреттеуге назарын аударды, өйткені жарқын болашақтың артта емес, алда екендігін айқын түсінді. Ағартушы-демократтық ой-пікірі күн өткен сайын өзінің мақсатын зорайта түскендігін сезген Абай үлкен мұратқа қол созды.

Өз заманындағы ел тұрмысын сипаттағанда, бірыңғай кемшіліктерге ғана тоқтауы оның қазақ елін жек көргендігінен емес, төбесінен қарағандығынан емес, қайта оның шын патриоттығынан еді.

Қазақ елінің кемшілігін қаза сынауда Абай орыс әдебиетінде Пушкин мен Лермонтовтан гөрі, Салтыков-Щедринге ұқсайды. Салтыков орыс тұрмысының бірыңғай кемшілігін сынаса, ол оның орысты жек көргендігі емес, орысқа жаны ашып, оны кемшіліктерінен арылтуға тырысуынан. Қазақ жағдайында, біздің Абай да, Салтыков сияқты, қанаушы таптың өкілдері мен олардың, қол шокпарларын қадала сынады. Осы сынында еңбекші халыққа жаны ашитындығы оның барлық шығармаларынан көрінеді. Осылай сынап отыра, егер ол Пушкиннің Онегиніндей, Лермонтовтың Печориніндей,

Чернышевскийдің Рахметовындай» Толстойдың Левиніндей сүйкімді кейіпкерлер таппаса, бұл Абайдың кемшілігі емес, заманның кемшілігі. Шоқан, Ыбырай, Абайдың өзі тағы сол сияқты бірен-саран адамдар ол кезде қазақта бармақпен ғана санарлық еді. Абай білетін елде өзінен басқа прогресшіл адам жоқ деуге болатын еді. Сондықтан тұрмыста жоқ геройды жасау жолына түспеген, романтизмге аяғын баспаған реалист Абай ойдан прогресшіл герой жасаудан гөрі, шындық өмірдегі кемшілікті айтып, халықты жақсылыққа, өнер-білімге шақыруды пайдалы керді.

Өз тұсындағы қазақ өмірінен Абайдың түшіркенетіні - оның жазғы жайлауы, қысқы аңшылығы болса, әдеттік өмірден жақсы көретіні - жастардың арасындағы махаббат. Қазақ жігітінің де, қазақ қызының да махаббатпен сүйе білуін дәлелдеуге оның бірнеше шығармасын арнағанын жоғарыда айтсақ, енді Абайдың қазақ әйелінің портретін қалай жасағанына назар аударайық.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп Абай сипаттайтын сұлу әйел - өзге елдің сұлуы емес, қазақ елінің сұлуы. Европада әйелді айға ұқсату - оны әдемілеу емес; толған ай Европада әдеміліктің емес, тұрпайылықтың бейнесі. Оған Пушкиннің «Евгений Онегинде» Ольганы «аспандағы ақымақ айға» теңеуі дәлел.

Абайдың сұлуды суреттеуінде, Европадан алған «кішкене аяқ» деген жалғыз ғана теңеуі болмаса, одан басқасы қазақтың ұлттық өмірі мен ұғымына байланысты сипатталады. Қыздың «өрген білектей бұрымы» да, «аласы аз қара көзі» де, «жіңішке қара қасы» да, «ал қызыл беті» де, «орташа бойы» да қазақ сұлуына тән көркемдік. Бұл - қыздың сыртқы сұлулығы ғана емес, ішкі мінезі де қазақтық. Қыз - қазақта әдептіліктің, сыпайылықтың бейнесі. Жақсы мінезді адамды (еркек болсын, әйел болсын) қазақ қыз мінезді деп атайды. Сипаттап отырған сұлуын Абайдың «сейлесе сөзі әдепті әм мағыналы» деуі де сондықтан.

«Ердің қанаты - ат» деп, ат пен ерді бірге сипаттау, атсыз ерді қанатсыз құс көру, қазақ поэзиясында ерекше орын алады. Қазақ фольклорында, әсіресе батырлар жырында, атты сипаттау, жылқы бағып өскен қазақта, егін сап өскен Европадан әлдеқайда бай, Европада батырлық ипостың ең көркемі саналатын Гомердің «Илиадасының» өзінде де Қобыланды батырдың Тайбурылындай тұлпар аттың бейнесі жоқ. «Илиададағы» ат иесі батырлардың, өзін ақын «ат үйреткіш», «ат ұстағыш» деген сияқты болымсыз теңеумен көрсетеді. Гомердің яки Европаның, сол замандағы өзге ақындарының ешқайсысы да, атты қазақ ақындарындай әсірелей алған жоқ. Өйткені бұл олардың өмірінде өтпелі ғана көрініс болса, ал атты суреттеуде қазақ ақындарымен теңдесетіндер: қырғыз, монгол сияқты жылқы баққан көшпелі елдердің ақындары, өйткені тұрмыс жайы ұқсас.

Бірақ Абайға шейінгі қазақ әдебиетінде атты сипаттау мен Абайдың атты сипаттауында үлкен айырма бар. Абайға шейінгі сипатталатын аттар не Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары сияқты ертегінің тұлпары боп келеді де, не XIX ғасырдың Исатай сияқты батыры мінген

«құйқылжыған құла жирендей» жол-жөнекей антылады да, Абайдың «Аттың сынындағы» сияқты толық, сипатталмайды. Абаймен замандас Нұржан ақынның атқа беретін сипаты:

Ат дүр ердің жолдасы,
Ол дүр дәулеттің басы, -
Ат дүр ердің қорғаны,
Мінсе бітер арманы.
Ат дүр ердің қанаты,
Сөзімнің жоқ дүр ғалаты...
Ат дүр ердің сәулеті,
Болса серік дәулеті...
Ат дүр ерге ылайық,
Көре алмай күндер халайық...
Атсыз һеш ер жүре алмас,
Наз бедеуді майданда,
Жалпы жігіт міне алмас, -

деген сияқты жылқының өзін емес, адамға келтіретін пайдасын айтумен ғана доғарылады. Ер мінетін жақсы жылқыны және өзге жылқы емес, қазақ даласында өсуге қалыптанған қазақ жылқысын қазақ әдебиетінде шындық бейнемен бірінші рет көркем суреттеген - Абай. Жылқы баққан қазақта, жылқының жүйріктігін, күштілігін, жазға қандай түрінің, қысқа қандай түрінің шыдамдылығын, әр жылқыдан не мінез шығуға мүмкіндігі барлығын, бос жүрген жылқының денесіне қарап жіберіп дәл айырушы сыншылар әр елде кездеседі. Осындай сыншылардың, талайын өзіміз де көріп, Абайдың атқа берген сынына олардың қалай қарауын сұрағанымызда, «Абайдың сыны дұрыс» дегенді талай естідік. Аттың барлық мүшелерін сипаттап, бар мүшелерінен де көркемдік табатын Абайдың сондай атқа қоятын шарты: «шапса жүйрік, мінсе берік жуан, жуас» болуы. Бұл мәселелерде де Абай поэзияның утилитарлық мақсатын ұмытпайды. Мал баққан көшпелі ауылға осындай ат керегі рас.

Қазақ өмірінің шындығын көрсетуге құрал ғып жұмсаған қазақтың бай сөздерін өлеңге айналдыруда Абай қазақ поэзиясына не жаңалық қосты?

Абайға шейінгі қазақ поэзиясында, оның, ұлттық табиғатынан туған екі заң бар.

Бірінші. Төрт буыннан артық буыны бар сөзді қазақ поэзиясы қабылдаған емес, «мықтылығының» деген сияқты бес буынды сөз, «ақылдылығының» деген сияқты алты буынды сөз, «білімділігінің де» деген сияқты жеті буынды сөз қазақ поэзиясына мүше боп кіре алған емес. Төрт буыннан артық буыны бар сөз қазақ поэзиясына кірсе, ондай сөз поэзиясының ырғақтық заңын тас-талқан ғып бұзып, поэзияны прозаға айналдырып жібереді.

Екінші. Қазақтың «сөз буыны» деген, мәселен, орыстың сөз буыны емес, орысша «справка» деген сөз екі буын; «справ» және «ка». Бастапқы «справ» деген буынды бес дыбыс бар. Осындай, бір буында бес-алты дыбыс болу орыс тілінде жиі кездеседі. Қазақтың сөз буыны олай емес. Қазақ сөзінде бес дыбысты буын түгіл, «жұрт», «құрт» «сырт» сияқты төрт дыбысты сөздер өте сирек кездеседі. Қазақ сөздерінің басым көпшілігі үш дыбысты буындардан құралады. Қазақ поэзиясы буынында үш дыбыстан артық дыбысы бар сөзді талғап қабылдайды. Қазақ тілінде сирек кездесетін төрт дыбысты «сырт», «жұрт» сияқты сөздерді поэзия көп жағдайда, аяғына дауысты дыбыс қосып, түрін өзгертіп қабылдайды.

Қазақ поэзиясының осы екі заңын Абай бұзбайды, өзінің өлеңдерінде толық сақтайды.

Абайға шейінгі қазақ өлеңінде үш түрлі түр болатын.

I. Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айқайлап жауға тигенде,
Ағатай, Беріш - ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты, Жүніс аттанды,
Қосылуға дем болып,
Құдайлады хан ұлы Іздеген жауы біз болып
(*Махамбет*)

Өлеңнің бұл түрін қазақта «жыр» дейді. Жырдың әр жолында жеті буын болады да, үйлесі өлшеулі қалыпта түспей, көбінесе анда-санда ғана үйлесіп отырады. Бірақ үйлесі тұрақты болмағанмен, ырғағы тұрақты: әрбір жолында екі ырғақ бар,- бастапқы ырғақта төрт буын, соңғы ырғақта үш буын:

4 3

(Қара жерге) (қар жауар,)

4 3

(Қарды кер де) (етім көр)

4 3

(Қар үстінде) (қан тамар,)

4 3

(Қанды көрде) (бетім көр.)

«Жырдың» осы ырғақ заңы еш уақытта бұзылмайды.

2- Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң.
Бірге өскен ойнап-күліп, беу қарағым,
Күлемін кіммен ойнап сен кеткен соң.

Бұл түрлі өлеңді қазақ «қара өлең» деп атайды. «Қара өлеңнің» әр жолында он бір буыннан болады да, үйлесі а, а, б, а боп келеді. Бұл түрлі өлеңнің әр жолында:

(Қара нар) (жүк көтермес) (бел кеткен соң,) -

деген сияқты үш ырғақ болады: бастапқы ырғақта үш буын, соңғы екі ырғақта төрт буыннан. Кейде, әнге үйлесуіне қарап, «қара өлеңнің» ырғақтарының орны:

(Жүк көтермес) (қара нар) (бел кеткен соң,) -

деген сияқтанып ауысады: бастапқы ырғақта төрт буын, екінші ырғақта үш буын, үшінші ырғақта төрт буын. Сондай-ақ халық поэзиясының қазынасына, ән текстеріне үңіле қарасақ, қара өлеңнің барлық шарты сақталған, тек алғашқы ғана жолы төрт буынды яғни сымық жолды өлең кездеседі. Ән әуеніне салғанда, буын саны жетіспей тұрғаны аңғарылса да, оқыған уақытта оқушы «дегенге» дәнекерімен бастапқы буындары қайталаса он бір буын болып шығады. Мысалы:

Қара кемер,
Қара інгенді айналып ботасы емер.
Өзіндей асыл құрбым кез келгенде,
Ағызып тасқын судай өлең жібер.

Қазақтың атақты композиторы Біржан салдың «Ләйлім шырақ», «Шідер» деген әндерінің өлең құрылысы да жоғарғыдай:

Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,
Ақырында қоймаймын сенен алмай.

Бұл өлеңдердің үйлесі «қара өлең» сияқты. Айырмасы - тек бастапқы жолдың төрт буыннан ғана құралуы. Бұған бола мұны қазақ өлеңінің бір түрі деуге болмайды, өйткені «Қара өлеңнің» құрылысына, үндестігіне қайшы емес. Сондықтан оны он бір буынды «қара өлеңнің» бір көрінісі деп тапқан жөн. Бұл - Абайдың шығармасында кездеспейді, өлеңнің өнімсіз өлшемі ғана.

3. Қазақ өлеңінің жиі ұшырайтын үшінші түрі - аралас буынды өлең. Ой мен пікірді түйіндеуге келгенде, мұнда «жыр» мен «қара өлеңге» қажетті болған шарттар қатаң сақталып отырмайды. Буын саны 7, 8, 9, тіпті кей жағдайда 5, 6, 10, 11 болып кететін кезі де болады:

Алпамыс жырында:

Қобыладан соққан дауылдай,
Түрленіп бала қағынды.
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай ағылды,

Қылыш тисе, шақ етед,
Мылтық тисе, тақ етед,
Мысалы, бала шойын-ды, -

боп келсе, Бұхар жыраудың бір өлеңінде:

Тоқсан бес деген тор екен,
Қарғиын десең, екі жағы ор екен.
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен, -

боп, буын саны алма кезек араласып жатса, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінде ой екпіні аралас буынды талғайды. Ал «Баймағамбет сұлтанға айтқан» өлеңінде:

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең, болмас.
Хан баласы ақсүйек
Байеке сұлтан сен болып,
Сендей нар қоспақтың баласы
Маған онаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем, -

дегенінен буын ырғақтарының әр қилы үйлесетіндігін көрер ек.

Осы үшеуінен басқа өлең түрі Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясында жоқ. Абай осы үш түрдің үшеуін де өзінің шығармаларында үнемі қолданады.

Бірақ қазақ поэзиясының өлең құрылысындағы бұл үлгілерді Абай бұрынғы дәстүрлі күйінде ғана қабылдамай, ол үлгілерді өңдейді, өнерлендіреді.

Ең алдымен, Абай өлеңді айтылып отырған пікірге қатынасы жоқ бөтен сөздердің бәрінен тазартады. Халық поэзиясында кездесетін тіл шұбарлығы Абайда кездеспейді. Абайдың жыр үлгісімен жазған өлеңдері де, қара өлең үлгісімен жазған өлеңдері де айтып отырған пікірді баяндауға жәрдемші сөздерден ғана құралады.

Екінші. Жыр үлгісінде жазған Абайдың, «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Болыс болдым мінекей», «Жаз» сияқты өлеңдерінде, халық поэзиясындағы жырдай, үйлесі анда-санда ғана кездесіп отырмайды; Абайдың жырларында көбінесе бір қалыпты үйлес жиі қолданылады. Абай жырды былайша өнерлендіреді:

«Жаз» деген жырдың:

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап, -

деген жерінен бастап: ыңқылдап, шылпылдап, бұлтылдап деген сияқты жол аралатқан үйлеспен ұйқастырылып отырады. Осындай бір қалыпты үйлес осы жыр үлгісімен жазылған өлеңде он бір рет кездеседі. Жырдың жолдарының үйлесі мұнша көп болуы - халық поэзиясында сирек кездесетін байлық.

VII. «Келдік талай жерге енді» деп басталатын жыр үлгісіндегі үйлес: «жерге енді», «көрге енді», «берген-ді», «өзге енді», «белге енді», «желгенді»... деген сияқты бірыңғай қалыппен жырдың соңғы жолына шейін созылады. Осындай бір қалыпты үйлестің саны осы өлеңнің бойында-17. Ендеше, бұл жырдың үйлес байлығы «Жаздан» артық. Бірақ Абай осы артықтықпен қанағаттанбайды, жырдың ішінде үйлессіз жол тастамайды. Ол:

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді, -

деп, «көрге енді», «берген-ді» деген үйлестердің арасына «буынсыз», «шыбынсыз», «ұғымсыз» деген қаз-қатар үйлесі бар үш жол кіргізеді. Осы ішкі үйлесті Абай осы жырының өн бойында бұзбайды. «Білімдіден шыққан сөз» деген өлең де осындай.

VIII. Қазақ жырында аса қиын әдіспен жазылған қиын үйлесетін бір жүйелі сөздер: «сау», «бау», «жау» дегендер. «Ішім өлген, сыртым сау» деген өлеңінде Абай «сауға» он алты үйлес табады.

IX. «Мәз болады болысың» деген өлеңінде Абай «Арқаға ұлық қаққанға» деген жолдың аяғындағы «қаққанға» деген сөзге жырдың аяғына жеткенше жиырма бір үйлес табады. Жырдың үйлесін осынша молайтумен де Абай қанағаттанбаған, ол:

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы киім бола ма,
Ар-ұятын сатқанға? -

деп, ішкі жолдарын түп-түгел а, б, а, б түріндегі шалыс үйлеске айналдырып жібереді.

Бұл келтірген мысалдардан Абайдың қазақ жырын қаншалық өнерлендіргені айқын көрініп отыр.

Осы өнерлендіруді Абай «қара өлең» түріне де қолданады. Абайға шейінгі поэзияда «қара өлеңнің» бір шумағы төрт жолдан кеп, әр шумағының үйлесі өзгеше боп отыратын. XIX ғасырдың екінші жартысынан кейін, қазақта жазба әдебиет дамуымен байланысты, «қара өлеңнің» шумағы кеңіп, жол аралатқан бір қалыпты үйлес көбейеді. Мұндай түрде Абай «Аңшылық» деген өлеңіне қолданып,

Қан сонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар ақдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас - бір ғанибет,
Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға, -

деп бастайды да, одан кейінгі 48 жолда жол аралатып: «шалғанда», «аңдағанда», «самғағанда», «шықса аспанға» деген 24 үйлес береді. Сонда бастапқы жолдағы «аңға» деген сөзге, өзімен 27 жолдың аяғы үйлеседі.

1882 жылы 37 жасында жазған бұл өлеңнен кейін, Абай «қара өлеңнің» бір шумағына мұнша көп жол кіргізуді доғарады да, үйлес байлығын дамыта отыра, әрбір шумағын, бұрынғы «қара өлеңдер» сияқты, ылғи төрт жолдан құра бастайды. Бұған оның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңі - куә. 48 жолды бұл өлеңде он екі шумақ бар. Осы он екі шумақтың барлығы да:

Қартайдық, қайғы ойладық; ұйқы сергек
Ашуың - ашыған у, ойың - кермек
Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп болады ермек? -

деген бастапқы шумақпен түп-түгел үйлесіп отырады. 12 шумақтағы үйлестің саны 36. Бұдан біз қазақтың тілінен үйлес сөздер табуда Абайдың үдей шапқанын көреміз. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» тағы сол сияқты қара өлең үлгісінде жазылған бірнеше Абай өлеңдері осындай тамаша кең, тамаша бай үйлестерден құралған.

Сондай-ақ Абай аралас буынды өлеңді өркендете түскенін көреміз. Аралас буынды өлеңнің жол саны мен буын саны Абайға дейін еркіндеу, ұйқасы, үйлесі анда-санда ой түйіндеуге қажетті болған кезде кездессе, Абай оны да белгілі жүйеге салып, белгілі бір шартқа бағындырған.

Ажының жақсы-ақ қызы едім,
Жетістірем деп алды.
Тілеуін түзден тілесе,
Баста мені неге алды?
Сол желіккеннен желігіп,
Жынды сары жоғалды.

Ойбайлаған болайын-ай,
Жоқтамасам обал-ды, -

деп буын сайын әр қилы еткенмен, 2, 4, 6, 8 жолдардың үйлесін бір әуенді етеді. Бұл өлең түрі Абайда өте аз және қалжың-сықаққа арналған шығармаларында ғана кездеседі.

Өзінен бұрынғы қазақ поэзиясының өлең құрылысын Абайдың пайдалануы және пайдалана отыра, сол үлгіні енерлендіріп еркендетуі осындай.

Бірақ қазақ поэзиясының бар мазмұнымен, бар көркемдігімен қанағаттанбай, оның мазмұнын да, көркемдігін де қазақ әдебиетінде бұрын болмаған биік сатыға көтерген Абай қазақтың өзінен бұрынғы өлең өлшеуімен де қанағаттанбайды, жаңа түрлер, жаңа өлшеулер іздейді.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясындағы әлгі үлгілерге өлеңнің метрикалық құрылысы жағынан болсын, әуендік ырғағы мен үйлесі жағынан болсын, Абайдың қосқан жаңалығы - үш, төрт, бес, алты, сегіз буынды жолдары бар өлең. Үйлес жөнінде қазақ поэзиясына Абайдың қосқан жаңалығы - жиырма¹.

Бұл - жаңалықтарды тапқанда, Абайға жәрдемші болған орыс поэзиясы. Бірақ орыс поэзиясының мазмұнынан алған үлгілері сияқты, түрінен алған үлгілерін де қазақ халқының ұғымына дәлдеп, қазақ тілінің заңына сүйене отырып алады. Қазақ поэзиясының төрт буыннан артық буыны бар сөзді қабылдамайтын заңын Абай жақадан тапқан түрлерінің ешқайсысында бұзбайды, қазақ сөзінің әрбір буыны негізінде үш дыбыстан артық дыбысты көтермейтін, төрт дыбысты буын сирек кездесетін заңын да Абай қатты сақтайды. Абайдың қазақ поэзиясына қосқан жаңалығы - силлабикалық өлеңнің заңын бұзуында емес, өлең жолдарының өлшеуі мен үйлестерін байытуда.

Енді Абайдың осы жаңа түрлерін талдап көрейік.

Бірінші. Әрбір шумағында төрт жол, әр жолында алты буын бар, үйлесі - а, б, а, б боп келетін өлең:

Қызарып, сұрланып, - а
Лүпілдеп жүрегі - б
Өзгеден ұрланып, - а
Өзді-өзі керегі. - б

Екінші. Бірнеше өлеңін осы - әр шумағында төрт жол, әр жолында алты буын бар, үйлесі - а, б, а, б боп шалыс¹ келтін түрмен жазған Абай «Болды да партия» Дегей өлеңін де төрт жолды шумақпен әр жолын алты

¹ Абайдың 1939 жылы басылған «шығармалар жинағының» бірінші томына жазған бет ашарда біз Абайдың жаңадан тапқан өлең түрлері он бес деген едік. Кейінгі кездегі зерттеуіміздің нәтижесінде оның саны жиырмаға жетіп отыр.

буынмен, әр шумағын шалыс үйлеспен жазады. Бірақ бұл өлеңдегі жеті шумақтың екінші, төртінші, алтыншы, сегізінші, оныншы, он екінші, он төртінші жолдарының аяғы: «жарылды», «шарынды», «кәрінді», «барымды», «арымды», тамырды», «сабырды», «тарынды», «сарынды», «жарымды», тарылды», «қарымды», «зарымды», деген он төрт үйлеспен бітеді. Буындарын сызықпен белгілегенде, бұл өлеңнің схемасы мынадай:

XXX	XXX	- а	XXX	XXX	- д
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- а	XXX	XXX	- е
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- г	XXX	XXX	- е
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- г	XXX	XXX	- ж
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- в	XXX	XXX	- ж
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- в	XXX	XXX	3
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б
XXX	XXX	- д	XXX	XXX	3
XXX	XXX	- б	XXX	XXX	- б

Абайдың «Антпенен тарқайды» деген өлеңінің де өлшеуі мен үйлесі осы «Болды да партия» өлеңіндегідей.

Үшінші. Әрбір шумағында төрт жол бар, әр жолы жеті буыннан, үйлесі - а, а, б, а, боп келетін өлең.

Айттым сәлем, қалам қас, - а
Саған құрбан мал мен бас.- а
Сағынғанда сені ойлап, - б
Келер көзге ыстық жас.- а

Төртінші. Шумағы да, жолдарының буын саны да үшінші түрдей, бірақ үйлесі - а, б, а, б боп шалыс келетін өлең.

Сон да көңілім жоқтайды – а
Татуы мен асығын. – б
Көзі жетіп тоқтайды - а
Өткен куннің қашығын. - б

Бесінші. «Білімдіден шыққан сөз» деп басталатын өлең. Бұл өлеңнің бастапқы шумағы үшінші түр сияқты: төрт жолды, әр жолы жеті буынды, үйлесі - а, а, б, а боп келеді де, екіншісі шумақтан бастап, 8 шумақты, 32 жолды бұл өлең өзгереді.

1. Үйлесі -«сөз», «кез», «көз», «тез», «ез», «күйез», «мінез», «без», «жез», «бөз» боп, бірінші, екінші, төртінші, сегізінші, он екінші, он алтыншы, жиырманшы, жиырма төртінші, жиырма алтыншы, отызыншы жолдарда үйлесіп отырады; бастапқы шумақтағы а, а, б, а-ға қалған шумақтардың соңғы жолдары түп-түгел үйлеседі.

2. Бұл өлеңдегі сегіз шумақтың бәрі де төрт жолды, әр жолы жеті буыннан құралатын өлең болғанмен, екінші шумақтан бастап, үйлесі -в, в, в, б болады да, қалған шумақтарының бәрі осы ізбен кетеді.

Жүрегі - айна, көңілі ояу - в

Сөз тыңдамас ол баяу. - в

Өз өнері тұр таяу, - в

Ұқпасын ба сөзді тез? - б

Әбілет басқан елер ме, - г

Сөзге жуық келер ме? - г

Түзу сөзге сенер ме, - г

Түзелмесін білген ез? - б

+++ +++ - д

+++ +++ - д

+++ +++ - д

+++ +++ - б

Қалған шумақтары да осылай өрби береді.

Алтыншы. Әрбір шумағында төрт жол бар, бастапқы жолы жеті буынды, соңғы үш жолы сегіз буынды, үйлесі- а, б, а, б боп келетін өлең.

Желсіз түнде жарық ай, - а

Сәулесі суда дірілдеп, - б

Ауылдың алды терең сай - а

Тасыған өзен гүрілдеп. - в

Жетінші. Әр шумағы төрт жолды, әр жолы сегіз буынды, үйлесі - а, б, а, б боп келетін өлең.

Есінде бар ма жас күнің, – а

Көкірегің толық, басың бос. – б

Қайғысыз, ойсыз мас күнің, – а

Кімді көрсең, бәрі дос. – б

Сегізінші. Шумағы да, жолдарының буындары да жетінші түрдей боп келетін, бірақ үйлесі – а, а, б, а боп отыратын өлең.

Құдай-ау, қайда сол жылдар, - а
Махаббат, қызық мол жылдар - а
Ақырын-ақырын шегініп, - б
Алыстап кетті құрғырлар. - а

Тоғызыншы. Әр шумағында алты жол бар, әр жолында жеті буын бар, үйлесі - а, а, б, в, в, б боп отыратын өлең.

Өзін-өзі күндейді, - а
Жақынын жаттай міндейді. - а
Ол - арсыздық белгісі. - б
Үятсынбай, ойланбай,- в
«Қой» дегенге тіл алмай, - в
Іс қылмай ма ол кісі. - б

Оныншы. Әр шумағында алты жол бар, 1, 2, 4, 5 жолдары төрт буыннан, 3 жолы жеті буын, 6 жолы үш буын, үйлесі - а, а, б, а, а, б боп келетін өлең.

Ем таба алмай, - а
От жалындай - а
Толды қайғы кеудеге. - б
Сырласа алмай, - а
Сөз аша алмай - а
Бендеге. – б

Он бірінші. Бір шумағында жеті жол бар, 1, 2, 4, 5, 6 жолдары төрт буыннан, 3 жолы жеті буын, 7 жолы үш буын, үйлесі - а, а, б, в, в, в, б боп келетін өлең.

Бойы бұлғаң, - а
Сөзі жылмаң - а
Кімді көрсең, мен сонан - б
Бетті бастым, - в
Қатты састым, - в
Тұра қаштым - в
Жалма-жан - б

Он екінші. Бір шумағында алты жол бар, 1, 2, 4, 5 жолдары бес буыннан, 3, 6 жолдары жеті буыннан, үйлесі -а, а, б, в, в, б боп келетін өлең.

Бай сейілді - а
Бір бейілді, - а
Елде жақсы қалмады. - б

Елдегі еркек - в
Босқа селтек - в
Етіп елін қармады, - б

Он үшінші. Бір шумағында алты жол бар, бастапқы төрт жолы сегіз буыннан, соңғы екі жолы алты буыннан, үйлесі - а, б, а, б, в, в боп келетін өлең.

Қуаты оттай бұрқырап, - а
Уәзінге өлшеп тізілген. - б
Жаңбырлы жайдай сырқырап, - а
Көк бұлттан үзілген. - б
Қайран тіл, қайран сөз - в
Наданға қадірсіз. - в

Он төртінші. Бір шумағында алты жол бар, 1, 3 жолдары бес буыннан, 2, 4 жолдары жеті буыннан, 5, 6 жолдары алты буыннан, үйлесі - а, б, а, б, в, в боп келетін өлең.

Қор болды жаным, - а
Сенсіз де менің күнім. - б
Бек бітті халім, - а
Тағдырдан келген зұлым. - б
Тағдыр етсе алла, - в
Не көрмейді пәндә?- в

Он бесінші. Бір шумағында сегіз жол бар, 1, 2, 4, 5 жолдары бес буыннан, 3, 6, 7, 8 жолдары сегіз буыннан келетін, үйлесі - а, а, б, в, в, б, г, г боп отыратын, Абайдың езі «Сегіз аяқ» деп атаған өлең.

Алыстан сермеп, - а
Жүректен тербеп, - а
Шымырлап бойға жайылған, - б
Қиуадан шауып, - в
Қисынын тауып, - в
Тағыны жетіп қайырған, - б
Толғауы тоқсан қызыл тіл, - г
Сөйлеймін десең, өзің біл. – г

Он алтыншы. Бір шумағында тоғыз жол бар, 1, 2, 4, 5 жолдары төрт буыннан, 3, 6 жолдары жеті буыннан, 7 жолы бес буын, 8, 9 жолдары үш буыннан, үйлесі -а, а, б, в, в, б, г, г, г боп келетін өлең.

Қайын бардық, - а

Қатын алдық, - а
Енші тиді азғана. - б
Шаруа атандық, - в
Енді ойландық, - в
Қала берді бозбала. - б
Бұрынғы қайда? - г
Ойбайла, - г
Не пайда?! – г

Он жетінші. Бір шумағында он төрт жол бар, 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 14 жолдары алты буыннан, 5, 6, 12, 13 жолдары үш буыннан келетін, үйлесі-а, б, а, б, в, в, г, д, е, д, е, ж, ж, г боп келетін өлең.

Сырмақ қып астына - а
Байының тоқымын - б
Отының басына - а
Төрінің қоқымын- б
Бүксітіп, - в
Бықсытып, - в
Қоқсытып келтірді. - г
Осының бәрімен - д
Кеңілінде міні жоқ - е
Жүзінің нәрі мен д
Бойының сыны жоқ. - е
Бүкшиіп, - ж
Сексиіп, - ж
Түксиіп өлтірді. – г

Он сегізінші. Бір шумағында он төрт жол бар, 1, 3, 8, 10 жолдары сегіз буыннан, 2, 4, 9, 11 жолдары жеті буыннан, 5, 12 жолдары бес буыннан, 6, 7, 13, 14 жолдары уш буыннан, үйлесі - а, б, а, б, в, в, в, г, д, г, в, в, в боп келетін өлең.

Ата-анаға көз қуаныш - а
Алдына алған еркесі, - б
Кекірегіне көп жұбаныш, - а
Гүлденіп ой өлкесі. - б
Еркелік кетті, - в
Ер жетті, - в
Не бітті? – в
Оқытарсың молдаға оны, - г
Үйретерсің әрнені - д
Медеу етіп ойы соны - г
Жаны тыныштық көрмеді. - д

Жасында күтті, - в
Дәме етті, - в
Босқа өтті. - в

Он тоғызыншы. Бір шумағында он екі жол бар, 1, 7 жолдары жеті буыннан, 2, 3, 8, 9 жолдары төрт буыннан, 4, 10 жолдары үш буыннан, 5, 11 жолдары алты буыннан, 6, 12 жолдары сегіз буыннан, үйлесі - а, б, б, в, г, а, а, д, д, в, г, а боп келетін өлең.

Сен мені не етесің?-а
Мені тастап, - б
Өнер бастап, - б
Жайыңа - в
Және алдап, арбап - г
Өз бетіңмен сен кетесің - а
Неге әуре етесің? - а
Қосылыспай, - д
Басылыспай, - д
Байыңа - в
Және жаттан бай тап, - г
Өмір бойы қор өтесің. - а

Жиырманшы. «Антпенен тарқайды» деген өлең. 36 жолды бұл өлең тұтасымен бір-ақ шумақ, себебі:

Антпенен тарқайды, - а
Жиылса кеңеске. - б
Ор қазып байқайды - а
Туа жау емеске.- б
Анттасын алқайды,-а
Сен тентек демеске,-б

деген сияқты өлеңнің өн бойында а, б, үйлесі үнемі аралас келеді де отырады: 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35 жолдардың аяғы «тарқайды», «байқайды», «алқайды» деген сияқты бір жүйелі үйлес боп, 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36 жолдар «кеңеске», «емеске», «демеске», «жемеске» деген сияқты бір жүйелі үйлес боп отырады.

Абайдың қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтары осылар.

Бірен-саран өлеңдерінде ғана болмаса, осы жаңалықтарын Абай ешбір өлеңінде бұзбай, өлеңнің бастапқы шумағы неше жолды болса, әр жолында неше буын болса, жолдары өзара үйлессе, кейінгі шумақтарын да түгел осы өлшеуден, осы үйлестен бұлжытпайды. Өзгесін былай қойғанда, «Сен мені не етесің» деген жолдан басталып, бір шумағында 12 жол боп отыратын,

құрылысы, үйлесі аса қиын келетін өлеңнің алты шумағын да Абай бастапқы шумақпен дәл шығарады.

Жоғарыда біз қазақ поэзиясының өлшеуіне кіргізген жаңалығында Абай орыс поэзиясынан үлгі алды дедік қой. Орыстың өлең өлшеуінен Абайдың қолданғандары: бір шумағында төрт жолы бар, үйлесі - а, б, а, б боп келетін.

Я погибал...
Мой злобный гений
Торжествовал
Злодей созрелый.
(С Полежаев)
Мы пьем из чаши бытия
С закрытыми глазами,
Златые омочив края
Своими же слезами, -
(Лермонтов)

деген сияқты, жолдарында төрттен сегізге шейін буыны бар өлеңмен, шумағында алты жол бар айқыш ұйқасты:

И я б заслушивался волн,
И я глядел бы, счастья поли,
В пустые небеса.
И силен, волен был бы я.
Как вихорь, роющий поля.
Ломающий леса, -
(Пушкин)

деген сияқты өлең. Орыстың өзге өлең өлшеулерін Абай алмайды.

Дүние жүзілік поэзияның, оның ішінде түр жағынан кең өрістеген европалық поэзияның, өлеңнің өлшеуіне, үйлесіне қосқан жаңалықтарын түгел ақтарып көрген кісі Абайды солардың ең алдыңғы қатарынан табар еді. Поэзияға Абайдың түр жағынан қосқан жаңалықтары оны дүние жүзілік сахнаға шыққан ұлы новаторлардың қасынан таптыртады. Абайдың «Бойы бұлғаңы», «Сегіз аяғы», «Сен мені не етесіңі» және тағы басқалары түр жағынан қазақ поэзиясының профессионалды арнамен өркендеуіндегі асқар асу екені аян.

Өзінің жаңашылдығы жағынан үлкен мәні бар бұл өркендеуде, ең алдымен «қазақтық» деп ұлттық таңба тағатын себебіміз: ол, біріншіден, қазақ ақыны Абай тапқан жаңалық болса, екіншіден, осы жаңалықтарында Абай қазақ поэзиясына тән заңы (өлеңге төрт буыннан артық буыны бар сөз қоспау, қазақ сөзінің буын құрылысын сақтау) бұзбайды, қатты сақтайды.

Абайға шейінгі қазақ поэзиясы - түгелімен әнге келетін поэзия. Әнмен айтылмайтын өлең түрі қазақта жоқ.

Қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтарында Абай қазақтың осы заңын да қатты қолданады.

Бірақ Абайдың жаңадан жасаған өлең түрлерінің ешқайсысы қазақтың халық әніне келмейді. Сондықтан Абай өзінің жаңа түрлерінің көбіне өз жанынан арнаулы ән шығарған. Ондай әндердің саны Абайда он алты.

Біз музыка зерттеуші емеспіз. Сондықтан Абай шығарған бұл әндердің негізі қайда жатқанын және олар қандай стильде жазылғанын талдау біздің міндет емес. Әйткенмен Абайдың ән шығаруына байланысты үш мәселеге тоқтап өтуді қажет деп білеміз.

Бірінші. Абайдың жаңа әндер шығаруы - қазақ поэзиясына өзінің жаңадан қосқан түрлерін халыққа қайткенде де тез тарату мақсатымен байланысты. Ол кезде қазақ тілінде газет, журнал жоқ, баспасөз жоқ. Абайдың өлеңдерін бастыратын орын жоқ. Бір шеті Каспий теңізіне, бір шеті Алатау, Алтай тауына ұштасып жатқан, кеңдігі алты Германиядай қазақ даласына шығарманы қолжазбамен таратып жеткізу мүмкін емес. Таратпау және мүмкін емес, Себебі; Абай өз шығармаларын өз руы Тобықтыға ғана ақылшы боп жазу мақсатымен емес, бүкіл қазақ халқына ақылшы болу мақсатымен жазған.

Қолжазба түрінде қоныстас, жақын елдерге таратқанмен, Абайдың жаңа өлең түрлерін ол түрлерге дағдыланбаған қазақ оқушылары ұға қоймауы мүмкін.

Не істеу керек?

Қазақтың әнге құмар халық екенін Абай жақсы біледі. Егер ол поэзияға жақадан қосқан түрлеріне арнап жаңадан ән шығарса, жаңа түрлі өлеңдерді жұрттың тез ұғуына да жәрдем етеді, әншілер арқылы шығармалардың алыстағы елдерге тарауына да себеп болады.

Әндерін осы мақсатпен шығарған Абайдың арманы тез іске асады. Әншілерден-әншілердің аузына көшкен оның жаңа түрлі өлеңдері мен оларға сәйкес шығарған жаңа әндері, Абайдың көзі тірісінде-ақ қазақтың кең даласының түкпіріне тарап, халықтың көпшілігі оның шығармаларымен әншілер арқылы танысады, әншілер Абайдың тірі газеті болады.

Екінші. Абайдың әндері халық арасына тез тарауына бас себеп: ол әндердің құлаққа жағымдылығынан, көркемдігінен. Көркем емес әнді халық еш уақытта қабылдамайды. Олай болса, Абай - ірі ақын ғана емес, оған қосымша ірі композитор да.

Үшінші, Көркем әдебиетке Абайдың өзіндік эстетикалық көзқарасы барлығы сияқты, музыкаға да эстетикалық көзқарасы бар.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің есері бар, -

дейді ол.

Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.
Дүние ойдан шығады,
Өзімді-өзім ұмытып,
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып, -

дейді тағы. Жақсы ән туралы Абайдың тағы да айтары:

Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды,
Жүрек тербей, оятар баста миды
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар,
Кейі зауық, кейі мұн, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Қосымша түсіндірмені керек қылмайтын пікір.

Қорытып айтарымыз: поэзия және музыка туралы өзіндік эстетикалық кезқарасы бар Абай-әрі зор ақын, әрі зор композитор.

Абайдың өзін де, сөзін де шын мағынасында терең ұғып, сүйіп оқитындар 1917 жылғы Ұлы Октябрь революциясының бержағында ғана көбейді. Кеменгер Ленин партиясының мәңгі жасайтын бақыт туының саясынан мекен алған бақытты қазақ халқы, ұлтын сүйген, ұлтының қанаушыларын емес, еңбекшілерін сүйген, гуманист, бұқарашыл Абайдың арманы боп қалған мына тілектерді Совет өкіметі іске асырғанын көрді.

Бірінші. Абайдың жан-тәнімен қарсы болған ұлт теңсіздігі, патша өкіметінің отаршылдық саясаты күл-талқан боп жойылды, қазақ халқы Совет Одағындағы тең праволы елдің бірі болды.

Екінші. Абай өлтіре сынап-мінеген қанаушы байлар табы жойылып, саяси, шаруашылық, мәдениет істерінің бәрін еңбекші халық өз қолына алды. Абай сүйген еңбектің өркендеуіне айқын жол ашылып, социалистік қоғам құру ісіне, еңбектің, ең биік сатысына қазақ халқы туысқан өзге ұлттардың, еңбекшілерімен қатар көтерілді.

Үшінші. Абай арман еткен өнер-білімге қазақ халқының қолы еркін жетіп, Қазақ республикасының ауылдарында, қалаларында мыңдаған мектептер, ондаған жоғары оқу орындары ашылды. Олардан өкімет, шаруа, мәдениет істеріне басшылық ететін талай мамандар шықты. Ұлт көркемөнері өркендеді. Қазақстанда ұлт баспасөзі құрылып, қазақ тілінде миллиондаған даналы ғылым мен білім, көркем әдебиет кітаптары, журналдар, газеттер шықты. Абай шығармаларының толық жинағы революциядан кейін әлденеше рет басылды.

Төртінші. Абай арман еткен әйел бостандығы жүзеге асты. Қалыңмал тұсауынан құтылған қазақ әйелдері, жүрегі сүйгендерге еркімен қосылды. Қазақ әйелдері мемлекет ісіне, шаруашылық, мәдениет жұмысына белсене араласып, түрлі мамандыққа ие болды.

Бесінші. Өз заманында Абай өзін әдебиет майданында жалғызбын деп ойласа және расында да солай боп, қазақтың жазба әдебиетінің салаларын онымен тізелесе отырып есіретін жазушылар болмаса, көп міндетті мойнына жүктеген Абайдың қазақ әдебиетінде, поэзия жанрынан басқа жанрларды өркендетуге мұршасы келмесе, жалғыз поэзия - ұлт әдебиетін толық мағынасындағы профессионалдық әдебиеттің дәрежесіне кетере алмаса, сол тұйықтан да қазақ әдебиетін шығарған Октябрь революциясы, революциядан кейін қазақ жазушыларының саны да өсті, шығармаларының сапасы да артты: проза, драматургия, журналистика, әдеби сын, әдебиет тарихын жасау - осылардың бәрі де қазақ әдебиетіне революция шығарған жеміс және халықтың мейірін қандыруға жарайтын дәні толық, дәмі тәтті, піскен жеміс. Социалистік реализм әдісін басшылыққа алған қазақ совет әдебиеті - реалист Абайдың шығармаларымен ұштасып жататын соның заңды ілгерілеуі.

Олай болса, қазіргі қазақ халқының бақытына өзі жете алмай, оның қуаты күшті, нұрлы сөздері ғана жеткен Абай да ортақ.

Абайдың бұл «қуаты күшті, нұрлы сөздері» бізге қандай асыл болса, келешек замандарға да сондай асыл болады.

Абай өлеңін сәл өзгертпекші, өзіне арнаған орынды:

Ол жазған жоқ өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жазды үлгі жастарға бермек үшін.

Мұндай жастар - социализмнің, оның жоғарғы сатысы - коммунизмнің жастары. Абай - солармен бірге мәңгі жасайтын ақын.

1944- 1945 жыл,
Алматы.

